Таким образом, наиболее обширной тематической группой является группа «Имена, фамилии, отчества», в нее входит 60 единиц, меньшее количество единиц содержится в группах «Цветовая гамма» и «Растительный мир» по 3 лингвистической единице.

Таблица 2 – Классификация вывесок по структуре

Состоящие из одного слова	Словосочетания	Не является словосочетанием
Арбат	Весёлый улей	Черное белое
Корона	Золотое руно	Дочки сыночки

Гулливер	Моя семья	К чаю
Шанель	Моя мода	6 соток
Рубин	Ноев ковчег	На горке
Кандагар	Золотой дракон	
Рубиком	Рыбный мир	
Полимерторг	Изготовление	
Крупка	ключей	
Забава	Шашлык номер 1	
Арика	Все для рыбалки	
Шарм	100 дорог	
	Любимая пара	

Итак, все вывески, которые были нами собраны, распределили на группы, состоящие из одного слова, словосочетания и сочетания, которые не являются словосочетанием. Делаем вывод, что продуктивным являются названия магазинов, салонов красоты, которые состоят из одного слова – 89 %. Заголовки – словосочетания составляют 8%, и заголовки, которые не являются словосочетанием присутствуют в меньшем количестве, что составляет – 3 %.

Таблица 3 – Классификация вывесок по признаку: собственные, нарицательные

Собственные существительные	Нарицательные существительные
Тамерлан	Низкоцен
Айсулу	Перекрёсток
Ясмин	Башмачок
Светлана	Турагентство
Сабина	Дастархан
Дания	Еда
Луиза	Ассорти
Альяна	Рыбка
Камилла	Дачник
Даяна	Трикотаж
Куаньш	Минутка
Любаша	Шаштараз
Алена	Копейка
Мария	Кухня
Мадияр	Ломбард
Санжар	Family
Диана	Фараон
Дария	Тандем

Таким образом, вывесок с собственными именами существительными – 33 %, вывесок с нарицательными именами существительными – 67 %.

Таблица 4 – Классификация вывесок по наличию средств выразительности

№	Языковые средства выразительности	Примеры
1	Эпитеты	Весёлый улей Золотое руно Золотой дракон
2	Метафора	Ноев ковчег Золотой размер
3	Антитеза	Черное белое

В данной классификации мы рассмотрели языковые средства выразительности и пришли к выводу, что наиболее частотными средствами являются лексико-стилистические средства, а именно: метафоры, эпитеты, антитеза.

Таблица 5 – Классификация вывесок с точки зрения морфологии

Заголовки - существительные	Счастье, Дельфин, Сапфир, Злата, Метро, Вера, Аман, Кухня, Ломбард, Джучи, Айгерим, Копейка, Мадина, Трикотаж, Варшава, Сириус, Танюша, Покемон, Виктория, Океан, Богатырь, Инотех, Минутка
Заголовки-прилагательные	Южный, Угловой, Черное белое, Домашний, Дежурный, Павловский, Пахомовский, Донецкий, Социальный, Катаевский
Заголовки - местоимения	Наш

Итак, все вывески-заголовки мы распределили, исходя из принадлежности к той или иной части речи. Среди собранного нами лингвистического материала преобладают заголовки-существительные – 149 единиц, на втором месте – заголовки-прилагательные – 10 лингвистических единиц, в меньшинстве – заголовки – местоимения – одна единица.

Классификация вывесок с точки зрения синтаксиса

Многие вывески магазинов, торговых домов, салонов красоты состоят из словосочетаний, поэтому мы решили классифицировать заголовки магазинов, исходя из видов словосочетаний.

Таблица 6

Сущ+сущ	Прил+сущ	Сущ+числит.	Сущ+наречие	Сущ+мест.
Manaqbai bazar Альфа банк	Золотой дракон Рыбный мир Ноев ковчег	100 дорог Мира 50 6 соток XXI век	Super market	Моя мода Все для рыбалки Моя семья

Таким образом, наиболее частотным видом словосочетания является словосочетание «прилагательное+существительное», наименее частотным является словосочетание «существительное+наречие».

Таблица 7 – Классификация вывесок с точки зрения словообразования

Суффиксальный	Приставочно-суффиксальный	Сложение	Переход из одной части речи в другую
Юж-н-ый Тан-юш-а Вар-юш-а Люб-аш-а	Пере-крест-ок	Рубиком Низкоцен Стом классик Полимерторг	Дежурный

Таким образом, наиболее продуктивным является суффиксальный способ образования слов – 67 %, сложение – 27 %, наименее продуктивными являются приставочно-суффиксальный способ и переход из одной части речи по 3 %.

Анализируя вывески магазинов, салонов красоты, торговых домов, парикмахерских, мы пришли к выводу, что все названия торговых точек являются объектом лингвистического исследования. Заголовок является неотъемлемой частью в развитии бизнеса, лексическое значение вывесок в большей мере привлекает посетителей.

В завершении работы, мы делаем следующие выводы.

Рассмотрели и изучили вывески магазинов, салонов красоты, торговых домов, парикмахерских города Павлодар и села Иртышск (нами собрано и проанализировано 235 лингвистических единиц), которые оформили в виде альбома вывесок «Заголовки магазинов города Павлодар и села Иртышск».

Все названия магазинов, торговых домов, ресторанов, кафе города Павлодар и села Иртышск распределили в семь классификаций:

– Классификация вывесок магазинов, салонов красоты, ресторанов, кафе города Павлодар и села Иртышск.

- Классификация вывесок магазинов по лексическому значению.
 - Классификация вывесок по структуре.
 - Классификация вывесок по признаку: собственные, нарицательные.
 - Классификация вывесок по наличию средств выразительности.
 - Классификация вывесок с точки зрения морфологии.
 - Классификация вывесок с точки зрения синтаксиса.
 - Классификация вывесок с точки зрения словообразования.
- Чаще всего на вывесках встречаются метафоры, эпитеты, антитезы.

Из собранного лингвистического материала составили сборник упражнений по русскому языку для учащихся среднего звена, а также для учащихся старшего звена на уроках повторения «Увлекательные задания по русскому языку».

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Ожегов С.И. Словарь русского языка. М.: Русский язык, 1986 г.
- 2 Ушаков Д.Н. Толковый словарь русского языка. М.: 1940 г.

SMS КАК СОВРЕМЕННЫЙ ЭПИСТОЛЯРНЫЙ ЖАНР

ЫКЛАС А. Е.

ученик 9 класса, Гимназия имени Абая для одаренных детей, г. Павлодар
 АЙГАЗИНОВА К. З.
 учитель русского языка и литературы, Гимназия имени Абая
 для одаренных детей, г. Павлодар

Актуальность данной темы обусловлена значительной ролью SMS сообщений во многих сферах деятельности человека. Объем информации, которую накопило человечество огромен. Поэтому для её удвоения, хранения и передачи приходится прибегать к сжатым текстам, то есть SMS.

SMS-коммуникация возникла в результате научно-технического прогресса на рубеже XX-XXI веков.

Сегодня услуги SMS – это не только прямой обмен сообщениями между абонентами телефонной сети, но и широкий спектр разнообразных информационных сервисов, среди которых прогноз погоды, банковское обслуживание, инструмент осуществления платежей, телеголосование, возможность проверки состояния всего счёта.

До изобретения мобильных телефонов и появления SMS люди общались друг с другом с помощью писем. Письмо относится к древнему виду сообщений и является популярным эпистолярным жанром в XVIII–XIX веках. На протяжении нескольких столетий письмо было единственным средством связи для людей, которые находились друг от друга на большом расстоянии. «Письмо составляет ту же устную беседу, тот же разговор между отсутствующими, только на бумаге», – писали в 1887 г. Сазонов и Бельский, авторы «Полного русского письмовника». С развитием информационных технологий письма начали исчезать, а SMS-сообщения развиваться.

Развитие инновационной техники упростило способы общения людей друг с другом. SMS сообщения вытеснили из нашей жизни такие понятия как письма. Самое главное отличие писем от SMS сообщений: в письмах люди в полной мере могли выразить свои мысли, настоящие чувства, переживания, эмоции, а также воспитывали в себе культуру речи. Очевидно, что воздействие современного вида коммуникации на сознание молодого поколения нельзя игнорировать. Это и есть современный жанр письма, являющийся в XXI веке очень популярным.

SMS как средству общения характерны следующие признаки:

- 1 Ясность, четкость и краткость, т.к. SMS сообщения ограничены в знаках. (Ок. Хорошо. Заеду вечером.).
- 2 Упрощение орфоэпических норм, часто сознательное и в форме игры (щас приеду; спать хоцца; чё; лю тя; чмок).
- 3 Использование разнообразных внелитературных элементов и просторечных форм языка, снижающих стиль (братан; блин; запрусь).
- 4 Большое количество сокращений и аббревиатур. (спс – спасибо; кд? – как дела?).
- 5 Использование слов-паразитов. (короче, чё, типа, клёва).
- 6 Обильное количество смайликов, эмоджи и стикеров, отображающие настроение и настрой автора, или даже краткое описание того, что хочет сказать отправитель. (☹ – выражение грусти.)
- 7 Использование односоставных и неполных предложений. (Встретимся завтра)




Рисунок 1

SMS сообщения носят скорее неформальный характер. Это сказывается также на отношении к тексту, когда автор пренебрегает правилами русского языка. Часто ошибки делаются специально, чтобы подчеркнуть неформальность общения и максимально приблизить письменный текст к устной речи.

На сегодняшний день в мире существует 3,7 миллиарда пользователей SMS. По статистике среднестатистический пользователь смартфона 18-24 лет получает приблизительно 4000 сообщений в месяц. Количество отправляемых по всему миру сообщений исчисляется сотнями миллиардами в год и этот показатель постоянно растет, что доказывает, что SMS с каждым годом набирает все больше и больше оборотов и становится одним из основных видов коммуникации для целого поколения людей. В чем заключается опасность такого рода общения через SMS? Выделим некоторые недостатки технологии SMS, которые негативно влияют на людей:

- 1 Негативное влияние на развитие русского языка;
- 2 Отсутствие норм, регулирующих правильное сокращение слов и слова сочетания;
- 3 Несоблюдение пунктуационных норм, нарушение правил орфографии;
- 4 Коверкание русских слов и обильное использование сленгов и сленговых выражений.

Вот несколько примеров ошибок, которые допускаются в SMS сообщениях:

Не задавай (не задавай) – замена гласных;

Привет Айдана (Привет, Айдана) – отсутствие запятой при обращении;

СПАСИБО!!!! ЧТО!?!??? – лишние знаки препинания в конце предложения;

Иzza (из-за) – отпущение дефиса;

Узпокойся (успокойся) – замена парных согласных.

Также в современном обществе частой проблемой среди подростков является SMS зависимость. Новое поколение называют поколением «Большого пальца» они сидели за компьютерными

приставками, теперь ловко строчат SMS-ки. Родители не могут поговорить с детьми, так как те уходят в сеть головой и постоянно отвлекаются на свои смартфоны. Но и родители не ушли от них далеко. Если раньше существовал нормальный, а главное «живой» диалог, то сейчас дела обстоят совершенно иначе. Люди не то, чтобы поговорить вживую, но и позвонить друг другу не могут. Гораздо удобнее для них написать SMS-ку и сэкономить время. Люди настолько привыкли к этому, что даже в самых чрезвычайных ситуациях они отказываются звонить, так как считают более удобным вариант – отправить смс. Этот процесс имеет автоматический характер. Пользователи мобильных сетей и не осознают свою зависимость и не замечают, как пропадает искреннее и теплое отношение друг к другу. Этот недуг поражает целые нации! Например, корейцы, и раньше не отличавшиеся особой общительностью, теперь и вовсе перестали общаться вживую, предпочитая общение через SMS, при этом находясь в одном помещении. Специалисты и учителя обеспокоены будущим молодого поколения и сохранение русского языка, так как SMS-сообщение оказывает негативное влияние на формирование личности ребенка, так и на общеобразовательный процесс в целом. Даже многие взрослые видят в коммуникации через SMS больше выгоды и общаются короткими сообщениями.

Язык называют одним из самых удивительных орудий в руках человечества. Но при искажении языка, чрезмерных сокращениях и грамматических ошибках его можно легко лишиться. Появился вопрос, почему так происходит в нашем современном мире. SMS-тексты имеют как и положительные, так и отрицательные аспекты, которые вызывают массу поводов для беспокойства. Для получения большей информации о данной проблеме, мы провели опрос в социальной сети среди пользователей SMS. В ходе исследования, выяснилось, что проблема грамотности в SMS-сообщениях затрагивает не только молодое поколение, но и взрослые часто используют сокращения и пренебрегают правилами русского языка. Информация была собрана, основываясь на ответах людей, в возрасте от 13 до 45 лет, с помощью анонимного опроса в интернете. Мы опросили 117 пользователей Интернет сети.

В основном SMS-услугой пользуются подростки 13-18 лет, о чём свидетельствуют 43 %. На втором месте – пользователи более старшей категории люди в возрасте 19-29 лет, что составляют 32 %. Меньше всего пользуются SMS-услугой пользователи старше 30 лет

– 25 %. Но данный показатель значительно выше чем было в начале двухтысячных годов. Также 57 % пользователей SMS-сообщений составляют женщины, у мужчин же этот показатель равен 43 %.

Во-первых, выяснилось, что в основном люди пишут смс для связи с близкими и для решения вопросов по работе. А вот проводить свободное время с помощью SMS людям нравится меньше всего (4 %). Но так же оказалось, что с помощью смс общения люди решают и бытовые проблемы: 19 % ответили, что в основном пользуются SMS, чтобы решить проблемы в бытовом плане, из них около 15 % являются женщины. Коммуникация через SMS имеет не только отрицательные, но и положительные стороны. С помощью них можно с лёгкостью связаться с близкими и решить появившиеся проблемы и вопросы, при этом сэкономив время. Это означает, что SMS-сообщения уже пустили свои корни в наше общество и никто не собирается от них отказываться. Ведь это комфортно, удобно и быстро, что хорошо вписывается в наш современный мир.



Рисунок 2

Во-вторых, выясним, как часто люди пользуются аббревиатурами (сокращениями). По второму рисунку мы видим, что пользователи мобильных связей используют сокращения довольно часто. Для 92 % опрошенных использование аббревиатур в смсках – привычное дело. Лишь 8 % людей ответили, что пользуются аббревиатурами редко, особенно женщины (5 %). Судя по результату, чаще всего люди сокращают слова практически всегда, не зависимо от того, есть ли у них время или нет. Почти половина всех опрошенных делают это часто, а 35 % на постоянной основе, из них около 63 % являются мужчины, то есть мужчины чаще используют сокращения. Можно сделать вывод, что сейчас практически все люди пользуются различными аббревиатурами в SMS-сообщениях. Действительно, сейчас увидеть людей, которые предпочитают не сокращать слова, а писать сообщения в соответствии с правилами русского языка – довольно редкое событие. Ведь таким образом можно сэкономить время и не утруждаться писать огромные сообщения. На самом деле в сокращениях нет ничего страшного, пока это не переходит черту. Но многие часто сокращают слова не в соответствии с языковыми

нормами, слова становятся непонятными. В этом вся суть проблемы, поскольку такое отношение к языку может привести к массовой безграмотности среди людей, особенно среди подростков.



Рисунок 3

В результате анкетирования среди одноклассников выяснилось, что все они являются частыми пользователями SMS, лишь три человека используют SMS-сообщения редко, только при необходимости. При написании SMS-сообщений 38 % обращают внимание на краткость и четкость

сообщения, 32 % на быструю скорость отправки, 30 % на грамотность написания SMS-сообщений. Оказалось, что 46 % опрошенных делают ошибки при написании SMS-сообщений, 54 % не делают ошибок, из них 40 % учащихся сами замечают и исправляют ошибки, оставшиеся 60 % не замечают ошибок в своих сообщениях. А на вопрос, всегда ли вы пишете SMS-сообщения, при этом соблюдая правила русского языка, 45 % ответили, что нет, при этом аргументируя это тем, что считают неправильное письмо «прикольным» и тем, что им просто лень писать правильно. А 40 % опрошенных ответили, что соблюдают, но не всегда и не со всеми. Оказалось, что лишь 15 % учащихся соблюдают правила и всегда пишут в соответствии с языковыми нормами. 90 % анкетированных предпочитают общаться и связываться с другими с помощью SMS, лишь 10 % считают, что лучше позвонить.

По результатам опроса можно сделать следующие выводы:

- SMS-общение является главной формой коммуникации в нынешнее время, как и среди подростков, так и среди взрослых;
- Проблема грамматики действительно актуальна и она затрагивает не только подрастающее поколение, а абсолютно всех;
- От такого рода общения никуда не деться, поэтому нам стоит научиться ужиться с ним, при этом сохраняя язык и речевую культуру.

В ходе исследования, выявилось, что основными причинами безграмотного SMS-письма можно считать следующие:

- подростки экономят место на SMS-чатах, так как сообщения занимают много памяти в телефоне;
- учащиеся считают, что в SMS-сообщениях допустимы любые ошибки, главное, чтобы тебя поняли, так как в SMS используется

не письменная, а разговорная речь. Главное, чтобы отправленное сообщение было понятным, остальное неважно.

- многие подвержены молодежному влиянию и пишут так, как пишет большинство;
- многие считают неправильное письмо «прикольным».

Конечно, невозможно добиться, чтобы негативное влияние SMS-сообщений ослабло, оно так и будет набирать свои обороты. Поэтому наша главная задача – сохранить язык в полной её красе и богатстве не таким радикальным способом. Правильное написание SMS-сообщений, составленные подростками, не могут контролироваться со стороны родителей и учителей. Поэтому контролировать речевое оформление и грамотное написание в сообщениях могут только сами подростки. Отсутствие грамотности в SMS-сообщениях не всегда зависит от уровня владения школьниками русским языком. Таким образом, задача родителей и школы – обратить внимание учащихся на важность соблюдения языковых правил в SMS-сообщениях. Стоит понять, что сообщения должны соответствовать языковым нормам. Исходя из этого, я предлагаю следующие способы решения проблемы:

- ввести языковые нормы в SMS-сообщениях, регулирующие правильное написание и сокращение слов;
- использовать программу Т9, которая помогает в грамотном написании SMS-сообщений;
- попытаться сделать манеру изъясняться с помощью смайликов и эмоджи более понятной окружающим;
- разъяснить школьникам правила и особенности языка, показать им всю красоту языка и недопустимость их искажения;
- убедить подростков, что живое общение является незаменимым и не стоит пытаться заменить ее SMS-общением;
- ввести дополнительные факультативы в школах, обучающие правильному оформлению и написанию SMS-текстов, разъясняющие речевые особенности SMS жанра.

Итак, SMS-сообщения являются современным эпистолярным жанром и главной формой общения. Быстрота создания и быстрота передачи по сравнению с почтовым письмом позволили SMS практически вытеснить бытовое письмо. Еще одно преимущество SMS – телефон всегда под рукой. Таким образом, смс-язык проникает в самые разные области нашей жизни, оказывая влияние на развитие личности и на нашу культуру. SMS-общение негативно влияет на грамотность молодёжи, так как использует максимально

упрощенные варианты общения. Чем проще общение – тем проще образ мышления, тем ближе человек к животному. Ведь способность мыслить – самое главное отличие человека от других живых существ. Единственный способ избежать этого – ответственное отношение к языку. А основную ответственность за неё несёт молодежь, являющаяся основными пользователями SMS-общения. Поэтому необходимо принять меры по совершенствованию SMS-языка, ввести языковые нормы SMS-сообщений. Бережное, ответственное отношение к языку должно стать нормой.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов. М.: «Советская энциклопедия», 1969.
- 2 Бахтин М. М. Проблема речевых жанров / Бахтин М.М. Собр. Соч. – М.: Русские словари, 1996. – Т.5: Работы 1940-1960 гг. – С.159-206.
- 3 Сидорова М.Ю. «Засоряют ли СМС-сообщения русский язык?», или «На зеркало неча пенять...»
- 4 SMS в жизни современного человека/ Калиничева Татьяна – «Первое сентября».

7.2 Қазақ филологиясы 7.2 Казахская филология

«ЕР КӨКШЕ», «ЕР ҚОСАЙ» БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ ҚАРУ-ЖАРАҚ ТҮРЛЕРІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАБИФАТЫ

АХАНБАЕВА С. Е.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, магистр,
«Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

БЕК А. Ж.

9-сынып оқушысы, «Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

«Ер Көкше» – тарихи жыр. Дастанның бірнеше нұсқасы бар. В. В. Радлов пен Мәшһүр Жүсіп Көпеев нұсқалары ертеректе Ертіс бойынан жазылып алынған. Жырда Ер Көкше мен Ер Қосай батырлардың елін сыртқы жаулардан қорғау жолындағы ерлігі дәріптеледі.

«Ер Қосай» – Ер Көкше батырдың баласы Ер Қосай туралы жыр. Сюжетіне қиял-ғажайып сипаттар араласып отырғанымен, жырда негізінен тарихи оқиғалар қамтылған. Жырлардың бірнеше нұсқасы болғанымен, мазмұны ұқсас, негізгі тақырыбы – Отан қорғау, ал идеясы – ел бірлігін сақтау.

Ежелгі бабаларымыздың дәстүрлі қару-жарақ жүйесі шабуыл мен қорғаныс қаруының бірнеше түрі мен топтарынан құралған. Түркілердің қару-жарақтар түрлері, олардың қосымша элементтерінің атауы өзге түркі тілдес халықтардікіне ұқсас болып келеді. Бұл осы жүйенің барлық түркітілдес халықтар үшін ортақ болғанын және оның түркі дәуірінде қалыптаса бастағанын білдіреді. Көшпенділердің қорғаныс қаруы да осы дәуірде пайда болды.

Қазақтың аңыз-дастандарында жауынгерлер қауымы өкілдері – батырлар қолданған бес түрлі қару туралы жиі сөз болады. Қазақ жауынгерлері қару-жарақты бес түрге топтастырып, оларды «Ер қаруы – бес қару» деп жалпылама атаған. Олар өзіндік ерекшелігіне байланысты: ату, кесу, шабу, түйреу және соғу қаруы делініп, бес түрге бөлінген.

Ер Көкшенің жанына ерген жолдастарының батырлық тұлғалары жырда қару-жарағымен бірге суреттеледі:

Жиналған өңкей батырлар // Қолдарында болат асыл бар, //
Үстерінде кілең көк темір, // Ақ сүңгі, найза өңгерген, // Азын көпке
теңгерген [5, 219 б.].

Жыр жолдарындағы «қолдарында болат асыл» дегені алмас қылыш болса керек. Алмас қылыш- соғыс қаруы. Болаттың ең асылынан соғылады. Қазақ батырлары асынған бес қарудың бірі. [8, 2 б.]. Қазақта екі түрлі түйреу қаруы болған. Ұшы жалпақ болып келетін қылышты қазақтар «найза» деп атаған. Найза – қадалғыш, лактырмалы қару. Ол палеолит дәуірінде пайда болып, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне дейін қолданылды. Найзаның әскери қару ретінде кең тараған кезі – темір ғасыры. Қазақ батырлары мен жауынгерлерінің де қаруы шашақты, темірден үшкір ұшы бар, ұзын найза болды.

Ұшы қырлы ұзын қылыш «сүңгі» делінген. Ол жаудың сауыттын сындыра соққы беруге арналған. Қазақ батырлары найза мен қайың найзаға: мойшақ, ту, жалауша, шашақ сынды белгі таққан. Ту – жалпы әскердің белгісі, мойшақ – әскербасының таңбасы болды. Түрлі-түсті жалаушалар әскери жасақтардың бір-бірін тануы үшін қажет болса, аттың жалынан немесе жібек баудан жасалған шашақтар батырлықтың нышаны саналды [7, 125 б.].

Ер Көкшенің қалмақ патшасының үлкен ұлы Қайнаспен жекпе-жекке шығар алдында айтқан монологі мен авторлық баяндауда астындағы аты мен қару-жарағы жан-жақты сипатталады:

Алла салар ондаса, // Әулиелер қолдаса, // Ақ сүңгіні алайын, //
Көкірегі өскен ер екен, // Алтын сапты алмаспен // Көкірегің
жарайын, // Көңілің бүйтіп табайын. // Көкшенің мінген Тарлан ат //
Аспанға қарғып ойнады. // Көкшенің киген шарайна, Бастыра киген
дулыға // Күмістей болып жайнады. // Келе жатқан жауды көрген
соң, // Ер қаруы бес қару // Бәрін тегіс сайлады [5, 222 б.].

Жырда Ер Көкшенің жекпе-жек шайқаста Қайнасты жеңер тұсында қандай қаруларды қалай пайдаланғаны көркем суреттелген:

Шашақты болат найзамен // Ақ сауыттың сыртынан // Ажал
оқтың тұсы деп, // Батыр Көкше шаншады. // Арқаға найза кірген
соң, // Аттан қалмақ құлады // Өгіздейін өкіріп. // Көкше түсіп
атынан, // Өңешке қанжар тіреді [5, 223 б.].

Жырдағы қанжар жүзі қысқа, болаттан соғып жасайтындықтан өткір, мықты қару болып табылады. Ол шайқаста атты жауынгердің қосымша құралы қызметін атқарған.

Жырда қалмақ батыры Қайнастың үстіне кигені ақ сауыт екені айтылған. Қазақ жауынгерлері де сондай сауыт киген. Жауынгерлердің (сарбаздардың) ұрысқа шығарда оқтпеуі, қылыш жүзі батпауы үшін үстіне киетін сауыттарының бір түрі «аймауыт» атанған. Ол асыл болаттан шытыр торлы етіп соғылады. Соғылуы қиын. Кез-келген батыр тауып, кие алмаған ұрыс киімі. Аймауыттың шынжыр торы денеге батпас үшін ішінен киіз кебенек киіледі.

Ертеде көшпелі жауынгерлер сауыттың шарайна деп аталатын қосымша жарақ түрін киген. «Ер Көкше» жырында: Аспанға қарғып ойнады. // Көкшенің киген шарайна, – делінген жолдар кездеседі [5, 23 б.].

Көшпелі халықтар қолданған шарайнаның екі типі бар. Шарайнаның бірінші типі төрт дөңгелек тақталарды қайысбаумен жалғап жасалған. Бұл шарайна типі алғаш рет түркі заманында пайда болып, X–XII ғасырларда қыпшақтарда кең қолданыста болған.

Ақ найзасын Ер Қосай // Тағы да қолға алады. // Балдағы алтын,
күміс, болат // Оны белге шалады. // Дулыға киіп басына, // Атқа
таман барады, – деген жыр жолдарындағы дулыға – батырлардың
ұрысқа шығарда басына киетін темірден жасалған бас киімі болып
табылады. Дулығаның екі жағы мен артқы етегіне темір тор ілінеді.
Ол адамның мойны мен иығын тымақ тәрізді тұтас жауып, қылыш,
оқтан қорғайды.

Астындағы аты, қолындағы қаруы, үстіндегі сауыты сайлы болған сарбаздар ғана негізінен жеңіске жеткен. Егер аты мен бес қаруы осал болған жағдайда жауынгерлердің шайқаста жауынан мерейінің үстем болуы неғайбіл.

«Бабалар сөзінің» 44-томына енген В. В. Радлов нұсқасында Манаша Ер Көкшенің ұлы Қосайға әкесінің аты мен қару-жарағы бабында емес деген сөздермен батырдың жорықта мерт болғанын түспалдап жеткізеді:

Сенің атаңды мен көрдім, // Табаны жазық Тарлан боз // Табаны тиіп келеді, // Оны қаға келеді. // Садақ толы сар жебе // Жүні ұшып кетіпті, // Оны жөңдей келеді.

Солқылдаған ақ найза // Қисайып кетіпті, // Оны түзетіп келеді [6, 226 б.].

Манашаның астарлап айтқан сөзінен Қосай әкесінің опат болғанын ұғынып былай дейді: –Е, ағалар, ағалар, // Ақсақалды бабалар! // Табаны жазық Тарлан боз // Табаны таяр ат па еді? // Садақ толы сар жебе // Жүні ұшар оқ па еді? // Солқылдаған ақ найза // Қисаяр ағаш па еді? [5, 221 б.].

Қазақтар соғыс қаруын пайдалану шеберлігін жан-жақты меңгерді. Батырлар жекпе-жегі ермек үшін емес, олардың қару ұстау шеберлігін, күші мен ерлігін айқындау үшін өткізіліп отырды. Жекпе-жекте міндетті түрде қару қолданылды.

Ер Қосайдың ата жауы Тасболатпен шайқасында екеуінің қару қолдануы былайша баяндалады:

Екеуі найзаласады, // Ол да найза салады, // Бұл да найза салады. // Екеуінің найзасы, Қармақ болып қалады. // Найза қанға майысты, // Қылыш қанға қайысты. // Ол да салды шенгелді, // Бұл да салды шенгелді. // Екеуінің қайраты, // Бір-біріне тең келді. // Екеуі киген ақ сауыт, // Байрақтай дыр-дыр жыртылды, // Қалмақты аттан төндірді, // Шұбар аттың үстінен, // Сауырына міндірді. // Сегіз жасар ер Қосай, // Балықтай түйреп түсірді [6, 109 б.].

Қодар жаудан сескеніп, тосылып қалған жағдайда да Қосай қаймықпай алға ұмтылады. Айқай сүрен салады, // Айқайлаған дауысы, // Айшылық жерді алады. // Күркіреген дауысы, // Күншілік жолды алады. // Қолымдағы зұлфұқар, // Қарыс қара жерінде, // Қырық мың ердің құны бар. // Алты қырлы ақ жебе, // Шыққан жері ку төбе, // Қырық қара нар майына, // Алып едім суарып. // Не жайсаңы көпірдің, // Қылышы тимей бел шешті, // Көпірдің аққан қанынан, // Астындағы сарғыш ат, // Үзенгіден қан кешті [5, 233 б.].

Түркілер жауынгерлері кесу қаруының: семсер, қылыш және сапы деген үш түрін қолданған. Түркілер қылыштары басының қайқылығына, пішініне қарай, сабының және балдағының пішініне орай бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы, «наркескен». Оның қайқылығы бірден алқымынан басталады, сондықтан кесу күші жоғары болған. Асыл қылыштың ерекше түрін қазақтар да өзге түркі халықтары секілді «зұлпықар» деп атаған. Зұлпықар (арабша Зу- л фикар – «жасын» деген сөз) – Өзірет Әлінің (Мұхамед пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы, төртінші халиф Әлі ибн Әбу Тәлібтің) аты аңызға айналған қасиетті екі басты қылышының аты [4, 3 б.].

Қазақ халқында кең тараған аңыз-әңгімеде Өзірет Әліге «Дұлдул» деген сөйгілікті, «зұлпықар» деген алмас қылышты Аллаһ Тағаланың өзі сыйға тартқан деп баяндалады. Ұлық Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) туралы қисса-дастандарда зұлпықар жиі айтылады. Зерттеушілер «тарихи шындықта зұлпықарды Өзірет Әліге Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар тарту еткен», – дейді.

«Ер Қосай» жырында бүгінгі күні бастапқы мағынасы көнерген (архаизм) небір қару түрлері атаулары ұшырасады. Батыр жауымен айқасқа шығар алдында қару-жарағына қарата сөз айтып, серттеседі:

Алты атқа алған адырна, // Ата алмасам – маған серт. // Шым жібектен ескен кірісі, // Үзіліп кетсең – саған серт. // Он атқа алған бұхаржа, // Кірістен кетсең – саған серт [5, 235 б.].

Қаруды қастерлі деп санаған ертедегі қазақтар оған сыйынған, ант беріп, әр қаруға өзінше ат қойған. Бұхарада жасалған жақтарды қазақтар осыған орай «бұхаржа», «бұхаржай» деп те атаған көрінеді.

Былғары садақ, бұхаржай // Бұлғап тартты Ер Қосай, // Шанышқанға шыдамай, // Ұңғыдан кетсең – саған серт [5, 236 б.].

Осы жолдардан жебенің сапқа орнатылған бөлігі «ұңғы» деп аталғаны аңғарылады. Қазіргі кезде «ұңғы» атауы ату қару-жарағының бір бөлшегі ретінде қолданылып жүргенін жақсы білеміз. Сондай-ақ «Ер Көкше» жырында «мылтық» қаруының қолданғанын анықтадық. Мылтықтың алғашқы түрлері қазақтардың арасында XV-XVII ғасырларда пайда болған екен. Сонда қырдың өзі 17 ғасырда пайда болды деген ғалымдардың тұжырымдары да дәлелдене түседі.

Оқ саптарының түрі мен түсіне қарай «қу жебе», «қайың оқ», «тобылғы сапты оқ», «қамыс сапты оқ» деген атаулары болады. Жебеге қадалған қауырсынға байланысты «екі қанатты», «төрт

канатты жебе», «сары жүн оқ», «күшіген жүнді оқ», «қауырсын жебе» және «үкілі оқ» деп аталады.

Қарғажүнді қамысоқ, // Шашетектен тиіпті. // Садақ толы сар жебе, // Жүні ұшып кетіпті, // Оны жөңдей келеді [5, 88–89 б.].

Жебе қырларына қарай, жасалған материалы мен жасалу әдісіне қарай түр-түрге бөлінеді. Алты қырлы ақ жебе, // Шыққан жерің қу төбе. // Кесіп алған жерінде, // Қырық ай жатқан қуарып, // Қырық қара нар майына, // Алып едім суарып [6, 221 б.].

Қазақтар бұрыннан қырық санын киелі санағаны белгілі. Халқымыздың ауыз әдебиетінде қылышты, жебені қырық ай бойы қырық нар майымен сылау, қырық шілтенге сиыну, қасына қырық нөкер ертіп жүру, соғыста қолданатын қару-жарақтарын арнайы өзіне арнап қырық ұстаға соқтыру, қырық күн кептіру, қырық түрлі сұйыққа суару сияқты жайлардың астарында үлкен шындық жатқаны анық. Осындай бапталған құрал-саймандарының көмегімен және өзінің қаһармандық іс-әрекеттерінің арқасында Ер Қосай ата жауларын жайратып, жеңіске жетеді. Тәуелсіз елдің отанқорғаушы әскерлерін ұлттық идеология арқылы мемлекеттік тілде мемлекетшілдік, отансүйгіштік сезімдерге тәрбиелеу Ер Көкше, Ер Қосай тәрізді батыр бабалардың ерлігін ұлықтау болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кенжеахметов С. «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары». Алматы, 1998
- 2 Копыленко М. «Этнолингвистика». Алматы, 1990
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1999
- 4 Интернет мариалдары. Уикипедия. Ашық энциклопедиясы.
- 5 Бабалар сөзі. Батырлар жыры. 51-том. Астана. Фолиант. 2007ж.
- 6 Бабалар сөзі. Батырлар жыры. 44-том. Астана. Фолиант. 2007ж.
- 7 Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер. Алматы. Дәуір. 1996ж.
- 8 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Әскери іс. Алматы, Мектеп, 2001ж., 2 б.

ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰЛДЫРАУ КӨРІНІСТЕРІ

АХАНБАЕВА С. Е.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, магистр,
«Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

РОМАЗАНОВА А. К.

11-сынып оқушысы,

«Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

Халқының елдігіне, рухына қажет мәдени қазынаны жаратқан алып тұлға, арыстарымыз бен асылдарымыздың қатарында біз бүгін Илияс Жансүгіров есімін айрықша атаймыз. Оның ұланғайыр шығармашылығы «өнер алды – қызыл тіл» деп, сөз өнерін қадірлеп, өнерпазын қастерлеген текті жұрттың поэтикалық дәстүрінен қуат, серпіні алған аса бір дарынды, терең де нұрлы ағыс болып көрініс береді.

Ақынның поэзиядағы үлкен бір берекелі арнасының бірі – дала, туған жер келбеті. Ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр қазақ жерін бар жүрегімен жырлайды. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы «Мәңгілік ел», «Интеллектуалды ұлт», «Ұлы дала» секілді ұғымдардың тұғыры төмендеуінің шарықтау шегі – он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысы мен жиырмамыншы ғасыр аралығы. Илияс Жансүгіровтің поэзиясындағы дала көрінісі – туған жерге деген сүйіспеншілігін асқан пафоспен жырланғаны. Бұл еңбекте қоғамға, әлеуметтік жағдайға бұрынғы алты алаш тұсындағы рухани құндылықтар туралы ешқандай авторлық ұстаным байқалмайды. Өкінішке орай, даланың кеңестік дәуірдегі жүдеу тартқан тарихи-мәдени бағыттарына бұл дастанда басымдық берілмеген.

«Күй», «Күйші» дастандарында қазақ халқының даласындағы берекесінің кетуі, қиынның қашуы, нұрының сейілуі, құтының, бағының құлдырауы күй арқылы суреттеледі. Бұл орайда автордың поэзиясындағы лирикалық қаһармандарының бұрынғы мен кеңестік дәуірлердегі дала данышпандарының асыл мұраларының қажетсіз болып қалғаны жайлы идеяны айқын аңғартады. Кеңестік дәуірдегі зерттеушілер аталған көкейкесті мәселелерді анық, ашық айта алмаса да, олардың еңбектеріндегі жасырын пікірлерін байқауға болады.

Ғалым Т. Кәкішев «Дала» дастанындағы даланы анаға, қазақ халқын оның баласына балап, шығарманың негізгі идеясы аталған метафорада дегенді аңғартады. Аталған еңбектің басымдық берер

тұсы қазақ халқының басынан өткерген зұлмат қасіретін кезеңдерге бөліп жырлағанына мән бергені, нақтылап айтсақ, бірінші кезең- «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»; екінші кезең- орыс империясына бодандық құрсауынан босанудың азаттық үшін күреске шыққан бір мың тоғыз жүз он алтыншы жыл [1, 15-20 б].

Зерттеушінің еңбегінде І Жансүгіровтің шеберлік шыңын лирикалық кейіпкер тарих шалдың күйіне қарай тарқатылуы мен өрілуіне айрықша көңіл аударылған.

Бұл еңбекте біздің пайымдауымызша, зерттеушінің: «... Оқырманды әрқашан өзінің ләззатымен, эстетикалық әсерлілігімен, яғни ірі оқиғаның жанды суретімен, динамикасымен, әсіресе ақынның тамаша тіл бояуымен баурап отыратындығын ешкім жоққа шығара алмайды» [1, 16 б.], – деген тұжырымына қосыла отырып, басында жіктелген кезеңдерге жеке тоқталмауы оқырмандарды «Дала» поэмасына сұғындыра алмайды.

Г. Ботантаева «Күй» поэмасының философиялық мәні – І. Жансүгіровтің бала кезіндегі бозінгеннің ботасын іздеп ыңыранған зарлы даусы күй арқылы жадында қалғаны. Осындай шындықтың куәсі «Күй» поэмасының тууына мүмкіндік жасағандығы жайлы сүбелі ой түйіндеген. Зерттеуші Мольқбай күйшінің ең соңғы тарих жырын жырлайтын тұлға ретіндегі болмысын талдаған[2].

Ш. Оразбаев өзінің зерттеу еңбегінде І. Жансүгіров поэзиясына жоғары баға беріп, ондағы поэтикалық өрілімдердің қара өлең ұйқасына құрылғанына тоқталып өткен. Поэmanın тілі оқырманын өзіне тартып алатын эмоциялық күдіретке толы екендігін талдаған. Зерттеушінің ең құнды пікірі: «Ақын қарадан шыққан жігіт Сапақ бізді басынды деп хан Кененің әскерін аяғынан тік тұрғызған Қарашаш әрекеттерін ел басына түскен зобалаң, жұртқа келген кесапат ретінде суреттейді. Бозбаланың болымсыз бір қылығына бола, күллі елді қырандай қырып тастағалы отырған ханзадаға Кене қой демейді.» [3]. Мұнымен бірге зерттеуші Кене сарбаздарының береке-құтының сұйылуының себебі Қарашаштай шөп желке, шолақ бұрым, қотыр-қотыр албасты секілденіп, біресе сұр мегежінге, біресе жиырылған кесірткеге айналып кететінін айшықтаумен, меңзеумен, түспалдаумен, балаумен суреттеген авторлық ұстанымға тұжырым жасаған .

Дала – жалпы адамзаттың өмір сүріп, тіршілік етер ортасы. Ұлттың рухани-мәдени құндылықтар жүйесінен маңызды орын алатын қасиетті, киелі мекен. Қазақ даласы жайлы, онда тұратын халықтың мінез-құлқын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін зерттеп,

құнды еңбектер жазған батыс ғалымдарының ой-пікірлеріне жүгінсек, төмендегідей ой-түйіндер түзілді:

1 Венгер ғалымы А. Вамберидің «Орта Азия очерктері», «Орта Азияға саяхат» деген еңбектерінде Бұхар хандығындағы қазақтарға байланысты ой сараланған. Қазақтардың тұрақ-мекендерін кездестіріп, халқының сан мөлшері туралы сауалыма үнемі «әуелі даладағы құмды, сонан соң ғана қазақтарды сана», – деп жауап алып отырғандығы;

– олардың шекараларын дәл анықтау мүмкін емес деген ойының орнына Сібір, Қытай, Түркістан және Каспий теңізі аралығындағы ұлан-ғайыр сар даланы мекендейтіндігіне көз жеткізуі [4];

2 Француз ғалымы Элизе Рекло (1830–1905) «Арал – Каспий көлбеуін мекендеуші халықтар» (1880) атты еңбегінде қазақтар туралы төмендегідей ой түйіндер түзілген:

– қазақтар өздерін қанша жел ұшырса да мұрты сынбайтын теңіз құмына теңеуі;

– қазақ халқының тілінде мұсылман діні арқылы енген аздаған араб, парсы сөздері мен моңғол тілінің аз-маз әсерінің барлығының ескерілуі және қазақ тілінің бөгде әсерге ұшырамағанын, ең таза тілді түркі халқына жататындығын аңғаруы [5] ;

3 С. Вульфсон деген дат ғалымы өзінің «Қазақтар» атты очеркінен: қазақтың қыз қуу, ат жарыс, жаяу жарыс т.б. ұлт ойындарын сипаттай келіп: «Тап қазақтардай бүкіл өмірде әнді қастерлеп өтетін халықты табудың өзі неғайбыл...» деп, олардың өнерді қастерлеуін кең сахарادا көшіп-қонып еркін жүруімен байланыстырады. Қазақтың балаларды кішкентайынан инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелейтініне сүйсінген ғалым, қазақ өз баласына «Егер қарттарды сыйласаң, құдай сені сыйлайды» деген нақылды титтейтінен миына кұйып өсіреді. Егер үйге ақсақал кіріп келсе, барлық жас түрегеліп, бас иеді және әзіл-қалжың кілт тыйылады», – деп жазады. Ғалым: «Осы халықта қарттар – үлкен ұстаз», – деп, дұрыс қорытынды жасауы [6].

Қорыта келгенде, шетел зерттеушілерінің еңбегінде Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан -2050» стратегиясында «Ұлы дала» деген ұғымды енгізіп, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мәртебесінде өмір сүріп жатқан қазақ халқының ежелгі дәуірден бері даналық, кеменгерлік дүниетанымын, хал-ахуалын, саяси-әлеуметтік жағдайын, экономикалық тұғырын, сабақтастық қағидамен жаңғыртуы – біздердің Мәңгілік ел болуымызға қозғаушы күш. Елбасымыздың мұндай тұжырымға келуінің бірден бір себеп-

салдары – шетел зерттеушілерінің де көзқарастарының түрткі болғанын байқау қиын емес.

Шетел зерттеушілерінің танымындағы даланың ойшыл, парасатты, ғұлама тұлғаларының ғасырлардан ғасырларға дейінгі сабақтастық қағидасымен үзілмей келе жатқан мәдени-рухани құндылықтарының құлдырау кезеңі он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысы мен жиырмамыншы ғасырдың бірінші жартысы. Дәл осы суреттерді І. Жансүгіров өз шығармашылығында поэтикалық тілмен, оқиға өрілімдерімен шебер суреттеген.

Уақыт жағынан екі ғасырды қамтитын поэма қазақ даласының сыры мен мұнын, қазақ халқының даму тарихының бел-белестерін шабытты сәтпен де мазмұндық-көркемдік үйлесімімен де, ең негізгісі нақты оқиға-көріністері мен бейнелі образ, тілімен тартымды, жинақы жеткізеді. Поэмада ұлы дала халқының басынан кешірген қайғы-қасіреті, мұң-зары трагедиялық сарынмен берілген. Ақын Ілияс Жансүгіров қазақ халқының басынан өткерген зұлмат қасіретін кезеңдерге бөліп жырлаған. Бірінші кезең- «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама». Даланың жан түршіктірер сұмдық кезге тап болғанын ақын былай жеткізеді:

Қаратаудың қойнынан // Шықты жосын бір сарын.// Сырдың, Шудың бойынан // Сарқырады бір ағын.// Күніренте даланы // Шықты қырдан бір сарын.// Жерге жақын таяды// Отағасы құлағын [7, 90 б.].

Ақын дала құты, екі өзенді, екі енеге балайды, жаудың басып-жаншып төніп келуі киелі қос анаға қол көтергенмен бірдей деген ой түйеді.

Алатаудың ақ сүті// Асқар иген, құм сүйген,//Боз даланың қос құты // Сыр менен Шу екі ене...//Екі өзеннен шықты шаң...// Екі енені шапты жау.//Жуды жауды, қанды қан [7, 91 б.].

Осыдан кейін қанша жан қырылып, дала қанға бөгіп, бітпес қайғы-қасіретке батады. Бұл құбылыс үдемемен беріледі.

Араласты, алысты, //Қан көмейлеп қалды құм,//Жекелесті, шабысты.// Қырғындады жан, дене.//Бас найзаға шаншылды.//Ат артында арулар.//Жерде қайнап қан сінді. //Шаң, топырақ – қан көже [7, 91 б.].

Күні кеше ғана дала төсінде емін-еркін бақытты өмір кешкен халық әп-сәтте мүшкіл халге түседі. Халық азып-тозып, тұрмысы әбден нашарлайды.

Азан-қазан қыр үркіп, // Кімдер қалмай далада,// Талай көшті Сыр жұтып // Ауғын болды ақтабан.//Жылап, шулап ұлардай //

Шұбырынды болды күн, //Қайың сауа, ши шайнай, // Бақа, жылан қақтаған [7, 92 б.].

«Дала» поэмасының әр тарауы дала зарына, халық зарына толы. Ақын жеке адамдар оқиғасы арқылы бүкіл халық басына түскен ауыртпалық, қайғы-қасіретті көрсетіп отыр.

І. Жансүгіровтің – «Күй», «Күйші» поэмалары өнерге, соның ішінде күйге қойылған мәңгілік ескерткіш. І. Жансүгіровтің бала кезіндегі бозінгеннің ботасын іздеп ыңыранған зарлы даусы күй арқылы жадында қалған екен. Ақын зар илеген Бозінген туралы аңызын халық өкілі Мольқбай шал арқылы жеткізеді. Көне өнердің иесі «бақайшағы маймандаған жорға» Мольқбай шалдың қартайған шағындағы бейнесін келісті бейнелейді: Жар қабақ, сида, арсақай сар шұбар шал, //Жарықшақ, үні тозған, қаңсыған шал [7].

І. Жансүгіров ботасын іздеп зар илеген боз інген бейнесін шебер суреттеп, жеткізеді. Боздаған ботасына зар иелеген, // Қозғалған қоңыр іңірді әлдилеген.

Екі көз жасты өзендей сорғалатып, //Төрт табан құмды қосып нан иелеген [7, 216 б.] .

«Түйесі бардың – киесі бар» демекші ата-бабаларымыз ертеден түйе малын ерекше қастерлеп, киеті тұтқан. Төрт түліктің бойында болатын жақсы қасиеттердің бәрі түйе малының бойынан табылған, сондықтан түйені қастерлеп «ұлық» деп те атаған. Тіпті түйе баққан адамның өзін де «ұлық баққан» деп құрметтеп, оған көпшілік жиналған жерде төрден орын берген екен [8].

Осындай түйе малына деген ерекше ықылас, құрмет І. Жансүгіровтің «Күй» поэмасында айқын аңғарылады..

Туғаннан ардақтапты бай-бәйбіше, //Мал айтып, амандыққа әлденеше.

Сақта деп, тілден-көзден сиыныпты, //Су ішсе, қырға кетсе, шөбін жесе...

Қызылда қыстың күні тұмандатқан, // Аязда түкірігін түспей қатқан

Жабулап Самарқанның жібегімен, //Жабыла жануарды солай баққан [7, 214 б.].

Осылай айрықша құрмет тұтқан киелі жануарға үлкен қиянат жасалуын, інгеннің ботасынан айрылып зар илеуін жырлау арқылы ақын заманның бұзылып, азғындағанын аңғартқысы келетіндей. Ақын бозінгеннің боздаған, ыңыранған зары арқылы халық басынан кешкен ауыр күндерді, қазақ тарихындағы аласапыран кезеңдерді

жырлайды. Мұны біз «заманға» қатысты кейіптеу, эпитеттердің мол қолдануынан көреміз.

Күй сол ма ол күндегі бұлдайтұғын, // Сазы ма сұр заманның тыңдайтұғын...

Ол ма еді күйік зарлы заман? // Жаншылған зарлы ма еді зар жылаған?

Немесе

Жара не шалдың сонау жүрегінде, // Зар оның жазылған ба сүйегіне.

Болмаса жапан дала жылауда ма ед, // Мәнісін мен ол күнде білемін бе? [7, 218 б.].

Даланың мәдени-рухани құндылықтарының құлдырау көріністері Ілияс Жансүгіровтің «Күйші» поэмасынан да айқын көрініс табады. Он тоғызыншы ғасырдың бірінші жартысынан бастап қазақи тәрбиенің, анығын айтсақ, қыздар бойындағы өнегелілік, инабаттылық, парасаттылық сияқты рухани құндылықтардың біртіндеп сұйыла бастағандығын ақын І. Жансүгіров «Күйші» поэмасындағы Қарашаш бейнесі арқылы меңзеп көрсетеді. Поэма басында хан Кененің қарындасы Қарашаш асқан сұлу, ақылды, парасатты ханша боп көрінеді. Алайда поэма бойында Қарашаштың жағымсыз мінез-құлықтары ашылып, оның қатыгез, мейірімсіз, тәкаппар екендігіне көз жеткіземіз.

Қарсылап алдында отыр сұр мегежін, // Шөп желке, шолақ бұрым қотыр-қотыр // Қыз емес, қарсы алдында албасты отыр. // Жыландай жиырылған кесіртке қыз, // Осыны байқамаған неткен соқыр?

Ілияс Жансүгіровтің өнер тақырыбын жалғастырып жазған тағы бір поэмасы – «Құлагер». Мұндағы өзекті ой- Ақан трагедиясы арқылы әлеуметтік орта және замана лебі, қуанышы мен қайғысын көрсету. Сол бір оқиғаны әңгімелей отырып, ақын бас кейіпкер Ақанның трагедиясын ашады. Ақан трагедиясы Ақан сияқты мындардың трагедиясы екенін жинақтап танытады. Ақан өмірін жырлай отырып, сол кезеңдегі бүкіл заманның зұлымдығын, опасыздығын әшкерелей түседі

Құлагерге жұмсалған айбалта Ақанның өзіне тигендей, ол енді айықпас жан дертіне шалдығады, тірі өлікке айналады. Жұрттан безіп, тауға кетіп, жападан жалғыз өмір кешеді.

Ақанда қызық та жоқ, сауық та жоқ, // Оларды іздеп, жұртпен жауықпақ жоқ.

Қапыда қатты тиген сол соққыдан // Қираған жан қанаты сауықпақ жоқ.

Кеткендей қызық тарқап, қаны суып, // Айдаған айдалаға жаны қуып.

Жап-жалғыз тауды, тасты мекендеген, // Жанына жолатқызбай жанды жуық.

Өмірден жиіркеніп көңілі суып, // Қалғандай айналадан өзге туып. // Жатады жанды көрмей жапан түзде, // Көліне Бурабайдың кірін жуып [7, 338 б.].

Қорытындылай келе, шетел зерттеушілерінің еңбегінде Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан- 2050 стратегиясында» «Ұлы дала» деген ұғымды енгізіп [9], бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мәртебесінде өмір сүріп жатқан қазақ халқының ежелгі дәуірден бері даналық, кеменгерлік дүниетанымын, хал-ахуалын, саяси-әлеуметтік жағдайын, экономикалық тұғырын, сабақтастық қағидамен жаңғыртуы – біздердің Мәңгілік ел болуымызға қозғаушы күш. Елбасымыздың мұндай тұжырымға келуінің бірден бір себеп-салдары – шетел зерттеушілерінің де көзқарастарының түрткі болғанын байқау қиын емес. Олардың тұжырымдарын саралау барысында қазақ халқының демографиялық тауқыметтің жоқтығы; шекараның шексіздігі, тектіліктің ескерілуі; «Ұлы» ұғымының алты алашқа қатысты қолданылуы; қазақ жұртының парасатты-пайымды халық ретінде танылуы; түркі халықтарының ішіндегі қазақ тілі ең таза тіл екендігі; қазақ халқының тарихының ауқымдылығы және оның жомарттығы; жастар мен егде тартқан адамдардың арасындағы құрмет пен сыйластықтың жарасымдылығы сияқты құндылықтарды атап өткенін анықтадық. Аталған шетел ғалымдарының танымындағы даланың ойшыл, парасатты, ғұлама тұлғаларының ғасырлардан ғасырларға дейінгі сабақтастық қағидасымен үзілмей келе жатқан мәдени-рухани құндылықтарының құлдырау кезеңі. Дәл осы суреттерді Ілияс Жансүгіров өз шығармашылығында поэтикалық тілмен, оқиға өрілімдерімен шебер суреттегендігін талдау барысында айқындадық. Сонымен, тоталитарлық қоғам дала данышпандарының рухани құндылықтарын жоғалтуына жағдай жасаған. Аталған өткір көкейкесті мәселені шешудің түйіні Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы дала» ұғымын саяси-әлеуметтік, философиялық кеңістікке енгізуімен түсіндіріледі. Нәтижесінде, әдеби шығарманың өткен дәуірдегі қазақ елінің рухани құндылықтарының құлдырауы жайлы тұжырымдарды саралау мүмкіндігі туды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004. Бірінші том: Өлеңдері. «Құлагер» мақаласы. – 432 б.
- 2 Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004. Үшінші том: Поэмалар. «Салмақты, саликалы поэзия» мақаласы. – 408 б.
- 3 Оразбаев Ш. Адам тағдырындағы трагедиялық болмыс. Қазақ және әлем әдебиеті. – 2010. – № 3. – 15-17 б.
- 4 Вамбери А. Рассказы о странах востока. М.: Наука, 2003.
- 5 Қалиев С. Халық педагогикасы – этнопедагогиканың зерттеу объектісі. // http://referat.resurs.kz/ref/download/r1739_kzpedagog
- 6 Муканов М.С. Казахи. Алматы: Казахстан, 1995, 352 с.
- 7 Жансүгіров І. Құлагер. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 360 б.
- 8 Сәбденов Қ. Төрт түлік. – Алматы: –Қайнар, – 2002 ж..
- 9 Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400002014>.

МӘШҲҮР ЖҮСІПТІҢ АТ ҚОЮ ДӘСТҮРІ

ӘБДІКӘРІМ Ә. Е.

6 «Г» сынып оқушысы, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

СМАГУЛОВА Д. Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Жалпақ жұртқа аты мәлім әулие Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әлеміне қадамы менің Ескелдіге және Сарыбұлаққа сапарымнан басталды. Ел құмартқан Мәшһүр бабамыздың рухына тәу етіп, бұлағынан су ішіп, осы сапарым жайлы мен республикалық «Ұлан» газетіне «Мәшһүр Жүсіп бұлағынан су іштім» деген тақырыппен мақала жарияладым [1]. Кейін мені бабамыздың өз заманында сәби балаға ат қою дәстүрі қызықтырды. Байқасақ, Мәшһүр Жүсіп бабамыз бірнеше балаға ат қою арқылы қазақтың ат қою дәстүріне, яғни, қазақ антропонимикасына өзіндік үлесін қосқан екен.

Антропонимикалық, яғни, адам аттарының түп-төркін, тарихына зерттеулер – қазақ тілінде ерекше көңіл аударатын басты мәселелердің бірі. Бұл – қоғам дамуымен бірге өзгеріп, жаңарып, жаңғырып отыратын сала. Антропонимика саласын зерттеу тарихи факторларды ғана емес, ұлттың наным-сенімін, сонымен қатар, дәстүрін зерттеудің қажеттілігінен туындайды.

Қазақта «баланың аты қалай қойылса, тағдыры солай өріледі» деген терең пәлсапа бар. Бүгінгі таңда осы пәлсапа ел санасынан көмескіленіп, өз ұрпағына мағынасыз, «сәнқой», жеңіл-желпі есімдер беретін жастар шоғыры қалыптасты. Балаға ат қоюда бұрын жастар жағы үлкендерге, яғни, өзінің ата-әжесіне, ел аналарына, әке-шешесіне жол беретін. Бұл, бір жағынан, үлкенге көрсетілетін құрметтің бір түрі еді. Ат қою үрдісіне жастардың «жармасып», өзімбілермендікке салынуы осы сый-құрметті де ұмыттырып бара жатқандай.

Жұмысымыздың мақсаты – ұлы тұлға – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының балаларға ат қою оқиғаларын, ғұламадан бата алған тұлғалар тағдырының өрілу жолын зерттеп, Мәшһүр Жүсіптің қазақ антропонимикасына ықпалын айқындау.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірі мен шығармашылығы сөз болғанда, әулие бабамыздың ат қою дәстүрі көп ауызға алына бермейді. Қазіргі таңда қоғамда мағынасыз және өзге тілдегі атаулар көбейгендіктен және Мәшһүр Жүсіп антропонимдері деп өзіміз ат қойып, айдар таққан сала бұрын-соңды жете зерттелмеген тың сала болғандықтан да біз осы тақырыпқа ат басын бұрдық. Мәшһүр Жүсіптің өзге қырынан гөрі бүгінгі жұрттың әулиелігіне көп қызығатыны жасырын емес. Мәшһүр әлеміне қызықтыру арқылы жас ұрпақты, біздіңше, Мәшһүрдің тілі – қазақ тіліне және қазақ дәстүрлеріне қызықтыруға болар еді. Біз жүргізген зерттеулер Мәшһүр Жүсіптің қазақ антропонимикасына ықпалы халқымыздың діні мен дәстүрі, өз пәлсапасы мен психологиясы шеңберінен алшақтамайтынын көрсетті. Және бұл мәселеге байыппен қарайтындығы ат қою деген жай ғана жеңіл-желпі дүние емес, тәрбиелік мәні зор құбылыс, өнеге мектебі екенін де байқатады. Бұл мәселеде ең алдымен үлкенге құрмет мектебі тұрғаны анық.

Сонымен, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атын қойған тұлғаларға тоқталайық.

Белгілі жазушы Дихан Әбілев: «Қазақ бала туғанда молда алдырып, азан шақыртып ат қойдырады. Қошқарбай молда менің атымды «Әбдірахман» қойған екен. Арада он бес-жиырма күн өткенде біздікіне Мәшһүр Жүсіп келіпті. Менің атымды сұрапты. Жоқ, Әбіл, Қошқарбай қойған ат бұл нәрестеге ат болмайды. Бері әкелші өзін, - деп мені өзіне жақындаттырып алып, аузыма түкіртіпті де, - бұның аты – Дихан! – депті. Ол шығымдылық деген сөз. Бұл жылы біздің елде – Баянауылда егін-шөп өте шығымды, мал күйлі болыпты» деп жазады [2, 167 б.].

Дихан Әбілев – Қазақстанның халық жазушысы, ақын, 1907 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданы Мойылды қыстауында дүниеге келген. 2003 жылы Алматы қаласында көз жұмған. Жазушының С. Торайғыров туралы «Ақын арманы» (1965 ж.), «Арман жолында» (1969 ж.), «Баянауыл баурайында» (1975 ж.) деп аталатын трилогиясы Дихан Әбілевтің проза саласындағы ең ауқымды еңбегі. Жазушы мұнда ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының тұрмысын, Сұлтанмахмұттың өмір жолын көркемдікпен суреттеген. Дихан Әбілев – А. П. Чехов, Н. А. Некрасов, Т. Г. Шевченко, Г. Низами, Н. Хикмет туындыларын қазақ тіліне аударған кәсіби тәржімашы. Оның шығармалары орыс, өзбек, әзірбайжан, армян, татар, тәжік, қырғыз, т.б. тілдерге аударылды. Еңбек Қызыл Ту, I дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. Дихан Әбілев – Мәшһүр Жүсіп Көпеев дүниеден озғаннан кейін оның шығармаларының жарық көруіне зор үлес қосқан адам.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы есімін қойған келесі тұлға – академик Шапық Шөкин. «Өзіне келген кісілердің ешқайсысын да Мәшһүр бөліп-жармаған. Әр үйдің қуанышы ма, әлде қайғысы ма – ешбір оқиға Мәшһүрдің дұға-батасынсыз өтпейтін болған. Мәселен, біз Риза екеуміз өз есімдеріміз үшін Көпеевке борыштымыз. Өмірінің осы бір фактісін Риза жамбасы жерге тигенше айтып, мақтан тұтып өтті. Қазақтың ішінде сирек кездесетін өз атымның қалай қойылғанын айтуды мен де ұнатамын. Жерлестері арасында Мәшһүр сөзсіз құтқарушы әулиедей көрінетін» деп жазды академиктің өзі [2, 169].

Шапық Шөкіұлы Шөкин – көрнекті қазақ энергетигі, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі, техника ғылымының докторы, профессор, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Ол 1944–50 жылдары Іле өзенінің суы мен энергетика қорын кешенді түрде пайдалану мәселесін шама тұрғысынан зерттеді, осылайша Қапшағай бөгені мен Қапшағай су электр станциясын салу ісіне үлкен үлес қосты. 1949-58 жылдары Орталық қазақстанды сумен қамтамасыз ету мәселесімен Ертіс өзенін бұру негізінде шешуге болатынын дәлелдеді. Мұның өзі Ертіс-Қарағанды каналының салынуына себеп болды. Ш. Шөкин – Сібір өзендерін Қазақстан мен Орта Азияға бұру мәселесін ғылыми тұрғыда қарастырған алғашқы ғалымдардың бірі, 170-тен аса ғылыми еңбектің авторы.

Риза Шөкіұлы Шөкин – академик Ш.Шөкиннің ағасы. Оның да атын Мәшһүр Жүсіп Көпеев қойған. Риза Шөкин туралы Шапық

Шөкин өзінің «Өмірдің төрт маусымы» кітабында жазған. Риза Шөкин Қаз КСР ұжымшарлар министрінің орынбасары, Ауылшаруашылығы және ұжымшарлар министрлігінде, ҚазКСР Министрлер Кеңесінде жетекші қызметтерде болды. 1968 жылы құрметті зейнет демалысына шығады. Қызметтегі ерен еңбегі ескеріліп, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Ғұлама Мәшһүр Жүсіп атын қойған тұлғалардың тағы бірі – қазақ киноөнерінің майталманы – Қуат Әбусейітов. Бұл туралы өзі былай жазған:

«Бізге ат қойғанда
Әбусейіт бабамыз ғой жылқы баққан,
Қуат бер, суат бер деп тілек айтқан.
Қысы-жазы мал бағумен азап шегіп,
Қызылтау баурайында таңдары атқан.
Мәшекең кездесіпті атамызға,
Жылқышы батыр текті бабамызға.
«Әбеке, биылғы жыл су тасыпты,
Жол көрсет, адасып қаламыз ба».
Мәтелі Әбекеннің дайын екен,
Мәшекең талай жерде айтып жүрген.
«Иә, Құдай, Қуат бер, қиын жерден Суат бер» деп,
Өте бер, өне біреу өткел жерден».
Есімде қолыңыздан қант бергенің,
Тіледіңіз бақытты өмір, бақ бергенің.
Рахметолла-Қайролла дегенде әкем,
Өзгертіп Қуат-Суат ат бергенің».
Ол кезде менің жасым бесте екен,
Суатжан нәресте еді бірге келген.
Ататай, қалам алып, тұмар жаздың,
«Бісімлла» деп әкеміз мойынға ілген» [2, 175 б.].

Қуат Әбусейітов – Қазақстан киноөнеріне еңбегі сіңген қайраткер, кинематография саласының қарлығашы, қоюшы-режиссер, дубляж ісінің маманы. Ол Қазақстан Республикасының киноөнерінің дамуы мен қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан тұлға, 20 толықметражды және деректі фильмдерді жасаған және дубляждаған.

Суат Әбусейітов – Қазақстанның халық артисі. Ол әншілік өнерде өз орындаушылық мәнерін танытты. 1957 ж. Мәскеуде өткен Дүние жүзі жастары мен студенттері фестивалінің лауреаты. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ат қойған танымал тұлғалардың бірі – ұстаз, ақын Зекебай Солтанбайұлы. Зекебай Солтанбайұлы 1931 жылғы 15 наурызда Баянауыл ауданы Басшілік атамекенінде туған. Ыбырай Алтынсарин медалінің иегері, оқу-ағарту саласының үздік қызметкері, Баянауыл ауданының Құрметті азаматы. Ол кейінгі 5–6 жыл ішінде алты кітап жазды. Соның бесеуі Мәшһүр Жүсіп Көпеев туралы. «Мәшһүр», «Жүсіп», «Көпеев», «Ғұлама» және қолжазбасы «Адам» дастаны – Мәшһүр баба туралы бесінші кітап. Мәшһүр туралы шығармаларына жазған түсінігінде ақын: «Мәшһүр Жүсіп Көпеев туралы қолыма қалам алғандағы мақсат-мүддемің түп негізі осы болса, ұлы ойшыл, философ, ақын, тарихшы, этнограф, ауыз әдебиетінің жинақшы зергері ғұлама жанның еңбегіне оқырман назарын аудару баса көзделеді. Мен әркімге әрқилы көрінетін Мәшһүр образын жасауда өміршіндығына сүйендім, – дейді.

Бұған дейін еш жерде жариялана қоймаған, өзіміз жаңадан анықтаған тағы бір дерек – керекулік белгілі журналист Бақи Әбдіқадыров есімін де Мәшһүр Жүсіп бабамыздың қойғандығы. Бұл туралы бізге белгілі өлкетанушы Алтынбек Құрманов әңгімелеп еді:

«Бұл әңгімені мен журналист Бақи Әбдіқадыров ағамнан естідім. «Мәшһүр Жүсіп ата біздің айналамызда төрт кісінің атын қойды, соның үлкені – Ақжігіт», – дейтін. Мәшекең Бақи ағамызға ат қойғанда, әкесі: «Бақиы несі? Аузыңызға басқа ат түспеді ме?» – десе керек. Сонда Мәшекең қарқылдап күліп, «Әй, Әбдіқадыр, менен несің сұрайсың, ақылдан әлі жұтаған жоқпын. Осы заманда мен Мұрат қожаның баласы Исабек ишанды жоқтадым, Шорманның Мұсасын жоқтадым, Боштайдың Құсайынын жоқтадым. Мен жоқтамаған адам бар ма, біз өлгеннен кейін бізді кім жоқтайды?! Сонда бұл бақилықтарды іздейтін бала болады, – депті. Осы оқиғаға қатысты Бақи ағам: «Алдымен Ақжігіттің атын қойды, содан кейін оңбастай қып менің атымды Бақи қылып қойды», – деп қалжындайтын...» [3].

Мені Мәшһүр Жүсіп атаның әлемі қатты қызықтырады. Сондықтан мен бұл жұмысты жазумен шектелмей, ата-анаммен де ой бөлістім. Анам менің осы еңбегімде аталған деректерді өзінің таяуда ғана жарыққа шыққан еңбегіне пайдаланып, «Ер әкеме ескерткіш» кітабына «Қадыр атамның апасы Фатима туралы» деген материал қосты, онда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының атамның Ақжігіт Көпеевке қалай ат қойып, бата бергені жазылған [4, 98 б.].

Менің еңбегімнің бір нәтижесі – анам екеуіміз мен жинаған деректердің нәтижесінде музей материалын әзірлеп, Ескелдідегі Мәшһүр Жүсіп музейінің меңгерушісі Әсет Пазыловпен кездестік.

Осы кездесуден соң біз «Ақжігіт деп атын қойған Мәшһүр Жүсіп» деген тақырыпта стенд әзірледік, музей басшылығы оны мұражайға ілу жөнінде шешім қабылдады. 2021 жылғы 2 қазанда осы жәдігердің тұсаукесер шарасы өтті [5]. Мәшһүр Жүсіп музейі мен кесенесіне күн сайын жүздеген, мыңдаған адамдар ат шалдыратынын ескерсек, бұл жәдігер талай адамға Мәшһүр Жүсіп Көпеев пен қазақ антропонимикасы жайлы ерекше сыр шертері сөзсіз.

Зерттеудің нәтижесінде Мәшһүртану курсына қосымша материал ретінде «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының антропонимдер сөздігін» ұсынып отырмыз. Болашақта сөздікті толықтыру жұмыстары жалғасын тауып, арнаулы факультативтік курстарда пайдаланылады деп кәміл сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

Мәшһүр Жүсіптің бұлағынан су іштім / Ә.Әбдікәрім // «Ұлан». – 2018, 26 қараша. - №48.

Ақиқат. Шарапиев А. – Алматы, «Дай Пресс», 2019. – 344 б.

Мәшһүр Жүсіппен суретке түскен Әбдіразақ пен Аллажар хақында / Ж.Қадырова // «Отарқа». – 2022, 24 ақпан. - №10.

Ер әкеме ескерткіш. – Қадырова Ж. – Павлодар, «Эко», 2021. – 104 б.

Мәшһүр баба атын қойған / Е.Қабдыләшім // «Отарқа». 2021, 7 қазан. - № 40.

ҚАЗАҚ АҢЫЗДАРЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТШІЛДІК ИДЕЯ

БАЛТА О. К.

8-сынып оқушысы, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

АЛТЫНБЕКОВА Г. А.

мұғалім, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазақ әдебиеттануында аңыз ертеден қалыптасқан. Аңызды жанрлық жағынан бөлектеу Ш. Уәлихановтан басталады. Ш. Уәлиханов тарихи оқиғаларға қатысты әңгімелерді «тарихи аңыздар» – исторические предания [1, 220–227] деп атайды.

М. Әуезовтің фольклор мен эпос деп алып, жанрлық жағынан жіктеуінде аңыз екі үлгіде кездеседі: «аңыз ертегілер» және «күй аңыз» деп бөледі [2, 179]. Ғалым Марғұлан ескі дәуірлердегі халық аңыздары кейіннен эпикалық жырларды тудырған дейді [3]. Қазақ аңыздары тек фольклор жанры ғана емес. Оның табиғаты халық

өмірімен бірге екендігін, елдің өткен кезеңдердегі оқиғаларын баяндайтындығын бірнеше ғалымдар айтып кетіпті. Солардың бірі Ә. Қоңыратбаев қазақ аңыздарының шығу тегі жағынан тарихымыздағы сақ, үйсін, ғұн, Тұран, Түрік қағанаты, оғыз-қыпшақ, ноғайлы дәуірлерін баяндайды деп көрсетіпті [4, 73–97]. Аңыз елдің ескі әңгімелері ғана емес, тарихтың көзі, өткеннің белгісі екендігін жан-жақты дәлелдеп зерттеген ғалым С. Қасқабасов [5].

Аңыз әңгімелер – ел тарихы мен ұлт танымының негізі. Қазақ халқында аңыздар көп. Ол аңыздардың астарында ел мен жердің тарихы ғана емес, ұлттың жан сезімі мен көңілі, пәлсапасы мен психологиясы бар. Ұлттық құндылықтарды құрастырушы да болады. Аңыздар ел тарихын айтып береді. Аңыздың басты белгісі – тарихи шындық. Аңыздың көркем шығармаға ауысуы кейінгі жеткізушілердің тарихи деректі өз қажеттеріне, өз мүде, мақсаттарына, кейде танымдары мен түсінік, ұғымдарына қарай бейімдеуінен болады. Аңыз мазмұны тарихи оқиға негізіне құрылатындықтан да, ондағы кейіпкерлер туралы деректер де нақты.

Аңыз кейіпкерлері жай адамдар емес. Қоғамда өзгеше орны бар, тарихи-әлеуметтік, саяси қызметі өзгеше тұлғалар болып келеді.

С. Қасқабасов қазақ аңыздарын ел тарихымен байланыстырып, 6 кезеңге бөледі. Соның ірі – Қазақ хандығы дәуіріндегі ел тұлғалары туралы болады. 15-18 ғасырлардағы тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы аңыздардың ұлт түсінігі, санасы мен рухани танымындағы орны ерекше. Осы кезең мен дәуірдің бұдан басқа да ғасырларда қазақ халқы жеке ұлт болып қалыптасып, тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүрді. Аталған кезең ел тарихына ерекше із қалдырып, сол дәуірде болған оқиғалар мен өмір сүрген тұлғалар жайындағы хабар-деректер, мағлұматтар халық аңыздарының негізгі мазмұнына арқау болды. Аңыздарда тәуелсіз хандықтың басынан кешкен тарихи шындығы әр түрлі деңгейде көркем әлем бейнесі болып көрініс тапты.

Мемлекет ісіндегі рухани құндылықтарды жасаушы – ақын-жыраулар болды. Жырау бейнесі Қазақ хандығы тұсында өз биігіне жетті. Әдебиеттегі жыраулар үлгісінің бастауын Түркі қағанаты кезіндегі Иоллығтегиннен бастаса, бұл жеке ел болып, өз алдына еркіндік алған Қазақ хандығы тұсында өзгеше екпін алды. Себебі жырау – тек әдебиеттегі адам ғана емес. Ол – ханның ақылшысы, қажет болса, ханға тіке сөйлейтін, айтарын жасқанбай айтатын төкпе, ақылдың адамы. Сондықтан да халық мемлекет ісіне қажет идеяларды елге танымал, жұртқа сыйлы адамдар маңына жинайды. Қазақ әдебиетіндегі жыраулар бірі Асан Қайғы қазақ

хандығы кезінде өмір сүрген. Кейіннен осы Асан қайғы үлгілері XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Махамбет, Сүйінбай, Дулат, Шернияз Қобылан Бөрібайұлы, Жанкісі ақын, Абыл Өтембетұлы, Жанақ Сағындықұлының жырларына ұласты. Олар көркем айшықты жырларымен Ресей патшасының отарына айналып, тынысы тарылған халықтың жоқшысы бола білді. Халық көңіліндегі зар, нала, ыза, ашу, кек пен ертеңгі күнге сенім, арман, мұрат осы кезең ақындарының жырлары болып төгілді.

«Бұл күнге шейін біздің қолымызда Асанның қай заманда туып, қандай адам болғаны туралы ешбір анық мағлұмат жоқ. Бірақ қазақ даласын жайлап отырған қазақ руларының қайсысының ішіне барсаң да, Асанның аты мәлім, әйгілі болып шығады. Себебі сол рулар отырған қоныс-қоныстың барлығы қалың қазақтың қамын жеегн ұлы қариямыздың дуалы аузынан шыққан жалынды сөз сияқты. Сол болжалдың өзіне қарап ел Асанды көрі күннің сәуегейі, әулиесі сияқты көреді. Бұл күнде өз өміріне Асан Қайғының түспал сөздері келіп тұрған сияктанады», – деп бастап М. Әуезов Асан Қайғыға қатысты аңыздардың жайын талдап береді [2, 198].

Асан қайғы туралы аңыздарда жалпы көпшіліктің, халықтың арманы, болашақ туралы, келешек өмірдің бақыты туралы тілек бар. Мемлекет орнап, халық өз бақытын табады, жақсы өмір сүреді деген армандары алыстай бастаған шақта Асан қайғы сол халықты бақытқа жеткізетін Жерұйық іздеп шығады.

Асан қайғының ел мен мемлекет үшін алға қоятын екі идеясын бөліп алуға болады. Қазақ аңыздарындағы Асан қайғының бейнесі халық бақытын, оның тұрған жерімен, территориясымен байланыстырушы, екіншісі – халыққа жөнсіз билік еткен ханға қарсылықпен көрінеді. Осы екі идея көркем ойды күшейте түседі.

Жиренше шешен туралы аңыз әңгімелердің тақырыбы ақылдылық пен тапқырлық туралы болса, Асан Қайғы туралы аңыздардың тақырыбы оның Жерұйықты іздеуі туралы. «Асан Қайғы Желмаяға мініп, жиһан кезіп «Жерұйық» дейтін ну орманды, көкорай шалғынды, сулы жер, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған қоныс іздейді.

Асан Қайғы Маңғыстауға үш барып, үш қайтыпты: «Түбінде мал баққан шаруаға Маңғыстаудан жақсы жер болмас» депті.

Жетісуды көргенде: «Мынау Жетісуың ағашының әр бұтағы жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс» депті.

Осы күнгі Мерке деген жердегі Аспараны көргенде: «Ей, Аспара, көршінмен тату бол, шөбіңе суың жетер» деп жүріп кетіпті.

Баянауыл тауын көргенде: «Баянға жаймай, қой семірмес» деп Асан қазіргі Баянауылды өзіне жайлау етіпті.

Әулиеатаның батысындағы Жуалы жерін көргенде: «Жерің семіз, шөбің шүйгін, қарың мол, топырағың май екен, қадірінді егін салған ел білер» депті.

Шыңғырлау өзенін көргенді, Асан тоқтап, Желмаясын суырады: Жылқының өзі өскен жоқ. Шыңғырлау, сен құт болған екенсің, сен өсірген екенсің» деп сонда қонады.

Асан шұрайлы қоныс, нулы өлке іздеумен өмір бойы Желмаясымен желіп өткен екен. Ұлытаудың бас жағына келіп дүние салыпты» [1, 8].

Асан қайғы арқылы қазақ даласының әр жері айтылады. Әр жерінің географиялық ерекшеліктері беріледі. Сонымен бірге болашағы да қоса болжанады. Асан қайғы туралы аңыздар тек бір кезенді ғана емес, кеше, бүгін, ертеңді суреттейді.

Асан Қайғы (Хасан) Сәбитұлы XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басында өмір сүрген ойшыл, жырау, аңыз кейіпкері. Асан қайғы туралы мәліметтерде оның мемлекетте ықпалды қайраткерлердің бірі болғандығы да айтылады. Жыраудың туындылары терең философияға құрылады. Қазіргі кезде қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы «Жеті әулие» қорымында Асан Ата кесенесі осы Асан қайғының кексенісі деп атайды. Асан Қайғы шығармашылығында негізгі орын алатын қазақ тұрмысының өзекті мәселелерін арқау еткен философиялық-накылдық жанрлар. Оның толғауларында өмір, тіршілік туралы, термелерінде адамгершілік, шешендік сөздерінде қоғам мен адам қатынастары туралы айтылады.

Асан Қайғы аты көбіне-көп «Жерұйық» деп аталын жерді іздеуімен байланысты. Оның «Жерұйықты» іздеуіне екі себеп бар.

Біріншісі – іздеген «Жерұйық» деп аталатын жер шырайлы қоныс, елін, жұртын сыртқы жаулардан қорғаушы, жаңа қоғамның үлгісі, қазақ халқын аман сақтап қалу үшін жасалған игі қадамдар. Асан Қайғы осы тарихи ойларын ел билеген хандармен, сұлтандармен, билермен, соның ішінде Жәнібек ханмен араласып жүріп, жүзеге асыруды мақсат етеді.

Елі мен жерінің болашағы туралы терең уайым мен қайғыға түсіп толғанған абызды халық «Асан Қайғы деп атаған. Асан Қайғы елінің сулы – нулы, шөбі шүйгін, құтты қоныс тауып сонда тіршілік етуін арман етті. «Адамы жүзге келмей өлмейтін, қойы екі төлдейтін, мамыражай, еркін өмір сүруді» аңсады. Бұл мұратын жырау «Жер ұйық» деп атады. Екіншісі – Асан Қайғы өмір сүрген

кезең ноғайлы заманындағы аласапыран мен бүліншілік ойшылды уайымға салған себептердің бірі [1, 199]. Бұл – Жәнібек ханның тастан сарай салдыруы. Асан Жәнібек ханға өкпелі, ренжулі. Қала салдырып, халық танымын бұзды, қала салып, өзгенің дегенінен жүрді, түсінігін, дәстүрін қабылдады дейді. Осы себептер аңызда Асанға жаңа жер іздететеді. Асан жаңа қоныс іздеп жеті жыл жер Жерұйық деп аталатын мекенді табады. Асан қайғының аралаған жерлеріне қойған сындары мен анықтамалары сол өз дәуірінің, заманының нақтылы талап – тілектері мен халық қамынан туған болжамдар болса керек. Фольклорлық мәліметтер бойынша, Асан Қайғы Қазақстанның және Орта Азияның жерін Желмаясына мініп көп кезген ақылды, дана болып суреттеледі. Оның бармаған жері, баспаған тауы жоқ десе де болғандай.

Асан атындағы қайғының жамылуы туралы екі түрлі болжамды беруге болады. Асан туралы аңыздарда оның негізгі қайғырып жүрген мәселелері мынадай:

1 Ел билеген хан тұқымының қарадан әйел алған ісіне қайғыру;

2 Құладыңға қу ілгізіп, жығып берген хан ісіне уайым ету (тектілікті құрметтеуден, қадірлеуден кете бастаған қоғамға өкпесі); Құладың тексіз оған текті құсты ілгізу ханға жақпас іс дейді.

3 Орыстың қыспағы мен отаршылдық шеңгеліне түсіп, көшіп-қонуға тар бола бастаған қоныстан кету.

Асан ҚайғыныңӘз-Жәнібекке артатын басты «өкпесінің» бірі – ханның қарадан әйел алуы. Ел болашағы билеушіге байланысты. Хан тұқымы қарадан алған тұқымнан бұзылып, елдің ертеңіне қауіп төнеді дейді.

Асан қайғы туралы аңыздарда Асан бейнесі:

1 Жерұйық іздейді.

2 Ханға кінә артады.

3 Түс көреді.

«Бұл арадан көшпесең,

Айтқаным түспесең,

Орыс алар қаланды

Шулатар қатын баланды

Осыны көрдім түсімде...» [6, 200].

Ел мен мемлекет туралы аңыздардағы келесі көркем ой – Жиренше шешен маңына топтасқан. Жиренше шешен туралы аңыздар қарақалпақ, түркімен, қырғыз халықтарында да бар. Халық ауыз әдебиеті шығармаларының басты ерекшеліктерінің бірі – ел тарихындағы бұрынғы, кейінгі кезендеріндегі тұлғаларды әр

кезеңдерге қажетіне қарай қатыстыра беретіндігі. Сонымен бірге Жиреншенің түркі халықтарының ішінде қарақалпақ пен түркімен, қырғыздарда болуы – түркілік кезеңмен де байланыстырады. Жиренше туралы аңыздар келесі мазмұнда болады.

- 1 Жиренше мен хан арасындағы әңгімелер.
- 2 Жиренше мен Қарашаш сұлуға қатысты аңыздар.
- 3 Жиреншенің баласы туралы.

«Сұраған сен ақымақ па, сұратқан хан ақымақ па?» деп аталатын әңгіменің идеясы – ақылдың қашанда жол таба білетіндігін, тапқыр адам қандай сынақтан болсын сүрінбей өтетіндігін айтады, сонымен бірге барлық жарлық пен бұйырудың, менмендіктің соңы жақсылыққа апара бермейді. Кімді сынасаң да, ақылмен жасау керек деген ойға да жетелейді. «Баяғыда Жиренше шешен деген өзі кедей бір шешен болыпты. Ол асқан ақылды, сөзге ұста, шешен адам екен. Жиреншенің шешендігіне қызығып, хан шақыртып алып, оны өз қасына ертіп жүреді екен. Бірақ Жиренше ханды жақтырмапты, елдің сөзін сөйлепті. Ол ханның алтындаған сарайына тұрақтамай, өзінің кішкене күресіне келіп жатады екен. Өз үйіне келгенде, ол мың жасап, бой жазып қалады екен. Үйі өте кішкентай болса керек. Киізі қырық жамау күресіне келіп: «Қайран менің өз үйім, кең сарайым – боз үйім» деп керілгенде, Жиреншенің екі аяғы тізесіне дейін күркеден сыртқа шығып жатады екен.

Аңыз еркіндік пен теңдіктің өз затының өзменшігің болуымен байланысын айтады. Еркіндік, жақсылық, байлық джеген өз меншігің болуы. Ол қалай болса да өзіндікі, сонысымен артық. Аңыздың идеясы – Жиренеш үшін хан сарай қандай кең болса да керегі жоқ. Жиреншеге тар болса да, еркін дем алатын, тіпті аяғы шығып жататын күресі артық. Бұл түркілік, қазақы танымдағы еркіндік пен бостандық туралы ойды бекіте түседі.

Жиренше туралы аңыздардың ерекшелігі оның өзі туралы аңыздар жалғасы баласымен сабақтасады. Мәшһүр-Жүсіптің халық аузынан жинап алған мұрасы мол. Солардың Жиренше шешен туралы әңгімелердің өзі бірнешеуі [7, 181]. «Жақсыдан жаман тумайтыны» деп аталады. Бұл аңызда Жиренше шешеннің жақсы мен жаманды қапысыз тануы, ел бірлігі мен мемлекеттің тұрақтылығы отбасы тәрбиесімен, тағлымымен, ата-анасымен тікелей байланысты болатыны түйінделеді.

Жиренше шешен туралы әңгімелерді үш салаға бөлуге болады.

- 1 Жәнібек ханның уәзірі, ақылшысы, досы;
- 2 Ханның кемшіліктерін бетіне айтып, ақыл-парасатымен өзін

оған мойындата білген әділ адам;

3 Әйелі Қарашашпен, халықпен бірге алынады.

Қорыта келгенде қазақ ауыз әдебиетіндегі аңыздардың ішінде мемлекетшілдік идеясын көтеретін тақырып – сол дәуірмен, заманмен байланысты екендігін көрсетеді. Олар елдің еркіндігін көрсетеді. Аңыз кейіпкерлері де ханның қасында, айтар ойларын жасқанбай айта алады. Халық еркіндігімен де анықталады. Асан Қайғы мен Жиренше шешен туралы аңыздардан бірнеше белгілерді анықтауға болады. Бұл белгілер аңыз кейіпкерлерінің халық мұңын, арман-тілегін айтуымен ел есінде қалғандығы. Бұл аңыз кейіпкерлері халық үшін еңбек еткен жандар болғандығы. Аңыз кейіпкерлерінің еркіндігі мен бостандығы халқына кеңдік ойлаған, болашағын болжаған немесе отбасындағы кеңдік пен теңдікті қамтамасыз етуді қалаған кейіпкерлермен анықталады. Халық аңыздарындағы басты тақырып – елді сақтау, мемлекетті берік ету. Сондықтан да ел мен жерге, мемлекетке қатысты идеяларды халық құрметтейтін, ханға сөздері өтетін ақылды, шешен адамдар арқылы береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах Том I – Алма-Ата: Издательство Академий наук Казахской ССР, 1961. – 777 С.
- 2 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 17. – Алматы: Жазушы, 1985. – 449 б.
- 3 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Ғылым, 1985 – 368 б.
- 4 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
- 5 Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
- 6 Әуезов М. Әдебиет тарихы – Алматы: Ана тілі, 1991, – 240 б.
- 7 Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. Т. 6. – Павлодар, 2009. – 345 б.

МАҒЖАННЫҢ ТРОП ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ КӨҢІЛ-КҮЙ ЖЕТКІЗУДЕГІ ШЕБЕРЛІГІ

ЕСИМХАНОВА А.

8-сынып оқушысы

РАХИМБАЕВА А. К.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,
№ 25 Қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.

Мағжан – қазақ халқының ұлттық ұлы ақыны. Ол – халқын шын сүйген, сонымен бірге күйінген, аянышты ел күйін көріп күйінше, сезімталдыққа берілген шын халық досы. Ақын жалпы адамзатқа, қалса түркі тектес ұлттарға ортақ ойлар айтады. Ақын мезгілдік, нақандық, тіпті анығын айтқанда, таптық күрестер талабына орайлас үгіттік, насихаттық шығармалар жазудан бойын мүлде аулақ салады. Мағжан бір тақырыптың, бір кезеңнің, бір халықтың, бір таптың жыршысы болып кетпей, уақыттар желі құлата алмайтын алтын дінгек, әлемдік әуез сарындары мен тамырлас өлмес туындылар берген ұлттық ақын, ғажайып суреткер болып қала береді.

Ақынның «Жел» өлеңі түрмеде, тас қамалда отырған ақынның жан дүниесінен хабар береді. Оның лирикалық кейіпкері - азаттықты аңсаудан жалықпаған, келер күнге сеніммен қараған тегеуріні мықты жан. Мағжан өлеңдерінде бостандықты аңсау сезімі аса күшті. Мағжанның барлық өмірі - поэзиясында. Ел ішіндегі әлеуметтік, қоғамдық өмірге деген көзқарасы ақын үнінен байқалып отырады. Мерзімді баспасөз беттерінде өлеңдері мен мақалалары жиі жарық көреді. Ақын тек қазақ халқының ғана емес бүкіл түрік жұртының мүдде - мақсатына ортақтас болған. Ақынның осындай еліне, халқына, қандас халықтарға деген сүйіспеншілігін тоталитаризм заманы айыптап, оған «ұлтшыл, түрікшіл» деген таңба тағып, талай қуғын сүргінге ұшыратқан, абақтыға жапқанын тарих мәліметтерінен оқыдым. Осындай қиын тағдырды басынан кешкен ақын өзінің ішкі сезімін халық тағдырымен ұштастырып, психологиялық паралелизм арқылы табиғатпен астастыра келе, халықтың бүтін болмысын көрсете жырлайды. Өзі өмір сүріп жатқан заманнан, тіршіліктен жылт етер сәуле таппай, жансызға жан бітіре жан айқайын жазған.

Мағжан поэзиясы – жан жүрек, сезім поэзиясы. Ол оның бүкіл қан тамырынан жаралған. Ақын қандай тақырыпты жыр өзегі етпесін, бәрі «мен – Мағжанмын» деп мұңдалап тұрады. Оның

жырларынан бейжайлылықты кездестірмейсің. Жілігі татымас жасық жолдарды ұшыратпайсың. Онда отты жүректің соғысы, ізгі де сұлу, елжіреген, еміренген жан лүпілі естіледі, онан өмір азабын тартқан жанның қайғы-мұны, зары, шері құлағына шалынады, ақынның озбырлыққа, өктемдікке, өзімшілдікке деген ыза-кегі, қаһарлы ерлік үні естіледі. Арман-мұраты мен халқына деген сүйіспеншілігі барынша сезіледі.

Ақын өлеңдерінде оның көңіл-күйінің әр сәттері бейнеленген ол ел басына қалың тұман үйірілген, тығырыққа тірелген қасіретті – қайғылы шақтарында олармен бірге қайғыра-қамыға, егіле жыр төгеді. Халқының сондай сормаңдай күйіне жаны шырылдап, ортақтаса қайғырып, жазған өлеңдері үшін оны ұлтшыл деп қуғын-сүргінге түсіріп, тар қапасақ отырғызғанда әбден тарығып, жаны күйінген сәттерінде табиғат құбылыстарынан көмек күткендей болады. Мағжан болашаққа сенген, ол күні ертең халқына шуақты күндер туарынан қатты үміт күткен.

Поэзия – алдымен дәуір үні, адамзат қоғамының көркем шежіресі. Сонан соң көркем ойлауға, рухани өсіп жетілуге жеткізетін тәрбие құралы. Осындай поэзияның маңызды, мәнді бірі және бірегейі Мағжанның «Жел» өлеңі. Олай дейтінім, өлеңнің шумақтарында аманат арқалаған жансыз желді суреттеу арқылы ұлттық ұғымымыздағы «аманатқа қиянат жасамау» туралы ғибрат айтылады. Бұл өлеңнің 2 шумағының 3,4-тармағында және 3-шумақтың 1,2-тармағында:

Алып келсе керек аманат,
Абақтыдағы азаматқа зарыққан.
Терезеден үйге кірмек болады
Аманатты қолға бермек болады,

– деп арқалаған аманат жүгін аман-есен өз орнына қондыру сияқты ата дәстүріміздің қадірін түсіндіріп, сол аманат арқалаған адам кейпін, желдің соғысымен, екпінімен, түрлі дыбыстармен береді.

Дене күйіп желге құлақ саламын

Жанып жүріп көзіме жас аламын,

– деп қандай іске де сабырлықпен қарауға үйретеді, жақсылықтан үміт үзбеуге жетелейді. Өлеңнің өн бойында қазақ даласындағы тынымсыз тірліктің нышаны байқалып, ұлттық болмыс көрініс береді. Ақын қамауда отырған тұтқынның ішкі жан сезімдері арқылы оқушыға өмір өткелдеріндегі қиыншылықтарға төзімділік танытуды үлгі етеді. Беймаза күй кешкен жолаушы желдің келбеті

арқылы ұлтымыздың өткен тарихынан сыр шертіп, өскелең ұрпақтың ақтаңдақ тарих беттерін парақтауына ой салады.

Бала жасынан зерек болып өскен Мағжан «Табиғаттың өз тілі бар» дегенге сенетін. Соны білуді, үйренуді армандады. Мөлдіріне ұзақ қарап, көл жағасындағы ақ маржан тастардыуыстап алып, иіскеп, көзін жұмып, рақаттанып тұрғаны да шындық.

«Жел» өлеңі – табиғатпен сырласудан туған толғанысты жыр. Жырды кейіптеу тәсілі арқылы жансыз желді адам кейпінде суреттейді. Ұзақ жолда шаршап шалдыққан адамның көздеген жеріне жеткенде аңсап жеткен адамына еркін жолыға алмай беймаза күн кешкен халін көрсетеді. Біресе ызаланып, біресе жалбарынып шарасыз кейіпте қалған адам баласының суреті көз алдына айқын елес беріп, ақынның сөз қолдану шеберлігіне қайран қаласын. «Жел» өлеңі - еріксіздіктің азабы, тұрмыс тауқыметін тартқан жан азабының көрінісі. Өлеңнің 5-шумағында ақынның жан шырылы, қайғылы халі эпитет арқылы анық суреттеледі .

Дене күйіп желге құлақ саламын,
Жанып жүрек көзіме жас аламын.
Жібермейді қара темір қайырымсыз
Еркін дала Сарыарқамның сәлемін,

– деп жан дірілін, ішкі толғанысын жазады.

Мағжан Мәскеуде В. Я. Брюсов ашқан жоғары әдеби-көркем институтта оқыған. Сол шақта В. Я. Брюсов оның талантына сүйсініп, «Қазақтың Пушкині» деп атады. Ақынның жан-жақтылығын Брюсов: «Оның поэтикалық таланты жоғары, табиғаттан дарыған. Оған қоса математикадан, музыкадан, бейнелеу өнерінен білімінің тереңдігі ғажап» – деген. Міне, бұл естелікке қарағанда, Мағжанның «Жел» өлеңіндегі ақынның кең байтақ Сарыарқа даласында соғатын сары желдің адам кейпіне ендіріп, темір қақпаның ішінде қамалып жатса да, ел дауысын сол жел дауысы арқылы естуі – табиғи дарындылық екенін түсінесің. Желді суреттеу арқылы адам бейнесін береді. Өлеңде жел ұзақ жолдан шаршаған, жабыққан адам ретінде үйге кірмекке, аманатты бермекке әрекет етеді. Ыза болуы, қайтадан өтініп, жіберші деп сұрауы – көңіл құбылысы. Мағжанның «Жел» өлеңіндегі тағы бір тағылымы зор көрініс тапқан. Жансыз желге жан бітіріп, жел бейнесін жанды тірі адамға айналдырып, біресе ызаландырып, біресе жалындырып, біресе жылатып қояды. Ақын беймаза желді құдды тірі кісідей құбылтып, оған түрлі әрекеттер жасату арқылы өзі суреттеп отырған шындыққа тағы бір тың шырай

береді, шынайы сыр дарытады. Өлеңнің тақырыбы : азаттықты аңсаған халық үні. Өлеңнің идеясы : азаттыққа шығу. Өлеңде:

Байқаймын: жел ұзақ жолда жабыққан,

Қасірет басып, Сарыарқадан тарыққан, –

деп Сарыарқа жеріндегі қызыл империя саясатының салған сойқанынан жапа шеккен амалы таусылған халықтың ішкі күйзелісін желдің әрекетімен көрсетеді. Бұл өлеңнің көркемдік қуатын арттырып тұрған кейіптеу тәсілі. Ақын кейде жансыз табиғат құбылысын кәдімгі тірі адамға, жан иесіне ұқсатып, жандандыра құлпырта суреттейді. Әдебиеттегі мұндай тәсілді кейіптеу деп атайды. «Жел» өлеңінің тағы бір көркемдігі қайталауда:

Байқаймын: жел ұзақ жолда жабыққан,

Қасірет басып, Сарыарқадан тарыққан.

Алып келсе керек ауыр аманат

Абақтыға азаматқа зарыққан

Терезеден үйге кірмек болады,

Аманатты қолдан бермек болады.

Жол бермеген қатты қара темірді,

Ызаланып, зуылдап кеп ұрады.

Өлеңде ақын етістіктің есімше және көсемше тұлғаларын қайталау арқылы сөз әсерін күшейтіп, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені санаға мұқият сіңіреді. Бұл жай қайталау деп аталады.

Екі аттас өлеңдеріне әдеби-теориялық талдау

1-ші «Жел» өлеңінде «Жүйрік» сөзі - эпитет, ақын бұл жерде желдің күштілігін, қаттылығын «жүйрік» сөзімен көркемдей түседі. Өйткені «жүйрік» сөзі жанды затқа тән сипаттама, бұл жерде ақын кейіптеу тәсілін қолданып, жансызға жан бітіреді. Жабыққан, тарыққан, ызаланып сөздері есімшелі, көсемшелі етістіктер болып, желдің көңіл-күйін жеткізгендей болады. Бұл жерде де ақын кейіптеу тәсілін өте орынды қолданады. Кірмек, бермек, «Жіберші!»- деп сұрағандай болады. Бұл іс-әрекеттерді білдіретін сөздер жандыға тән қимылдар. Қуат кеміп, қажыған, өксіп-өксіп жылағандай болады тіркестері желдің әлсірегенін білдіріп, кейіптеу тәсілі арқылы әсерлі жеткізіліп тұр. Қатты қара - эпитет, бұл жерде ақын темір тордың мықтылығын жеткізсе, сондай-ақ қара сөзі «қайғы» сөзінің символы деп алуға болады. Дене күйіп, жанып жүрек ауыспалы мағынадағы тіркестері лирикалық кейіпкердің жан күйін жеткізуде орынды қолданылып тұр. Еркін дала тіркесінде «еркін» сөзі «бостандық» сөзін білдіріп, лирикалық кейіпкердің арманын білідіріп тұр деп ойлаймын.

2-ші өлеңінде ақын Жел - тентек, ерке, сотқар бала, метафоралы эпитеттерді қолданып, желді тентек балаға балайды, сол арқылы өлеңдегі лирикалық кейіпкерді жеңіл мінезді жігіт сипатында оқырман алдына келтіреді. Жан сүйгені, жүгіред. Ерні өтірік қыбырлап, Сыр айтқан боп сыбырлап, кейде аң боп өкіред, сақ-сақ күліп секіред, бетке түкіред жолдары берілген кимыл әрекеттерді білдіретін сөздердің барлығы кейіптеу тәсілі арқылы жансыз желді жандандырып тентек жігіт бейнесінде әсерлі жеткізіліп тұр. Көлдің тыныш түс көріп жатқаны, оянған кәрі орман да кейіптеу арқылы жанданып тұр.

Екі өлеңде троп түрлері арқылы лирикалық кейіпкердің қарама-қарсы көңіл-күйі жеткізіледі.

1-өлеңде ақын лирикалық кейіпкерді қапаста, қатты қара темірлі торда отырған тұтқын бейнесінде суреттейді. Берілген өлеңде желдің рөлі кейіпкерді тордан құтқаруға көмектесетін, ауыр аманат жеткізуші ретінде сипатталады. Өлеңдегі кейіпкер бостандықты аңсап, Сарыарқаны сағынған көңіл күйде бейнеленген. Денесі күйіп, жүрегі жанған жаны жаралы, өмірден түңілген кейіпкер жайын жеткізеді.

2-өлеңде ақын лирикалық кейіпкерді, керісінше, жеңіл мінезді, тентек бала кейіпінде бейнеленеді. Бұл лирикалық кейіпкер - сезімге берілген, көңіл-күйі жайдарлы, сақ-сақ күлетін, бәрін ұйқыдан оятып, тыныштық бұзатын көңілді жел бейнесіндегі кейіпкер.

Бақыттысың, еркежан!

Уа, дариға, Жасаған,

Жел емеспін мен неге?! –

деген жолдардан кейіпкер өзінің жел болып жаратылмағанын өкіне, қызыға жеткізіп, өзіне сұрақ қояды. Сондықтан бұл жерде леп белгісі мен сұрақ белгісі қатар қойылып тұр. Бұл өлең көтеріңкі көңілмен оқылып айтылады.

Лирикалық кейіпкер мен ақын арасындағы байланыс:

- екеуі де әділетсіз саясат құрбаны болып, тар қапаста отыр;

- екеуінен де бостандықты аңсап,

- Сар даланы сағынған, еркіндікті сүйетін, дала перзентінің үнін естиміз;

- екеуі де ел тәуелсіздігін аңсаған асқақ арманды, желдей жүйрік, ел аманатын жеткізуші лирик ақын мен лирикалық кейіпкер.

«Жел» өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін зерделегенде, Мағжан өлеңдерінің оқушы танымын арттыратын, тәрбиелік маңызы аса жоғары асыл қазына екенін түсіндім.

Мағжан Жұмабаев «Жел» аттас екі өлеңінде эпитет, метафоралы эпитет, символ, әсіресе кейіптеу тәсілін өте орынды қолдану шеберлігінің арқасында екі түрлі лирикалық кейіпкер бейнесін оқырманға әсерлі жеткізді.

Мағжан поэзиясы – жан жүрек, сезім поэзиясы. Оның өлеңдерінде отты жүректің соғысы, ізгі де сұлу, елжіреген, еміренген жан лүпілі естіледі, жырлаған өлеңдерінен өмір азабын тартқан жанның қайғымұны, зары, шері құлағыма шалынады. Арман – мұраты мен халқына деген сүйіспеншілігі, ел тәуелсіздігі мен бостандықты аңсауы ерекше байқалады.

Өлеңнің көркемдік қуаты – кейіптеуде. Кейіптеу арқылы адамның ішкі психикалық сезімдерін табиғат құбылысы арқылы суреттеп, эмоционалды күйді басқаруға жетелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мағжан Жұмабаев. Шығармалар жинағы 2-том. Өлеңдер, дастандар, аудармалар. «Жазушы» 2002 жыл;

2 Ә. Дайыр, Қ. Айтқалиев, Ш. Беркімбаева, Г. Құрманбай «Әдебиет» оқулығы, 5-сынып Алматы «Атамұра» 2010 жыл;

3 К.Ісләмжанұлы, С.Тілешова, Б.Арынова, Р.Баттал «Әдебиет» оқулығы 6-сынып Алматы «Атамұра» 2011 жыл;

4 Қ.Әбдесұлы, С.Тұрсынғалиұлы «Қазақ әдебиеті» 7-сынып Астана «Арман-ПВ» 2012 жыл;

5 Боранбаева Ж. Қ. «Сөз зергері Мағжанның әдемі өрген өрнегі», Астана, 2004 жыл;

6 Қанарбаева Б. «Жырымен жұртын оятқан» Алматы, 1998 жыл;

7 Қабдолов З. «Сөз өнері» Алматы, 1976 жыл;

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ РУХ ПЕН ДІН

ЖЕКСЕНГАЛИЕВА Ж. У.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 42 «Ақ ниет» гимназиясы, Орал қ.
ҚАСИМ Е. А.

11 «А» сынып оқушысы, № 42 «Ақ ниет» гимназиясы, Орал қ.

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев – қазақ поэзиясының Абайдан кейінгі көрнекті өкілі, ұлт мақтанышы. «Өзі – от, өзі – жалын» ақынның жырлары нәзік те сыршыл, сондай-ақ оның жырлары – биік рух пен имандылықтың айқын үлгісі.

Мағжан ақын, алдымен, Жұмабай атасы жалдаған молдалардан, кейін Қызылжар қаласындағы медреседе алты жылдай білім алған. 1911–1912 жылдар аралығында сол кездегі ірі діни мектептерінің бірі – Уфа қаласында орналасқан «Ғалия» медресесінде оқиды. «Ғалия» медресесі Мағжанның мұсылманшылдық, түрікшілдік, ұлтшылдық болмысының қалыптасуына зор ықпалын тигізгенін білеміз. Медресе ақынның діни білімін ғана жетілдіріп қоймай, әдебиет атты әдемі әлемге де жолын ашты. «Ғалияда» оқып жүріп Мағжан әйгілі татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовпен танысты. Ол Мағжанның тұңғыш өлеңдер жинағы – «Шолпанның» баспа бетін көруіне көмектеседі.

Мағжан шығармашылығындағы Жаратушысына деген шексіз махаббат пен сенімнің, тәуекелдің көрініс табуы 10–12 жыл бойы үздіксіз алған діни білімінің әсері, бойына сіңген діни ұстанымдары десек артық айтқандық болмас. Мағжан Кеңес үкіметі тұсында «ескішіл», «діншіл» деп айыпталды. Олай айыпталуы заңды да. Ақын қандай қиындық көрсе де, «тар жол, тайғақ кешуден» өтсе де өлеңдерінде Алладан үмітін үзбейді, бар керегін Жаратушысынан сұрайды. «Айға» атты мына бір өлеңінде:

*Ант етіп айырылмасқа бірігейік,
Ас-сусыз, мың бейнетпен жол шегейік.*

Тыңдайтын бар гой тілек әділ Алла,

Көл қылып, қан аралас жас төгейік, – деп Алла тағаланың әділдігін жырға қосса [4, 101 б.], Міржақып Дулатовқа арнаған «Жауға түскен жанға» өлеңінде:

Мейірімі кең күшті Ием,

Сорлы жүртты оң баста.

Дұшпан – құлаш, біз – сүйем,

Рақмет үшқынын таста!

Көбейсін елде қайратты ер,

Жұрт үшін болсын қара тер.

Сорлы жүртты бастасын,

Жасаған, соған көмек бер! – деп бар жан-тәнімен Құдайға жалбарына сөйлейді [4, 186 б.]. Ал ақын ұстазына бостандық бұйырғанда «М. Д. абақтыдан шыққанда» деген өлең жазып:

Зор қуаныш – қара түн өткеніне,

Алтын таңды ашық күн жеткеніне,

Қан аралас төгілген көп көз жасты

Тәңірі қабыл, мейірім ғып, еткеніне.

Ерік құсы қайта ұшып келгеніне,

ушар болмай дұшпанның мергеніне.

Қайта шықты батқан Кун, нұр шашылды,

Мың шүкірлік Тәңірінің бергеніне, – деп, бұл жақсылықтың Алла тағала тарапынан болғанын айтып, Жаратушысына шүкірлік етеді [4, 172 б.].

Мағжан өзге замандастарындай емес, Алаш зиялыларымен Кеңес үкіметін мойындауға мәжбүр болып, дін молдалары кудалауға түсіп, құдайшылдыққа тыйым салынып жатқанына қарамастан, өлеңдеріне діни ұғымдарды қосуын қоймайды. Жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың 1923 жылы «Лениншіл жас» журналында «Мағжанның ақындығы туралы» атты мақаласында: «Кейбіреулер Мағжанды ескішіл дегеннен тудырып, діншіл деп ойлап қалуы мүмкін. Олай ойлауға да жеңіл-желпі себеп бар. Мағжан екі сөзінің бірінде «Алла», «жасаған», «пайғамбар», «періште», «иман», «құран», «ғарыш», «ұжмақ», «ібіліс» деген сөздерді келтіреді. Осындай сөздеріне байланысып, діншілдікпен айтады десек, ол тым сынаржақтық болады. Қандай діншіл ақын болса да сөзді күшейту үшін, халықтың ұғымымен есептесу үшін дін лұғаттарын алудан қашпайды. Қазақтың, қала берсе мұжықтың ақыны боламын деген кісі «құдай, әулие, пайғамбар» деген сықылды күшті сөздерден қашып құтыла алмайды. Өйткені, бұқараның екі сөзінің бірі құдайсыз келмейді», – деп қорғаштауы да осы түс [31]. Ол ақынды діншілдіктен алыстатып, ақтап алғысы келді. Бірақ алған бетінен қайтар Мағжан ба?! Ол ең аяғы поэзиясындағы табиғат суреттеріндегі тенеулерді де діни ұғымдармен байланыстырады. Мысалы, «Қысқы жолда» өлеңінде желдің долы мінезін суреттей келіп:

Кейде кенет баяулап,

Жер бауырлап жаяулап,

Аузы-басы жыбырлап,

Асып-сасып сыбырлап,

Жерді жапқан кебінді,

Сүйіп ақырын құшақтап,

«Әпсүн» оқып үреді, – дейді [4, 168 б.].

Бұлай жырлау Мағжанға ғана тән дүние болар. Немесе «Күзді күні» өлеңіндегі жас қайыңды суреттеуіне қараңыз:

Балапан нәзік жас қайың,

Соққан суық жел сайын.

Бүрсіп, сорлы, дірілдеп,

Ақырын гана күбірлеп,

«СұбханАлла, сұбхан» деп,

*Жасағанға жалынып,
«Жәрдем бер» деп сұрайды,* – деп, қайыңның өзіне дұға еткізіп
қояды [4, 180 б.].

Ал өзінің «Жаралы жан» атты өлеңінде:

«Ойтырым-ай, Алла-ай, Жасаған,

Қысылды гой шыбын жан!

Қуат кеміп барады,

Көл болды мынау аққан қан.

Тәңірі, өзіңе жылайын,

Хал жоқ, қалай тұрайын!

Жүректі жара жеп барад,

Жасаған-ау, қалай шыдайын?! – дей келіп, «Мынау қарға, күзгынның, Бердің-ау, Тәңірім, тілегін!» немесе «Күштісің гой, Қүдірет, Періштеңе әмір ет!» деп күніренеді [4, 108 б.].

Мағжан өлеңдерінен Жаратқанына жалбарыну, тілек тілеу сипаттарынан өзге діни білімінің тереңдігі де байқалады. Адам ата мен Хауа ананың жұмақтан жерге түсу оқиғасын ақын «Әйел» атты өлеңінде:

Қылмыстан жазып Тәңіріге,

Қарсы келіп әміріңе,

Қуылды Адам жұмақтан.

«Қайт,- деген,- қара жеріңе,

Бесігіңе, көріңе!» -

Бұйрық болды бір Хақтан, – деп жырласа [4, 201 б.], «Баланың қабір тасына» өлеңде өзгелерді жыламауға шақырып, жұбатып:

Өлгені емес, жерді тастап кеткені –

Шын бақытқа ерте бастан жеткені.

Ізгі оймен, жайлы жәннат төрінен,

Орын алып, ата-анасын күткелі, – дейді [4, 230 б.]. Діндегі жас бала шетінесе, ата-анасын жұмақтан күтеді деген қарапайым адамдар біле бермейтін ұғымды осылай өлеңмен беруі Мағжанның шариятқа білгірлігін көрсетсе керек.

«Қорқыт», «Батыр Баян», «Жүсіп хан», «Пайғамбар», «Түркістан», «Дін үйреткенге», «Мешіт хәм абақты», «Мағарри сөздер» және т.б. туындыларында ақын Ислам құндылықтарын жырлай отырып, кейбір молдалардың шариятқа қарсы іс-әрекеттерін сынға алады.

Риялы ораза, намазбен.

Өзіңді өзің алдама!

Әдепті болсаң онан да,

Көп жақынсың Аллаһқа [4, 256 б.].

Сонымен қатар «Дін үйреткенге» атты өлеңінде былай дейді:

Қармаңбай, қарап жатып бақ күтуге,

Ізденбей аласұрып, тақ күтуге,

Тағдырда, бір тақтайда жазулы деп,

Әр іске кім үйретті шақ күтуге?

Шарқ ұрып ерікке ұмтылған ұшқыр жанды,

Қайнаған тамырдағы ыстық қанды

Тұтқын ғып кім қамады? Кім суытты?

Кім алды қалың қайрат, күшті, әлді?

Аңғал елді алдаумен, соқыр діни сеніммен улаған дін қызметкерлерінің бұл әрекеттері өз «жемісін» берді. Еркіндік сүйгін халқының еріксіз құл болғаны туралы ащы өкінішін

Ойламай, қорқақ құлдың тіліне еріп,

Жай жатып, тәуекелге тізгін беріп,

Мінекей, айрылдығы қой бақтан, тақтан!

Қайтейін, әсіресе, есіл ерік! – деген жолдардан айқын көруге болады [3].

Ақын намаз, ораза парыздарын шын ниетпен орындауға шақырады. Ислам дінінде рия ең ұнамсыз әрекет болып саналады. Көз бояушылық белгілі бір пайда үшін жасалатын жағымсыз іс-әрекет болып табылады. Мағжан жырлары мен мақалаларында ғана емес, Әлихан Бөкейханның тапсырмасымен жазған «Педагогика» еңбегінде де дін тұжырымдарына жиі сүйенеді. Ол туралы алаштанушы ғалым Айгүл Ісімақова: «Қазақ ұлттық тәрбиесінің негізгілерін шартты түрде зерттеуіне кіргізген Алаш ғалымы ойын мұсылманша тәмамдап, «Мұхамбет пайғамбар «Сөзді әрбір адамның ақылына қарай сөйле» депті. Сол айтқандай, балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек», - деп жазады [3].

Кезінде Мағжанның «Пайғамбар» атты өлеңі жарық көргенде оның поэзиясы сынға алынып, ақындық тұлғасына күдік келтірілді. Өлеңдегі:

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар

Мен – Күн ұлы, көз Күн нұры бар.

Мен келемін, мен келемін, мен келем,

Күннен туган, Гүннен туган пайғамбар, – деген жолдар жаппай қарсылыққа ұшырап, дін адамдарын шошытты [4, 226 б.]. Тіпті күні бүгінге дейін кей зерттеушілер осы өлеңді немесе:

Күннен туган баламын,

Жарқыраймын, жанамын.

Күнге гана бағынам.

Өзім – күнімін, өзім – от,

Сөзім, қысық көзімде – от,

Өзіме-өзім табынам, – деген жолдарды алға тартып,

Мағжанды дінге қарсы қойғысы келеді [4, 270 б.]. Бірақ ақиқат расымен солай ма? Егер бұл өлеңдерде айтылған сөздер рас болса, ақынның «Жаратушым», «Аллам» деп жалбарынған өлеңдері қайда қалады? Осы тұсқа келгенде мағжантанушылардың да пікірлері екіге жарылады. Филология ғылымдарының кандидаты, «Мағжан – символист» кітабының авторы Бақытқамал Қанарбаева дәл осы мәселе туралы: «Олар ақынның бұл сөзі «Құдайдың құдіретіне күпіршілік жасау, пайғамбардың күшін өзімен теңестіру» деп, Мағжанды «ақыл-есі дұрыс емес, санасы шатасқан ауру» деп кінәлауға дейін барды. «Пайғамбар» сөзі көркем шығармадағы көркем ойдың образы екендігі ескерілмеді. Бұл образды ойының төңірегіне түсінбеушілік әкелгенін кейін ақын өзі де мойындайды. «Ж...-ға арнау» деп аталатын өлеңінде, о дүниелік болған кезінде:

Күнәсі көп жаны үшін ағаңның,

Сол уақытта, қарашығым, дұға қыл! – деп, кешірім сұрайтыны содан [4]. Негізі, Мағжан шығармашылығының бастапқы кезеңінде ислам дініне деген құрметі айқын байқалады», - деп жазды. Яғни, Мағжанның «Пайғамбармын», «Отпын» деуі поэзиядағы көркемдеу әдістері анықтап оқыған жанға бірден белгілі дүние. Өйткені Мағжан күпірлікке баратын ақын емес. Түрмеде отырғанында қарындасы Ғазизаға жазған хатында:

Төңірі жазса, сарғаймаспын, шығармын,

Күнәм жоқ қой, қасіретте күйгендей, - немесе:

Жолықтырып дұшпанның бір жауызын,

Ағаң сорлы көрді бейнет ауырын.

Төңіріден ерте-кеш те тілей көр,

Жан жүрегім, қарашығым, бауырым! – деп өзінің бостандығын

Құдайдан сұрауды бұйыруы да:

Жастық өтіп, қартайып,

Қан сары су боп сарғайып,

Сүмбіл шашым қуарып,

Алма жүзім суалып,

Мен де сорлы бір күні,

Қоштасармын өмірмен

Өлмей, мәңгі кім қалар?! – деп тағдырына бойсұна сөйлеуі де

Мағжанның дініне деген беріктігін көреміз [4].

Рухы өр Мағжан ақынның мысалға келтірілген өлең жолдарынан оның тағдырына көнуі, Аллаға деген шексіз махаббаты мен берік сенімі көрінген. Текті әулеттен шыққан Мағжан ақын сол кезеңдегі дүмше молдалардың шарифатқа қарсы жасаған амалдарын сынап, азаматық позициясын еркін де батыл білдіріп отырған. Осылайша алаштың асыл ері «Ұлттың сүю иманнан» екендігін жарқын өмірі мен жауһар жырларымен дәлелдеп кетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 143 б.

2 Дулатұлы М. Шығармалары: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1997. – 2-т. – 344 б.

3 М. Шапиян. Мағжан ақын өзін неге пайғамбар атады? [Электронды қор]: // <http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-tulga/magjan-aqyn-ozin-nege-paigambar-atady-1467/#gsc.tab=0>

4 Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 256 б.

ДАЛАЛЫҚ ДАНАЛЫҚТЫҢ ҰСТАНЫМЫ

ЖЕТПІС Б.

оқушы, Дарынды балаларға арналған Абай гимназиясы, Павлодар қ.

СУЮНДИКОВА М. М.

ғылым магистрі, Дарынды балаларға арналған Абай гимназиясы, Павлодар қ.

Қазақтың ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпеев өзінің саналы ғұмырында дін мен мәдениеттің, білім мен ғылымның, адамгершілік пен адалдықтың өзара жақындығын жете түсініп, оны поэтикалық-философиялық, гуманистік сипатта баяндап өткені белгілі. Сондықтан ағартушылық жолды ұстанған Жүсіп Көпеевтің дара тұлғасы замандастары тарапынан өз заманында-ақ өзіндік жоғары бағалауларға ие болды, халық оны қадірледі, сөзіне құлақ асты, білімдарлығын мойындады.

Жастайынан Ақиқаттың жолын іздеп, шындыққа, адалдыққа, іңкөрлікке бейім тұрып, жақын болған Мәшһүр Жүсіп өзінің кейбір өлеңдерінде адамға шынайылықпен өмір сүрудің соқпақтарының оңай емес екенін суреттейді. Мәселен, өзінің «Ғибратнаме» атты өлеңінде қазақтың «басқа бәле тілден!» деген тәлімінің өзінің жеке тағдырында жиі көрініс бергенін бейнелейді [8].

Өмірдің қызығын қуудың орнына ащы да болса, оның шындығын әлеуметтік ортада айтып отыруға дағдыланған ақын үнемі әлеуметтік әділеттіліктің жағында болады. Ол үшін ғұлама өзімішіл пенделерден бірталай қыспақ та, озбырлық та көреді және оның барлығын сабырлықпен көтеруіне гуманизмге деген бейімділігі, алға қойған мұраты көмектеседі. Бірақ ол қиындыққа мойып, ақиқаттың жолынан тайқуға, өмірде өзіне ыңғайлылықты іздеуге тырыспайды, керісінше, пендені бақытты болуға жеткізетін жол ауыр екенін және ол негізінен білімділік пен ізгіліктің синтезі болатынын ерте түсінеді. Міне, осындай этностың тарихи кеңістігі үшін үлгілі, ерекше келбеттегі азаматтың қазақ қауымдастығының рухани әлемінің жаңғыруына шынайы қызмет еткенін, қарапайым қандастарының бір сүйем болса да рухани кемелденуіне түрткі болғанына күмән келтірмейміз. Әрине, ол өзінің ел сүйгіш іс-әрекеттері арқылы өз замандастарына игілікті ықпалын тигізгені айқын. Ол сонымен қатар кейінгі ұрпаққа рухани, мәдени мұраларын қалдыру арқылы өзінің ғасырлардың арасына да зияткерлік «көпір» сала білгенін ескертуге болады.

Ақын мал соңында салпақтап күндіз-түні еңбек етіп жүрген кедей шаруаның ауыр азабын, жетім мен жесірдің көз жасын өленге қосты. Сол қиындық бейнебір өз басынан өтіп жатқандай сезінді:

Болмайды түн күндізсіз, күндіз-түңсіз,
Ай кірсіз деген сөз бар, Құдай мінсіз,
Шаттық пенен қапалық кезек нәрсе,

Бірінен соң бірі бар артық – кемсіз [6, 14 б.],—деген жолдармен дүниенің бірқалыпты тұрмай өзгертінін, алдағы жақсы күннен күдер үзбеу керектігін жырлайды, елге демеу, сүйеу болып, басу айтады. Біз осы жолдардан ақын өз қара басының ғана қамын ойлап қоймай, өзгенің де өзегіндегі өксігін, өкінішін бар жанымен сезіне алатындығын көреміз.

Кейде қара қылды қақ жаратын туралығымен де Мәшһүр Жүсіп ел ішінің пысықтарына жақпай қалатын кездері болыпты. Сол себепті бірде момын шаруалармен көңілі өсіп жүрсе, бірде өзін жүдеп-жадап жалғыз қалғандай сезінеді. Ондайда ол қасқайып тұрып жырлап кететін:

Бұл сөзім алты алашқа таныс болсын,
Адамзат ермін десе намыс болсын.
Бір Құдай болысқанға дұшпан оңай,
Көптігі копадағы қамыс болсын.

Өнерге ғылым-білім алсан жерік,
Берілер ақыр бір күн басыңа ерік.
Көп жұртты көз жасына қылсаң куә.
Табылар мұңлы-зарлы саған серік [6, 64 б.].

Ойшыл, мемлекеттің дербестігінен айрылған Ресей отарындағы қазақ халқы үшін білім мен ғылымды, өнер мен кәсіпті игеру алдыңғы қатарлы озық мәдениетті, өркениетті елдер қатарына жеткізеді және теңдік пен бостандықты, адам құқықтарын насихаттау, ұлттық сана-сезімнің өсуіне, ұлттық бірліктің нығаюына негізгі тірек деген ой түйеді.

Патшаның ғұзырына тартып қалам,
Бас қосып өңшең жүйрік білгіш адам
Дін мен жалғыз жер емес сұраулары,
Сұраған бостандықты тегіс тамам [6, 64 б.].

Әлеумет үшін осындай тағдырдың тезінде өзіндік жолды негізінен халқымыздың сауаттана түсуімен, ағартушылық ісін дамытуымен байланыстырады. Социалистік мәдениеттің қалыптарының ішіндегі ең қатал тұсы – ұлттық құндылықтарды жоюдың өзіндік сатысы болғандығы екендігін ақын өзінің образды шығармаларында көркемдеп тұжырымдайды

Мәшһүр тек дін бостандығын ғана емес, жер мәселесін шешумен қатар, шынайы толық бостандықты ашық түрде жырлайды. Ол думаға сайланатын депутаттарды халықтың бостандығы мен теңдігі, халықтың мүдделері мен ар-намысы үшін күресуге шақырады. Тарихи ұлттық ерекшеліктерді басты назарда ұстау, сонымен бірге халыққа шүбәсіз, қалтқысыз адал қызмет студі сұрайды.

Ең әуел керек нәрсе иман»-деген,
Ақырет істеріне (ишларына) инан!»- деген!
«Құдай кешірер!»-дегенмен, іс бітпейді,
«ИМан шартын білмесе, есен(ибан)» – деген.
«Екінші керек нәрсе- ғақыл» –деген.

«Ғақылсызда тауық жағы (шағы) тақыр!» – деген.» [9, 68 б.] – деп басталатын өлең жолдарынан оның далалық, қазақи ағартушылық идеяларын анық байқаймыз. Ол адам болып қалу үшін не керектігін жіпке тізгендей қылады. Мәшһүр Жүсіпте – иман, ақыл, сабыр, шүкіршілік пен әдеп өлең сөзбен әдемі екшеліп, көкірек көзі бар оқырманға жол тартады. Осы орайда Мәшһүр Жүсіптің «иман» категориясын алдыңғы орынға қоюының өзіндік себептері бар. Өйткені, алдыңғы автордың ескертіп өткеніндей, «имандылық» ұғымы қазақтарда мейлінше кең түсінік және өзінің мағынасын

исламнан алатыны даусыз. Сүннеттік пайымдағы исламның биік мораль мен иләһи адамгершілікке негізделген ұстыны өз мағынасында «адамшылықты, ар-ұят, моральдық тазалық пен асқақты» білдіретін «имандылықтың» қазақы түсінігімен ұқсас.

Мәшһүр Жүсіп қазақ халқын бірлікке, тірлікке, татулыққа шақырады. Бостандық жолында күресу үшін, ең алдымен ұлт үшін бірлікпен татулықтың айрықша қажеттігін баса айтады. Ағартушы ақын, халықты – азаттық пен теңдікке жеткізетін және тарихи даму барысындағы негізгі күш деп санады.

Ойшыл думаға сайланатын адамдардың ұлт қамын, жер мен дін, білім мен ғылым, мектеп пен медреселердің жайын ойлап, қабырғасы қайысар, елім, жерім деген нағыз ержүрек қасиетке ие болу керектігіне ерекше мән береді. Сый-құрмет, атақ-даңқ, мансап, дүние үшін халқын сатар екіжүзділерден сақ болуды да ескертеді.

Жастықта ұмтылып бақ ілгері өтіп

Жұмысын жабдықтансын ерте бітіп:

Қолыңа қармағанмен түк түспейді,

Қалған соң, жастық қуат бойдан кетіп [6, 89 б.].

Мәшһүр Жүсіп: «адам баласының ең қызықты жемісті шағы жастық шақта білім, ғылым, өнер мен кәсіп үйреніп, жан-жақты үйлесімді жетілуі тиіс, жас кезінде алға қарай ұмтылмасаң, кейін өмірің өкініште өтеді», – деп тұжырымдайды.

Ақын қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, экономикалық мешеулігі мен артта қалушылығын жою үшін біріншіден, мектеп пен медреседегі оқу ісі заман талаптарына сай болу тиіс, білім беру ісінде халықтың салт-дәстүр мен нанымдарына, тілі мен діни сеніміне ерекше көңіл бөлінуі қажет, екіншіден, адал еңбек ету, өнер үйрену, егіншілік пен сауданы, шаруашылықты дұрыс жүргізе білу керек деп ой түйеді.

Әлеуметтік философиясының өміршендігі әр адамның отанын, халқын құрметтеуі жеке тұлғаның абзал, асқақ сезімі болып табылады деп түсінуінде жатыр. Оның пікірінше елін, жерін сүйген тұлғаның тарихтағы орны Отан алдында, халық үшін атқарған еңбегімен, ал оның адамдық болмыс бітімі отаншылдық сезімінің күдіретімен өлшенеді.

М. Ж. Көпейұлының шығармашылығын алғаш зерттеуші халқымыздың ардақты ұлы академик Әлкей Марғұлан «Мәшһүрдің жазғандары жеке өмірдің сыры, не өз басының сыры емес, Мәшһүр не жазса көбінесе бұқара тұрмысынан алып ылғи кедейлердің мұнын жазатын ақын болған.

Сондықтан Мәшһүр көбінесе ел-тұрмысын жырлайтын, кедей тобының мұңын жақтаған, демократтық бұқара ақыны болды. Мәшһүрдің қай өлеңін алсақ та, оның барлығында бұл бұқаралық сарын көрініп тұрады» [10], – деп ой түйеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының саяси-әлеуметтік көзқарастарының негізгі өзегі-ұлттық бостандық, ұлттық бірлік, мұсылман және түркі халықтарының бірлігі мен достығы, жер мәселесі, дін бостандығы. Мәшһүрдің әлеуметтік философиясының, қазақтың саяси-философиялық ойының дамуы барысындағы орны мен ролін анықтау және ұлт-азаттық қозғалысқа тигізген ықпалын қарастыру, бүгінгі ұрпақты отаншыл рухта тәрбиелеу процесінде маңызды екендігін атап көрсеткіміз келеді.

Ежелден қазақ жұрты өнерді өте қадірлеген халық болып танылады. Ол туралы Қорқыт атаның жырларынан Абайдың өнер туралы айтқан өнегелі сөздерінен аңғаруға болады. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығында өнердің адам мен қоғам өміріндегі ерекше орны туралы үнемі зерделі пайымдаулар мен философиялық тұжырымдар жыр жолдары арқылы айтылып отырылады. Мәселен, ақынның «Өнерпаз» деген тағылымдық сипаттағы шығармасында төмендегідей жолдар бар:

Өнерпаз қара жерге салар қайық, Жаһаннан алар тағылым, қанат жайып. Әр жердің тамашасын көзбен көріп, Жастықта сайран етер болып ғайып. Тұрғанда бойда қуат, жүрген жақсы, Аяғың бір күн қылдан кетер тайып! Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ, Отырып қалмай үйде қыңырайып.

Жүргеннен тіпті қарап пайдалырақ

Бір әріп (харып) сөз үйренсең, кітап жайып.

Тамшыдан тама берсе, дария болар,

Кетпей ме ақырында бір молайып?!

Қылжақтап екі ауылдың арасында

Не пайда жүргендеріңнен құр сорайып?!

Бас болып, өнер білсең, тіпті жақсы,

Тамаша болдың жігіт таңғажайып.

Білгеннің жүрген жері – бәрі жарық,

Жоламас кем-кетіктік оған айып.

Бұларды айту – бізден, ұстау – сізден,

Ыңғайлы, үлгі аларлық тұрсаң лайық.

Көзіңе көрінгеннен ғибрат алсаң,

Ғаламға болдың өзін Еділ-Жайық.

Дариядан көз жеткісіз өткізетін

Боласың өзің кеме, өзің қайық.

Қызға айтып келіндерге байқатамыз,

Түс ашып, сол солай деп не қылайық?! [9, 135 б.]

Өмірдің өтпелі кезеңдерінің әрбір сәтін бағалауға шақырған ақын даусы негізінен тек сезімдік құлшыныстарды қамтымайды, ол сонымен қатар адам ділінің түкпірінде жатқан ерекше ұстанымдарды догмалық қасиеттерден арылтуға бағыттайды. Дана қазақ өнерпаздың өзіне «өнерді үйрен де, жирен!» деген. Сөйтіп, нағыз ол хас шебердің өзіне пәрменділіктің, мәңгілік дамудың тегеурінін танытатын, өзгерістерсіз жетілу жоқ екенін білдіретін концептіні ұсынады.

Әрине, кез келген далалық даналықтың ұстанымы өмірде басымдық таныта бермейтін кезеңдер де болады. Сондықтан лайықты бағытта жетілу үшін адами ізденудің қажеттілігі зор екені белгілі, өмірлік кезеңдерде кейде қателесу жолында болса да адамға алға жылжудың маңызды екенін ақын жете ескерткенін байқаймыз.

Адамдыққа тәрбиелеудің келесі бір құралы нәпсіні тиюмен түсіндіріледі. Мұндағы ұқсастықты мына өлеңдерден байқауға болады:

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,

Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік

Ер табылса, жарайды қылса сұхбат.

... Керек іс бозбалаға – талаптылық,

Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.

Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлеп,

Сыртқа пысық келеді, көзге сынық [11, 35 б.](Абай).

Әр істі ойлау керек әуел бастан,

Не пайда өнері жоқ жігіт жастан.

Мәз болма мұнарланып көрінгенге,

Кісі жер жемісі жоқ тау мен тастан

Дос қой деп ішкі сырын түгел айтып,

Опық жеп жүрген жан көп аңдамастан.

Бір өрттен қалмайтұғын қалын қаудай,

Баянсыз бақ-дәулетке болма мастан. [9, 28 б.](Мәшһүр Жүсіп).

Мәшһүр Жүсіп пен Абай арасындағы үндестік тек осы өлеңсөздерде ғана емес, қара сөздерінен де байқалады.

Ғылым біл, жұмыс істе оған серік,

Жарлыға мал –бұл, ғылым болар көрік.

Ғылым, білім өнерсіз қадірсізді

Өлік біл, оны жан деп білме тірлік [9, 90 б.], – деп жырлаған Мәшһүр Жүсіп ұлы Абайдың гуманистік-демократтық және діни ағартушылық жолын, ізгілік пен имандылық дәстүрін сабақтастықпен жалғастырып, артына мол мұра қалдырды. Қазақ руханиятының қос алыбы да туған халқының рухани, мәдени, әдеби дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Қазақ ағартушылығы білім мен ғылымды насихаттау арқылы ұлттық сана-сезімді ояту мен ұлттық дербестікке қол жеткізуді мақсат тұтты. Мәшһүр шығармаларында білім беру мәселесіне байланысты оқытудың жаңа заман тудырған талаптарға қатысты ой-пікірлер баяндалады.

Ойшылдың пікірінше, білім мен ғылымды үйрену жолында талапты, жігерлі болу адамды белгілі бір нәтижеге жеткізіп, білім биігіне көтереді. Білім мен ғылымға құштарлық адам бойындағы абзал қасиеттердің бірі, әрбір адам өзін үнемі жетілдіріп, дамытып отыруы қажет. Білімді адам ғана өзінің жаратылыс табиғатын, қоршаған ортаның тылсым күш сырларын тануға, саралауға мүмкіндік алады. Ғылым мен білім – адамның рухани жетілуінің қайнар көзі.

Мәшһүрдің ағартушылық көзқарастарының құндылығы білім мен ғылымды адам мен қоғамның үйлесімді дамуы мақсатында қолдану – үлгісін жарқын болашағының кепілі ретінде қарауынан көрінеді. Мәшһүрдің ағартушылық идеясының ерекшелігі оның азаттық, теңдік-бостандық идеяларымен өзара байланысты және өзара үндестікте көрінуінде:

Өз жұртын оңған бар ма жатқа сатқан,

Ерді елдің пайдасы үшін хақ жаратқан.

Халық-жұртының қамы үшін қайрат қылып,

Айдалып атылсаң да арман бар ма? [6, 86 б.].

Ұлт мүддесі және елдің азаттығы үшін жан аямай күресу елі үшін туған ердің азаматтық парызы. Осындай қажымас қайратты ер жүрек азаматтар халықтың азаттығы мен тәуелсіздігінің баянды болуының кепілі. Ұлттық сананы ояту арқылы халықтың бірлігі мен ынтымақтастығының ұйытқысы қазақ оқығандары алдарына халықты сауаттандыру, білім мен ғылымды насихаттау міндеттерін қойды.

Халық қылып атандырды бізді қазақ,

Еркелі көп жұрт ел емес, өзі де қазақ.

Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,

Барасыз көрінгенге болып мазақ [6, 95 б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұрасы ішіндегі білім беру мәселесі мен ағартушылық қызметіне қатысты

пайымдаулары бүгінгі уақыт тұрғысынан қарастырсақ, әлі де көкейкесті. Халқымыздың бай рухының мұрасын игеру мен қайнар бастауларының мөлдір тұнығынан нәр алу бүгінгі тәуелсіз елдің азаматтары үшін қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Дәуітұлы С. Бұдан жүз жылдай бұрын: 1907 ж. Мәшһүр Жүсіптің Қазан қаласынан шыққан «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабынан келтірілген деректер // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 20 тамыз (№ 33). – 10 б.
- 2 Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1976. – 63 б.
- 3 Сарыарқаның кімдікі екендігі // Қазақ әдебиеті. – 1990. – 6 шілде. (Оқырман назарына ұсынған – Нартай Жүсіпов).
- 4 Тәжібаев Ә. Мәшһүр жайлы бірер сөз // Мәшһүр Жүсіп Көпеев. – Алматы, 1992. – 2 т. – 3–5 бб.
- 5 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 6 том. – Павлодар: «ЭКО», 2007. – 445 б.
- 6 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы шығармалары. 2 том. – Павлодар: «ЭКО», 2005. – 540 б.
- 7 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 10 том. – Павлодар: «ЭКО», 2008. – 443 б.
- 8 Көпеев М.Ж. Хал-ахуал. – Алматы, 1993. – 230 б.
- 9 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы шығармалары. 1 том. – Павлодар: «ЭКО», 2005. – 545 б.
- 10 Марғұлан Ә.Х. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев // Сарыарқа самалы. – 1994. – 28 сәуір; Қазақ әдебиеті. – 1940. – 4 қаңтар. (Мақаланы дайындаған Б. Көшімбеков
- 11 Абай. Шығармалары. 1-том. – Алматы, Ғылым, 1977.
- 12 Аспан, жер және адам жаратылысы туралы: (Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілерінен) // Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: (XX ғасырдың 20-жылдарынан 1995 жылға дейін). – Алматы, 1998. – 2-т. – 22–26 бб.
- 13 Мәшһүр: (Өлең) // Қызыл ту. – 1990. – 7 қыркүйек.
- 14 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 12 том. – Павлодар: «ЭКО», 2008. – 445 б.
- 15 Мәшһүр-Жүсіптің жарық көрмеген жазбалары, мақалалары // Жалын. – 1999. – № 5–6. (Дайындаған Е. Жүсіпов).

АБАЙ МЕН МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОЙ ҮНДЕСТІГІ

ЖУКУШЕВА Т.

10-сынып оқушысы, № 21 ЖОББМ, Екібастұз қ.

КАБЫШЕВА А. Д.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 21 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Мәшһүр – ақын. Мен де ақынмын.

Бірақ, Мәшһүр маған қарағанда

әулие болуымен Аллаға жақын.

Абай Құнанбаев

Ия, Абай атамыздың бұл сөзі мені терең ойға салғанын жасырмаймын. Негізі, мектеп жасынан бері Мәшһүрге қарағанда, Абайды тереңірек біліп шықтым. Абай – хәкім. Жазба әдебиетінің негізін салушы да – Абай. Қазақтың бас ақыны да – Абай! Бірақ, Мәшһүр Жүсіпті Абай мойындап, алдында басын иетіндей ол қандай тұлға? Ия, оның өмірбаяны мен шығармашылығын былай сырып қояйын. Оны кез-келген адам білетін де шығар. Менің айтайын дегенім, оның әулиелілігі. Әулие – Алланың сүйікті құлы. Әулиелердің істерінің нәтижесі - керемет. Ал керемет- бұл әдеттен тыс іс. Жаббар Хақтың көмегімен өте тақуа адамдар жасайтын іс. Жалпы, керемет жасау әулиелерге беріледі. Абай да Мәшһүр Жүсіптің «әулиелігін» көріп, оны өзінен жоғары санаған шығар. Бұл тек Аллаға ғана аян!

Абай мен Мәшһүр Жүсіп бір ғасырда туғанымен, екеуінің жақ алшақтығы бір мүшелден сәл артық. Яғни, алғашқысы 1845 жылы, екіншісі 1858 жылы дүниеге келген. Бірақ, қашан табиғат берген дарындарының арқасында ақындық аты шығып, елге танылғанша бұлар бір-бірімен жүзбе-жүз кездесіп, сөйлеспепті. Тек сырттай ғана танып, өзара құрмет тұтысады екен [2, 18 б.].

Хәкім Абай осының орнын толтыру мақсатымен бір жылы Қоянды жәрменкесінде арнайы жолығысып, танысып – білісіп, кеңінен сұхбаттасу үшін Мәшекене сәлем жолдапты. Мұны естіген ол да жолға жиналыпты. Бірақ, бұл хабардан құлағдар болған оның руластары – Сүйіндік – Күлік руындағы бір топ еріккен қызыққұмар жігіттер ортасынан біреуді сайлап, екі-үш күн ерте жәрменкеге аттанып кетеді. Сонда барысымен олар Абай тіккен киіз үйге мандай тіреп, аттан түсіп, сәлем беріп кіріп барады ғой. Есікке қарсы тұрған Абай бұлардың сәлемін алып, Мәшһүр Жүсіп болып келген жігітке

бірден «Құдай қайда? Жұмақ пен Тозақ қайда?» деп сұрақ қояды. Оны күтпеген әлгі алдамшы не жауап қайтарарын білмей, «Ә-ә, Құдай ма, жұмақ пен тозақ па, көкте, көкте ғой» деп, саусағымен шаңырақты көрсетеді, асып-сасып. Осыдан кейін Абай өз адамдарына «Мына жігіттерді жақсылап күтіп, шығарып салындар» дейді де, өзі теріс айналып кетеді. Күтім көріп, ас ішу қайда, қулықтары әшкере болған қулар алды-артына қарамай, безе жөнеледі.

Арада екі-үш өткеннен кейін Қояндыға шын Мәшһүр Жүсіптің өзі келеді. Үйіне енген оған Абай жаңағы сауалын тағы қайталайды. Мәшекең де еш іркілместен «Абайдың Құдайының қайда екенін білмеймін. Менің Құдайым – жүрегімде. Ал, жұмақ пен тозақ – әркімнің өз босағасында. Жақсы болса алғаның, жұмақ емей немене?! Жаман болса алғаның, тозақ емей немене?!» деп жауап береді. Осыдан кейін заманының екі асылы бір бірімен төс түйістіріп, құшақтасып, амандасады. Неше күн бойы екеуі армансыз әңгімелесіп, сұхбаттасып, шер тарқатысады.

Жәрмеңке қызығы тарқап, ел тарар сәтте Абай Мәшһүр Жүсіпті Семей қаласын көріп қайтуға шақырады. Мұнда олар біраз жерлерді аралап, қаншама адамдарда қонақта болып, бірде кешкілік қалалық орталық мешітке соғады. Бұл уақытта тарауық намазы басталғалы жатса керек. Келген кісілердің кім екеніне қаныққан мешіт имамы Мәшһүр Жүсіптен бүгінгі намазды өткізуді өтінеді. Онысы Мәшекеңнің діни білімдарлығын тексеріп, сынамақ болғаны да.

Мұны құп алған ол тарауық намазын бастап та жібереді. Ал имам болса, оның әр қимылын бағып, көз алмай аңдып тұрады. Соны сезген Мәшһүр Жүсіп намаз кезінде біресе қолымен тақиясын түзетіп, біресе оны ышқырына жүгіртеді.

Тарауық намазы аяқталысымен жерден жеті қоян тапқандай болған имам оған жетіп келіп «Мәшеке, сіздің намазыңыз қаза болды. Өйткені, сіз оны өткізіп тұрып қолыңызды біресе тақияңызға, біресе ышқырыңызға жүгірттіңіз» дейді мысқылмен. Оған сасатын Мәшекең бе? Асықпай жай ғана «Имамеке, менікі емес, керісінше, қаза болған сіздің намазаңыз. Себебі, намаз кезінде адамның көңілі де, көзі де бір Аллаға аударылуы тиіс. Ал сіздің көзіңіз менің тақиям мен ышқырымда тұрған ғой» дегенінде, ұялған имам ләм-мим дей алмапты.

Тегінде, Мәшһүр Жүсіп дін оқуын тауысқан терең білімді ғұлама болғанымен, өмірінде молдалық құрмаған адам. Дегенмен өзін сүріндірмек болған әлгіндей молдалар мен имамдардың санын сөзден тосып, ұтымды уәжімен жеңіп отырған.

Абай мен Мәшһүр Жүсіптің кездескені туралы деректер бар. Шындығында, қос алыптың бір дәуірде өмір сүргенін ескерсек, кездесуі әбден мүмкін. Өйткені, екеуінің бірін-бірі іздеуіне себеп те, мүмкіндіктері де болды. Жас айырмашылығы бір мүшелді құрайтын екеуі кездескенде бір-бірін астарлы әңгімемен сынға алып, кейін жақсы араласқан екен деседі. Алайда, бұл туралы екі түрлі пікір бар. Журналистерінің осы мәселе туралы сауалнама дерегіне сүйенсек, мәшһүртанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Айтмұхамет Тұрышев екі ойшыл кездескен деп тұжырымдап, оған бірнеше мысал келтіреді. Ал, абайтанушы Тұрсын Жұртбай бұл мәселеге байланысты ғылымда нақты деректің жоқ екенін алға тартады [4, 58 б.].

Бір заман ұлыларының өткен мен қазіргіні, қазіргі мен болашақты пайымдаудағы ойларының ұқсас тұстарын қара сөзбен өрілген өлендерінен көруге болады.

Қос ақынның туындыларынан ой үндестігі анық байқалады. Олардың кешегі мен бүгінгіні және болашақты болжаудағы ойларының ұқсастығын өлендерінен де көреміз.

Мәселен, жастық шақ туралы екі алыптың жырларына үнілсек:

Абай:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ер жеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев:

Жастықта ұмтылып бақ ілгері өтіп,

Жұмысың жабдықталсын ерте бітіп.

Қолыңа қармағанмен түк түспейді,

Қалған соң жастық қуат бойдан кетіп.

Әділетті сүюге үндейтін ойларына тоқталайық. Абай:

Патша Құдай сиындым,

Тура баста өзіне.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев:

Дүниемен болып жүрмін мен екіұдай,

Әурелік балалығым бұрынғыдай.

Қараумен өз бойыма күнімді өткіз,

Басқаға көз салдырма, Патша Құдай, – дейді.

Ақындар ішкі жалғыздық жайлы да ұқсас күрсінеді:

Абай:

Моласындай бақсының,

Жалғыз қалдым, тап шыным

Мәшһүр Жүсіп Көпеев:

Хақылықта, туралықта тұрамын деп,

Жалғанда жалғыз қалдым жанға жақпай.

Бұл ой үндестігі бір дәуірде өмір сүргендігінен болар. Оның үстіне, екеуі де медреседе білім алып, діни ілімге жетік болған. Өмір мен өлім жайлы ойлары да мағыналас.

Абай:

Өлді деуге сыя ма ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев:

Жақсының өзі өлсе де аты өлмейді,

Мәшһүрдің жұртқа таныс – жазған хаты.

Екеуі де өмірдің қысқалығы, уақыттың құны жайлы да ұқсас ой қорытып, оны мәнді өткізуге үндеген.

Абай:

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,

Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев:

Ғибрат ал, ей, ағалар, мына сөзден,

Жастықта тәубе қылып иман ізден.

Мына өлең жолдарында өмірдің мәні білім ғылымда екендігі ұқсас сипатта жырланады.

Абай:

Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,

Көбінің сырты бүтін, іші түтін.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев:

Басынан не ерлердің кештің желдей,

Баяндап кімге тұрдың қуармай сен [7, 71 б.].

Сондай-ақ, Мәшһүр Жүсіптің «Бес қымбат» өлеңі мен Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» жырындағы ойлар да ұқсас. Мәшекең өз туындысына «иман, ақыл, сабыр, шүкіршілік, әдеп» сынды бес қымбат дүниені арқау етсе, Абай «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» сынды ізгі қасиеттерді жырлайды. Бағамдасақ, ой түйіндері бір-бірінен аса алшақ емес [5, 106 б.].

Зерделей келе, қос данышпанның шығармашылығындағы бұдан басқа да біршама ұқсастықты көрдік. Мәселен, Абайдың қара сөздері «бірінші сөз, екінші сөз» деп бөлінсе, Мәшекеңде де «бірінші бап, екінші – он төртінші бап» деген сияқты тақырыптар ұшырасады. Алайда, екеуінің қолтаңбасын шатастыру мүмкін емес. Абайдың

потенциалы бізге қуатты поэзия, көркем шығарма түрінде жетті. Ал, Мәшһүр Жүсіп дастандар мен діни мысалдарға, риуаяттарға, аңыз-әңгімелерге көп қалам сілтеген. Оның әулиелігін, жындар әлемінің тілін білгендігін ескерсек, ойымызды оң қорытындылай аламыз. Сонымен қатар, Мәшекеңнен Шығыстың мақамы көбірек байқалса, Абайдан Шығыстың да, Еуропаның интеллектуалды бағыты да көрініс береді [1, 23 б.].

«Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» демекші, Абай мен Мәшһүр Жүсіптің бірдей ой қорытуы екеуінің бір ұстаздан тәлім алғандығынан да болуы мүмкін. Оларды – қазақ топырағында өмір сүрген оқымысты, діндар, тақуа Камарадин (шын аты – Айжарық) Бижомартұлы оқытқан. Алаштанушы ғалым Мақсат Тәжімұраттың жазуынша, Семей медресесінде 1855–1858 жылдары жас шәкірт Абайға білім берсе, 1867 жылы Кереку өңіріндегі Білән ауылы мешітінде Мәшһүр Жүсіпті оқытқан. Бастысы, бір дәуірдің екі кемеңгер ойшылы өздерінің ақындық, азаматтық ұстанымынан таймай, ғұмырларын ел игілігіне арнады. Адамзат ақыл-ойының тереңінен сусындап, өз халқының рухани әлемін байытты.

Заманымыздың заңғар ақыны Тыныштықбек Әбдікәкімұлы журналистерге берген бір сұхбатында: «Мен үшін Абай Құнанбайұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы – үш Пайғамбар» – деген еді...

Ендеше, олардың өлмейтін, өзекті шығармаларын бойымызға сіңіру – қасиетті борышымыз!

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Сарыарқа самалы» 19 сәуір 2002 жыл .1998ж
2. «Инабат» 11сәуір 2002ж (Егіндібұлақ ауылдық газеті)
- 3.КөпеевСүйіндікШәрәпиденұлы «Мәшһүр-Жүсіп өмірі» Э.К.О. Павлодар - 2000 жыл
4. «М.Ж.Көпеев. Таңдамалы» «Ғылым» Алматы -1990ж
5. Пазылов Әсет «Мағлұмат Мәшһүр Жүсіп Көпеев» Қарағанды. Болашақ -баспа 2006 ж.
6. «Қазақ тарихы», 2006ж
7. Т.Ш. Шарапиев «Ғұлама ғұмыры»

ҚАЗАҚ ТІЛІ АУЫЛ-МЕКТЕБІ

ЖҰМАБЕК Н., ҚАҚАБАЙ Ә.

11 сынып оқушылары, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.
МУКУШЕВ Б. С.ғылыми жетекшісі, тарих мұғалім-модератор,
ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

СЕРИКОВА А. Е.

қазақ тілі пәнінің мұғалімі, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

«Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде» –деп мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, қазақ тілі мәртебесі биік, болашағы жарқын тіл болып дамуына үлес қосу әр азаматтың парызы.[1] Көшпелі дала халықтарынан – қазіргі қазақтардың арғы атасы түріктерден бастау алған қазақ тілінің тарихы кез келген жағдайда өзінің құдіретін дәлелдей алады. Тіл қасиетін жеткізетін біршама мақал-мәтелдеріміз де бар. «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі.», «Тіл – ұлттың сүйенетін тамыры, сыйынатын тәңірі.», «Тілі өлген ел – тірі өлген ел.» және т.б. мақал-мәтелер тіл мен мемлекет бір бірімен қалай сабақтасқанын көрсетеді. Осы тұста біздің тілімізге төніп тұрған қауіпті жою арқылы мемлекетімізді, тарихымызды, ұлттық кодымызды сақтап қала аламыз десек, қателеспейміз. Қазіргі заманда тіл мәселесі еліміздің маңызды мәселелерінің бірі. Біздің болашағымыз-жастар, балалар, жасөспірімдер арасында орыс тілінің таралуы да арқамызға қосыша жүк артып жатқандай. Біздің білім беру жүйеміз қолға алып жатқан бағдарламалар, реформалар өз жұмысын дұрыс атқармауда немесе мүлдем бұрыс бағытта жұмыс жасап жатыр деп айтуға болады. Осыдан қазіргі балаларға, әсіресе орыс немесе басқа да шет тілінде білім алып жатқан балаларға қазақ тілін үйренудің басқа жолын ұсыну қажет деп айта аламыз.

Қазіргі жастарға қазақ тілін білу өте маңызды, себебі бұл біздің тарихымыз және ең басты байлығымыз. Алайда Қазақстан көп ұлтты ел екенін де ескергеніміз жөн, осы орайда туындайтын мәселе тілдің мәртебесінің төмендеуі. Сол себепті, қазіргі жастарды ұлттық тілімізге баулу біздің парызымыз болып табылады. Қазақстанның азаматтары болғандықтан елдің болмысымен танысу немесе тілін білу ешқашан артық болмайды, керісінше қажет болуы да мүмкін. Бірақ қазіргі жастарда қазақ тілінде сөйлесуден бөлек, осы тілді үйренуге де ынталары табылмай жүр. Ал біздің ұсынбақ жобамыз

осы процессті балаларға барынша қызықты және пайдалы түрде өткізбек.

Ана тілімізді, қазақ тілін үйретудің дұрыс бағытта жүзеге аспауы, яғни тілімізді үйрету мен популяризациялауда атқарған жұмыстың нәтижесіз болуы біздің тіл мәселесін шешу жолында үлкен кедергі болып табылады. Бүгінгі таңда, балаларға білім беруде, тіл үйретуде ең бастысы-оларды қызықтыру, олардың құлшынысын арттырып, оларға тіл үйренуге мотивация беру. Заман талаптары өзгеріп, оқушылардың да сұрансытары өзгерді, олардың өз талаптары пайда болды. Осы бағытта қазақ тілін үйретудің баламалы жолын табу қажеттілігі туындайды. Біздің жобамыз тілдің ситуациялық үйренуін көздейді. Бұл сабақтардың жай ғана мұғалімдермен емес, тәтелер мен апалардың, ағалар мен аталардың рөлін ойнайтын мұғалімдермен өткізілуі, сабақтарда көшпелі қазақ халқының дәстүрлері талқыланып, аса үлкен жүктемесіз жүргізілуі, дәптер бетінде ғана емес, кимыл арқылы тапсырмалар орындап, белгілі бір ситуациялардың көрініс тауып, сол жағдайға сәйкес тілдік бірліктерді, сәйкесінше тілді үйренуге бағытталады.

Жаһандану трендтері мен КСРОда өткен уақыт-осының барлығы қазіргі қазақ тілінің қолданысының азаюына әкелуде. Ел тұрғындарының басым бөлігі қазақ болса да олардың арасында да орыс тілін ана тіліндей көретіндер кездесіп, өз уақытын орыс тілінде тілдесумен өткізеді. Мектептерде үштілділік енгізіліп, қазақ тілінде оқытылатын пәндер саны азайып, қазақ тіліне арналған уақыт саны да азайды. Сондықтан, қазіргі әлемде үлкен танымалдылыққа ие шет ел тілдерін үйрететін курстар негізінде орыс тілінде оқытылып жатқан оқушылар үшін қазақ тілі курстары пайда болуы қажет. Біздің жоба 1 айлық курс ретінде қарастырыла алады. Төрт апталық уақыт ішінде қазақ тілі деңгейлерін көтеріп қоймай, қосымша көшпелі өмірдің ерекшеліктерін қарастырып, мәдениетімен танысады. Қазақ халқы, мәдениеті, дәстүрлері мен болмысы жайлы білімін тереңдетеді.

Тіл мәселесінің өзектілігі өсіп, біз де осы орайда қолға ала алатын жұмыс жайлы ойлана бастадық. Біз сіздерге балалар және ата-аналар көңілінен шығатын, арнайы оқу бағдарламамен оқытылатын «Қазақ тілін үйрететін ауыл-мектеп» жобасын ұсынамыз. Назарларыңызға ұсынылған жоба жайлы қысқаша ақпарат төменгі кестеде берілген.

Кесте 1 – Рассел бойынша «Қазақ тілі ауыл-мектебі жобасының» даму көрінісі

<p>Миссия (Зачем и кому?) Идентичность (Кто я?) Ценности (Что важно?) Способности и возможности (Что могу? Как?) Поведение (Где? Когда? С кем?) Окружение</p> <p>Сурет 1 – Рассел кестесінің көрінісі</p>	Миссия / Көрініс	Оқушылар арасында қазақстандық қоғамның сәйкестендіру кодының негізгі буыны ретінде ана тілінің стереотиптерін қалыптастыру;
	Сәйкестілік	Біз кіміз? – Біз қазақ тілі мен тарихының оқушылары мен мұғалімдеріміз, жобада біз стратегиялық жоспарлау, сыртқы байланыстар менеджерлері, сондай-ақ бағдарламаны әзірлеушілер мен апробациялаушылармыз.
	Құндылығы	Бұл неге маңызды? – Біз үшін қоғамға пайдалы болу, қазіргі қоғамда қазақ тілінің маңыздылығын арттыру идеясын жүзеге асыру маңызды.
	Қабілеттері	Қалай? – Стратегиялық жоспарлау дағдылары, жобаны практикалық іске асыру кезіндегі жауапкершілік. Тілдік құзыреттілік.
	Іс-әрекет	Не? – Біз оқу бағдарламасын әзірлеп, оны сынақтан өткізудеміз.
Қоршаған орта	Кім? - Павлодар қ. ХББ НЗМ оқушылары, Павлодар қ. мектеп оқушылары, қазақ тілі мұғалімдері, білім бөлімінің әдіскерлері. Қайда? – Павлодар қ., Павлодар облысы	

Біздің жобамыздың нәтижесі-мектеп, яғни оқу орталығы болып табылады. Оқу орталығы 5 сектордан тұрады, олардың әрқайсысы белгілі бір функционалдық жүктемеге ие.



Сурет 2 – Оқу орталығы

Секторлардың атаулары оқу бағдарламасы бөлімдерінің атауларымен сәйкес келеді және сонымен қатар көшпелі өркениеттегі маусымдық көшпелілердің тарихи қалыптасқан атауларынан бастау алады. Алғашқы төрт сектордың әрқайсысында оқушылар бір апта болады және білім беру бағдарламасына сәйкес қажетті білім мен дағдыларды 48 сағат алуы көзделген.

Бірінші сектор-«Қыстау». Көптеген жылдар бойы қыстау көшпенділер өркениеті өкілдерінің өмірінде маңызды рөл атқарды. Қазақтар жылдың көп бөлігін өткізген бұл жерде ең қатал қыс мезгілінде малды ұстаған, маңызды құрылтайлар өткізген, қолөнермен айналысқан. Аталған секторда оқушылар «Сәлем-сөздің анасы», «Жақсы сөз-жарым ырыс», «Қазақтың 7 қазынасы», «Жеті ата», «Аңшылық кереметі», «Табак тарту дәстүрі мен Қазақша ет дайындау барысы», «Қазақтың ұлттық киім-кешектері» деген тақырыптарды өтетін болады.

Екінші сектор – «Көктеу». Көктемгі көші-қон төлдеу уақытына сәйкес келеді. Бұл уақытта күндізгі қоныс аудару 8-10 шақырымнан аспады. Жас жануарларды үнемі суарып, тамақтандыру керек болды. Көктемде алғашқы мал қырку жүргізілді. Қойлар мен ешкілердің шаштары, жылқыларда – қыл (жал және күйрек), түйелерде – шуда (артық жүн). Жайлауға қоныс аудару жас мал күш жинағаннан кейін басталды, әдетте мамыр айының басына сәйкес уақытта. Бұл секторда оқушылар мынадай тақырыптарды оқитын болады: «Наурыз мейрамы: Наурыз көже дайындау мен мейрам дәстүрлері», «Төрт түлік», «Шаруашылық салт-дәстүрлері», «Шаруашылық салт-дәстүрлері», «Қазақ ырымдары», «Ұлттық аспаптар».

Үшінші сектор- «Жайлау». Жайлау жусанды дала мен таулардың арасында орналасқан, таза су көздері бар шөпке бай жайылым болды. Мұнда ауылдар әдетте бір жарым-екі ай қоныстайтын. Жайлауда бие сауып, қымыз дайындаған. Шопандардың басты міндеті малды дұрыс қоректендіру болды, себебі бұл малдың қыста сақталуына тікелей байланысты болды. Шілде айының соңында қозылардың жуылып, оларды өзен немесе тоған арқылы жүзгіздіреді. Мұндай шомылу «тоғыту» деп аталды. Содан кейін қозыларды қырку уақыты келді - «қозы күзем» деп аталады. Жүннен киіздер басылады. Оған ауылдың барлық әйелдері қатысып, киіз басады. Жайлауда мерекелер, үйлену тойлары, еске алу тойлары өтті. Кейін бие сау маусымының басталуымен байланысты «қымыз мұрындық» мерекесі де келіп жетеді. Осы секторда оқушылар «Киіз үй», «Ұлттық ойын», «Зергерлік өнер», «Қазақтың ұлттық

тағамдары», «Үйлену-оңай, үй болу-қиын», «Бала – адамның бауыр еті» тақырыптарымен таныс болып, көшпелі халық мәдениетіне сіңіп, отбасы болу қағидаларын үйренеді.

Төртінші сектор- «Күздік». Күздікке суық күндер басталуымен көшеді. Көшудің алғашқы күндерінде мал жақсы тамақтануы үшін баяу қозғалады. Ауылдар топтасып, бірінен соң бірі жүреді. Күзгі қоныс аудару қиын болып табылады: халық өзімен бірге қысқа дайындалған азық-түлік, киіздер, қысқы киімдер және басқа да тұрмыстық заттар әкеледі. Әдетте ауылдар қыстауға көшуге қазан айының соңында, қар жауғаннан кейін және өзендер мен көлдерде мұз жамылғысы пайда болғаннан кейін дайындала бастайды. Осы секторда «Астық жинау маусымы», «Сандар қасиеті», «Абай – қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы», «Қонақ күту-ата дәстүріміз», «Тыйым және табу сөздер», «Ауыз әдебиеті жанрлары» тақырыптары оқытылатын болады.

Соңғы сектор - бұл орталық ғимарат. Осы жерде оқушылардың жаңа топтарын қарсы алу және шығарып салуы өтеді, сондай-ақ мұнда педагог-актерлер сабаққа дайындалады.

Біздің жоба қазақ тілінің халық арасында қолданысы көбеюі мен балалардың, жасөспірімдерге тіліміздің байлығы мен жан-жақтылығын, тарихын танып, болашағын көркейтуге ынталандыруға, баулуға бағытталған. Жобамыз қолдау тауып, тіл мәселесін шешудің бір амалына айналуы жастардың шын мәнінде ел болашағы атануын айқындап, мемлекетіміздің болашақ дамуында маңызды рөл атқаратынын көрсететіні анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әсел Болатқызы «Қасым-Жомарт Тоқаев: Қазақтың тілі - қазақтың жаны» 2019

ҚАЗАҚ-АҒЫЛШЫН ЕРТЕГІЛЕРІ – АДАМЗАТ ТАРИХЫНЫҢ ОРТАҚТЫҒЫНЫҢ ДӘЛЕЛІ

ИДРИСОВА К. Ш.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған
№ 8 лицей-мектебі, Павлодар қ.

УРСАЕВА А.

5 «Б» сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған
№ 8 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Ертегілер – ауыз әдебиетінің бір түрі. Кез келген ұлттың әдебиеті ертегіден басталады. Ертегілер халықтың әдебиетінің ғана бастауы емес. Ертегілердегі кейіпкерлердің танымы мен түсінігі сол халықтың дүние мен тіршілік туралы ойларының негізі.

Бір елдің ертегілерін, халықтық мұраларын екінші елдің халықтық мұраларымен салыстырып тексерсек, көп ұқсастықтар көреміз. Бұл ұқсастық тілдері жақын, тарихы аралас, тегі бір елдер әдебиетінде ғана емес, замандары шалғай, жерлері жырақ, тілдері жат, қиян алыс елдердің ертегілерінде де болады. Бұндай ұқсастықтың ертегілерде көп кездесетіндігін М. Әуезов келтіреді. «Бұл ұқсастықтың екі себебі бар» – дей келіп М. Әуезов екі түрін көрсетеді [1].

1 Шаруашылығы, салт-саналық жағдайлары бір дәрежеде болуынан.

2 Бір халықтан екінші халыққа сарынның, оқиғаның, кейіпкердің ауысуы.

Біз ағылшын және қазақ ертегілерінің бір тобын таңдап алған тұста ортақ кейіпкердің мінез-құлықтарындағы ортақтықты байқадық. Бірнеше қазақ-ағылшын ертегілерін оқыдық. Сол тұста сол ертегілердегі кейіпкерлердің ұқсастығын байқадық. Ол ұқсастық: мінездерінің аңғалдығы мен адалдығы, сол адалдықтарына қарай ержүрек болатындығын, әр іске батыл және батылдықтарына күш беретін өнерпаздықтарын байқадық.

Ағылшын және қазақ ертегілеріндегі ортақтықты бірнеше топтарға бөлдік. Соның ішінде ең жиі кездесетіндері келесі топтар.

1 Кейіпкерлердің басты ортақтығы – бала екендіктері.

2 Кейіпкерлердің бала болғандықтан да олардың адалдығы, тазалығы басты орынға шығады.

3 Батылдықтары.

4 Кейіпкер бойындағы өнерпаздық пен бір іске бейімділіктері.

5 Қалыпты тұрмыс жайы суреттелгенімен, қалыпты кеңістік бола бермейді.

6 Ертегідегі балалардың күші мен ақылы өзгеше күш иелерімен күресте сыналады. Қазақ ертегілеріндегі пері, жалмауыз, айдаһар болса, ағылшын ертегілерінде алып адам, дәу көп ұшырасады.

7 Кейіпкерлер балалар болғандықтан да, олардың сүйікті заттары болуы да екі халықта кездеседі.

8 Ертегі кейіпкерлері басқа адамдардан бөлек, таңдалып алынғандар (избранные).

Біз қазақ және ағылшын тіліндегі бірнеше ертегіні таңдадық. Солардың ішінде екі халыққа тән кейіпкерлердің ортақтығы – балалар бойында мол кездеседі.

Ертегілерді кейіпкер ортақтығына қарай бірнеше топтарға бөлдік.

1 Елдің бақыты үшін күресетін батыр балалар.

2 Өнерпаз балалар.

3 Таңдаулы (избранные) кейіпкерлер.

Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты. Сондай күшті болыпты, алысқанын алып ұра беріпті, күрескенін жыға беріпті, шыңырау құдыққа құлаған атандарды жалғыз тартып шығара беріпті. Аң аулап, әкесіне жәрдемдесіпті, бара-бара құлан алыпты, құралайдың көзінен тигізген мерген болыпты, арқар мен киікті құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты. «Керқұла атты Кендебай» ертегісінің кейіпкері Кендебай бойында батырлық пен мейірім, адалдық пен ақыл да бар. Ол «Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында Қазанқап деген кедей болыпты» – деп басталады [2, 37].

Кендебай өзі бала болғанымен, өз қатарластарынан өзгеше. Сондықтан да қой бағып жүрген баланың жылағанын естіп, оның әке-шешесін құтқаруға аттануы – мейірімі. Мейірімді баланың бойындағы ақылдылық оның мақсатына жетуіне көмектесті.

Жетім балаға көмектескісі келген Кендебай баланың қасында болған күндері балаға зер салып қарап, оның күнделікті ісіне зер сала бастауы соңында баланың кешігуінің сырын ашуы – ақылдылығының дәлелі. Кендебайға ұқсас кейіпкерлердің ішінде «Дәу Дреглин Хогни» ертегісінің кейіпкері ұқсайды. Ақылдылығымен дәуден елді құтқарған, ағаларын азат еткен кіші ұл туралы ертегідегі бала бойындағы ақылдылық пен зеректік Кендебайға ұқсайды. Кендебай да баланың әке-шешесін азат ету үшін шығып, сол жолда бірнеше ерлік істесе, бұл ертегі де бала ағаларын іздеп шығып, елді дәуден азат етеді.

«Дәу Дреглин Хогни» ертегісіндегі баланың жеңіске жетуінің сыры – ақылдылығында. Біз еретгінің қазақ ертегісімен ұқсастығы – баланың қазақ ертегілеріндегідей ағаларының бітірмей кеткен ісін аяқтауы. Ғалым С. Қасқабасова қазақ ертегілерінің ішіндегі қиял-ғажайып ертегілерінің басты ерекшеліктерінің бірі деп ертегі кейіпкерінің өзгешелігін де дейді. Бұл өзгешеліктердің бірі – кіші інісінің әкесінің немесе ағаларының бітірмей кеткен ісін аяқтауы [3, 187].

Кендебай мен Ер Төстік – батыр балалар. Олардың өсуі де өзгеше.

«Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты. Сондай күшті болыпты, алысқанын алып ұра беріпті, күрескенін жыға беріпті, шыңырау құдыққа құлаған атандарды жалғыз тартып шығара беріпті. Аң аулап, әкесіне жәрдемдесіпті, бара-бара құлан алыпты, құралайдың көзінен тигізген мерген болыпты, арқар мен киікті құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты. Қарасудың бойындағы қара үйлі кедейлер қарқ болыпты да қалыпты» [2, 37]...

«Төстік өзгеше бала боп өседі: бір айда бір жастағы баладай, екі айда екі жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын бала болады. Садақ тартып үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді. Аң аулап, құс атып, әкесі мен кемпір шешесін асырайды» [2, 3].

«Дәу Дреглин Хогни» ертегісіндегі бала «Ер Төстіктегі» сегіз ағасын іздеп шыққан Төстікке ұқсайды. Бірақ «Ер Төстік» ұзақ, көлемді, ал ағылшын ертегісі ондай ұзақ емес, Ер Төстікке перінің қызы Бекторы жамандық жасайды. Баланың өзіне, ағаларына Дреглин Хогин жамандық жасайды. Дреглин Хогиннің сиқыршылығы мен өзгеше бір алапат күшке ие болуы Бекторыға ұқсағанымен, оның өзінің шашынан бір тал алып, оны құсты, атты, тазыны қатырып тастауға қолдануы Кендебайдың Керқұласының, Ер Төстіктің Шалқұйрығының бір тал қылдарын беріп, пайдаға жаратуына ұқсайды. Сондықтан да балаларға көмектесетін күштер әр түрлі.

«Дәу атың тебеген деп сұрағанда ол : «Иә» – деп келте жауап беріпті. «Дәу оған өзінің шашын беріп, оны отқа лақтыруға әмір еткенде, атқораға барады, шашты атқа лақтырмастан алақанына қысып, қорғанға қайта оралады. Сол сәтте дәу теріс қарай бергенде ол шашты отқа лақтырып жібереді. Шаш жылан секілді ысылдап жанып кетеді» [5, 68].

Ертегінің сюжеті қазақ ертегілеріне ұқсайды.

Қазақ ертегілерінде де бір отбасының 3 ұлының ішінде кенжесі ақылды болады. Мысалы «Еңбек жұтатпайды» деген ертегіде дүниеден өтер алдындағы әкенің балаларының болашағына алаңдауы айтылады. Әкелері өмір бойы балалары үшін еңбек етіп, төккен терінің ақталуын қалайды. Сондықтан да мұрагері болар ұлдарын сынағысы келеді. Ақылды әке балаларының ақылын білгісі келеді. Кім ақылды болса, соның жақсылыққа жетеріне сенеді.

Бір ұлы ақылды байлық деп санайды. Екіншісі ақыл деген асыл киімдер деп ойлайды. Сонда үшіншісі ақылды еңбекпен жалғайды. Әкесі еңбекті ұнатқан ұлының жауабын құптайды. Бұл ертегінің кейіпкерін де әкесі сынайды. Әкесінің, баланың сөздері мен ойлары шынайы ақылды, ойға, көңілге қонар, нақты өмірде бар оқиғаны негізге ала құрылған болғандықтан да, бұл – шыншыл ертегі. Ал «Дәу Дреглин Хогни» ертегісінде әкенің сынауы басқа. Балаларына салт мініп жүретін атын, аңға шығар құсын, тағы аулайтын тазысын беруімен анықталады. Бұл әкесінің бар – байлығы. Осы байлықты балалары қалай ұстай алады? Сақтай ала ма? Қажеттеріне жаратуға ақылдары жете ме» Осы сауалдарға жауап табу үшін олармен дәуді қарсы қояды. Бұл ертегі де де қиял-ғажайып болғандықтан да, әрі ағылшын ертегілеріндегідей дәумен, алыппен күресу негізгі болып қалған.

«Керқұла атты Кендебай» ертегісінің кей тұстары Робин Гуд туралы ертегінің кейіпкерімен үндеседі. Робин Гуд туралы орта ғасырда 40-қа жуық баллада жазылыпты. Бұл балладалар Робин Гуд жайындағы ертегілерден басталады екен.

Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі балалардың батыр болуы үшін ертегіде бірнеше шарттар қойылады. Қай халық болсын ертегілерінде батыр және адал, өзгелерге жақсылық жасайтындарды есте қалдырады, солар туралы айтады.

Құралайды көзінен атқан мерген, ержүрек Робин Гуд Англияны король Генри II билеп тұрған дәуірде өмір сүрді. Бірде Ноттингем шерифы «Жеңімпазға бір бөшке сыра беремін» деп мергендер сайысын жариялады. Бұл хабарды естіген Робин Гуд бағын сынап көрмек болып Ноттингемге аттанады. Қалың орманнан өтіп бара жатқанда алдынан шыққан орманшылар мазақтап, намысына тиеді. Ашу қысқан Робин Гуд олармен төбелесіп, біреуін өлтіріп қояды» [6, 4]. Робин Гудтың бірнеше ерекшеліктері бар.

1 Өзінің ерлігін Генридің жариялаған байқауына қатысудан бастайды.

2 Садақ тартудың шебері.

3 Робин Гуд бір емес, бірнеше топ адамдардың тірегі.

Кендебайдың артықшығы – өзі қиындық көрмей-ақ, адамдарға жақсылық жасайды. Кендебай халқын аң аулап асырайды.

«Кендебай осылай аң аулап, ел аралап жүре беріпті. Ол мейлінше қайырымды болыпты, жылағанды жұбатыпты жатсынуды сүйемпті, табысына бүкіл ел ортақ болыпты. Керқұла атты Кендебай батыр атанып, әлемге аян болыпты» [5, 38]. Осылай басталған ісі жылаған баланы көріп оқиғаны қоюлата түседі.

Ағылшын ертегісінде Робин тоқымашылар мен қолөнершілерді қорғайды. Оларды езгіге салған жұмыс берушілерінің езгісінен қорғайды. Халықтың таптық қалпы бар. Ал қазақ ертегісінде де бұл бар.

Кесте 1 – Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі кейіпкер мінезі

№	Ертегінің аты	Кейіпкері	Мінезі	Қай халық
1	«Кер құла атты Кендебай»	Кендебай	Кедейдің баласы, батыр, мейірімді	қазақ
2	«Робин Гуд»	Робин Гуд	Графтық әулеттің ұрпағы, орман жолдарын торуылдаған ұры, күрескер, қорлық көргендердің басшысы	ағылшын
3	«Құрылысшы Гоб»	Бала	Әңгімешіл	ағылшын
4	«Надан Патрик пен әмірші қарға Кромахи»	Патрик	Ақылдылығы, тапқырлығы	ағылшын
5	«Қарабатыр»	Қарабатыр	Сыншыл	қазақ
6	«Алтын сақа»	Бала	Батыл, ширақ	қазақ

Кейіпкерлер балалар болғандықтан да, олардың сүйікті заттары болуы да екі халықта кездеседі.

Мысалы қазақ ертегісіндегі алтын сақа, садақтың ұшын шығаратын егеу «Алтын сақа» мен «Ер Төстіктегі» оқиғаны күшейтуші, ширатушы символдар. Осы сақа мен егеуді іздеуден оқиға қоюлана түседі. Себебі екеуі де балалардың жандарынан тастамайтын, өзгеше сүйікті заттары.

« - Төстікті маған қалай бересің? - деп сұрайды кемпір. Оған Ерناзар айтады: - Менің қалтамда Төстіктің садағының ұшын шығаратын егеуі бар. Төстік онсыз жүре алмайды. Мен бұны осы

араға тастап кетейін. Төстік іздеп келеді, сонда өзін ұстап ал, - дейді» [1, 5].

«Ертеңінде көшеді, жалғыз баласының алтын сақасын ұмыттырып, жұртқа тастап кетеді. Ауыл жаңа қонысқа көшіп барады. Асық ойнайын десе, сақасы жоқ, бала алтын сақасын жоқтап, жылайды» [5, 285].

«Однажды Джек был в ратуше, когда судьи сидели и говорили о великане.

– А что получит тот, кто убивает? – Корморан? – спросил Джек.

– Он получит сокровище великана», мне ответили.

– Тогда позволь мне попробовать, – сказал Джек. Поэтому он взял Рог, лопату и кирку» [6].

Ертегі кейіпкерлері басқа адамдардан бөлек, таңдалып алынғандар (избранные).

Әлемге таралған, бүгінгі балалар жақсы көретін Гарри Потердің басқалардан өзгешелігі – оның таңдалып алынғандығы (избранный). Сондықтан да ол басқалардай емес, оны әдейлеп шақыртады, іздеп келеді. Осы желі фольклордан бері үзілмей келеді. Қазақ ертегілерінде бұл таңдалып алынған деген де бар. Таңдалып алынған кейіпкерлер өзгеше әрі қиын істерді орындайды. Әрі сондай істерді орындай алтын дар – солар ғана. Басқалар орындай алмайды.

Ағылшындардың «Король туралы, әулие туралы және ұрғашы қаз туралы» деп аталатын ертегісі бар. Осы ертегіде елін жақсы көретін, халқы да қадірлейтін О. Тул деп аталатын корольдің қартайған шағында оған көмекке келіп, қазын жасартып, уәдесін алады. Бұл корольге келген әулие болады. Король жас жігітке берген уәдесін орындайды. Жас жігіт деп ойлағаны Кевин әулие екен. Ол О. Тулға ғана көрінеді, соған ғана келеді.

«О. Тул, сені сынап көруге келгенмін. Мен де бұл жолы ертеңгілікте сенің адал және абзал король екендігіңе көзім жетті. Өйткені сен мені қарапайым қалайшыға балап уәденде тұрдың. Сол үшін де мен сені сыйлаймын» [5, 72].

Қазақ ертегісіндегі таңдаулы адамдар утралы ертегіге бірнеше ертегіні келтіруге болады. Соның ішінде «Керқұла атты Кендебайда» бұл өзгеше анық көрінеді.

«Ондағы мақсат: сені қолға түсіру еді. Сенің атағың бізге де мәлім еді. Сені алдыртып, құлынымды қоймайтын қара құсқа жұмсамақ едім. Өзім іздеп таба алмаған сон, намысы болса, іздеп келер деп елінді шаптырып, батырынды байлатып алдыртқан едім.

Одан кейін де екі жылдай келмедің, содан соң алты қызым сені іздеп барған болатын. Бұл менің кіші қызымның кебісі» [2, 41].

Қорыта келгенде, қай халықтың болсын ертегілерінен сол халықтың танымы мен түсінігі, өздеріне ғана тән белгілері ашылады. Сондықтан да Британия аралдарының халық ертегілерін тым ерте кездегі тарихи кезеннен бастауға тура келді. Ол кезеңдегі халық ертегілерге, мифтерге және ондағы орындалған діни рәсімдерге сенген және дамытып барған. Сол кездегі ертегілердегі кейіпкерлер, аңыз адамдар, жауыздар, мейірімді жандар, сиқыршылар, періштелер, су перілері, ойдан шығарылған аңдар халық арасында өмір сүруді жалғастыра берді. Ағылшын халық ертегілеріндегі жауыздарға қарсы күреске қиялдан туған алып батырлары, мейірімді жануарлар, құдайлар немесе жай ғана шаруалар кейіпіндегі кейіпкерлер өмір сүрді.

Ағылшын халық ертегісіндегі адам жегіштерге және қара күштерге қарсы күресуші кейіпкерді жай шаруаның ұлы Джек деп таныстырылған. Джек өте күш-қайратты, еңбексүйгіш, мейірімді, адал және шыншыл болғандықтан, халықтың арасында мұндай адамдарды халық батырлары деп атаған.

Ағылшын халық ертегілеріндегі кейіпкерлер барлық кезде мұндай батырларға айнала бермейді. Оларда батырлықты кейінгі тұстарда ақыл ауыстырады. Мысалы: «Molly Whuppie» ертегісіндегі адам жегіш жауыз адамдарды алдаған қыз Молли және «Jack and the Beanstalk» ертегісіндегі Джек өздерінің жақын жуықтарына, дос-жарандарына сонымен қатар айналасындағы барлық адамдарға өздерінің ерлігімен бақыт сыйлайды [4]. Ағылшын халқына тән күлкілі кейіпкерлерді яғни юморды да осы ертегілерден таба аламыз. Ағылшын халық ертегісі барлық кезде байқаған бақытты және баянды аяқталады. Ертегілердегі кейіпкерлердің ертегі соңында қайғы-қасіретке ұшыраудан аулақ болады. Ертегінің соңында ешқашан жамандық болмайды.

Қазақ-ағылшын кейіпкерлерінің ортақтығын келесі ұқсастықтармен қорытамыз.

Қазақ пен ағылшын халықтарының жақсылыққа сенімі ортақ. Сонымен бірге арман-мақсаттары да бір. Бұл ертегідегі кейіпкерлерімен ұқсайды. Кейіпкерлер халыққа жақсылық жасаса, біреулерге көмегі тисе – ел атынан мақталады. Халық жақсы көреді. Бұл үшін кейіпкерді түрлі сынақтан өткізеді. Кейіпкерлер өзгеше күш пен ақыл, ерекше жаратылыстарымен барлық қиындықты жеңіп шығады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ертегілер. – Алматы: Жазушы, 1988. 1-Том. 12-бет.
- 2 Қазақ ертегілері. Электронды кітапхана. Балалар әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 2009. – 320 б.
- 3 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
- 4 Adventures of Jack the Giant-Killer <http://nota.triwe.net/lib/tales23.htm>
- 5 Әлем халықтарының ертегілері. 2- том. – Алматы, 1992. – 303
- 6 Робин Гудтың басынан кешкен қызықты оқиғалары – Алматы: Аруна, 2013. 144-бет.

МӘШҲҮР ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МӘТІНДЕМЕСІ

КАЛИЕВА А. С.

жетекші, магистрант, Торайғыров университеті,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
№ 26 гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

НУРГАЛИЕВА Ж. Б.

11 «Ә» сынып оқушысы, № 26 гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

ОРАЗОВА Ж. Б.

9 «Ә» сынып оқушысы, № 26 гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

Біздің заманымызға жеткен Бұқар өлеңдерінің денін (800 жол шамасында) қағаз бетіне түсірген Мәшһүр Жүсіп екені белгілі. Мәшһүрде Бұқар жырлары екі дана етіліп көшірілген. Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы Бұқар жыраудың өлеңдері 2006 жылы жарық көрген шығармалар жинағының 7 томында былай басталады:

Абылай ханның қасында

Бұқарекен жырлайды, – деген өлеңінде Мәшһүр Жүсіп жазбасында 41 жол берілген, Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармалары, Алматы, 1992 жылғы филология ғылымдарының кандидаты

М. Жармұхамедұлы жинақтаған еңбегінде аталған өлең 40 жол. «Іргенізді қоспаңыз» деген жолдан кейін аталған кітапта «Қисық іске баспаңыз» деген жол берілмеген. Осы өлеңде 8-ші жолында «Хазіреті Ғалыңыз» деп Мәшһүр Жүсіп жинағында көрсетілсе, Бұқар жырау жазбасында «Ғазіреті Ғалі шеріңіз» деп жазылған екен. Мұндағы «Ғазіреті» деген сөз сөздікте болмады. Хазіреті деген сөз – ұлы мәртебелі, мырза деп патшалардың, хандардың, әмірлердің

атына, титулына қосылып, айтылып, жазылатын құрметті атақ. «Х» әріпі «Ғ» әріпіне дыбыстық өзгеріске ұшырап ауысты.

31 жолда: «мұсылманның баласы» деп Мәшһүр Жүсіп жинағынан берілсе, 1992 жылы жазылған кітапта «мұсылман» сөздің орнына «пұсырман» сөзі берілген. Дәл осы өлеңнің М. Ж. Көпеев жинағында берілген 41 жолында тармақ алдында «іргенізді» деген сөз М. Жармұхамедұлы жинақтаған еңбегіндегі кітапта 40 жолында берілмеген.

«ХІ–ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы» кітапқа еңбей, тек кейінгі 1992 жылғы Бұқар жырау Қалқаманұлы кітабына енген. 1992 жылғы кітаптағы еңбей қалған және дыбыстық өзгеріске ұшыраған жолдарды атап кетсек:

1992 жылғы кітапта 3-ші жолында «шабан» сөзі – жайбасар, жалқау, енжар, баяу, сылбыр дегенді білдіреді. Ал, М. Ж. Көпеев жинағында сол сөздің орнында «сабан» сөзі берілген. Бұл сөз – дәнді дақылдардың бастырылып, дөні алынғаннан кейін қалған сабағы деген мағына береді. М. Жүсіп жинағындағы «сабан» сөзі дұрыстығына көз жеткіземіз.

Фразеологиялық тіркестердің тілдегі образдылық қасиетіне зерттеуші ғалымдар қашаннан бері көңіл аударып келген. ХІ ғасырда жазылған Махмұд Қашғаридың «Диуани лугаты ат-түркі» тілдері сөздігінде де мақал-мәтелдер кездеседі. В. В. Радлов қазақ халық сөзінің образдылығына ерекше назар аударған және оны жинастырған. Қазақтың мақалдарын алғаш рет қағаз бетіне Ш. Уәлихановпен И. Н. Березин түсірді. А. Диваевпен И. Ибрагимовтың жинастырған мақал – мәтелдері Ташкентте 1889 жылы шығарылды. А. Вамбери, В. В. Катаринский, П. М. Мелиоранский, И. Терентьев т.б. қазақтың мақал – мәтелдерін жинап бастырған.

Қазақ тілі фразеологиясы жайлы профессор І. Кеңесбаевтың еңбектері Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарларында басылып шықты. Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Ғ. Мұсабаев та фразеологияның ерекшелігіне көп көңіл аударған.

Ал орыс тілі ғылымын шолып қарасақ, ХІХ ғасырдың аяғында ХХ ғасырдың басында орыс ғалымдарының фразеологиялық тіркестерге теориялық анықтама беруге ұмтылғандығы байқалады. Фразеологиялық тіркестерді жан-жақты терең зерттеу мәселесін алға қойған академик В. В. Виноградов болды. Кеңестік тіл білімінде фразеологиялық тіркестер жайлы ілім тікелей академик В. В. Виноградовтың есімімен байланысты.

Тұрақты тіркестер (фразеологизмдер) – екі немесе бірнеше сөздің тіркесуі арқылы бір ғана мағына білдіретін сөз тіркестері. Бұқар жырау өлеңдерінде тұрақты сөз тіркестерін кеңінен қолданғандығын төмендегі мысалдардан байқауға болады:

Төсек тартып жатыр – сырқат меңдеп жатып қалды; қатты ауырды, науқастанып жатыр [3, 518].

Төртінші тілек тілеңіз,

Төрде **төсек тартып жатпасқа** [2, 7].

Фразеологизмдердің сыңарлары тұтасып барып, бір ғана мағынаны білдіретіндігін ақын өлеңдерінен айқын байқауға болады.

Діни ұғымдар мен нанымдарға байланысты фразеологизмдер. Халқымыз басынан кешірген талай дәуірден елес беретін фразеологизмдер эпикалық жырларда мол қамтылған. Жарылқаушы да, жоқ қылушы да бір құдай, құдайға сыйынсаң қор болмайсың деген ұғым халықтың санасында қалыптасқан, сәулесі тілге сіңіп, жырдың оң бойынан андыздап тұрады.

Хақтың үйі – Алланың, Құдайдың үйі [5, 554].

Хақтың үйі мешіт-ті,

Ақты құдай шешіпті [2, 10].

Сан есім арқылы жасалған фразеологизмдер. Қазақ тіліндегі сан есім арқылы жасалатын фразеологизмдерді ғалым А. Елешова көбірек зерттеген. Зерттеуші қазақ тіліндегі 800-дей фразеологизмнің «жеті», «тоғыз», «қырық», «үш», «бір» деген сан есімдердің қатысуымен жасалатындығына тоқталады. Тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы сан есімдердің қолданыс сырына назар аударған І. Кеңесбаев: «Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу, себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Фразеологизмдер ішінде бұл сөздер нақтылы сан мағынасында қолданылуы шарт емес», – дейді. Демек, бұл белгілі нәрсе, құбылыстың ұғымдық символы ретінде қолданылады.

Сегіз қиыр шартарап – ең шалғай, алыс жер [3, 339].

Сегізінші тілек тілеңіз!

Сегіз қиыр шартарап.

Жер тұлданып тұрмасқа [2, 7].

Он сегіз мың ғалам – Жер жүзі, барлық әлем [3, 417].

Құдіретімен жаратқан

Он сегіз мың ғаламды айт. [2, 10].

Бұқар жырау өлеңдерінде мақал-мәтелдер жиі кездеседі. «Қазақ мақал-мәтелдерінің лексико-стистикалық ерекшеліктері» деген зерттеу жұмысында Р. Сәрсенбаев мақал-мәтелдерді ауыз

әдебиетінің ерекше әрі дербес жанры ретінде қарайды. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» еңбегінде ғалым І. Кеңесбаев мақал-мәтелдерді тұрақты сөз тіркестеріне жақын қарастырады да, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің арасындағы айырмашылығына тоқталады, мақал-мәтел мен тұрақты сөз тіркестерін сырттай жақын белгілерін жоққа шығармайды:

Түрікпеннің төрінде,

Қашып жүріп күнелткен күн едің.

Жұлдызың туды-ау оңыннан,

Жан біткен еріп соныңнан [2, 21].

І. Кеңесбаевтың пікіріне сүйене отырып, «Жұлдызың оңынан туды» деген тұрақты сөз тіркесін мәтел деп жақынырақ қарастыруға болады. Ақын Абылай ханның өмір дерегін суреттеуде осы сөз тіркесін бағы ашылды, жолы болды деген ойды беруде шебер қолдана білген.

Хан жарлығы (көне) – хан айтса, орындатпай қоймайды, хан айтқанын орындатады, екі сөйлемейді деген мағынада [5, 555].

Мамыр асып бай болып,

Байсал тауып жортқан жұрт

Ханға тізгін салмады,

Хан жарлығын алмады [2, 10].

Бұқар жырау «хан жарлығы», «еңсесі биік боз орда» деген тұрақты сөз тіркесі арқылы халықтың ертеден келе жатқан салтын, әдетін білдіреді.

Осы фразеологизмдер Бұқар жырау шығармаларында ұйқас үшін алынған және халық ауыз әдебиетімен тығыз байланысты екендігін байқауға болады. Ақын өлеңдеріндегі афоризмдердің көпшілігі шығу тегі жағынан мақал-мәтелдерге ұқсас.

Ақын әрі фольклоршы М. Ж. Көпейұлы Бұқар жырау жөнінде: «Заманындағы сыншылар ол кісіні «Көмекей әулие» дейді екен. Көмекей бүлкілдеп сөйлейді де отырады екен. Қара сөз жоқ, аузынан шыққан сөзінің бәрі жырлауменен шығады екен...», – деген ой айтады. Расында, Бұқар жырау шығармаларында фразеологиялық сөздер, мақал-мәтелдер, көнерген сөздер, діни сөздер, өмір философиясы, адамгершілік, достық, ерлік туралы ой-пікірлер кеңінен қолданылған. Шығармалары бүгінгі күні өскелең ұрпақты әдеби құндылықтарды құрметтеуге, елін, жерін, тарихын білуге баулиды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ахмет Байтұрсынов, Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991 ж. – 464 б.
- 2 Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармалары. М. Жармұхамедұлы. Алматы – 1992 ж. – 96 б.
- 3 Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Кеңесбаев І. К. – Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977 ж. – 712 б.
- 4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 7 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006 ж. – 394 б.
- 5 Түсіндірме сөздігі. Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008 ж. – 968 б.

Ы. АЛТЫНСАРИННЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ

КУНАНБАЕВ Е.

8 «А» сынып оқушысы, № 37 ЖОББМ, Павлодар қ.
УМРАХИМОВ С. Б.

жетекші, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Қандай халықтың болмасын салт-дәстүрі сол халықтың мінез-күлқын, басқа да қасиеттерін танытып, болмысын көрсетеді. Салт-дәстүр – халықпен бірге жасасып келе жатқан асыл қазынаның бірі. Осы себептен де, қазақ халқының салт-дәстүріне көз жіберіп, ой өлшемінен өткізуді қаладық. Оның үстіне «Салт-дәстүр әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы. өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды» [1, 612].

Қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері үй ішіндегі отбасылық және адамдардың өзге де топтары арасындағы өзара қарым-қатынастарды қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Әрі оның еріккеннің ермегі емес, елдің береке-бірлігін сақтап қалу жолындағы жасалған іс-шара екендігіне көзің жетеді. Байқай қараған адамға бабаларымыздың бір ғылыми негізге сүйенгендігі анық. Бірақ ереже-анықтамалары жазу-сызу болып түспегендіктен, отбасындағы тәрбие арқылы бізге жетіп отырған. Қазіргі уақыт долбармен ой топшылауға емес, нақты мысалдар арқылы өрбіп, айшықталуды қаласа керек.

Бес жылға жетер-жетпес уақыт бұрын жарияланған Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» делінген [2]. Әрине, бізге дейін ұлт боп ұйып келген ұлтымыздың мәңгілік болуы өзіміздің қолымызда. Мәйегіміз – салт-дәстүріміз, мәңгілігіміз – рухы биік ұрпағымыз. Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандайда бір қатерін іздесек, әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруында болып отыр дер едік. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Сондықтан да ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер дене...», – деп Абай данамыз адамның тал бесіктен жер бесікке дейінгі адам өмірінің салт-дәстүрге негізделіп, өлеңмен өрілетінін тілге тиек етіп, ойға өзек еткен. Бұл – ұлт бойындағы құндылықтардың мәйегі – тіл мен салт-дәстүріміз екендігі даусыз болса, тіл – тәрбиенің жүрегі, ал салт-дәстүріміз – тәрбиенің тірегі. Рухы биік ұрпақ тәрбиесі береке-бірлігі адамгершілігімен астасқан отбасынан басталса, отбасы – құда түсіп, отау құрудан басталады. Құдалықтың орны ерекше. Сондықтан құда түсу, қыз ұзату дәстүрін озығы мен тозығы деп екіге бөлуге келмейді. Құдалықта болатын кейбір ақылға сыймайтын, оғаш көрінетін жөн-жоралғыларға басқа қырынан қараудың да уақыты келді. Ы. Алтынсаринның «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі» еңбегінде мен көтергелі отырған құдалықта болатын жора-жоралғылар турасында жазылған. Бүгінгі күннің биігімен қараған адамға өрескел көрінетін құдалар арасында жасалатын дәстүрдің де өз жеткізері бар. Мәселен, «Қонақтар қалыңдықтың үйіне шақырылғанға дейін бір топ әйел жиналып, сұйық қамыр әзірлейді, балшық әкеледі, оның бәрін жеке табақтарға салып қояды. Бірнеше жаулық, арқан дайындап қояды. Үйдің жанында өгіздер байлаулы тұрады. Бірнеше әйел әлгі айтылған балшық, қамырларын қолдарына алып, есіктің жанында

көрінбей тұрып алады. Содан кейін үйге құдалар шақырылады. Бұлар келіп табалдырықтан аттай бергенде, жасырынып тұрған әйелдер, қапылыста бас салып, біреулері құдалардың бетіне қамыр жағады, екіншілері балшық жағады, содан кейін күштеп бастарына жаулық тартады, теріс қаратып өгізге мінгізеді. Сөйтіп таңып тастайды да, өгізді далаға қарай қуып ала жөнеледі. Осыған әбден күлісіп алғаннан кейін екіншісіне кіріседі. Арқанның бір ұшын шаңырақтан өткізіп алады да, екінші ұшына бет аузы қамыр-қамыр, балшық-балшық болған құдалардың біреуін байлап, арқанның ана ұшынан тартып, байғұс құданы шаңыраққа салбыратып іліп қояды. Шаңырақтан түсіріп алып балшыққа аунатады, апанға салады, тағы да сондай әзілін істейді» [3, 174].

Құдалардың мұндай түріне қарағанда, мысалы, өгіздің үстіне танылған құданы өгіз тулап жығып кеткенін көргенде, шынында ішек-сілең қатады, сақалы желпілдеген еркектің басына жаулық тартқан кезде, тіпті күлкінді тия алмайсың... Ер азамат тұр ғой, ер баланың алдынан әйел тұғылы ақ жаулықты әжелеріміз жолынан кесе көлденең өтпеген. Ал сондай ибалы да инабатты қазақ әйелдері құдалардың ар-намысын аяқ асты етеді дегенге сену тұр ғой, ойлаудың өзі күпіршілік. Ұлы даланың үлгі мен өнегеге толы мақал-мәтел, нақыл сөздерін тудырған от ауызды, орақ тілді, кеменгер де дана ұлылары бар, руханияты адамгершілікке толы, қазақтың әдет-ғұрпында кемістік болуы мүмкін бе деген ойға тоқталу керек. «Неге?» деген сұрақ қойып, мән-мағынасын құда түсу салтынан іздеп көрелік.

Бі. Алтынсаринның жоғарыда аталған еңбегінде: «Қазақ арасында қазір берік орын тауып отырған әдет, атап айтқанда, өзінің сегіз атадан жақын туыстарының қызына үйленбеу әдеті. Бұл арада бір айта кететін нәрсе, Мұхаммедтің заңы тіпті жақын қарындастарына да үйленуге рұқсат етеді. Бұл қазақтан басқа мұсылмандардың бәрінде бар» [3, 174]. Жеті атаға толмай қыз алыспау – ата-бабамыздан бері келе жатқан қатаң құқықтық заң-ереже. Бұл – ауру тудыратын генетикалық өзгерістердің, физиологиялық және психологиялық ауытқудың алдын алу үшін жасалған сақтық шарасы. Бұл – қазақтың әлемді мойындатқан даналығы.

«Отан отбасынан басталады» деген бір ауыз нақыл сөзде қаншама даналық жатыр. Жіктеп-жіліктеп ой өрбітіп көрейік. Отанның шаңырағына қадалатын әр уығы – әр отбасынан өсіп-өнген ұл-қыздарымыз. Осы жайтты ескерген ата-бабаларымыз жаңа құрылған отаудың іргетасының берік болуына жіті көңіл

бөлген. Екі жастың тату болуы тек өздеріне ғана емес, екі жақтың ата-анасы мен ағайын-туыстарына байланысты екенін көре білген. Сондықтан ошағы мен ойы басқа, байлығы мен қоғамдағы орны өзге адамдарды бір қалыпқа салып, мың жылдық құдалық жолына апаратын дара да сара жол – құдалықта істелетін жоралғылар Осындай ұрпағының ұлылығын ойлаған, құдасы мен қонағын құдайындай сыйлаған халықтың құдасы мен қонағының жүрегіне қаяу салуы мүмкін емес. Қыз ұзатқан жақ пен келін түсірген жақта болатын бұл рәсімдердің мағынасы тереңде жатыр. Халқымыздың даналық нақылында «Болат қайнауда шынығады» дейді. Болаттың мықты берік болатынының кепілі болса, ал құдалар арасындағы қатынастың берік болуы құдалық кезінде жасалатын әдетінде болса керек. Сонда, құдалар құдалықта шынығатын болғаны ғой. Осылай өткізілген әр рәсімінен адамгершіліктің иісі аңқып, жан жүйеге байланысты ғылымилықтың ізі тұр. Би болсын, аузымен құс тістеген шешен болсын, мыңғырған малы бар бай болсын, қара болсын, өзгеден дара болсын, шыңдалу үрдісінен өткен. «Ерді намыс өлтіреді» дейді, бірақ сыннан өткенде, қандай күлкілі жағдайға қалып жатса да, намыстанып жанжал шығармаған. Өйткені бұл жоралғыларды нәзік жандылар өткізген. Бұның астарында жан жүйе ілімі жатыр. Негізі тәкаппарлық бар жерде сыйластық пен адамгершіліктің, береке-бірліктің т.б. болуы мүмкін емес. Сондықтан екі жақтың құдалары жоғарыда айтылған сындардан өтіп, бір-бірінің алдында бедел-атақтары жүрмейтін, тек құдайындай сыйласатын, жастардың тілеуін бірлесе тілейтін қарапайым да қасиетті құда деген атқа ие болады. Сындардан өтіп, қайнауда шыныққан құдалар жас отаудың шаңырағының биік, босағасының берік болуының кепілі мен тірегіне айналады.

«Ақырында мұның бәрі аяқталып, құдалар қалыңдықтың үйіне шақырылады. Осы арада оларға кәде беріледі. Бірінші, ең бағалы кәде күйеудің әкесіне беріледі, екінші кәде сол ауылдың үлкеніне беріледі, сонан кейін келген қонақтарға үлестіріледі» [2, 175]. Мысалы: *Осыдан он жыл бұрын Ашынбай ауылына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділдәні Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға киіт деп, Ашынбай аулы күміс тартқан. Ол – күмістің аты тайтұяқ (М. Әуезов).*

Байқасаңыз, ең сыйлы қонақ күйеудің әкесі не қалыңдықтың әкесі саналады. Сол ауылдың үлкенінің өзі екінші орында тұрса, ол – тек бір отбасының емес, ауылдың да құдасы дегенді білдіреді. Бұл береке-бірлік, татулық, сыйластық, адамгершіліктің тек

отбасында ғана емес, ауылында, қала берді бүкіл қазақ даласында ұйып тұрғандығының белгісі болып саналса игі.

Қорыта келгенде, салт-дәстүр, жөн-жосық, әдет-ғұрып қазақтың қанына біткен болмыстық дүние болып саналса керек. Ал бұларды соңғы ұрпаққа жеткізудегі ғалымдардың, оның ішінде Ы.Алтынсариннің, бір ғана еңбегінің өзі қазақы болмыстың калыптасуына ұйтқы болғаны анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 762 бет.

2 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру 9 // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017.

3 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: «Жазушы баспасы», 1988. – 316 бет

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ГЕНДЕРЛІК СИПАТЫ

ӘЛІБЕКҚЫЗЫ А., МАҚСҰТҚАН М.

оқушылар, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 ЖОББМ, Семей қ.

КУРМАНБАЕВА Ж. К. ЖУМАБАЕВА Б. Н.

жетекшілері, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 ЖОББМ, Семей қ.

Гендерлік лингвистика – ерлер мен әйелдердің биоәлеуметтік субъект ретіндегі тілдік қолданыс ерекшеліктерін, айырмашылықтарын айқындайтын, осы белгілерді мақсатты түрде зерттейтін ғылым саласы.

Гендерлік саясат мемлекеттік саяси ахуалдың ерлер мен әйелдер арасындағы қатынасын реттейтін тұжырымдар болса, гендерлік статистика ерлер мен әйелдердің қоғамдық қатынастарда алатын орнын айқындайды. Гендерлік ғылым жыныстар арасындағы мәдени-символикалық ерекшеліктерді қарастырады. Гендерология ілімі гендерлік зерттеулердің негізін құрайды.

Тіл арқылы адам факторын тануда басымдыққа ие бағыттың бірі – гендер мәселесін лингвистикалық тұрғыда зерттеу. Ерлер мен әйелдердің тілдік қатынас барысындағы сөз қолдану ерекшеліктері оларды биоәлеуметтік субъект ретінде тануға негіз болып қана қоймай, ұлттық мәдениеттің, салт-дәстүрдің, психологияның тілдегі көрінісін сараптайды. Гендер мәселесі, тілдегі сипаты адам мен тілді

біртұтастықта зерттеуге негіз болып, мәдени-әлеуметтік феномен ретінде танылады. Оның мазмұны «тіл-ұлт-қоғам-таным» төрттаған тұжырымы аясында ашылады.

Жұмыста тілдің гендерлік сипатын айқындау мәдени-психологиялық танымға негізделіп, ол биологиялық, физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік, тарихи, мәдени бағыттағы жүйелілік амалы арқылы сұрыпталып, оның мазмұны жасөспірімдердің сөйлеу тілі арқылы танылды.

Жасөспірімдер арасындағы коммуникацияның гендерлік сипатын анықтай отырып, оған психолингвистикалық тұрғыдан талдау жасаудың өзектілігі мынада: біріншіден, коммуникацияның психолингвистикалық құбылыс екенін танытады; екіншіден, коммуниканттар гендерлік тұлға; үшіншіден, жасөспірімдер коммуникациясының психофизиологиялық ерекшеліктерінің тілдегі көрінісін анықтайды; төртіншіден, адамның психикалық қасиеттері мен тілдің өзара байланысын анықтайды; бесіншіден, психология мен тіл білімінің өзара байланысы гендерлік лингвистиканың аралық сала ретінде жұмсалатынын көрсетеді.

– Жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылығына қарай қыздар мен ер балалардың сөз қолданысында ерекшеліктер болады.

– Жасөспірімдер арасындағы тілдік қатынастың психолингвистикалық парадигмасы психологиялық құбылыс, психологиялық деңгей, психологиялық ойлау жүйесі арқылы тілдік ойлау психологиясымен сабақтасады.

– Қыз балалар ер балаларға қарағанда жаны ашу, мүсіркеу, аяуға байланысты сөздерді жиі айтады;

– Сезімнің түрлі қырларына байланысты жасөспірім қыздар мен ер балалар арасындағы коммуникация барысында қуанғанда, таңырқағанда, шошынғанда, қорыққанда, ашуланғанда түрлі тілдік бірліктер қолданылады;

– Тілдік коммуникация барысында ойын жеткізу мақсатында болатын сөйлем құрау әдісі де қыздар мен ер балалар арасында ерекшеленеді;

– Бейвербалды қарым-қатынас жасау (ым-ишара) ұл балалар мен қыздар арасында ерекшеленеді;

– Жасөспірімдер арасындағы тілдік коммуникацияның гендерлік сипаты ұлттық болмыс пен оған тән тілдік дүниетаным мәселелерімен ұштасады.

– Жасөспірімдер арасындағы коммуникацияның гендерлік ерекшеліктерінің қалыптасуына биологиялық, әлеуметтік, психологиялық факторлар себеп болады

Адамзат қоғамындағы гендерлік түсінік гендерлік саясат, гендерлік статистика, гендерлік ғылым аясында тоғысады. Гендерлік саясат мемлекеттік саяси ахуалдың ерлер мен әйелдер арасындағы қатынасын реттейтін тұжырымдар болса, гендерлік статистика ерлер мен әйелдердің қоғамдық қатынастарда алатын орнын айқындайды. Гендерлік ғылым жыныстар арасындағы мәдени-символикалық ерекшеліктерді қарастырады. Гендерология ілімі гендерлік зерттеулердің негізін құрайды.

Ерлер мен әйел тіліндегі ерекшеліктерді айқындайтын биоәлеуметтік факторлар негізінде гендерлік лингвистика әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттаным, этнолингвистика, когнитивті лингвистикамен сабақтасып, психоллингвистикамен тығыз қарым-қатынаста жұмсалады. Тілдегі гендерлік ерекшеліктер тілтанымды айқындаудың бірден-бір жолы болса, оның мазмұны ауызекі сөйлеу тіліндегі, жазба тіліндегі, бұқаралық ақпарат тіліндегі ерекшеліктер тұрғысында сарапталады. Ерлер мен әйелдердің мінез-құлқы, қоғамдағы еңбек бөлінісі, анатомия-физиологиялық, мәдени-эстетикалық ерекшеліктері барысында гендерлік лингвистиканың прагматика саласындағы мәні, әлеуметтік лингвистикамен байланыста даму жолдары, философиялық таным теориясындағы орны, психоллингвистикамен байланысы айқындалады.

Қарым-қатынаста тіл ойды ғана емес, сонымен қатар адамның жандүниесін, сезімін де білдіре алады. Психологиялық құбылыстармен қатар тілдің адам санасындағы орнын зерттейтін психология ғылымының да сөйлеу процесінде гендерлік ерекшеліктерде алатын өзіндік орны бар. Яғни гендерлік лингвистика тек тіл білімі салсында ғана емес, психологияның да үлесіне тиетін мәселе болып табылады. Қазақ тіл білімінде ерлер мен әйелдер арасындағы тілдік қарым-қатынаста гендерлік ерекшеліктердің болатыны Г. Мамаева [4], А. Сейсенова [5], А. Қобыланова [6] еңбектерінде кездеседі. Тілдегі гендерлік ерекшеліктер мәселесі соңғы жылдары ғана Қазақстандағы социолог, психолог, тілші, әдебиетші мамандарды қызықтырып жүр. Ол зерттеулерден біздің бұл ғылыми жобаның ерекшелігі – коммуникациядағы гендерлік сипатты жасөспірімдердің психологиялық, физиологиялық, ұлттық мінез-құлықтарын ескере отырып қарастырылып табылады. Ұлттық мәдени категориялар

жүйесін құрайтын мәдени константалар ұлттық сипаттағы гендерлік ұғымдар мен олардың белгілерін тілдік факт тұрғысында айқындайды. Қазақ мәдениетіндегі қыз баланы тәрбиелеу, қыз ер жігітке қойылатын талаптар және дәстүрлері ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін айқындайтын гендерлік жіктелімнің негізі болып табылады. Осы дәстүрге сай қолданылатын тілдік бірліктердің формалық және логика-семантикалық белгілеріне қарай концепт теориясындағы гендерлік ассоциация қалыптасады. Қазақ ғылымындағы гендер концептісінің тақырыптық-ассоциативтік топтары: қыз баланы, ұлды тәрбиелеу және қазақ мәдениетіндегі қыздың мінез-құлқы мен ер жігітке қойылатын талаптар, жігітке тән қасиеттер т.б. бар.

Гендерлік ерекшеліктерді айқындайтын мәдени арнаға қазақ халқының ұлттық мәдени ерекшелігін танытатын туыстық қарым-қатынас атаулары мен киім-кешек, зергерлік бұйымдар сияқты этностық атаулардың қолданысы және ерлер мен әйелдерге қатысты салт-дәстүрлердің негізінде қалыптасқан тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, троп түрлері жатады. Әр халықтың киім кигеніне, әшекей тағуына қарап, олардың әлеуметтік жағдайы, жыныстық ерекшелігі, жас ерекшелігі, этникалық ортасы ажыратылады. Қазақ халқы тымақты қадір тұтқан. Е. Жанпейісов тымақтың этнолингвистикалық табиғатына сипаттама бере келіп, оның мынадай түрлерін атап көрсетеді: төрт сай қарқаралы тымағы; алты сай сырма найман тымағы; жіңішке, ұзын төбелі керей тымағы; сегіз сай уақ тымағы; төрт сай аласа төбелі тобықты тымағы; алты сай тобықты тымағы т.б. [12, 130 б.].

Тымақтың ерекшеліктері оны киген адамның қай рудан, қай жүзден екенін танытатын белгі болып саналған. Мұндай деректер гендер мен тілдің тарихи байланысын ашып көрсетеді. Әйелдер мен ерлер әр заманда әралуан мәдени кеңістікте өмір сүре отырып, қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық т.с.с. өзгерістерді өздерінше қабылдайды. Сол қабылдағаны тіл арқылы көрініс тауып отырады. Тілдік тұрғыдан келгенде, қазақтың болмысын танытатын осы қасиеттер этнолингвистикалық факторлармен сай келеді. Этнолингвистикалық факторларда халық өмірінің сипаты, ұлттың психологиясымен қоса гендерлік ерекшеліктер де көрініс табады.

Гендерлік концепт мәдениеттаным, этностық болмысты тану, әлеуметтаным, психологиялық таным парадигмасы жүйесінде қарастырылып, олардың интеграциялану гендерлік концепт аутопологиялық орталыққа айналады. Гендерлік концепт теориясы

адамзатқа қатысты объективті және субъективті субстанция ұстанады. Объективті ұстанымнан тілдің адамзатқа қатысы айқындалып, адам баласының ақыл-ойы, сана-сезімі, түйсігі туралы хабар айқындалады. Субъективті ұстанымнан адамзаттың әлемге қатысы айқындалып, адам баласының дүниетанымы, білім қоры, мәдениеті т.б көрінеді. Олардың тұтастығынан ғалам бейнесі көрініс табады. «Ғалам бейнесі белгілі бір құбылысқа тән танымды эстетикалық құндылықтарды айқындайтын шексіз тұрмыс көріністері» [3, 28 б.]. Гендерлік концепт адам санасында дүниенің логикалық бейнеленуі ұғым категориясымен ұштасатын лексемалардың қалыптасуына, олардың атаулары тілдегі гендерлік ерекшеліктердің ұлттық сипатын айқындауға негіз болады.


Өзіндік зерттеу

Сөйлеу кезінде ырым-тыйымға байланысты тілдік бірліктерді қолданасыз ба? а) иә, жиі; ә) жоқ, мүлдем қолданбаймын; б) сирек.

60 % (а) жауабын таңдады 30 %; (ә) жауабын таңдады 10 %;


(б) жауабын таңдады.

Бұл статистика арқылы респонденттеріміздің көп бөлігі, 60%-ы ырым-тыйымға байланысты сөздерді қолданатындығын, ал қалған 30%-ы қолданбайтындығын және 10%-ы сирек қолданатындығын көруге болады.



Сурет 1

3 Жасөспірімдердің ауыз екі сөйлеу тілі жазба тілінен ерекшеленеді ме?




Сурет 2

а) иә; ә) жоқ; б) біраз ғана.

55% (а) жауабын таңдады 35 %; (ә) жауабын таңдады 10 %;

(б) жауабын таңдады

Респонденттердің 55 %-ы жасөспірімдердің ауыз екі сөйлеу тілі жазба тілінен ерекшеленеді деп қорытындыласа, қалған 35 %-ы ерекшеленбейді дейді, 10 %-ы біраз ғана ерекшеліктер бар деп жауап берді.



Сурет 3

4 Жаргон сөздерді күнделікті өмірде жиі қолданасыз ба?

а) иә, жиі; ә) жоқ, мүлдем қолданбаймын; б) сирек

75 % (а) жауабын таңдады 10 %; (ә) жауабын таңдады 15 %;

(б) жауабын таңдады.

Көрсеткіш бойынша респонденттеріміздің айтарлықтай көп бөлігі жаргон сөздерді қолданатындығы, 15 %-ы сирек қолданатындығы, 10%-ы мүлдем қолданбайтындығын көреміз.

Қорыта келе, тілдік таңбалардың гендерлік сипатын психолингвистикалық заңдылықтар тұрғысында зерттеу этностың әлеуметтік экономикалық өмірі мен қоғамдық сананың ерлер мен әйелдер арасындағы ерекшеліктерін айқындаудан көрінеді.

Қоғамдағы жынысаралық ерекшеліктер гендерлік лингвистиканың әлеуметтік жіктелімін айқындайды, ер балалар мен қыздардың психологиялық ерекшеліктері гендерлік лингвистиканы психолингвистикамен сабақтастырады;

Жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылығына қарай қыздар мен ер балалардың сөз қолданысында ерекшеліктер болады.

Жасөспірімдер арасындағы тілдік қатынастың психолингвистикалық парадигмасы психологиялық құбылыс, психологиялық деңгей, психологиялық ойлау жүйесі арқылы тілдік ойлау психологиясымен сабақтасады.

Қыз балалар ер балаларға қарағанда жаны ашу, мүсіркеу, аяуға байланысты сөздерді жиі айтады. Сезімнің түрлі қырларына байланысты жасөспірім қыздар мен ер балалар арасындағы коммуникация барысында қуанғанда, таңырқағанда, шошынғанда, қорыққанда, ашуланғанда түрлі тілдік бірліктер қолданылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жарықбаев Қ. Психология. Алматы, 1994.
- 2 Тәжібаев Т. Жалпы психология. Алматы, 1998.
- 3 Мамаева Г.Б. Физиологияның ер және әйе сөйлеу тілдеріндегі рөлі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 2002. [18 (52). Б. 99-103]
- 4 Сейсенова А. «Лингвистикалық мәдениеттану: этикет формаларын салыстырмалы талдау. Алматы, 2001.
- 5 Қобыланова А. Қазақ сөз этикеті. Алматы, 2002.
- 6 Момынова Б.Қ. Шәкәрім поэзиясының тілі. Алматы, 2007.
- 7 Жинкин Н.И. О кодовых переходах во внутренней речи // Вопросы языкознания. - 1964. [6, с. 16]
- 8 Залевская А.А. Психоллингвистика и усвоение языка. Жизнь языка и язык в жизни // Сборник статей посвященный юбилею Э.Д. Сулейменовой.- Алматы, 2005. [1, с.478]
- 9 Фрейд З. Введение в психоанализ. Москва, 1986.
- 10 Кирилина А.В. Дискурсионные вопросы лингвистической гендерологии: био и социодетерменизм. – Интернет. www.gender.cent.gyazan.ru/kirilina1.htm

СЫРБАЗ СУРЕТКЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ НЫСАНЫ

МОЛДАБЕКОВ Е.

оқушы, Дарынды балаларға арналған Абай гимназиясы, Павлодар қ.

СУЮНДИКОВА М. М.

ғылым магистрі, Дарынды балаларға арналған Абай гимназиясы, Павлодар қ.

Т. Әбдіков шығармаларының негізгі тақырыбы – адалдық. Тарата айтсақ: әдебиет мұраттарына, тіл тазалығына, ұлт психологиясына, жоғары талғамға, ең бастысы күңірене отырып, қырық құлаш тереңнен шығар зәмзәм суы - шындықты айта білуге деген адалдық.

Т. Әбдіков суреткерлігінің негізгі критерийі – тазалық. Көркем шындықты терең философиялық ілім биігінен іріктеп, тұзы

татымды, іске асарын ғана оқырманға ұсынар – талант тазалығы, ар тазалығы.

Жазушы өзінің шығармашылық қуатын пенде психологиясын саралауға, содан туындайтын сор мен бақыт, қайғы мен мұңның бастауларын ашуға, сол арқылы қоғам бағытын өзгертер энергияның туындауын жеке тағдыр спектрінен көрсете білуге арнағандай [4].

Жалпы, Төлен Әбдіков шығармаларының қайсысын оқысақта, шынайы көрсетілген ұлттық характерлермен біте қайнасқан өзге жазушыларда көп ұшыраса бермейтін бір өте маңызды атрибуттар бар. Ол – жып-жылы елжіреген бауырмалдық сезімі. Сөзімнің тоқ етеріне келсек, қалам қарымы ұлтжандылық, күйініш пен құштарлық серпініне толы қаламгердің уақыт сараптайтын тарихи орны әлден-ақ айқындала бастады деп айта аламыз.

Төлен Әбдіков шығармашылығы жайлы бүгінгі қалам ұстау мақсатымыз: әр талантты, әр тектіні өз биігінен мезгілінде танысақ деген тілек қана. Кез келген ұлттың, халықтың тағдыры, басынан өткерген тарихи кезеңдері ең алдымен сол халықтың әдебиетіне де із тастайтыны ақиқат.

Қазіргі таңда, қазақ әдебиетінің әркілі кезеңдерінде рухани дамуымызға, мәдени өркениетке, әсіресе ұлттық жан дүниемізге өз шығармаларымен айтулы үлес қосқан қаламгер – Төлен Әбдікұлы.

Талантты жазушы Төлен Әбдікұлының қаламгерлік қасиеті туралы айтқанда оның кез келген жанның батылы бара бермейтін өткір әлеуметтік мәселелерді қозғайтындығын және нені жазса да биік парасаттылықпен терең зерттеп, жеріне жеткізе жазатынын білуіміз керек. Қиялы ұшқыр суреткердің өзіндік қолтаңбасы аз жазса да саз жазатындығымен, сөйлемдері қысқа да нұсқа болып келуімен ерекшеленеді. Бұл жайында кұрдасы Дулат Исабеков: «Жалпы Төлен бұрқыратып жазған жігіт емес. Әлі күнге шейін сол ырғағын сақтап келеді» деп өте орынды айтқан [5].

Ол қай мәселені қозғаса да, қай уақыттың шындығын жазса да өмірлік, адами проблемаларды алға тартқандығымен көзге түседі.

Жазушы бір сұхбатында «...Ел мүддесіне қиянат жасайтындар, сатқындар мен жағымпаздар, алаяқтар, өтірікшілер, мансапқорлар, қылмыскерлер – бәрі менің дұшпандарым. Бірақ олармен тікелей күресуге менің шамам да, уақытым да жетпейді. Менің күрес құралым – қаламым. Егер өз шығармаларымда жоғарыда айтылғандарды көркемдік тәсілмен әшкерелей алсам, ізгілікті жоғары қоя білсем, оқырманды соған сендіре алсам, ізгілікті жоғары

қоя білсем, оқырманды соған сендіре алсам, мінеки, менің күресім де, жеңісім де – осы» деп өзінің негізіне шығармашылық нысанын білдірген екен [6].

Т. Әбдіковтың прозалық шығармаларының тақырыбы өзекті де ауқымды болып келеді. Жазушының шығармаларын тақырыбына орай екі топқа жіктеп қарастырған абзал. Бірі – адам мінезінің құпия сырларына, өмірдің қайшылықты құбылыстарына, қоғамдық мәселелерге арналған прозалық шығармалары болса, екіншісі – тарихи тақырыпқа жазылған прозалық шығармалар. Бірінші топтағы тақырыпқа көбінесе әңгіме – повесть жанрындағы «Оң қол», «Қайырсыз жұма», «Бас сүйек», «Қонақтар», «Жат перзент», «Қыз Бәтіш пен Ерсейіт», «Парасат майданы», «Ақиқат» т.б. шығармаларын жатқызсақ, екінші топтағы тақырыпқа «Әке», «Оралу» повестері, «Өліара» романын жатқызамыз. Алайда екінші топтағы шығармаларда жалаң тарихи мәліметтер, құрғақ мерзімдер мен оқиғалар емес, онда кейіпкерлердің жан дүниесі де, іс – әрекеті де, сезімі ді көрініс тапқан. Оларды оқыған кісінің жаны жайсаң, көңілі көтеріңкі кейіпке түсіп, сезімі сары майдай еритіні сөзсіз. Шығарма кейіпкерлерімен қосыла күліп, бірге мұңайып, сезім селін бірге кешесің. Бұл жазушы қаламының құдыреті мен сиқыры демей не деуге болады?!

Белгілі жазушы, қоғам қайраткері Төлен Әбдіқұлының әдебиеттегі қолтаңбасының ерекше екендігін, өзіндік жазу мәнері, сөз саптауы мен сөз қолданысы, кейіпкерлердің іс-әрекетін, мінез-құлқын сомдауы, оқшау образдар жасауы, тосын тұлғалар табуы осының бәрін дәлелдеп – ақ тұр.

Жазушының кез келген туындысының кейіпкерлері сөз саптасынан бастап дүниетанымына дейін ерекшеленіп тұруымен оқшауланады. Төлен Әбдіқұлының бүкіл шығармашылығы парасаттылықты пайымдап, адамгершілікті мадақтауға арналған. Өйткені қаламгердің қай жанрда жазылған туындысы да тек осы биік адамгершілік мұраттарды өмірлік өнеге ретінде ұсынуымен ұлағатты.

Төлен Әбдіқұлының шығармашылығы бүгінгі заман шындығын арқау еткен. Ішінде кеңес дәуірінің шындығын, әсіресе 30-жылдар аумағында өткен тарихи, әлеуметтік – саяси оқиғаларды («Әке» повесі, «Өліара» романы) т.б. суреттейтін туындылары бар. Бір ерекшелігі: жазушы қай кезеңнің оқиғаларын арқау етпесін, алдымен адам тағдырын, оның тыныс – тіршілігін, өмірдегі күрес – тартысын, әлеуметтік ортадағы әрекетін, қоғамдағы алар орнын аршып танытуға мақсат етеді.

Жазушы адам мен қоғам, адам мен әлеумет қатынасын әрдайым басты назарда ұстайды. Әрқилы тағдыр иелері өздерінің арман – мұнымен, қасірет – қайғысымен, қуаныш – ренішімен бой көрсетіп жатады. Осы қатардағы қарапайым жандардың қоңыр тіршілігінің өзінен заман шындығын, уақыт бедерін танып, таразылауға тырысады. Жалпы жазушы күнделікті өмірдегі кейіпкерлерді көрсете отырып, заманымыздың ауқымды шиеленістерін философиялық тұрғыдан саралаған. Жазушының «Оралу», «Күзгі жапырақтар», «Қыз Бәтіш пен Ерсейіт» повестерінің көтерген мәселелері де, ондағы образдардың түзілуі де табиғи, нанымды. Шығарма кейіпкерлері әйтеуір жүрген бір адам емес, нағыз ұлттық ой – санасы қалыптасқан, мінездері, іс-әрекеттері де қазақы қасиеттерге бай адамдар. Мінез мүсіндеу, ой толғау, сөз саралау, оқиға өрбіту, сөйлем құрау мен сюжет түзуге дейін – бәрі-бәрі мінсіз деуге болады.

Өміріміздің мәңгілік мұраты – асқақ адамгершілік қасиеттерді ардақ тұтуға уағыздау. Төлен аға сынды суреткер жазушының басты мақсаты екендігіне оның үлкенді-кішілі шығармаларын оқу үстінде көз жеткізуге болады.

Т. Әбдіков халықтың фразеологиялық байлығын өзіне ғана тән шеберлікпен қолдана білген. Оның қаламынан шыққан афоризм, нақыл сөздер халықтық үлгімен құрылған. Мазмұны терең, тұрпаты көркем келіп, жазушының өзіндік дара үнін танытады. Мысалы: *Кенет жүрегім су ете қалды. Бұл қалай келген хат? Палатада жалғызбын. Кім кіруі мүмкін? Неге мен жоқта келеді?* [7, 13 б.].

1) Т. Әбдіков шығармаларында фразеологизмдер **кейіпкерді мінездеуде** қолданылады. Мысалы, *Менің «бейтаныс құрбым» зымиян адам. Мені сырттан қалт әсібермей бақылап жүр* [7, 21 б.]. *Қызара білетін жаны жүқа жандардың өн бойынан теңдесі жоқ сұлулықтың, имангершілік пен шынышылдықтың лебі еседі* [7, 37 б.].

Жоғарыдағы келтірілген мысалдардың алғашқысында автор «зымиян адам» тіркесі арқылы «Парасат майданы» повесіндегі палаталас құрбысының қу, айлакер мінезін суреттеп, жағымсыз образ жасайды. Екіншісінде мысалда образға мүлдем қарама-қарсы кейіпкер бейнесі берілген. «Жаны жұқа жандардың» сияқты есім фразеологизм арқылы сұлу, нәзік, мінезі жұмсақ адам мінезделген. Фразеологизмдердің тәрбиелік мәні тұрғысынан келсек, жоғарыдағы кейіпкерлерді мінездеуде автор бірінші бейнеден оқырмандарын жирендірсе, ал екіншісін тәрбиелік мәнде қолданған.

2) Жазушы **фразеологизмдерді кейіпкердің психологиялық күйін суреттеуде** қолданады. Ұғымды дәлме-дәл, жан-жақты

бейнелеп жеткізуде фразеологизмдердің тап басып, дәл түсетін ұтымдылығы басым. «Көңіл күйді аңғартатын фразеологизмдер кейіпкер көңіліндегі әр сәттегі өзгерістер мен құбылыстарды аңдатады. Олар кейіпкерлердің психологиялық толғанысын: таңдану, қамығу, елжіреу, ашулану, күйіну сәттерін мәнерлі жеткізеді» [14, 8]. Фразеологизмдердің осындай мүмкіншіліктерін жазушы өз шығармасында кейіпкерлердің психологиялық күйініш-сүйініштерін, ой әсерлерін, рухани жан дүниесін нақты да нәзік бейнелеуге таңдап, талғап жұмсайды. Мысалы: «Үлкен жолдан Төлек сайына бұрылатын тағы бір жол бар еді. Сол жолдың бойында жатқан баланың киімін көрдім. Көп ұзамай тағы бір дорба... одан әрі Әпсембеттің пешпетін кездестірдім. **Зәре кетті.** Киімдері сүйектеріне жабысып қалған. Жылауға шамам келмей қалды. «Аллалай» бердім. Әпсаттардың өлігі көз алдыма келсе, осы күні де кейде **екі қолымды төбеме қойып, безіп кеткім келеді**» [7, 88 б.].

Жоғарыдағы мәтіндегі фразеологизмдер «Әке» шығармасындағы аштық кезінде өлген адамды суреттегендегі кейіпкердің жан қорқынышы мен үрейін психологиялық толғанысымен әсерлі де мәнерлі жеткізу үшін қолданылған.

Роберт креслоға отырды. «Бұл – білместік, иә қастандық», – деп күбірленеді өзіне-өзі. «Бұл – білместік... білместік...» Кенет тағы бір ой Роберттің **ішкі дүниесін дүр сілкіндірді.** «Қашу керек! – деді алқына сыбырлап» [7, 179 б.]. Бұл мысалда автор Роберттің ішкі жан – дүниесін берген.

«Роберт қолын берген жоқ. Өйткені қол беру қажет екенін есіне түсіре алмады. Әйелі қарсы алдына келіп, қадалып, ұзақ қарады. Әйелінің **үрейіне толы көзқарасы** санасын оятқандай болды. Ол өзінің әйеліне июнь айында туған күніне арнап үнемі раушан гүлін сыйлайтынын есіне түсірді. Содан кейін барып жымып әйеліне **көз тоқтатты**» [7, 178 б.]. Бұл сөйлемде автор Роберттің халін көрген әйелінің ішкі толғанысын суреттеген.

3) Кейіпкерлердің қуаныш, шаттық күйін беруде де фразеологизмдер ерекше қызмет атқарады. Мысалы, «*Бір күні Дүйсен ағайынды үшеумізді жинап алып, сауатымызды ашты. Өкіметтің ұстап отырған саясатынан хабардар болып, **ішіміз әжептәуір жылып қалды***» [7, 73 б.]. «*Кешкілік Әбекеңнің балалары тары нан жеп, мәре-сәре болып, жеңгеміздің де **төбесі көкке жеткендей қуанып, бір көтеріліп қалды***» [7, 82 б.]. «*Ол тек бір затқа-санадан тыс құдіретпен адамдар дүниесін байланыстыра алатын көріпкелдердің бар екеніне ғана қуанатын.*

Сол байланыстың біреуі қазір өз уысында отырғанына одан да бетер қуанды» [7, 171 б.]. Осы мысалдардағы фразеологизмдер шығарма кейіпкерлерінің өмір-тіршілігіндегі сан қырлы оқиғаларға ризалық жан сезімін айрықша мәнерлеп жеткізумен бірге, олардың мінезіндегі қат-қабат қырларын ашып, небір нәзік жайттарды айқындай түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ тілі грамматикасы. Алматы : Ғылым, 1967 жыл
- 2 Қазақстан жазушылары. Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009 жыл
- 3 Құрманғали Қ. Қоңыр күз күмбірі. А., «Санат», 2002, 305-б.
- 4 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы 1 том. Алматы 1998ж 599 б.
- 5 «Заман Қазақстан» газеті. 6,09,2002, 14-б. Мақала. Д. Исабеков «Адами парасат, әлеуметтік тереңдік»
- 6 «Қазақ әдебиеті» газеті. № 33-34, 1986, 6-б. Мақала. Т.Әбдіков «Жамандықты жеңу үшін өзімізді – өзіміз жеңе алуымыз керек»
- 7 Т. Әбдіков «Әке» Повестер мен әңгімелер жинағы. Алматы «Қайнар» 2005, 384 б.
- 8 Әбдіқұлы Т. Ақиқат повестер мен әңгімелер Алматы. Жазушы, 174-184 б.
- 9 Әбдіқұлы Т. Өліара. Роман – Алматы: Жалын 1985.-352 б.
- 10 Әбдіқұлы Т. Күзгі жапырақтар : Повестер – Алматы : Жазушы .1971.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЕСІМІ – ЖҰМАБЕК ҚАМЗИН

МУСТАФИНА Ф. К.

9 сынып оқушысы, Мұхтар Әуезов атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

АБЫЛОВА М. Ж.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,
Мұхтар Әуезов атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

*Бұл жалғаннан не пайда,
Халқыңа қызмет етпесең.
Халық нақылы*

Қазіргі уақытта, көбінесе, өткенді ұмытып бұрынғы дәуірдің жақсысынан жаппай бас тарту белең алған сияқты. Қоғамда рухани жаңғыру үрдісі жүріп жатқанын байқаймыз. Бірақ, заманның саяси ағымына бағынбайтын, бабалар аманатына адал азаматтар баршылық.

Солардың бірі, халықтың баласы атанған, бүкіл саналы ғұмырын еліне қызмет етуге арнап жүрген жерлесіміз Жұмабек Жөкенұлы Қамзин.

Жұмабек Жөкенұлы Қамзин – өңіріміздің нар тұлғасы. Жұмабек Қамзинның ғұмырнамасын зерттеу барысында, оның бүкіл болмысынан нардың жүгін көтерген тұлға екеніне көз жеткіздік.

Ат жалын тартып мінгеннен бері бүкіл саналы ғұмырын халқына қызмет етуге арнаған және бар жан-тәнімен, Шәкәрімше айтсақ: Ақ жүрек, таза ақыл, адал еңбекпен атқарып жүр.

Бар іс-әрекетімен, жалынды сөзімен аламанға жел беріп, аса жұртты менгерген Жұмабек Қамзин – нағыз ел үшін туған ер. Қомақты қоғамдық істердің басы-қасынан табылатын азаматтың өнегесі жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеудің үлгісі. «Әр қазақ – менің бауырым» деген ұран, оның өмірлік қағидасы.

Жүмекен Қамзинның танымал тұлғасына қызығып, мықтылығының себептерін зерттей келе, қазіргі жастарға, патриотизмнің, ұлтқа деген қамқорлық, жалпы адами құндылықтардың қадір-қасиетін ұқтырудың жолы – осындай аға ұрпақтың өнегелі өмірінен сабақ алу. Үлгі тұтарға лайық азаматтар қасымызда жүр.

Тәуелсіздіктің елеулі есімдерінің берегейі Жұмабек Жөкенұлы Қамзинның есімін ұлықтау арқылы Жаңа Қазақстанды көркейтегін белсенді жастарды игілікті істерге бастайтын жалынды, жігерлі жастарға күш берейік. Даурықпа, жалған ұраншылдықтан тазарып, ел үшін, ұлан байтақ жер үшін дейтін патриоттық рухтағы жаңа толқын қайта ораласатын заман туды деген сеніммен, бабалар салған даңғыл жолға түсу әрбір саналы жастың азаматтық парызы.

Алдымыздағы көшбасшы аға ұрпақтың сеніміне ие болу үшін оқу, еңбекпен қатар елжандылық сабақтарын жете білу керек. Осы бағытта бізге үлгі, өнеге Жұмабек Жөкенұлы Қамзинның жүріп келе жатқан жолы тамаша бағдаршам болар еді.

Осы жұмысты жазу барысында Е. Мундиновтың «Халық баласы» кітабы, БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары) – жарияланған дерек көздері, жеке мұрағаттарындағы суреттер, Жұмабек Қамзинның өзімен сұхбаттар пайдаланылды.

Қорыта келе, біздің алдағы мақсатымыз бір басында бірнеше қасиеті бар Жұмабек Қамзин кім десек: ол – көшбасшы, білімді, өнерпаз; өз ана тілін де, орыс тілін де жете менгерген сөз зергері, тәжірибелі электролизші-инженер, ол – жастар тәлімгері, архитектор, туған жердің тарихын білетін өлкетанушы. Ал осы қырларының бәрінен жоғары тұрған қасиеті – ұлтжандылығы.

Отанын, оның қаһармандарын шексіз сүйетін ел жанашыры, қайырымды азамат.

Біз бүгін сан қырлы еңбегінің бірі – ҰОС-ның қаза болған боздақтарына арналған «Майдан жолы» экспедициясына сіңірген еңбегіне ғана тоқталамыз.

Жұмабек Жөкенұлы Қамзинның комсомолдан вице-президенттікке дейін жүріп өткен жолына тоқталмай тұрып, оның өскен ортасы туралы деректерге көңіл бөлейік. Адамның тұлға ретінде қалыптасуының басты шарты – өскен ортасы, ата-ана тәрбиесі.

«Бұл жалғаннан не пайда, халқына қызмет етпесен», – деген даналық сөз Жұмабектің жүрегіне Күләнда анасының ақ сүтімен бойына сіңіріліп, ер жетіп, азамат болды. Егер, Ж. Қамзинның өмірбаянына қысқаша тоқталсақ, ол 1960 жылы Ақтоғай ауданындағы Қожамжар (бұрынғы Рассвет) ауылында, көпбалалы отбасында дүниеге келді. Осында 8-жылдық білім алып, әрі қарай Қожамжардағы № 141 СПТУ-да білімін жалғастырды. Туған ауылындағы кәсіптік-техникалық училищенің қабырғасында жас өспірім Жұмабек бокспен шұғылданып, тіпті облыстық жарыстың жеңімпазы болды. 1978–1983 жылдарда ППИ-нда яғни бокстан жоғары деңгейлі дәрежеге жетті [«Дорога к зрелости, 114–116 б.].

Жұмабек Қамзин 1983 жылы Павлодар пединститутының дипломымен спорт жаттықтырушысы болып, өзінің №141 СПТУ-на оралады. Жас маманның тәрбиеленушілері оңай контингенттен емес еді. «Қиын балалар» атанып, жалпы білім беру мектебінен шеттелінген балалардың тілін тауып, тіпті олармен әскери-патриоттық тәрбие берудің үлгісін көрсетті. № 141 СПТУ-да аудандағы алғашқы патриоттық клуб құрылып, Ауған соғысында қаза болған жерлестерге арналған іс-шаралар өткізілді. Шаңғы, велосипед пробегтарын өткізуде ұмытылмас әсер алған балалар кейін, өздерінің отаншылдыққа, бауырмалдыққа, дұрыс өмірлік таңдауға жол көрсеткен жас маман Жүмекен Қамзинге ризашылығын білдіреді [«Қайролла Құстанбектегі, 187 б.].

Жұмабек Қамзинның жұлдызы жанған уақыт Қазақстан Алюминийді ашық Акционерлік қоғамның Президенті Алмаз Ибрагимовпен кездесуден басталады. Жұмабек Қамзин өзінің жеке жоспарларымен, яғни Ұлы Отан соғысында қаза болған жерлестерге ескерткіш қойып, олардың өшпес ерлігі жайында фильм түсіргісі келетін А.Ибрагимовқа айтқан болатын. Сөйтіп, «Менімен бар ойынды жүзеге асыра аласың, мен саған міндетті түрде көмектесемін», – деген уәдесінде тұрды. Евразиялық табиғи

ресурстар корпорациясы құрамына кіретін ҚЭЗ-ның қолдауына ие болған Жұмабек Қамзин облыстық, республикалық, тіпті халықаралық деңгейде қолдау тапқан «Батырлар жолымен – Дорогой Славы» авторлық жобасымен жүзеге асыруға кіріседі. Бабалар аманатын арқалаған «Майдан жолы» экспедициясы Қазақ ССР-ы заманындап орнатылған ескерткіштерді жаңарту, «Бауырластар» зиратына жерленген қазақстандық боздақтардың есімдерін анықтау мақсатын алға қойды. Осы мақсатты жүзеге асыруды жедел қолға алған Жұмабек Қамзин екі ай ішінде, яғни 2005 жылдың Жеңіс күні, бірнеше ескерткіштердің салтанатты ашылу рәсімін өткізеді [«Халықтың баласы», 10 б.].

Атап айтсақ, Жұмабек Қамзин 12 жасар оқушы кезінде Подольск әскери мұрағатына іздеу салған жерлесі Павел Ефимович Дубовойдың қабіріне ескерткіш орнатып, оның туған жері Қараойдан алынған қасиетті топырақты сеуіп тұрып, тебіреніп:

Жеріннен туған әкелдім,

Бір шөкім топырақты.

Қабіріңе себейін,

Сыйлықты, ең қымбатты, – деген болатын.

Ақтоғайдың тумасы П. Е. Дубовой өшпес ерлігін 1944 жылы наурызында әскери картада 192,7 биіктік деп белгіленген Бородинода жасады. 20-ға да толмаған қазақстандық командир 28 сарбазымен 28 панфиловшылардың ерлігін қайталайды. Ол Кеңес Одағы Батыры атағына қаза болғасын ұсынылады, бірақ белгісіз себептермен қаһарман ақтоғайлық аға лейтенантқа бұл атақ бұйырмайды [«Дорога к зрелости, 234–238 б.].

Павлодар қаласында жасақталған іздеушілер отряды, енді ескерткіштерді жаңартушы құрылысшыларға айналады. Отряд жетекшісі Жүмекен Қамзин де қалақша мен өлшеуішті қолға алып, бас құрылысшы әрі сәулетші, оның адамдарымен тіл табысып, кіммен болса да мәмлеге келе алатын игі қасиеттері осы сауатты да жауапты жолда үлкен роль ойнайды. Мысалы, ескерткіштер салу барысында Ақтөбе «Құрылыс Комплект» мердігерлері, Ресейлік жергілікті ұйымдар, боздақтардың жақын туыстары, Қордай гранитін жеткізушілер, танымал мүсінші қазақстандық Марат Айнеков сияқты азаматтар «Батырлар жолымен – Дорогой славы» экспедицияларын қызу қолдап, экспедицияның мерейін тасытты.

Павлодарлық отрядпен бірге астаналық «Майдан жолы» 2005-2015 жылдары ерлікке пара-пар құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Қазақтың қос жұлдызы, Кеңес Одағының Батырлары

Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәмбетова, лебязілік Әбілқайыр Баймолдин, тараздық Ибраһым Сүлейменов, ақтоғайлықтар батыр ұстаз Серікбай Мүткенов пен Павел Ефимович Дубовой; латыш азаматы Кеңес Одағының Батыры, подполковник, латыш шаңғышылар полкының командирі, фашистер тірідей өртеген Ян Райнбергке, 730 қазақстандық боздақтардың басына стелла орнату сияқты жұмыстар жүргізілді.

Осы «Майдан жолы» экспедициясының басы-қасында жүрген талай азаматтардың есімі, сіңірген еңбегі туралы Жұмабек Қамзин жыр ғып айтып та, жазып та жүр. Олар ҚЭЗ-ның президенті Алмаз Ибрагимов, осы жобаның басты демеушісі. Олар ҚЭЗ-ның президенті Алмаз Ибрагимов, осы жобаның басты демеушісі.

Майдан Көмекұлы Құсайынов – аты аңызға айналған іздеуші, әскери таиқшы ЕАУ-нің профессоры, Астанадағы «Мемориалдық аймақтың командирі, ТМД елдері іздеушілер қозғалысындағы ең мол тәжірибелі, беделді азамат Павлодарлық экспедиция осы білімді қайраткермен қоян-қолтық қарым-қатынас жасап, осы жолды таңдайды. Сондықтан экспедиция «Майдан жолы» аталып, «Батырлар жолымен – Дорогой славы» халықаралық жобасының құрамдас бөлігіне айналды [«Дорога к зрелости, 234–238 б.].

Облыстық Потанин атындағы мұражайдан Г. Нұрахметова, ПГУ-дің оқытушылары мен студенттері, ПЭЗ-ы қызметкерлері белсене, қатысуымен «Майдан жолы» экспедициясының атқарылған істері туралы деректерден қысқаша мәліметтер келтірейік:

Ұлы Жеңістің 65-жылдығының құрметіне Ленинград облысындағы Синявский биіктіктерінде Ленинград қаласын қорғау кезінде қаза болған 4000 павлодарлық боздақтарға орнатылған ескерткіш;

Невель қаласындағы бауырластар зиратында 100 казак бригадасының командирі мен жауынгерлері Әбілқайыр Баймолдин (лебязілік), Мәншүк Маметова, Ибраһим Сүлейменовтардың қабіріне белгі орнатылды;

Өткен ғасырдың жылдары орнатылған Әлмия мен Маншүктің қола мүсіндері қайтадан құйылды;

Осы он жыл ішінде Ресей мен Украина, Қазақстан жерінде 23 ескерткіш – стелла, бюстер, мемориалдық такталар,obeliskілер тұрғызылды;

Ертіс өңіріне әкелінген 700 экспонат облыс мұражайларына табысталды.

«Майдан жолы» іздеушілері Павлодар облысына 70 жыл өткеннен кейін, Новгород ормандарында табылған екі жауынгердің сүйегін туған жеіне жеткізді. Олар қашырлық Жұмабай Бектұрсынов пен Жұмабек Нукенов ата-баба қорымына жерленді. Қашырлықтар Жұмабай Бектұрсыновқа мазар соғып, ата-бабаның рухына тағзым етудің қасиетті орынға айналдырмақшы.

Осы экспедициясының отряды ресейлік іздеушілермен бірігіп 600-ден астам кенестік жауынгерлерді қайта жерлеуге қатысты.

2015 жылы Жұмабек Қамзин үлкен мемориалдық ескерткіштің жобасын қолға алады. 2500 кеңес әскерлері жерленген зиратты жаңғырту басталады, олардың 730-ы қазақстандық боздақтар, Әлия Молдағұлованың сүйегі де осы Монакова селосында. Бір айдың ішінде құрылысшылар ашық аспан астында керемт кесене тұрғызды.

Москва үшін шайқаста қаза болғандардың құрметіне биіктігі 3,5 м, ұзындығы 25 метрлік Кремль қабырғасы қаланды. 27000 қызыл кірпіш Москва түбінен алынса, 110 бөліктерден тұратын әскери айшықты темір қоршау Павлодар қаласында дайындалды. Кремль қабырғасына орнатылған 20 гранит тақталардың әрқайсысына «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» жазуының астында екі жарым мың боздақтардың есімдері қашылып жазылды. Белгісіз солдатқа арналған тақта да қағылды. Бұл есімдердің ішінде Панфилов дивизиясының сұр мергені Тілеуғали Әбдібеков, бір өзі 397 фашистің көзін жойған. Т. Әбдібековпен қатар атыраулық Георгий Постолюковтің аты қашалған, 1944 жылы қаңтар айында жау дзотын өз денесімен жауып, Отан үшін жан қиған екен.

Жұмабек Қамзин жетекшілік жасаған осы патриоттық жобадағы ескерткіштер шетелде сызылып, жүзеге асырылды. Аса іскер, адамдармен тез тіл табысатын бас құрылысшыны ресейлік әріптестері құшақ жая қарсы алып, қызу қолдады.

«Елімнің өткен ұмыттырмаймын, ел қорғаған батырлардың атын жоғалтпаймын», деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген Жұмабек Қамзиннің осы «Батырлар жолымен – Дорогой славы» жобасында атқарған ісінің санамаланан кестесіне қарап таң қаласын, ерліксіз «Не қылған ғажап адам» деп қатты құрметтейсің [Перечень памятников, 314–319 б. қосымша].

Павлодарлық талантты тілші Салауат Темірболатұлы осы сапарларда Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған «Чтобы помнили» фильмін (Хабар ТВ) түсіріп, көзге түсті. София қаласында өткен Халықаралық кинофестивалдің ГранПриин жеңіп алды. Сөйтіп,

Еуропаға да «Батырлар жолымен – Дорогой славы» жобасының патриоттық қозғалысы мәшһүр болды.

Бұл құнды деректер ұстаздар үшін, жастар үшін құнды жәдігерлер көзі [«Халықтың баласы» 319 б.].

Аспаны ашық бейбіт күнде де Отан үшін отқа түсіп жүрген Жұмабек Қамзиннің ерлікке пара пар еңбегін өскелең ұрпаққа жеткізу ауадай қажет. ҰОС-нда қаза болған бабалардың аманатын арқалап, нардың жүгін көтерген «Батырлар жолымен – Дорогой славы» даңқты жолын жүріп өткен іздеушілердің ісін жалғастыратын ұрпақ өсіп келеді.

Халыққа қызмет етудің жарқын үлгісін бар болмысымен дәлелдеп жүрген Жұмабек Қамзин өте қарапайым кісі. Романтик, діни наным-сенімге сенетін, салт-дәстүрді ұстанатын рухы мықты адам. Әрбір қомақты істі бастар алдында үлкендердің батасын алып, әруақтарға дұға бағыштайтын әдеті бар. Аян көретін қасиетінің арқасында қолға алған істерінің ілгерілейтініне кәміл сенетін ақкөңіл адам екендігі де Жұмабек Қамзиннің өмір тарихын зерттеу барысында бізге мәлім болды.

Қорыта келгенде, Жұмабек Қамзиннің өмірлік тәжірибесінен түйген ойлары:

- патриоттық адам алдымен ана тілін меңгеруге күш салу керек;
- Ұлы Отан соғысының ержүрек ата-апаларымыздың ерліктерін паш ете отырып, жастардың бойына патриоттық сезімді сіңіру керек;
- меніңше, қарабастың қамын ойлаған жандар еліне еш үлес қоса алмайды;
- «өлі разы болмай, тірі байымайды» дегенді ұмытпау керек, өткенге үңілу, ата-ананы құрметтеу;
- қанымызға сіңген қасиет;
- қиын-қыстау кездерде қазақ халқы қаншама ұлтқа пана болды, адамгершіліктің биігінен көріндік, осы бірлік пен ынтымақ жолынан танбау керек;
- қазіргі таңда патриоттық тәрбие көлеңкеде қалды, мектептерде әскери-патриоттық бағыттағы бастамаларды іліп алып кету керек;
- әлемдік деңгейдегі спорт жарыстарында көк туымызды желбіретіп, Әңұранымызды шарықтатып жүрген білекті ұл-қыздарымыздың жетістіктерін кеңінен насихаттап, өскелең ұрпақтың соларға еліктеп өсуіне жағдай жасау керек.

Жұмабек Жөкенұлы Қамзин атап көрсеткен басты идеялары әрбір отаншыл тұлғаға ой салады, жас ұрпақты жаңа биіктерге жетелейді. Қарапайым ауыл баласынан көрнекті қоғам қайраткеріне

дейін жүріп өткен Жұмабек Қамзинның дара жолы – халыққа қызмет етудің үлгісі. «Нар тәуекел», - деп тағы да бір қиын шаруаны бастап кететін ағамызға сәттілік тілей отырып, осы жұмысымызды тәмамдайық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мундуинов Е.Қ. Халықтың баласы – Павлодар – ЖК «Сыгина Н.И.» баспаханасы, 2017. - 342б
- 2 Мундуинов Е.Қ. Дорога к зрелости – Павлодар – ЖК «Сыгина Н.И.» баспаханасы, 2017. – 214б
- 3 Мундуинов Е.Қ. Дела юности комсомольской – Павлодар – ЖК «Сыгина Н.И.» баспаханасы, 2017. – 234б
- 4 Мундуинов Е.Қ. Тропа к обелискам – Павлодар – ЖК «Сыгина Н.И.» баспаханасы, 2017. – 241б
- 5 Мундуинов Е.Қ. Коротко о нем – Павлодар – ЖК «Сыгина Н.И.» баспаханасы, 2017. – 12б
- 6 Мундуинов Е.Қ. Жұмабектің пір тұтқан адамы – Жандарбек Қожа – Павлодар – ЖК «Сыгина Н.И.» баспаханасы, 2017. – 50б
- 7 Мундуинов Е.Қ. Рожден для поиска – Павлодар – ЖК «Сыгина Н.И.» баспаханасы, 2017. – 138б
- 8 Мундуинов Е.Қ. Чтобы помнили – Павлодар – ЖК «Сыгина Н.И.» баспаханасы, 2017. – 165б
- 9 Мундуинов Е.Қ. Жұмабек – халық қызметшісі – Павлодар – ЖК «Сыгина Н.И.» баспаханасы, 2017. – 226б
- 10 Мундуинов Е.Қ. Павел Ефимович Дубовой – Павлодар – ЖК «Сыгина Н.И.» баспаханасы, 2017. – 233б

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МЕН АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮНДЕСТІГІ

НАРХОДЖАЕВА Г.

10 «Б» сынып оқушысы, № 109 ЖОББМ, Шымкент қ.

АБДИГАНИЕВА Х. О.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 109 ЖОББМ, Шымкент қ.

Ыбырай Алтынсарин-өз өмірін қазақ жерінде жаңа үлгідегі мектептер құруға және туған халқының білімді, өркениетті, мәдени елдер қатарына енуіне арнаған ұлы тұлға. Ол өзінің ағартушылық, педагогикалық, ақын-жазушылық тарихи қызметі мен орасан зор

талантын, жан-жақты терең білімі мен күш-жігерін еліміздің жас ұрпағын тәрбиелеуге, жастарды өз заманының озық ғылымымен қаруландыруға, мамандық түрлерін оқытуға арнады.

Ыбырай көптеген кедергілер мен қиындықтарды жеңіп, осы жолда үлкен жетістіктерге жетіп, туған халқының мақтанышына айналды. Ыбырай 1841 жылы 20 қазанда Қазіргі Қостанай облысы, Қостанай ауданында дүниеге келген. Үш-төрт жасында Алтынсарының әкесі қайтыс болып, ол Балғожаның атасының қолында тәрбиеленді. Ыбырай мектепте ынтамен оқып, 1857 жылы оқуын «өте жақсы» деген бағаға бітіріп, 1859 жылдың тамыз айына дейін туған елінде лингвистикалық қызметте жұмыс істеді. Қалада зерделеу, қазақ даласына беймәлім жаңалықтарды ұғыну, ой-өрісін кеңейту қазақ қоғамының жай-күйін неғұрлым терең түсінуге және жаңаша сезінуге, өз бетінше ойлауға келуге мүмкіндік береді. Білімді өз бетінше іздеуге және байытуға ұмтыла отырып, Ыбырай өз алдына пұтқа табынушы болуды емес, туған халқы үшін пайдалы басқа адамға қызмет етуді мақсат етеді. Оның ынта-жігері ағартушылыққа айналады.

1860 жылы Орал қаласының шығысындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылған кезде Ыбырайдың өзі Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, сол жерге келді. Бірақ мектеп бірден ашылмайды. Осы аралықта Ыбырай ел ішіндегі мектептің пайдасын түсіндіріп, кейбір балаларды үйде оқытады.

Торғай мектебі тек 1864 жылы ашылды. «Биыл 8 қаңтарда Мен көптен күткен орынға келіп, мектеп аштым. Оған 14 қазақ баласы кірді. Ыбырайым мектептегі сабақтар мен тәрбие жұмыстарын сол кездегі орыс мектептерінің мысалында салған. Қазақ тілінде сабақ жүргізе отырып, ол балаларға орыс тілін үйретуге, пәннің негіздерін білуге тырысады. Тәрбие жұмысы жаңа ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған.

Ыбырай жақсы түсінеді, оны халық өте увлечен мәдениеті мен білімі бар. Бұл оны жігерлендіреді. Ыбырай әлеуметтік теңсіздікті, Ел ішіндегі әділетсіздікті де көрді. Әкімдердің теріс қылықтарын сынға алды. Олардан қарапайым адамдар келді.

Осылайша Ыбырайымның ағартушылық, демократиялық көзқарастары қалыптасып, дамыды. Қоғамдық әділетсіздік пен адамгершілікке жатпайтын моральмен күресу үшін ол ел ішінде білім мен өнерді тарату аясын кеңейту қажет деп санайды. Дәл осындай ниетпен ол барлық күш-жігерін мектеп ісіне, балаларды оқыту жүйесін жақсартуға жұмсайды.

1876 жылы Ыбырайым Петербургке, қазанға барды. Орыс ағарту жүйесін, Орыс ағартушыларының еңбектерін зерттейді. Ол қазақ тілінде оқу құралдарын жасауды ойлайды.

Ыбырай қазақ қыздарын оқытуға ерекше көңіл бөледі. Бұл ескі әдет-ғұрыптармен күресудің бір әдісі. 1887 жылы Ырғызда қыздарға арналған мектеп ұйымдастыру-оның үлкен ағартушылық еңбегі.

Қазақ даласындағы мектептер санының артуына байланысты Ыбырай мұғалімдерді даярлайтын мектеп ашуды бастады. 1881 жылы Омбыда алғашқы мұғалімдер мектебі ашылды.

Ыбырай тек мектеп ашу ісімен ғана шектелмеді. Ол осы мектептердегі тәрбие, оқу жұмыстарына ерекше назар аударды. Бай адамгершілік және жолдастық қасиеттерге ие талантты және мәдени педагог-жазушы Ыбырай орыс зиялылары арасында ең беделді және құрметті болды. Оқулықты құру жолында Ыбырай қазақ балаларын мектепте оқыту мен тәрбиелеудің басты құралы ретінде қарастырады. Ол балаларға ана тілін таза және ұқыпты ұстауға үйретеді, кішкентай өнер туындылары арқылы оларға жақсы мінез-құлықты қалыптастыруға тырысады. Мазмұны балаларды тәрбиелейтін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптар... өз тілінде... мен басып шығару керек екенін білдім. Өзі 1876 жылдан» Қазақ хрестоматиясын» жазуға кіріседі, оны 1879 жылы Орынборда басып шығарады.

«Қазақ хрестоматиясы» балаларға арналған өлеңдер мен қысқа әңгімелерден тұрады. Оның кейбіреулерін өзі жазды, кейбіреулерін сол кездегі орыс оқулықтарынан еркін аударды. Хрестоматияға қазақ халық әдебиетінің үлгілері енді. «Қазақ хрестоматиясы» арқылы жеткен Ыбырайдың барлық әдеби мұрасы оның көркем шығарманы жазуды ағарту идеясына бағындырғанын айқын көрсетеді. Ол әдебиетті баланың санасына әсер ететін, оны жақсы, үлгілі істерге үйрететін күшті құрал деп санады.

Ыбырайдың «қазақ хрестоматиясы» атты әдеби еңбектер жинағы (1879) ағартушылық мақсатта жазылған екі танымал поэмамен ашылды. Ақын Бұл өлеңдерді бір кездері «сөздің басы» деген атпен алған.

Қазір бұл өлеңдер «Кел, балалар, оқы», «өнер-білім» деген атпен танымал. Ол білімді насихаттаудың және халық ағартушылығына арналған әдеби шығармаларды оқудың ұтымды әдісінің қажеттілігін көрсетті. Оқу терең сезінді, ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттай алатын қысқа көлемді поэтикалық шығармалар әсіресе білімнен жас адамдар үшін

ұтымды болды деп сенді. Қазақ жастарын оқуға, мәдениеттің жаңа дәстүрлерін меңгеруге, оларды дарытуға шақырды. «Кел, балалар, оқылық» поэмасында ақын қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлерін шебер қолдана отырып, білім мен надандықты, жақсылық пен жамандықты біріктіріп, салыстырды.

«Өнер-білімі бар адамдар» өлеңінде өнер мен білімге қол жеткізген адамдардың экономикалық артықшылығын көрсететін ғылым мен техниканың ең маңызды жаңалықтары қамтылған. – Мен алмаймын, – деді ол, – Мен алмаймын, алмаймын, алмаймын, алмаймын. Оларға «өсиет өлеңдері»,» Әй, балалар» және т.б. сияқты өлеңдер кіреді. мұндай өлеңдер жоғары моральдық тұрғыдан адал – еңбек мінез-құлқын көрсетеді, еңбекке жарамсыздықты көрсетеді, ұрлықты, әділетсіздікті сынайды.

«Қазақ хрестоматиясына» енген өлеңдерінде Ыбырай халық ағарту идеясын да көтерді. Оның «жүр, балалар, оқы!», «Өнер-бұл білімі бар адамдар». «Жүр, балалар, оқы!» өлеңдер жастарды оқуға, оқуға шақырады.

Осылайша, ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, оқуға шақырады, ал екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым-бұл жалпы халық үшін маңызды емес білім деген ескі көзқарасты бұзады. Өмірдегі таусылмайтын байлық білім екенін айта отырып, ол білімге жету үшін адам үнемі оқып, тынымсыз жұмыс істеуі керек екенін түсіндіреді. Ыбырай өзінің «өнер-білімі бар адамдар» атты өлеңінде оқу, білім алу мақсатын кеңінен ашады. Өлеңнің негізгі идеясы – қазақ қауымына озық мәдениетті елдерді үлгі етіп көрсету.

Поэманың негізгі идеясы-қазақ қауымына Үздік мәдени елдерді көрсету. Ыбырай оқыған адам бола тұра, ол өз халқының бір бөлігі болып, оны «тастан сарай салған және айшылықтан көзін ашқан, тез хабар алған» елдерге жеткізуі керек екенін білген. Болашаққа сенген Ыбырай өмір салты, болашақтың иесі-жастар екенін айтты.

Өлеңдеріндегі жақсылық пен жамандықты, білім мен надандықты салыстыру әдісі оларды жас балаларға мәнерлі етуді мақсат етеді. Сондықтан Ыбырайым салыстыру жасайды, оларды өз дәуірінің оқырмандарын түсінуге оңай етеді. Бұл өлеңдердің көптеген сөздері бүгінде мақал-мәтелдерге айналды.

Адамгершілік-рухани тәрбиенің маңызы. Рухани-адамгершілік тәрбие өзін-өзі танудың дамуына жағдай жасауды, адамның этикалық ұстанымын, оның моральдық қасиеттері мен бағыттарын қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес қалыптастыруды қамтиды.

Дінмұхаммед Сұлтанғазин «Дала уәлаяты» газетінің 1890 жылғы алтыншы нөмірінде «біздің қазақ туралы бес-алты сөз» мақаласында Ы. Алтынсариннің қазақ тілінде кітап шығарғанын және ана тілін құрметтегенін қуана жазады.

Ұлы мұғалімнің қызметі мен өмірі, үлгілі істер, шығармашылық, мұғалімнің жолы, оның өмірлік ұстанымы «естеліктерде» жақсы көрініс тапты. Автор өзінің естеліктерінде Ыбырайыммен қалай кездескенін, оның атасы әйгілі Балғожа биінің тікелей мотиваторы болғанын айтады.

Бір сөзбен айтқанда, бүкіл саналы өмір, қызмет, шығармашылық, тұрмыс, Ыбырай отбасы жадында көрініс табады.

Торғайда жаңа үлгідегі мектептің ашылуы, оның құрал-жабдықтарын сатып алуға қаражат жинау, қолөнер мектебін, әсіресе қыздар мектебін ашу, жатақхана салу, осы жолдағы жеңіс, сөзсіз, қызығушылықтың, жанқиярлықтың, табандылықтың нәтижесі.

Ыбырай Алтынсарин және Ахмет Байтұрсынов Ұлттың ұлы ұстаздары. Ыбырайым - ұлы ағартушы. Ахмет Байтұрсынов халық ағарту ісінің де, ағартушылық әдебиеттің де, журналистиканың да негізін қалаушылардың бірі бола отырып, жасаған игі істерінің бәрін жалғастырып, дамытады, дарынды ізбасар болып табылады.

Халқымыздың кеменгер ұлдарының бірі Әлихан Бөкейханов 1925 жылы Ахметке хат жазған:

«Егер сіз өз хатыңызды өзіңіз жазсаңыз жақсы болар еді. Ол сіздің ағаңыз емес пе? Егер ол қазір өмір сүрсе, онда ол сіз сияқты болар еді, ал сіз бұрын туылған болсаңыз, ол өз жұмысын жасар еді», - деді ол екі мақсаттың бірі-бір-бірімен рухани жақындығын баса айтты. Шын мәнінде, Ыбырай мен Ахметтің ұлттық мүдделерден туған бір-бірімен ұқсастықтары көп.

Міне, біз егемендік алған алғашқы жылдардағы кейбір келеңсіз істер біздің санамызға оралады. Оқулықтар жоқ, бастауыш мектеп мұғалімдері жетіспейді, дегенмен көптеген ауылдар мен аудандарда, облыс орталықтарында, қалаларда бастауыш мектептер ашылып, бірден жабылды. Мұның бәрі-ойланбаудың, асығудың салдары, өйткені біз ойламадық, артқа қарамадық, бүгін көрмедік, ертең көрмедік. Ғасырдың басында Ұлы мұғалім: «алдымен түзету керек, бала үйрететін кітаптарды тандап, содан кейін неден бастау керектігін және неге балаларға сабақ беретінімізді анықтау керек», - деді...

Әрі қарай, автор әркім өзінің мамандандырылуымен, не істей алатындығымен айналысуы керек және мұғалім баланың мінезі мен жан дүниесін жақсы білетін адам болуы керек деп ескертеді.

Біз болыстардың, билердің, соттардың, дәрігерлердің қателіктерін, халқымыздың надандығын сынға алғандай, біз баланы оқытуда не бар екендігі туралы сөйлесіп, «біз баланы тәрбиелеуді түзетуден бастап, елді түзетуді бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Неге екенін мен болысы, және билік және халық түзетіледі оқумен. Қазақ ісіндегі көптеген кемшіліктер оқу арқылы түзетіледі. Бұл күні көптеген ересектер біздің жаңалықтар пікірімізді түсінбейді, не айтқанымызды тыңдамайды, не істеп жатқанымызға қосылмайды. Олар өтіп, кейінгі жастар да өз-өзіне келді. Жаңалықтарда жастар, Қайраттар, халықты түзетуге деген үміт бар. Сондықтан жастардың қалай оқитыны және тәрбиеленетіні-бұл ең алдымен ескерілетін және бәрінен жоғары қойылатын жұмыс». Ол қазақ тілінде оқып, жазуды үйренгеннен кейін ғана орыс тілінде оқуға болатындығын, яғни баланың тілі алғаш рет ана тілінде пайда болуы керек екенін баса айтады. – Мен сенің басыңда не бар екенін білмеймін, – деді ол. Балаларды оқытатындардың көпшілігі ноғайлар, сондықтан олар қазақ дыбыстарын жақсы білмейді, бірақ қазақ балаларына қазақ тілінің дыбыстарын білмей-ақ жаңаша үйрете алмайды.

«Екінші кемшілік, – дейді автор, – Қазақстан ішінде балаларды оқытатын қазақ мұғалімдері де, ноғай мұғалімдері де дыбысты үйретуді бастамайды. Дыбыспен жаттығу оқуды, жазуды жеңілдету үшін пайдалы болуы мүмкін екенін білмедім, бірақ мен білмедім. Балаларды дыбыспен оқыту оқу мен жазуды үйренудің негізі болып табылады, егер істің басталуы тікелей басталса, онда қозғалыс тікелей жүреді».

Ғалымның бұл пікірі әлі күнге дейін іске асырылмаған. Кеше сияқты, Кеңес заманында да, қазір де көптеген балабақшалардағы балалардың тілі басқа тілде – орыс тілінде шығады, ал мектепке барғаннан кейін ол қазақ дыбыстарын біле бастайды. Тілі орысша шыққан бала «Қ»-мен «К»-ні, «Ғ»-мен «Г»-ні, «Ы»-мен «І»-ні, «Ұ»-мен «У»-ні, «Н»-мен «Ң»-ды айыра алмайтынын күнде көзіміз көріп жүр. Бұл тіпті орыс тілінде мектеп бітірген университеттерде оқитын студенттердің кемшілігі. Ғалымның бұл пікірі әлі күнге дейін іске асырылмаған. Кеше сияқты. Көптеген ата – аналар істің мән-жайына бармай, өз балаларын орыс тілінде емес, мектепке, оның ішінде қазақ мектебіне, қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдерге: «қазақ мектептері балаларды дұрыс оқыта алмайды, жаман» дейді.

Ана тілін үйрену әрқашан маңызды тақырып болды және күн тәртібінен шықпады. Өздеріңіз білетіндей, бірінші кезекте

отбасында, ал мектепте біріктірілмеген тіл балаға да, мұғалімге де қиындық тудырады.

«Осы уақыт ішінде жанды таңдандыратын барлық нәрсені ғылым да тапты», - дейді Ахмет. Бұл сөз бұрын да, қазір де айтылған. - Иә, тағы да қол қысқа... Келгенде ғылым, өнер, білім, «не хочу быть қысқа жіппен, ал backtrack-не отступит қандай ел?»

1913 жылы жазылған бұл мақалада бүгінгі күннің проблемасы туралы айтылады. Қазір қазақ мектептерінің көпшілігі ауылдарда, аудандарда. Қалаларда қазақ мектептері өте аз. Мысалы Қостанай қаласында әлі де қазақ мектептері жеткіліксіз. Мысалы, Қостанайда әлі күнге дейін қазақ мектептері жеткіліксіз. Әрине, қазақтар көп жерлерде-ауылдарда қазақ мектептері көбірек болады, бірақ егер қазақ мектептері облыс орталықтарында ашылса, бұл жағымды да, қуанышты да іс емес пе?

Жоғары оқу орындарының ақылы болуы ауыл балаларының, әсіресе қазақ жастарының жоғары білім алуына үлкен кедергі келтіретіні жасырын емес. «Орта және жоғары мектептерде қазіргі уақытта мемлекеттік орындар жоқ», - дейді Ахмет ата.

Мақала авторы « қазақ халқында бұл күні орыс және қазақ тілдері оқылады. Одан әрі «ел байлығы» оқу отбасыларын оқыту мәселелері («Қазақ» газетінің авторы, «Қазақ» газетінің авторы, С.О. тұрмағашы) былай деп жазады.

Жанашырлықпен жазылған бұл мақала да бай, ойлы, қызықты, проблемалық мақала болып табылады. Кезінде Ахмет көтерген осы маңызды мәселелердің барлығы әлі күнге дейін шешілмей келеді.

Халықтың әл-ауқатына, білім деңгейіне, талантына және оқушының талаптарына байланысты оқу орындарында қазыналық орындар көп болар еді, ең жақсылары ертенгі күннен үміт үзбес еді.

Ыбырай Алтынсарин Торғайда, Ырғызда, Ақтөбеде, Қостанайда Троицкіде мектеп ашқан, ал Ахмет Байтұрсынов бүкіл қазақ халқы үшін мектеп болған. Жаңа мектептердің ашылу жолдарын көрсетті. «Қызыл Қазақстан» журналының 1923 жылғы он төртінші нөмірінде: «мектептерде Үкіметтің барабарлығы анықталмайды, Үкімет тек 2116 адамның шығынын көтермекші, ал балаларды бірқалыпты оқытуға 20000-нан астам адам талап етіледі. Сондықтан бір ауылда немесе бір болыста күш біріктіру, кедей, кедей, кедей тұрғын үйге салық салу, осы жинақталған салықтарды оқытушылар мен басқа қызметкерлерге, оқу құралдарына төлеуге (жұмсауға), жергілікті оқу орындарымен шарттар жасасуға және мектептер ашуға міндеттеу қажет. Мектеп жанынан интернаттар ашу керек», - деп жазады ол.

Ыбырай-қазақ балаларына арналған алғашқы «Қазақ хрестоматиясын» (1879 жыл) құрастырушы. («Қырғыз хрестоматиясы» деп аталатын – С.О.) алғашқы қазақ оқулығының шығуы халқымыздың өміріндегі тарихи оқиғаға айналды. Содан кейін, сол 1879 жылы оның «Қырғыздарды орыс тіліне оқытудың алғашқы нұсқаулығы» атты кітабы жарық көрді.

Ахмет тағы да Ыбырай бастаған игі ісін жалғастырды. «Оқу құралы» (1 кітап, 1912), «қазақ оқуы», «баянист», «сауат», «Жалқау, айырықша әдіс», «Қай әдіс жақсы», «алып-би» және басқа да оқу-әдістемелік кітаптар. Бұл кітаптар әлі күнге дейін мектептерде қолдануға болатын құнды, құнды қазыналарды жойған жоқ. Емле, ағарту, терминология мәселелері туралы тағы қанша мақала бар!

Кем дегенде, одан әрі даму, Ахмет Ыбырайдың іске асырыла алмаған идеяларының заңды жалғасы...

Ыбырайдың мектеп туралы сөзі: «мектеп-қазақтардың білім алуының басты құралы... Бұл біздің үмітіміз, қазақ халқының болашағы, тек осы мектептерде», - дейді мұғалім: «Мұғалім-мектептің жүрегі. Мен жақсы мұғалімді әлемдегі ең қымбат деп бағалаймын» [3, 16]. Бұл ой ұлы ұстаздың ізімен жүрді «Мектептің жаны-мұғалім. Жоқ, ал мектеп көшбасшы болады», - деп атап өтті үйлесімділікке қосқан үлесі. Мұнда «мұғалім – бұл мектептің жүрегі», Мектептің жаны - мұғалім « - бір мақсатпен айтылған сөздер бір-біріне сәйкес келетінін көруге болады. Ал «бастауыш мектеп» мақаласында ол мектеп туралы, яғни қазақ бастауыш мектебі қандай болуы керектігі туралы жазған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Алтынсарин Ы. Өнер - білім бар жұрттар. Алматы, 1989 ж.
- 2 Ыбырай Алтынсарин тағлымы. Құраст.: Жармұхамедов М. Алматы, 1991 ж.
- 3 Оспанұлы С. «Алтынсариннің айналасындағы адамдар» Қостанай: Шапақ, 2006.–295 б.
- 4 Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы» Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
- 5 Алтынсарин Ы. «Өнер – білім бар жұрттар». Алматы: Жалын, 1991. – 230 б.
- 6 Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1т. Алматы: Қазғұрт, 2003. – 236 б.
- 7 Байтұрсынов А. «Ақ жол». Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

Ш. ҚҰДАЙБЕРДИЕВТИҢ «ҚАЛҚАМАН-МАМЫР» ДАСТАНЫНДАҒЫ КӨКЕНАЙ КІМ?

СЕРИКБАЕВА М. Ш., КУРМАНОВА А. А.
казак әдебиеті, тарих пәндерінің мұғалімдері,
№ 7 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі, Семей қ.
НУРБОЛОВА Д.

10-сынып оқушысы, № 7 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі, Семей қ.

Қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірі, хакім Абайдың талантты шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлының поэзиясы көркем бояуға, айшықты тілге, нәзік сезімге, терең ойға толы. Ақынның әдеби мұрасы бай, шығармашылығы тақырыптық, жанрлық, мазмұн жағынан сан қырлы. Абайдан бастау алған оның қаламынан көркемдік бояуы ерекше «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» сияқты эпикалық сарындағы туындылар да ақынның шеберлігін таныта алды.

Әдебиет – тарих айнасы. Қаламгер өз шығармасына тақырыпты өмір шындығынан алатыны белгілі. Сол өмір шындығын оқырмандарына көркем тілмен жеткізеді. Тарихи оқиғалар әдеби туындыға айналғанда көркем кестелі, образды сөздер арқылы кейіпкерлермен бірге шынай күйінуге, шынайы сүйінуге жол ашады. Сонымен қатар қаламгердің тарихты терең білуі оның шығармашылығына айрықша салмақ қосып, мәнін арттыра түсері сөзсіз. Шәкәрім де өз дастандарына қазақ халқында ел ішінде болған оқиғаларды арқау етті. Дастан кейіпкерлері де тарихта болған, жер-су атаулары да айқын. Алайда бұл дастандарды тарихи шығармалар қатарына жатқызуға келмейді. Ақын өзінің идеясын, ақындық мақсатын беру үшін тарихи оқиғаларды, нақты деректерді поэмаларында көркемдік деталь ретінде қолдана алған.

Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» дастаны – тарихи оқиғаға байланысты жазылған туындысы. Автордың өзі «тарихи хикая» деп атаған. Дастанының алғы сөзінде «Бұл әңгіме 1722 жылы біздің Орта жүз қазағы Сырдария бойында жүргенде болғаны анық. Біздің қазақ қалмақтан жеңіліп, «ақтабан шұбырынды» болғаннан бір-ақ жыл бұрын...», деп түсінік береді. Шәкәрім шығармашылығын зерттеушілердің бірі Қ. Мұхаметхановтың пікірінше, «Қалқаман-Мамыр» 1888 жылы жазылып, 1912 жылы Семей қаласында кітап болып басылып шықты.

Дастанда аталатын кейіпкерлердің ішінде Көкенай батыр есімі де кездеседі.

Көкенай – Мәмбетейдің бастаушысы,

Өзі батыр, мінезі қатты кісі.

Сол кісінің алдынан тараушы еді,

Бабаңнан соң бұл елдің көп жұмысы, – деп суреттеледі. Бұл үзіндіден Көкенайдың Мәмбетей руының басшысы, қолына найза ұстаған батыры, ел ішіндегі келелі мәселелерді шеше көсемі, алатын аузы дуалы адамдарының бірі екенін аңғаруға болады.

Дастанда қайғылы оқиға, адам өлімі, ел ішіндегі дау-дамай Көкенайдың қолымен жасалады. Ол салт-дәстүрге берік, Өз-Тәукенің «Жеті жарғысындағы» жеті атаға дейін қыз алыспау сияқты қағиданы қолдайтын, ата текке, қан тазалығына бей-жай қарай алмайтын образ ретінде суреттеледі. Оған аталас туыс болып келетін Қалқаман мен Мамырдың бір-бірін ұнатқан шынайы сезімдеріне қарамастан, тәркіндеп келген өз қарындасын атып өлтіруі дәлел болып тұр. Өз «тентегін» өлтіргеннен кейін Өнет бабаға да «өз тентегінді өлтір» деп маза бермейді. Дастанда бұл былай беріледі:

Көкенай жиды барып Мәмбетейді,

«Өлтірдім тентегімді өзім» дейді.

Бабаңа кісі салды да мыл бермей;

«Ол неге Қалқаманды өлтірмейді?!

Жақыным қызымды алды, ұнамаймын,

Қорлыққа тартып алған шыдамаймын.

Егер де Қалқаманды тірі қойса,

Ел болып Кішікпен бас құрамаймын.

Бұл Көкенайдың жеті атаға дейін туыстығы бар кейінгі жастарға да жасаған ескертуі сияқты. Осындай қатаң шешім шығару арқылы келешекте мұндай келеңсіздікке жол берілмейтінін, ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, мықты ортаны, қан тазалығы сақталған қоғамдағы адамдарды көргісі келеді деп білемін. Бұл – Көкенайдың әдеби бейнесі.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» дастаны мен тарихи деректерде Өнет баба, Мамай батыр, Токтамыс батыр есімдерімен қатар Көкенай батыр ерліктері ілтипатпен аталады. Біз Көкенайды әдеби персонаж ретінде білеміз. Оның ескі әдет-ғұрыпты жақтаушы, жастардың махаббатына қарсы, жастарды өлімге қиюшы кейіпкер ретінде танимыз. Ал, шын мәнісінде, Көкенай кім? Оның тарихтан алар орны қандай? Тарихтағы Көкенай қандай адам? Осы өзекті сұрақтардың жауабын іздеп, Көкенай туралы деректерді қарап, оның тарихтағы шынайы тұлғасы жайлы іздендім.

Бұл сұрақтардың жауабын Әнуарбек Исахановтың «Көкенай – батыр әрі би» туындысынан тапқан сияқтымын. Көкенайдың тарихтан алар орнын, оның елі үшін жасаған жанкешті ерлігін, аузы дуалы би болғанын тануға болады. Бұл – тарихи деректерге, оқиғаларға сүйеніп жазылған дастан.

Көкенай Тобықты руының Үмбетей бұтағынан. Мөлшермен алғанда 1648–1728 жылдары аралығында өмір сүрген. Ол – Орта жүз рудан шыққан әрі батыр, әрі би, өз заманында есімі қалың елге танымал болған азамат. Көптеген жорықтарға қатысып, тәуелсіздік жолындағы күресте қас жауларын тітірентіп өткен жаужүрек батырлардың бірі. Әнуарбек Исахановтың «Көкенай – батыр әрі би» деген дастанынан тарихтағы Көкенайдың нағыз батырлық тұлғасын анық көруге болады. Дастанның төртінші «Жорық» бөлімінде:

Негізгі күші орданың,
Батырлар кілең құратын.
Қажетті кезде жауынды,
Маңдайдан тұра ұратын.
Үшінші топқа Көкенай,
Қолбасшы болып сайланды.
Ал, көрсет, – деді хан оған –
Күшінді және айланды...
Көп болса да жаулар бәрібір
Шебімде тұрсың шегінбе!
Ант пенен бұйрық осындай,

Сертінен Көкең таңған ба? – деген жолдардан Көкенайдың жорықта әскерді бастайтын қолбасшы екені тілге тиек етілген. Автор риторикалық сұрақ арқылы батырдың сертінен таймайтын, жауына қатал қасиетін де дөп басып беріп тұр. Алтыншы «Жекпе-жек» бөлімінде Көкенайдың жоңғардың Черен Доржбен айқасуға өзі сұранып тұрса да бұғанасы әлі қата қоймаған жас Бөгенбейды өлімге жібергісі келмей, күш сынасуға өзі шығады.

Қайнаса намыс бойына,
Рухты бір күш қонатын, – деп Көкенайдың намысшыл, рухты батырлығы суреттеледі.

Әккі батыр Көкенай
Соғысты мұндай көп көрген.
Қарсы келген дұшпанын
Асықтай атып өңгерген.
Осы жасқа келгенше,

Ешкім жоқ оған тең келген, – деген жолдардан батырдың соғысқа көп қатысқанын, дұшпандарын тізе бүктіріп, жеңілмегенін аңғарамыз. Автор біраз шегініс жасап, оның бала кезіндегі сипатын көз алдымызға әкеледі.

Көкенай бала күнінен,
Тайынды лақтай сүйреген.
Басынбақ болған басқаны
Терідей етіп илеген.
Қайраты қаптал жетсе де

Әлсізге бірақ тимеген – деген өлең жолдарынан оның бала кезінен-ақ ерен күш иесі, ешкімді басындыруға жол бермейтін қайсарлығы танымыз. Сондай-ақ оның тағы бір қырын байқауға болады. Көкенай күшін әлсіздерге жұмсамайды. Мұны үлкен жүректі кісіліктің белгісі деп санауға болады.

Он екі жасар Көкенайға Шаншар Абыз батасын де берген екен.
Ал енді мына Көкенай,
Көп асықтың ішінде
Секілді құлжа сақасы.
Қайратты туған мұны елі,

Қолбасшы биі атасын! – деп, Көкенайдың өз құрдастарынан ерекшеленіп тұратынын құлжа сақаға теңеп, оны қолбасшы би болуға лайық деп бағасын берген. Көкенайдың беліне алдаспанды байлап, жұртына қауіп төнгенде оны жауына қарсы жұмсауын өсиет еткен екен.

Ал бейбіт күндері,
Би болып елге, қолына

Алдаспан емес, қамшы алған, – Көкенай мамыражай кездерде ел билеген би болғанын көре аламыз. Жекпе-жекте Көкенайдың құралайды көзінен атқан мергендігі сипатталады.

Садағын Көкең көтеріп,
Таңдады оғын салмақты.
Қас-қағымда дәл көздеп,
Жебесін жауға зарлатты.
Желсоғарда кірген оқ,

Тескендей болып жарғақты, – деген шумақтан Көкенайдың Челен Доржды жеңіп, жеңіске жеткенінің куәсі боламыз. Қас батырдың Айқасқа аты да жер тепсініп, иесінің батырлығын танытқандай.

Дастанның соңғы бөлімдерінде жасы сексенге келген Көкенайдың қайраты қайтып, қаза елінің «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» заманына кез келген кезеңі былай суреттеледі.

...Бұл кезде батыр Көкеннің,
Сексенге жасы тақаған,
Қайраты қайтып мысқалдап,
Өртеніп жүрді өзегі.

Жасы сексенге келіп қалса да, қолынан алдаспанын түсірмей
жаумен айқасқан батыр Көкенай жаракат алып, ауруы мендейді.
Батыр еліне өзінің соңғы өсиетін айтады.

...Бәрінен биік тура арын
Бірлігін елдің нығайтар.
Бағына біткен бұл дарын
Жоғалтпа осы бірлікті,

Қашан да болсын ұлдарым, – деп, кейінгі ұрпағына әрдайым
елдің бағы бірлікте екенін, ауызбіршілікті жоғалтпауды аманат
етеді. Бұл да Көкенай батырдың өз халқына деген жанашырлығын,
қамқорлығын паш еткендей. Оның бойынан елін, жерін сүйетін
патриоттық сезімнің ұшқынынан белгі береді.

Үмбетей Көкенайұлы ел ішінде өзінің дүниетанымдық
қасиеттерін көрсететін нақыл сөздерімен де танылған. Ел ішінде
таралған Көкенайдың би ретінде рөлі туралы ой толғасак.

Қазақта жеті ата арасы айланбай қыз алысуға болмайтыны
туралы жоғарыда айтылды. Мұнымен қоса ұрпақты келешек
әлділікті өрбіту үшін, жеті атаға толмай қандайтардың үйленуі
болашақ ұрпақта әлжуаздыққа соғады деп қауіптеніп, қосылуға
тыйым салған.

Қалқаман мен Мамырдың қол ұстасып қашып кетуі осы
ұстанған негізді әдет-ғұрып заңдылығына бүкіл ел жастарының
алдына салынған пәтуасыз жол деп танылған. Осы себептен де ел
жастарына бұл жолдың дұрыс еместігін таныту үшін Әнет баба да,
Көкенай да жазалау билығын «Оқ байлау» билігіне сыйдырған.
Әрине, Әнет бабаға Қалқаманды оққа байлап беруі оңай болмаған.
Ол «Қалқаман-Мамыр» дастанында анық көрініс береді.

Билік орындалмас бұрын Әнет баба Көкенайды кезіктіріп,
«Батырым, айтшы, тіршілікте не қайтпайды?» – деп сұрапты. Сонда
Көкенай:

– Ауыздан шыққан сөз, атылған оқ, көзбен көріп, санада
қалған ой, тіршілігі біткен зат, жан, ақымаққа берген оқу-тәрбие
қайтпайды, басқа жайдар қайтады, болмаса айналады, – депті.
Сонда Әнет баба Көкенай батырға: «Мен ешкімді ақиқат жолдан
алыстата алмаймын, ұрпаққа қызмет ету терең ойдың жемісінен
туса кемшілік болмас. Қалқаманда жазалаудың онды түйінін

өзіне бердім» – деген екен. Түйіннің шешімі Қалқаманды жеңіл
жаралауменен шешіліп, басқаларға ой салатын сес көрсетіліпті. «Оқ
байлау» жазасында тірі кетсе қайта жаза жоқ. Құралайды көзінен
ататын әйгілі Көкенай батырдың Қалқаманды өлімге қимауының
басты себебі кеменгер аталардың бір-бірін ұғысуынан екен.

Бала қатесін ата,

Темір қисығын ұста түзер, – деген мақалмен түйіндеуге
болады. Тіпті, «Қалқаман-Мамыр» дастанында осы оқиға көрініс
тапқан. Көкенай Қалқаманды шындап өлімге байласа, оның мүлт
кетпесі анық еді, бірақ ол оған өмір сыйлады. Бұдан Көкенайдың
Әнет бабаны қадірлегені, оның сөзіне құлақ түргені, ел қадірлейтін
ақсақалды одан әрі қинағысы келмегенінің нышанын танытады.

«Дүниеде не асыл?» деген сұраққа да Көкенай тапқырлықпен,
терең мағынаға құрылған ойлылығымен жауап бере алған.

Жөнімен айтылған сөз асыл,

Шірімейтін зат асыл.

Ынтықтырған жар асыл,

Аш қарынға дәм асыл,

Шаршағанға ұйқы асыл,

Дана туған ер асыл,

Орындалса тілек, ал да асыл.

Дүниеде не көп, асыл көп,

Қат боп тұрса, бары асыл.

Асыл дейтін тастарың

Алтын, күміс заттарың

Өзімен өзі асыл.

Шын асылды іздесең,

Бойындағы жан асыл.

Ол да артта қалады.

Отанын сүйген адамға,

Отты сезімді адалға

Барынан да ары асыл.

Жойса-дағы өз басын

Тапталмайтын басқаға

Сезімнен туған адамның

Асылдардың асылы

Намыс емес не асыл! – деп, нағыз шешендікке тән ұтқырлықпен,
тапқырлықпен, дәлдікпен толғаған. Бидің айтуынша, асылдың
асылы – бойыңды таза ұстап арды, намысты биік ұстау. Шынында
да, намысты азамат өзінің жігерін құм қылмайды, кеудесін ешкімге

таптатпайды, өзінің бойындағы білімі мен еңбегіне сенеді. Ал бұл қасиеттер адамзатты өрге сүйрейтіні хақ.

Сонымен қатар Көкенай би:

Ер болудан не пайда,
Жауына қарсы тұрмаса.
Ел болудан не пайда,
Жау шапқанда жеріне

Ереуілдеп шықпаса... – деп, елін, жерін, атамекенін, ата жұртын сүйетін нағыз ерге тән қасиеттерді де санамалап береді.

Сонымен, тарихтағы Көкенайды әрі батыр, әрі қол бастаған қолбасшы, елге билік айта білген аузы дуалы би, терең философиялық ойға толы нақыл сөздерді толғаған тұлға деп тануға болады.

Дүниеге келген әр адамның өз орны, өз жолы, өз асар биігі бар. Әрине, әр асқан биікте өзіндік қиындық болады. Ал сол қиындықа мойымай, оны жеңе біліп, әрі халық қажетіне жаратқанда ғана ұлылық туады. Ұлылық - табиғаттың берген таңғажайып тартуы. Ол - шырқау биік пен түпсіз тереңдікті қалайды. Осындай ұлылықты Көкенай батыр бойынан да байқауға болады. Дархан даламыздың дара да дана осындай тұлғалары егіп кеткен рухани нәр кеше мен бүгінді қоректендіріп, ертеңге де, тіпті ғасырдан-ғасырларға кете берері сөзсіз.

ӘДЕБИТТЕР

- 1 Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары /Алматы «Жазушы» 1988/
- 2 Б. Әбдіғазиев «Асыл арна»/Алматы «Қазақ университеті» 1992 жыл/
- 3 Ә. Исаханов «Көкенай – батыр әрі би» /Алматы «Қазақ университеті» 1998 жыл/
- 4 З. Қабдолов «Сөз өнері»/Алматы «Жазушы» 1966/

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ТАБИФАТ БЕЙНЕСІ

ПАК И. В.

7-сынып оқушысы, Ақан Құрманов атындағы № 17 мектеп-гимназиясы,
Нұр-Сұлтан қ.

НУРКЕШОВА А. К.

қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімі, магистрант,
Ақан Құрманов атындағы № 17 мектеп-гимназиясы, Нұр-Сұлтан қ.

Балаларға арналған өлеңдер табиғат құбылыстары, жан-жануар, түрлі хайуанат, құстар, өсімдіктер жайындағы алғашқы түсінікті суреттеп көрсететін танымдық қасиетімен өзгешеленеді. Қазақ балалар әдебиетінде таныс және бейтаныс бейнелер, құбылыстар жайындағы өлеңдер – бүлдіршіндер мен балдырғандарды табиғатпен, жаратылыс сырымен алғашқы таныстырушы.

Балалар лирикасындағы табиғат бейнесін төрт топқа бөлуге болады: бірі жыл мезгілдерінің бейнесі, екіншісі табиғат құбылыстарының (боран, үскірік, аяз, жел, құйын т.б.) бейнесі, үшіншісі табиғат аясында тіршілік ететін құстар, аңдар, жан-жануарлар, жәндіктер тіршілігі, төртіншісі өсімдіктер, ағаштар тіршілігі.

М. Әлімбаевтың «Күн тоқыған кілем» өлеңінің танымдық мәні зор. Күннің жер бетінде атқарар қызметін танымы енді ғана қалыптасып келе жатқан жас балалардың қабылдауына сыйымды етіп өрнектеген. Мұнда бірлік, татулық идеясы астарланып жатыр.

Күн –
Кілем тоқиды.
Нұрмен тоқиды,
Гүлмен тоқиды.

Ол –
Асыл зер кілем,
Жалпақ кең кілем.
Жерге тең кілем.

Ол –
Сен де сыярлық,
Мен де сыярлық,
Ел де сыярлық кілем! [1, 68]

Ж. Смақовтың «Күн жылынды» өлеңінде де жанды, динамикалы, бейнелі. Табиғат құбылыстарын жандандыра суреттейді.

Күн күлді, жылынды,
Таулар жуынды.
Ағаштар түледі,
Көкте күн күледі.

Ойнайық жарысып,
Күресіп, алысып.
Гүл әйбат, керемет!
Қуайық көбелек.

Шарашыдық, көп қудық,
Тағы да доп қудық.

Үзілді түйме көп,
Демалдық үйге кеп.
Көктем күн көңілді –
Өмірлі! [1, 109 б.]

«Күн күлді», «таулар жуынды» кейіптеуі көктем мезгілінің ажарын көрсетеді. Өлең бұлдіршін жүрегіне де жылы тиері сөзсіз. «Үзілді түйме көп» деталі балаға тән әрекетті нақты жеткізіп тұр.

Табиғат құбылыстарын суреттеп жырлап ғана қоймай, ақын бала қабылдауына ықшамды келер ой айтады. Екі құбылысты жұптап, салыстыра суреттеу әдісін кең қолданады:

Жуынған соң, саспандар,
Қорықпандар, кашпандар.
Көк аспанды тілемін,
Кемпірқосақ ілемін.
Бұлт көбесін сөгемін,
Шуағымды төгемін! [1, 80].

Автор бала қабылдауына жауыннан кейінгі табиғат құбылысын жанды суретпен жеткізген. «Ш», «т», «с», «к» аллитерация қолданысы өлеңге эмоционалды-экспересивті бояу бере түскен. Кейіптеу тәсілін ұтымды қолданған.

Қабдыкәрім Ыдырысовтың «Жаңбыр» өлеңі тұнып тұрған бейнелі сурет. Ақын жаңбырдың образын жасаған. «Долданып», «ашу шақырды», «бір шатақ болуы», «мылтықтар атылуы», «шаншылып», «сабалап» етістіктерінің қолданысы да қатты жауған жаңбырдың сипатын нақты жеткізе түскен. Бірінші шумақта найзағайдың қаттылығы, жарқылының өткірлігі бейнелі өрнектелсе, екінші шумақта найзағайдың қаттылығын дамыта түседі. Үшінші шумақта сол табиғат құбылысындағы жан-жануардың әрекеті боямасыз нақты

берілген. Төртінші тармақта найзағайдың кейінгі табиғат құбылысын жаңбырдың жаууын да нақты суреттейді. Соңғы шумақта жаңбырдан кейінгі балалардың көңіл-күй қуанышы нақты жеткізілген.

Аспан көк долданып,
Ашуын шақырды.
Бір шатақ болды анық –
Мылтықтар атылды.

Найзағай көлденең
Бұлттарға шаншылып,
Майысып желменен,
Теңселді тал шыбық.

Қораға тығылды
Қозы-лақ маңырап.
Үлкендер үгірді,
Бұзауларжамырап.

Шатақтан ақыры
Кім білген мұндай деп,
Сабалап шатырды,
Ақ жаңбыр құйды-ай кеп!

Көл-көсір сел ақты,
Қызыққа кенелдік.
Түріп ап балақты,
Сабалай жөнелдік [1, 125].

Нұрсұлтан Әлімқұловтың «Найзағай» өлеңінде найзағайдың жарқылын балалардың футбол ойынымен салыстыра суреттеуі тартымдылықты арттырған. Бұл өлеңде де найзағай өткірлігі, қаттылығы эпитет, теңеу арқылы өрнектелген. Балаға тән таным-түсінікпен жеткізілген. Өлеңде жылы юмор да бар.

Шатыр-шұтыр найзағай
Аспанда көп атылды.
– Бұл не отты найзағай
Дүмбірлеткен шатырды?

–Шатырда емес, көкежан,
Бұлтта да көп бар адам.
Футбол теуіп балалар.
Ойнап жатыр барабан [1, 168].

М. Жаманбалиновтың «Жаңбыр» өлеңінде оқиға дүркінділігі, динамикасы басым.

Сатыр-сұтыр,
Шатынап,
Жарқ етіп күн, бір тынды.
Орман, тоғай, атырап,
Дір етті де, сілкінді.

Ал қара бұлт торланған,
Нөсерінді төк енді!
Жел – хабаршы,
Орманға,
Жеткізуге жөнелді [1, 81].

Балдырғандар өлеңді оқыған сәтте-ақ күнделікті өздері көріп жүрген табиғаттың қатал құбылысының ерекшелігіне көз жеткізеді. Жауын жауар шақтағы табиғат құбылысын «сатыр-сұтыр», «шытынап», «дүр етті», «сілкінді», «қара бұлт», «торланған» бейнелі де қимыл-қозғалысқа толы сөз өрнектерімен аша түскен. Жаңбыр жауар кездегі желді хабаршыға балауы оның шапшаң, жылдам сипатын ашуға қызмет етіп тұр.

Бес ақында да табиғат құбылысы – жаңбырдың жаууы, бұлттың торлауы, найзағайдың жарқылы өрнектелген. Бірінде табиғат құбылысын басым өрнектесе, екіншісінде сол табиғат құбылысының ерекшелігін баланың өз өміріне жақындата суреттейді.

Абдрахман Асылбеков «Таңым тамаша» өлеңінде таңғы сурет, образ бар. Таңғы көріністің әдемілігін бейнелі суреттейді. Табиғаттағы өзіндік рең әдемілік, құстардың көптігі, даланың көгеруі, күннің жылуы образды бейнеленген.

Тамылжыған табиғат
Ұйқысынан оянып,
Алтын нұрмен әр үй, бақ
Шыға келді боянып.

Тербетеді тоғайды
Жыршы құстар жырымен.

Белдер белбеу орайды
Кең даланың гүлімен.

Таңым қандай тамаша,
Күлімдейді көкте күн.

Мейірімді балаша
Қарсы алады мектебім [1, 360].

Совет Әлімқұловтың «Таң» өлеңінде де «алаулап», «манаурап», «шырылдап», «сәнденіп», «бәлденіп» көсемшелі етістіктері таңға тән тіршілікті айнытпай жанды жеткізе түскен.

Таң шапағы алаулап,
Дала нұрға боялды.
Мүлгіген бақ манаурап,
Ұйқысынан оянды.

Жүзін желдің өтіне
Тосты гүлдер желбіреп.
Жапырақтар бетіне
Мөп-мөлдір шық қонды кеп.

Ән салатын шырылдап,
Ала таңмен таласып,
Бозша торғай жыр жырлап,
Тұр аспанға жарасып.

Төсін керіп, бәлденіп,
Сұлулана түсті көл.
Жағасында сәнденіп,
Сыланды құс түгіл [1, 408].

Екі ақында да таң суреттері образды, жанды.

Түйіндер болсақ, балалар өлеңдерінің үлкен бір шоғыры – табиғат суреттері, құбылыстары. Табиғат сұлулығын паш етудегі өлеңдері ойнақылығымен, суреттілігімен, жандылығымен ерекшеленіп тұрады.

Табиғатты әр қырынан жырлап, көңілді, мейірімді сәттерін, долы кездерін өрнектейтінін ескерсек, қысты да, көктемді де, көлді де, бұлақты да, табиғатқа әр беруші құстарды да, өсімдіктерді де, түрлі хайуанаттарды да көтеріңкі көңілмен, нәзіктікпен, мейіріммен суреттейді. Ақындар нені суреттесе де, дербес (индивидуалды) шабытпен жырлайды. Табиғат мінездерін өзінше қабылдап, кішкентай оқырмандарының сезіміне, танымына, қабылдауына, логикасына сыйымды да әсер етерліктей суреттер туғызады.

Табиғатты шебер суреттеуші ақындар – бірде табиғатқа сүйсінуші, бірде сырласушы, енді бірде жіті бақылаушы, бірде табиғат құбылысын бала қабылдауына жылдам жеткізуші, табиғат суретшісі. Зерттеуші М. Оразханова пікірімен түйіндесек: «Жалпы

табиғат тақырыбындағы өлеңдерді оқи отыра, ақындардың лирикалық кейіпкерлерінің мінез ерекшеліктерін, айналаны қабылдауын жан-жақты танымыз» [4, 16].

Қай ақын болсын өлеңде көктемнің жылылығын бала жүрегі сезінерліктей өрнектейді, табиғат үйлесімін бағалауға үндейді. Жыл мезгілі – көктемдегі жаратылыс өзгерістерімен жете танысады...

Қорыта айтсақ, ақындардың қай өлеңі болмасын, бала танымын, қиялын ұшқырландыруды мақсат тұтады. Сөзстан еңбегінде: «Балалар поэзиясының бір ерекшелігі сол – айқындықты, түсініктілікті, образ дәлдігін, тіл орамдылығын, психологиялық жүйелілікті пен логикалық сабақтастықты қандас қасиетім деп біледі», – деп жазылған [5, 144]. Осы пікірге сүйене отырып, қорытсақ, ақындардың қай өлеңі болмасын, бала танымын, қиялын ұшқырландыруды мақсат тұтып, жас ерекшелікті, сөз бен ой дәлдігін тепе-тең ұстап жазылуымен ерекшеленеді.

Балалар әдебиетіндегі өлеңдердің үлкен бір шоғырын – табиғат суреттері, құбылыстары, жыл мезгілдері, табиғаттағы өсімдіктер, құстар мен жәндіктер, аңдар тіршілігі құрауы. Табиғат тыныс-тіршілігінің сұлулығын, жаратылыс ерекшеліктерін паш етудегі өлеңдер ойнақылығымен, суреттілігімен, жандылығымен ерекшеленеді.

Табиғат айшықтарының әсемділігін, әдемілігін бала санасына орнықтыруда да бейнелі етістіктерді, сапалық, қатыстық сын есімдерді, дыбыстық, бейнелеуіш еліктеу сөздерді талғаммен, балдырғандардың жас ерекшелігімен үндестіре қолданған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Шынашақ. Қазіргі қазақ балалар поэзиясының антологиясы./ Құрас. М.Әлімбаев, Қ.Баянбаев. – Алматы: Балауса, 1992. –544 б.
- 2 Әдебиеттану терминдер сөздігі. –А.,
- 3 Ергөбеков Қ. Арыстар мен ағыстар. – Алматы: Өркениет, 2003. –368 Б–131.
- 4 Оразханова М. Қазақ әдебиетіндегі табиғат лирикасы. Филол. ғыл. канд. диссер. аторефераты. – Астана, 2006. –25 б. Б–23.
- 5 Сөзстан. Әдеби портрет, мақала. – Алматы: Жалын, 1983. –264 б.

ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫ ТАНЫМ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

РУСТЕМОВА С. Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

РАМАЗАНОВА Д. Т.

9 сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

Алғашқы мифтер көне дәуірде пайда болды, содан кейін әрбір жаңа мыңжылдық сайын қарапайымнан күрделіге қарай даму дәуірлері өтті. Ол заманда дін өкілдері табиғат құбылыстарын мифтерді арқылы түсіндіріп, мифтік бейнелер арқылы табиғаттың сырын, шығу тегін түсінуге тырысты. Қазақтар жақсылық істерді басқаратындарын кие, аруақ, періште, перизат т. б. деп атайды. Енді осы қасиетті есімдерге тоқталайық.

Жаратушы Тәңір. Түркі дүниетанымының қайнар көзі – табиғат, бұл жаратушыны «тәңір» деп танып, оның еңбегін табиғатпен құрметтеген. Аспан мен жерді жаратып, оларды бөлген Құдайдың өзі өмірге әкелу үшін еркек пен әйелді ажыратты. Құдай-әйелді Ұмай деп, оны Сумер тауының ұшар басына сүтті көлі (Сүткөл) бір Аспан тауының басына орнықтырды. Көк жүзінде жол қалдыра сарқырай ағып, Сүткөлге құятын жұлдыздар жолы, Құс жолы – осы Ұмай Тәңір-Ананың сүті.

«Тәңірдің күдіреті мен күш-қуаты шексіз, оның аузынан шыққан әрбір сөз ақиқатқа айналып, жүзеге асады. Екпіні тау тұрғызып, теңізді толтырды. Демі жел мен бұлттарға, дауысы күннің күркіреген дабылына айналып, оң көзінен Күн, сол көзінен Ай жаратылды. Жерге нөсер, жаңбыр жіберіп, найзағай шатырлатып, өзі жаратқан Құдайлар мен адамдардың өмір сүруіне бөгет жасайтын жын-шайтандарды жасынмен (найзағай) соғып жайратты», - делінеді [1, 154–158 б.].

Ұмай – Ұлы ана. Көктүріктердің ішінде (Орхон-Енисей ескерткіштері) Тәңір күдіретті: Тәңір – Ұмаймен қосарланған Ұмай – түркі мифологиясындағы Ұлы ана есімдерінің бірі. Ұмай әйелдер мен сәбилердің қамқоршысы болып саналады. Алланың әмірімен жерге түсірілген нығметтерді жаратушы, көбейтуші, еселеуші, амандық пен ізгіліктің бастауы – ана-әйел. Мал басын көбейтіп, диқандарға мол өнім беру арқылы бақташыларға көмектеседі. Тоныкөктің құрметіне қойылған ескерткіште «Көк, Ұмай құдай, қасиетті жер-су, міне, бізге жеңіс сыйлаған осылар деп ойлау керек!», – деп жазылған.

Бірақ қазақ мифтеріндегі демондық бейнелерде бар екенін ұмытпайық. Демонология – зұлымдық жасайтын жын-шайтан, басқа да күш туралы мифологиялық таным мен сенімнің жиынтық кешені. Қазақтың дүниетанымында жаман істерді билеушілерді пері, шайтан, жын, албасты, жезтырнақ т.б. деп атаған.

Шайтан – Алланың қаһарын білетін жын, азғыруды, тозаққа апаруды көздейді. Шайтан Ібілістің әміріне бағынып, оттан жаратылған. Адам тек дұшпандықты ғана ойлайды, бірақ оның дұшпандығы Мейірімді Алланың күдіретімен адамның рухани кемеліне қызмет ете алады. Шайтан адамды күнәға жетелеп, адамды түзу жолдан тайдыруға адастырып, тозаққа апаруы мүмкін.

Ібіліс – діни ұғымда көктен қуылып, күнәға ұшырататын перінің есімі. Ібілісті басқаша – шайтан (шайтандардың – барлық қара ниеттердің басшысы), «Аллаһтың жауы» немесе жай ғана «дұшпан» деп атайды. Ел аузындағы аңыздарда әр түрлі бейнеде көрінетін құбыжық кебісі ешкінің тұяғы пішінінде бейнеленеді.

Табиғатты, жалпы дүниені танудағы кез келген халықтың білімі адам танымының дамып келе жатқан арнасы ретінде бағалануы керек. Осы орайда қазақ халқы қалыптастырған тотемдік бейнелерді адам ойының дамуының бір көрінісі деп тануға болады. Тотемнің мәні адам мен әртүрлі заттардың, құбылыстардың, өсімдіктердің, жануарлардың бірлігі мен бірлігінде танылады. Ғалымдар тотемнің шығу тегі үй шаруашылығының қарапайым, ұғымдық балалық шағынан бастау алады деген қорытындыға келеді. Америкада, Азияда, Австралияда, Еуропада және Африкада тұратын барлық халықтардың тотемдік өкілдіктері бар. Бұл білім көптен бері дүние жүзі ғалымдарының назарын аударды. Сондай-ақ қазақ ғалымдары – Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, О. Сүлейменов, А. Ахметов, Ә. Сейдімбек, т.б. Зерттеушілер осы тақырыпта жан-жақты ғылыми еңбектер жазды.

Халықтың тотемі болған заттың немесе құбылыстың атауы фольклор мұраларында, көне түркі жазба мұрағаттарында, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер құрамында киелі ұғым ретінде сақталуы тиіс. Қазақ халқы сөз өнеріне құмар, сөздің мағынасын түсінетін халық. Сондықтан тотем ұғымының тілде айтылып, сақталуы заңды деп санаймыз.

Ел танымында қарға киелі саналды ма, жоқ па деген мәселеден бұрын, біз автор осыған дәлел ретінде келтіретін «қарғам-ау, қарғатай, қарғаш, қарға тамырлы қазақ» сөздерінің ішкі мағынасы мен дыбысталу тұлғасындағы өзгерістерді анықталық.

Танымал этнолог-ғалым А. Сейдімбеков «қарғам-ау, сен қалайсың, мен дегенде» деген халық әніндегі «қарғам-ау» сөзін «қарға» мағынасында түсінген. Біздіңше, бұл екі атаудың арасында ешқандай мағыналық байланыс жоқ. Екі сөз дыбысталуы жағынан ұқсас болып көрінгенімен, екі түрлі ұғымды анықтайтын омонимдес тұлғалар. Өлең жолындағы «қарғам-ау» сөзінің мәні Абайдың «көзімнің қарасы, көңілімнің санасы» өлеңінде айтылатын көздің қарашығымен бірдей мағынада, түбірлес, сабақтас. Мұндағы «қара» сөзінің негізгі мағынасы Махмұт Қашқаридың «Дивани-лұғат-ит түрк» атты еңбегінде «қарағ», «қарақ», «қарақас» түрінде келіп, «көздің қарашығы» (зрачок) деп түсіндірілген [2].

Самұрық – қазақ мифологиясында екі дүниенің дәнекері болған қыран төрізді алып құс. Самұрық құсы әлем ағашы – Бәйтеректің басында тұрады. Аңыз бойынша, Самұрық өліп, қайта тіріле алады. Өлгенде де, қайта тірілгенде де оттай жанады. Самұрық құсы адамша сөйлеп, аңыздың бас кейіпкеріне алғыс айтады. Күннің көлеңкесінде ұшатын алып құс, қуаныштан күлгенде аузынан ақ гүлдері ағып тұратын ғажайып құс. Бұл мұнайып жылағанда жас көздерінен інжу моншақтарын шашатын керемет алып.

Ертегіде Самұрық құсы осылайша мінезделінеді. Кейіпкер жыланды өлтірген соң Бәйтеректің түбіне демалып отырады. «Сол кезде күнбатыс жақтан бір қара бұлт шықты. Қатты дауыл жерді шандатты.

– Бұл не? – деп сұрады Төстік.

Сонда екі балапан айтты:

– Бұл біздің анамыздың қанатының екпінді желі, - деді.

Күн нөсер жауын құйып – құйып жібереді.

– Бұл қалай? – дегенде, балапан айтты:

– Анамыздың көз жасы. Жылда-жылда бала тапсам да, бірі ілеспей қойды деп жылағаны – деді. Құс ашылып қар жауды, жапалақ – жапалақ.

– Бұл не – деді.

– Анамыздың қуанып, қарқ-қарқ күлгені, - деді.

Құскеліп ағаш басына қонғанда, үйдің жуандығындай ағаш иіліп жерге тиді – дейді» [3, 46 б.].

Олай болса, қазақтың дүниетанымында асқақ та, даланың кендігі де бар.

Ертеде руна жазбаларында «Құдай қалауындағы ел» атанған түркі мемлекетінің құрылуы туралы деректер өте көп. Тарихта Түрік қағанаты деген атпен белгілі түркі тайпалары кейіннен

жеке мемлекеттер құрып, өз тарихы мен әдебиетін қалыптастыра бастағаны туралы айтылған.

Орталық Азия халықтарына ата-тегін білу – ерте заманнан келе жатқан түркі халықтарына тән құбылыс. Олар аң жануарды өздерінің арғы тегі деп есептейді, яғни осы жануардан таралды деп санайды. Мысалы, тибеттіктер өздерінің ата-бабаларын таратқан - еркек маймылдар мен әйел орман перілері; Моңғолдар өздерін көк бөрі мен киіктің ұрпақтары деп санайды. Телеситтер де қасқырдан және ғұн патшасының қызынан тараған, ал түріктер ғұн князі мен қасқырдан таралды деп санайды. Яғни, «Көкбөріден тараймыз» деген ұғым осы атадан тараған. Мұндағы «Көк бөрі» сөзі отты, жалынды дегенді білдіреді.

Көк бөрі – түркі мифологиясындағы киелі ұғымдардың бірі. «Қасқырды түркілер «бөрі» дейді. Көне түркілер қасқырды Көк Құрт деп те атаған. Көк дегеніміз – көк түс, көк аспан. Ал, түріктің «құрт» дегені қазақтың «құртылу» деген сөзінің түбірі. Демек, көк бөрі түркілердің тайпасын ажалдан аман алып қалған, көк аспандағы Көк Тәңірісінің өзі жіберген ерекше қасиетті жануар» [3].

М. Жармұхамедов «Оғызнама» дастанында «көк» сөзі айрықша жиі қолданылып, бір-бірінен алшақ үш түрлі мәнге ие болып түр дейді. Олар:

а) заттың сын – сипатын білдіретін кәдімгі «эпитет» түрінде («өң – шырыйы көк еді», «көк жарық түсті», «жарық айнадан көгілдірек», «көзі көктен көгірек», «көк бөрі», «көкжал арлан»);

б) белгілі бір заттың не кісінің тікелей аты («көк шатырымыз болсын», «оқты көкке атындар», «Көк – Оғыздың ұлының аты»);

в) Жаратушы, әмірі күшті Алла («көк тәңірі», «көктен көк жарық түсті», «қыз күлсе, көк тәңірі» мағынасында «тәңірі күлер еді, жыласа көк тәңірі жылар еді», «көк тәңірге мен өтемін») [4].

Зерттеуші Н.Келімбетов бұл турасында былай дейді: «Енді «көк бөрі» аңыздарының шындығы қайсы десеніз, б.з. V ғасырының бес жүз үйлі бөрі тайпасы Сарыжазық дейтін өз мекенінен көшіп, Алтайдың оңтүстігіне барып қоныстанады. Бұл заманымыздың 439 жылы болатын. Елді бастап барған бектің аты – Түркіт екен. «Түркіт» – «дулыға» деген сөз – күшті, ержүрек мағынасында айтылады. Түріктер сол заманда – ақ темір қорыта білген. Темірден қару – жарақ, қажетті бұйымдар жасаған. «Көк бөрі» аңызы осындай тарихи оқиғалардың елесі болуы мүмкін [5].

Қырғыздың «Манас» эпосында «Менің көк бөрі сұлтаным» деген тіркес жиі кездеседі. Манас ханның өзі туралы:

Манас білген бөрім де,

Саққұлақ көкжал бөрідей, – дейді [6]. Ең өжет, ең жүректі, ең батыл адамдарды Әзербайжандар «қасқырдың жүрегін жұтқан», «бөрінің ұлы» деп дәріптеген.

Қорыта айтқанда, түркі мифологиясы халықтың рухани әлемін танытып, жалпы адамзаттық дүниетанымның кең шеңбердегі ауқымының көрінісі ретінде ұрпақ санасына орнығып отырды. Фольклорды халықтың рухы деп танысақ, мифология – сол халық рухының тынысы. Фольклорлық жанрлардың барлығы дерлік мифтік ұғым-түсінікті өз бойына сіңіріп, тұтастай халықтық танымға негізделді. Алғашқыда кезде таза түсінік күйінде болған мифтер уақыт өте келе фольклорлық шығармаларға кіріп, танымдық, идеялық-көркемдік мақсатта қызмет етті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1985. -560 б.
- 2 Қашқари М. Диуани лұғат-ат-түрк. 1-том, 382 б.
- 3 Древние тюрки. В 2-х кн. Кн. 2 / Л.Н. Гумилев; сост. А.И.Курчи.- М: Институт ДИ-ДИК, 1999.- 480с.
- 4 Жармұхамедов М. Көненің көзі. - Алматы «Санат» 1996 ж. - 154 б.
- 5 Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. Астана: Фолиант, 2004. 408.
- 6 Лұғатнаме-е Деххода. Тегеран. Данешгаһ-е Теһран, 1994. 4-том, 886 б. Ипак йули афсоналори. Тошкент: Фан, 1993. 211 б.

САН ЕСІМДІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ МӘНІ

РУСТЕМОВА А. Р.

7 сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

СУЮНДИКОВА М. М.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

Мақал-мәтелдер – халық даналығының қазына байлығы. Оларда қасиетіміз бен ғасырлық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымызды терең біліп, дүниетанымымызды кеңейте түсудегі маңызды қор жатыр. Демек, әрбір халықтың тарихи-мәдени рөлін, рухани болмысы мен халықтық ерекшелігін танығанда оның даналық

корында жинақталған мақал-мәтелдерді зерттеулердің нысаны ету, оның танымдық ерекшеліктерін көрсету – ғылыми жобаның өзектілігін көрсетеді.

А. Байтұрсынұлы: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады» [1, 112 б.], – деп көрсеткен болатын. Демек, мақалда тұрмыста қолданылып жүрген сөздеріміз шындықпен астасып келіп, мақалдап, шешен тілмен айтылатын сөздер болса, ал мәтелде тұрмыста қолданылатын сөздердің шындыққа жанаса қоймай, кесегімен айтылатын сөздердің қатарына жатқызуға болады. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді қарастырғанда олардың құрамында реттік, есептік, жинақтық сан есімдер «ұйтқы» қызметте жиі қолданылатыны байқалады. Сан есімдер мақал-мәтел құрамында келгенде, олардың сандық мағынаны бермейтіні, керісінше сапалық мағынаны беретіні анықталды.

Мысалы, *Мың қайғы бір борышты өтемейді.*

Ер *бір* рет өледі, ез *мың* рет өледі.

Жүз димкеске *бір* лепес [3]. Бұл мақал-мәтелдер құрамында *мың, жүз* сөздері сандық жүйедегі тура мағынасында емес, «көп» деген мағынаны білдіреді. Ал бір саны сол «көптің бәрі емес, нақты біреуі» деген мағынаны білдіреді. *Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар*, – деген мақалда мал жайын, әсіресе жылқы қасиетін жақсы танып-білген қазақтардың ұғымында жүйрік пен тұлпар сирек кездесетін мал тұқымы, яғни, жүз жылқыдан бір жүйрік, мың жылқыдан бір тұлпар шығуы мүмкін. Астарлы мағынасында адамдар арасындағы біртуар, шешен, көсем, ақылды, парасатты, ер, батыр, т.б. азаматтар сирек кездесетін, ілуде бір дүниеге келетін құбылысқа жатады. Бұл мақалда осындай жағдай айтылған.

Семіздің аяғы – *сегіз*. Малдың семіздігі – төлдің кепілдігі, яғни семіз қой міндетті түрде қоздайды. Демек, бұл – өзінің төрт аяғы, қозысының төрт аяғымен сегіз болады деген сөз. Мақал-мәтелдер құрамында *екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу* сан есімдері «топ адам, бір қауым ел, көпшілік» және «жеке адам» сияқты «көптік» және «нақтылық» мәндерін бір-бірімен салыстыру, біріктіру, тоғыстыру қызметінде жұмсалады. Мысалы, Ағайын – алтау, ана – біреу.

Аласыға алтау аз, бересіге бесеу көп.

Төртеу түгел болса, төбедегі келеді,

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді.

Жылқы – жүз, жүйрігі – біреу,

Азамат – алпыс, адамы – алтау [3].

Сан есімді мақал-мәтелдердегі *бір* санының өзіндік ерекшеліктерінің танымдық жағына тоқталатын болсақ, бір саны алғашқы тұтастықты, солтүстік халықтарында құдай, күн, сол сияқты тіршілік көзі дегенді білдіреді. Пифагор бойынша, бір саны «монада» деп аталып, даналық деген мағынаны білдіреді екен. Қазақ халқының талғамында бір саны – даралықты, жалғыздықты ғана емес, бірегейлікті, ерекшелікті (*бір де болса, бірегей; мыңның бірі* т.с.с.) білдірген. Бір саны бұл белгілі *бір бүтіндік, бірлік және өркендеттік, абсолюттік тыныштық, бұл Құдайға тән. Бұл сөзімізге тіліміздегі бір құдайға сыйынды; бір түндік астында түтін түтетті; бір тоға; сегіз қырлы бір сырлы; бір сөзді; бір қалыпты; бір кіндіктен; бір бет; бір бейілді; бір жагадан бас, бір жеңнен қол шығарды* т.б. тіркестері дәлел.

Сандарға негізделген мақал-мәтелдердің ішінде кездесетін бір санының қосымшасыз тұлғасы мақал-мәтелдер білдіретін жиынтық мағынадағы сандық, өлшемдік мөлшерлік «бояуларды» бірде қалындатады, бірде жұқартады. Мысалы,

Жолбарыста бір жігіттің күші, қырық жігіттің жүрегі бар.

Бір есек қырық түйені жетелеп, жолдан шығарып әкетеді.

Мақал-мәтелдер құрамында *бір* сөзінің мағыналық-тұлғалық түрлерінің барлығы да кездеседі. Мысалы:

Күйі бірдің жаны бір.

Аяз да бір, от та бір, қаріп темір басқандай.

Бір кемедегенің жаны бір.

Бір ағашта қанша бұтақ?

Біреуі ғана қамшыға сан [3], – деген мақалда бұтақтап өскен ағаштың көп бұтағының бәрі емес, біреуі ғана қамшы сабына жарамды түзу болуы мүмкін. Яғни, қаумалап өскен көп жастың бәрі бірдей емес, бірегейі ғана азаматтық абзал қасиет танытуы мүмкін, елдің бәрі бірдей емес, солардың іске жарар білгір бірегейі ғана болады дегенді білдіреді. Демек, бір сан есімі қатысқан мақал-мәтелдерде аталмыш сан мағыналық тұрғыдан түрлі мәнді бере біледі. Бір санының сөздік баламалары – жеке, дара, жалғыз, сыңар, жалқы, саяқ деген ұғымды білдіреді.

Сан есімді мақал-мәтелдердің құрамындағы киелі сандар қазақ тілінің киелі сөздерінің ішінде сан атаулары айрықша орын алады. Сандардың практикалық қызмет атқаратыны белгілі, сандық операциялар (қосу, алу, көбейту, бөлу, т.б.) мен санаған кезде белгі

ретінде қызмет атқарады, алайда оларда да киелі мән, магиялық мағына мен күш бар. «Ерте замандардағы халықтар сандарға киелі күпі берген, жасырын мағына және барлық қоршаған нәрсеге ықпал ететін магиялық қабілет тән деп ойлады, құдайлар әлемді басқару үшін сандарды қолданған деп есептеді. Пифагорлықтар іліміне сәйкес бірінші ондық сандарында ерекше қасиеттер болды. Ал, Пифагордің өзі былай деген еді: «Әлемдегінің бәрі – сандар» [4, 91 б.].

Халық түсінігінде 3, 7, 9 және 40 сандары қасиетті саналады. Бұны халқымыздың даналық қазынасынан – тұрақты тіркестер, аңыз-әңгімелерінен, жыр-дастандары, салт-дәстүрлерінен байқаймыз.

«Үш» саны. Сандар символикасы кеңістік нышанымен, адам мен жануарлар дене құрылысының нышанымен, өсімдіктермен, аспан денелерімен, шоқжұлдыз белгілерімен, геометриялық пішіндермен және т.б. байланысты.

Үш – уәде саны, уәде бергендегі бөлген уақыт, сол себептен «*ер кезегі үшке дейін*» сөз тіркесінде әр нәрсенің толу, жетілу уақытын, осы уақыт аралығында бір нәрсенің болу, болмау нәтижесі көрсетіледі.

Үш қайнаса сорпасы қосылмайды, үш ұйықтаса ойда жоқ сөз тіркестерінде жоғарыда келтірілген мән-мағыналар көрініп тұр.

Алғашқы дәстүр адамдарының сандардың киелі қасиетіне байланысты ұғымдары осыдан басталған. Үш саны өмірге нәр әкелуші санын да бейнелейді. Оған адам анатомиясы тұрғысынан қарасақ, адамның тұла бойының өзі үш әлемді құрайды. Жоғарғы әлем бас, ортанғы әлем мойыннан белге дейін, төменгі әлем белден төмен қарай.

Үш санының және басқа да сандардың киелі мағынасы тарихи кезеңдер өте келе ұмыт болып, басқа этномәдени қасиеттер мен сипатқа ие бола бастағанын атап өткен жөн, дегенмен, сандарға қатысты басқа дәстүрлер мен ырымдардың, байламдардың негізінде, осы сандардың бастапқы кездегі киелі мағынасы жатыр.

Үшке байланысты төмендегідей халық байламдары бар:

Үш тәтті: Жан, мал, жар.

Үш қуат: Ақыл, жүрек, тіл.

Үш жұрт:

Өз жұртың - күншіл,

Қайын жұртың – міншіл,

Нағашы жұртың -сыншыл.

Үш кемдік:

Атың жаман болса – жалғанның азабы.

Алғаның жаман болса – дүниенің тозағы,

Балаң жаман болса- көрінгеннің мазағы [5, 17–19 б.].

Үш ақиқат: Шындық. Өтірік. Көрілік.

Үш қуаныш: Алғыс алу. Өзіңді көптің іздеуі. Ісіңнің өшпеуі.

Үш тоқтам: Ақыл – арқан. Ой – өріс. Адам – қазық.

Үш шырақ:

Әділ болса, әкім шырақ,

Ақылды болса, қатын шырақ.

Аяншыл болса, атың шырақ.

Үш биік: Билік. Дәулет. Даналық.

Үш асыл: Көз. Тіл. Көңіл [5, 36–38 б.].

Үш санына қатысты мақал-мәтелдер арқауына басы бір нүктеде тоғысатын үш тірек бағандық және үш қаттық дүние ретінде алынып, үш саны кез келген құбылыстың тұрақтылығы мен орнықтылығын бейнелейтін сан қилы үштік одақтар мен өзара тығыз байланыстағы үштік құрылымдардың символикасы ретінде жұмсалатыны байқалады.

«Жеті» саны. Жеті саны өзінің әдеттегі сандық, реттік сипатымен жалпы адамзат үшін бірдей болғанымен, түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқы ұғымында басқаша да түрлі мәнде қолданылатыны белгілі. Мысалы, ол мекендік мағына жағынан сатылық сипаты, сандық мағына салыстырмалы дәрежедегі көптік мағынаны білдіреді.

Сонымен қатар бұл сан халқымызда өте киелі саналады. Мысалы, ауыз әдебиетімізде: *жеті басты дәу, жеті басты айдаһар, жеті басты жылан, жеті басты жалмауыз, жеті сарай, жеті қат көк, жеті қат жер асты, жеті қабат темір үй, жеті ағайынды жігіт, жеті ұл, жеті қыз, жеті күн* және т.б. болып келетін түрлі мифологиялық кейіпкерлер, ғажайып мекен-жайлар, мезгіл өлшемдері мен ұқсас ұғымдар мен құбылыстар мольнан кездеседі.

Бала дүниеге келіп, жеті күннен кейін ат қояды. Баланы бесікке бөлерде, оның ішіне жеті түрлі зат қояды, «сәби келешекте өз ұлымыз болсын» деп, көрпе, жабу, тон, шапан, «тез, әрі мықты болып өссін» деп жүген, «батыр, ер болып өссін» деп кебенек пен қамшы қоятын болған. Мұнан басқа бесіктің арқалық ағашын жеті жерінен отпен қарып қою салты болған (отпен аластағандық).

Ер жігіттің басына, өмір сүруіне қажетті жеті түрлі асыл заты болуы керек деп түсіндіреді. Олар: жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, қанды ауыз қақпан, майланған ау-жылым, өткір кездік.

Халқымыз «жүт жеті ағайынды» дей келіп, оларға: құрғақшылық, мал жұтау, өрт, сел, зілзала, оба, соғысты жатқызады.

Көп тілді білетін, көп халықтың әдет-ғұрпын білетін кісіні халық жеті ғылымның тілін біледі деп келеді. Мұндағы «ғылым» деген «білім» мағынасында емес, «ел», «жұрт» мағынасында. Қазақ тіліндегі сандарға негізделген мақал-мәтелдердің ішінде ең жиі кездесетіндері де жеті санына негізделген мақал-мәтелдер. Мысалы,

Туған да алтау едік, өле-өле жетеуіміз.

Қарғыс жеті атаға жетеді.

Кедейдің жеті қаңтары бар.

Жетім бала жеті күлшеге тоймас [3], – деген мақал-мәтелдер пәле, дау, жетімдік, жоқшылыққа байланысты болса,

Жеті атасы би болған, жеті жұрттың қамын жер.

Би болмаған би болса, құлақ-миын шағып жер.

Қыстың соңы жеті тоғыс, көктем басы бес тоғыс [3], – деген мақал-мәтелдер қырағылық, тектілік, заман, уақыт мағынасын береді.

«Тоғыз» саны. Тоғыз қазақ және басқа халықтардың дүниетанымында киелі мәнге ие және де сол санмен байланысты көптеген тұрақты мағыналар мен байламдар бар. Тоғыз – кемелдіктің, біткендіктің, тәмамдықтың, толықтықтың символы («туғ», «тол»); түгесу, тоқайрау, тоқтау, түгендеу, түгесу; бұлардың арғы түбі де «тұңғ» формасы. Бұл «тоғыз» деген сөздің тек бір нүктеде тоғысқан егіз сызықтан тұратын геометриялық тұрпат жағдайында ғана пайда бола алатындығын көрсетеді» [6, 390 б.].

Демек, тоғыз саны белгілі бір бүтіндікті, тұтастықты, әлемнің үш бірлігінің – жоғарғы, ортаңғы, төменгі қосындысын білдіріп, халық ұғымында барлық нәрсенің толыққандығын, баяндылығын көрсетеді. Тіліміздегі тоғыз тұрып тоқсан толғанды, тоғыз айып тартты, тоғыз жолдың торабы, тоғыз көзді кіреуке, тоғыз қырлы, тоқсан сырлы сияқты мәтелдер мен жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда, тоғыз толыққандылық, тұтастық символы болып табылады деп топшылауға болады.

Қазақ есепшілерінің тілінде «**тоғыз тармақ**» деген термин қолданылған. «**Тоғыз тармақ**». Есепшілер тілінде бір жылды тоғыз бөлікке бөлуден (360: 9=40) туған. Бұл термин «тоғыз шілде» деп те аталады.

Тоғыз қазақтың дәстүрлі мәдениетінде де үлкен орын алады. Мәселен, тоғыз беру үйлену салтындағы жоралғы, тоғыз айып-анжыға беріледі (күн төлеу, әр түрлі айып төлеу, т.б.). тоғыз бас бәйгеге тігіледі (ат жарыс, балуан күрес, сүре айтыс, т.б.).

Тіліміздегі жер-су, адам аттарының бірқатары тоғызбен байланысты болып келеді: Тоғызбұлақ, Тоғызқұдық, Тоғызүй, Тоғызой, Тоғызсу, Тоғызтарау, Тоғызбай т.б.

Халқымыздың кейбір салт-дәстүрлері тоғызға байланысты болып келеді, мәселен, халқымыздың бертінге дейінгі айып тарту мен сый тарту дәстүрі «тоғыз-тоғыздан» болып келген. Сондай-ақ «айып тоғыз» бен «сый тоғыз» өз ішінен – *бас тоғыз, екінші тоғыз, үш тоғыз, кілем тоғыз, ішік тоғыз*, т.б. болып әрқайсысының өзіндік өлшемі болған және бұл халықтың сыйлау, жазалау заңының басты бір өлшемі ретінде қолданылған. Демек, тоғыз саны да өзінің сандық, реттік мәнімен қатар қасиетті сан болып есептелінеді.

«Қырық» саны. Киелі, қасиетті сан атауларының ішіндегі қазақ халқы үшін қасиетті сандардың бірі – қырық. Қырық санының қасиеттілігі де, киелілігі де, баланың ана құрсағында қырық апта болуынан бастау алған, – деп жазады ғалымдар.

Біздіңше 40 санының сиқырлы қасиеті адамдардың өмірге келуімен тікелей байланысты болған. Қырық санымен келген мақал-мәтелдер – жақсы ата жаман балаға қырық жылдық азық, қырық жамау немесе қырық құрау, қыз қырық жанды, қырық пышақ болды т.с.с. «көп» мағынасында қолданылып жүрген қырық санының санау тарихымыздың қырыққа келіп шектік сипатқа ие болуының салдары деп білуімізге болады.

Тілімізде: Қырыққа келсе де, ырыққа келмеген.

Құлықсыздың қырық желеуі бар.

Қырсық қырық ағайынды. Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ [3]. Қыз балаға қырық жерден тыйым сияқты «қырық» саны ұйытқы болып келетін көптеген мақал-мәтелдер мольнан кездеседі. Бұлардың қай-қайсысының астарында қырық санымен қасиетті сипаттағы сан-алуан ақпараттар орын алады. Сондай-ақ дүниетанымдық, киелі де мәні бар мәдени құбылыс екенін дәлелдейді.

Сан компонентті мақал-мәтелдер құрамындағы дәстүрлі сандар қазақ халқының тым ертеден жалғасып келе жатқан санау жүйесінде айрықша «киелілік» сипатымен ерекшеленетін сандардан басқа да, мағыналық-мәндік өрісі халықтың дәстүрлі ұғым-түсініктеріне қарай жетелейтін сандар орын алады. Дәстүрлі сан есімдер қатарына бір, екі, төрт, бес, алты, он екі, жүз, мың сандары жатады.

Қазақтың сандық символикасында бес санына қатысты әр түрлі мағыналар мен ұғымдар берілген. Бесаспап. Қолынан келмейтіні жоқ, өнерлі, жан-жақты деген. Бес батпана. а) Баттасқан кір, салтақ-салтақ деген мағынада. б) Ауыр, зілдей деген мағынада. Алты аласы,

бес бересі жоқ. Өтіп кеткені жоқ, еш қатысы, ешбір шаруасы жоқ деген мағынада. Бес күндік. Аз күндік, уақытша деген мағынада. Бес қанат үй. Бес керегеден тұратын киіз үй. Бес қаралық. Бес қараға тұратын бағалы деген мағынада. Бес тиынға да тұрмайды. Түкке алғысыз, бағасыз, құнсыз деген мағынада. Бес қару: Садақ, найза, қылыш, айбалта, шоқпар. Демек, бес саны көнеден келе жатқан сандық жүйеде аздықтың шегі, көптіктің басталар тұсының белгісіне алынатыны байқалады.

Алты – сәттілік пен бақыт белгісі. Қазақ мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінде, жұмбақтарда алты саны өзінің киелі және киелі емес (профондық) мәндерінде қолданылады. Бұған мынадай мысалдарды келтіруге болады:

Біз, біз, біз едік,

Біздер алты қыз едік,

Бір тақтайға жиналдық,

Таң алдында жоқ болдық (Үркер; Үркердің батуы).

Сегіз (сегізінші қағида) – шексіздік уақыты, өлшемі, мөлшері деп түсіндірілген. Сегіз қиыр шартарап деген сөз тіркесі күллі әлем, дүниенің төрт бұрышы деген мағынада қолданылады - осы мағынаның аржағында «шексіздік» деген мағына түр деп түспалдауымызға болады. *Сегіз қырлы, бір сырлы* деген тұрақты сөз тіркесінде жан-жақты өнерпаз, шебер адам (жігіт) жөнінде айтылады, ал «жан-жақты» дегеніміз «өте көп (шексіз, санауға келмейтін)» деген мағынаны меңзеп тұрғандай.

Қорыта айтқанда, қазақ мәдениетіндегі көне наным-сенімдер мен салт-дәстүрлердің, қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде жинақталған іс-тәжірибенің пайымдық деңгейдегі қорытынды-нәтижелері санау жүйесіне де қатысы бар. Олар мақал-мәтелдер бойына «киелі» және «дәстүрлі» сандар арқылы беріледі және сол сандардағы киелілік, қасиеттілік мағыналарын сақтап тұрады. Киелі және дәстүрлі сандардың жайдан-жай пайда болмағанын, оның салт-дәстүрлеріне байланысты пайда болғанын ажыраттық. Бұрын білмеген көптеген қызықты жайттарды меңгердік. Ең бастысы, олардың мақал-мәтел құрамында келуі мақал-мәтелдердің де мағынасына әсер ететінін білдік

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003-208 б.

2 Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. – Алматы, 2004. -565б.

3 Сөз мәйегі / Бас ред. Б.Аяған. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының», 2007. – 552 б.

4 Халс Д.А. Ключ ко всему. – М: Аквариум, 1998. - 586 с.

5 Жәрдем Кейкін. Қазақы атаулар мен байламдар. – Алматы: «Өлке», 2001. – 258 б.

6 Қанарбаева Б. Қазақтың наным-сенімдерінің фольклордағы көрінісі. – Алматы: «Жазушы», 2004. – 288 б.

7 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1985. -560 б.

М. ҚАШҚАРИДІҢ «ТҮРКІ СӨЗДІГІНДЕГІ» КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР

СЕКЕНОВА С. Б.

9 сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

РУСТЕМОВА С. Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

Түркі тілінің тұңғыш оқулығын әзірлеп, грамматикасын түзген, түбі бір түркі халықтары тіл өнерінің өрісін мәңгілікке кеңейтіп, өркенін өсірген, түркі тілдерінің диалектологиясының, лексикологиясы мен грамматикасының негізін қалап, тіл білімі тарихында салыстырмалы тарихи әдісті тұңғыш рет қолданған ғұлама ғалым Қашқари Махмұд, атын мәңгілікке өлтірмейтін, өзіне және зерттеушілеріне сарқылмас қайнар көз болатын тынысы кең байсалды да ұлы еңбегіне Диуан Лұғат-ит-түрк, яғни түркі тілі сөздігінің жинағы деп ат қояды. Бұл жөнінде «Диуанында»: «Маған шексіз абырой, сарқылмас-түгесілмес қайнар көз болсын деген тілекпен осы кітапты жазып шықтым да, бір Тәңірге сиынып, оған «Диуан Лұғат ат-Түрік» – түркі тілдері сөздігінің жинағы» деп ат қойдым», – деп жазады [1]. Түбі бір күллі түркі тілдерінің тұтастығын білдіретін ортақ қасиеттері мен айырым белгілері айқындалып, өзекті заңдылықтары жүйеленген, түркі жазба әдеби тілінің грамматикасы түзіліп, сөздік қоры жинақталған осынау ғажайып еңбектің аты затына сай, өте дәл қойылған деп есептейміз.

Еңбекті Қашқари Бағдатқа келген соң, не келмей тұрып жазғандығы жөнінде түрлі көзқарастар бар. Дегенмен Стамбұлдағы жалғыз нұсқаның соңғы бетінде келтірілген мәліметке қарағанда Қашқарлының Диуан Лұғат ат-Түркі 1072 жылдың 25 қаңтарында

басталып, 4 рет редакцияланған соң 1074 жылдың 10 ақпанында аяқталған. Осы күні Стамбұлдың Ұлттық кітапханасында сақтаулы тұрған Диуан Лұғат-ит-Түріктің жалғыз нұсқасы Мәмлүктер топырағында Сұлтан Бейбарыс заманында Савада туып, Дамаскіде өмір сүрген Мұхаммед ибн ӘбуБәкір ибн Әбул-Фатхтың қолымен шамамен 200 жылдан кейін 1266 жылдың 1 тамызында көшірілген.

«Диуан лұғат-ит-түрік» не үшін жазылды деген сұраққа автордың өзі былай дейді: «Мен Тәңірдің бақ-дәулетті түріктердің жұлдызында жаратқанын, ғарышты солардың хандығының үстіне айналдырып қойғандығын көрдім. Тәңір оларды «түрік» деп атап, елдік пен билік берді. Заманымыздың билеушілерін түріктерден шығарып, өзге халықтардың ерік тізгінін солардың қолына ұстатты. Оларды адамдарға бас қылды, хақ істерде оларды қолдады және олармен бірге болғандарды ғазиз, абыройлы қылды», - деп түрік халқының қадір-қасиетінің ұлылығын әспеттеп, дәріптеген соң ұлық Тәңірдің оларға деген ерекше ықыласын әрмен қарай былайша жеткізеді: «Сондықтан да оларға Тәңірдің өзі ат беріп, жер бетінің ең биік те, шұрайлы, ауасы таза жеріне орналастырған, оларды әскерім деп санаған. Себебі түркілер сүйкімділік, әдептілік, жарқынжүзділік, жүректілік, әділдік, кішіпейілділік, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру секілді ізгі қасиеттерге ие». Осылайша түркілердің Тәңір сүйер көп қасиеттерін санамалап шыққан соң: «Түркілердің оқтарынан сақтану үшін ақыл иесі әрбір жан олардың жолын ұстануы тиіс. Олардың көңілін тауып, өзінің мұң-мұқтажын жеткізе білу үшін олардың тілін үйренуден басқа жол жоқ», – деп түпкі мақсатын жайып салады. Яғни, араб тілінің мәдениет пен өркениеттің, білім мен ғылымның, ең маңыздысы дүйім мұсылман шығыс халықтары ардақтаған Қасиетті Құран тілі ретінде дәуренінің жүріп тұрған шағында түркі лексикасының мағыналық әрі тұлғалық қасиет-сырларын аша отырып, оның шексіз байлығын көрсету арқылы түрік тілінің араб тілінен бірде-бір кем еместігін дәлелдейді.

Жәдігерді тұңғыш рет қазақ тілінде сөйлетіп, баспаға дайындаған Асқар Егеубаев болды. 1997 жылы 1-2 томдарын, 1998 жылы 3-томын «Түрік Сөздігі» деген атпен жариялаған болатын. Түркі тілінің тарихи дәуірлерінің қай-қайсысын болмасын зерттеу нысанына алып, белгілі бір дәуірдің тілі жайында пікір айтқысы келген кез келген зерттеушінің Қашқарияға соқпай айналып өтуі мүмкін емес. Әрбір пікірін «Диуан Лұғат» арқылы дәйектеп қуаттауға тырысады. Сондықтан да тіл тарихына қатысты жасалған әрбір зерттеуде міндетті түрде Қашқаридың есімін кездестіреміз. Себебі

Қашқари түркітану ғылымының негізін қалаушы, түркі әлемінің ең алғашқы филологы. Ол түрік тілін тек арабтарға ғана емес, бүкіл өзге ұлт өкілдеріне үйретуді, танытуды, тіпті сүйгізуді көксейді.

«Диуанның» сөздік қоры өте бай. «Диуанның» абыройын асырып, Қашқаридің мерейін үстем еткен нәрсе ол - әрине, осыдан мың жыл бұрынғы түркі тайпалары тілінің сөздік қорын жинақтап, мысалдарымен қоса беруі. Осы күнге дейін Қашқари сөздігіне жасалған статистикалық талдаулардың нәтижесінде бірізділік байқалмайды. «К. Броккельманның «Mittelturkischer Wortshats nach Mahmut al-Kashgaris Divan Lugat at-Turk» атты еңбегінде 7993 сөз орын алса, Бесим Аталайдың Индекс сөздігіндегі сөздердің саны 8783. Абдуррахменов пен Муталлибовтың индексінде 9222 сөз берілсе, Вефа Налбанттың түзген сөздігінде 8624 сөз реестерге алынған. Статистикадағы бұл әртүрліліктің себебі кей зерттеушілердің «Диуандағы» реестер сөздермен қоса мысалдар да берілген кей сөздерді де жеке сөз ретінде алғандығымен түсіндіруге болады» [3].

Диуанда жалпы түркілік сөздермен қатар оғыз, қыпшақ, қырғыз, йағма, ұйғыр секілді тайпалардың өздеріне ғана тән сөздер және белгілі бір аймақта ғана қолданылатын диалект сөздер де қамтылған. Сондай-ақ антропонимдерге, этнонимдер мен топонимдерге де арнайы тоқталып, олар жайында жан-жақты мәліметтер келтіруі «Диуанға» жай бір сөздік қана емес, энциклопедиялық та рең береді. Яғни «Диуанды» «түркі халықтарының энциклопедиялық анықтамалығы» деуге де болады. Осылайша «Диуани Лұғаттын» сөздік қоры түркілердің тек тілін ғана емес, рухани және материалдық мәдениетінің тарихи қырларын да ашып береді. Біз өз кезегінде осынша мол мұра тілінде кездесетін көп мағыналы құбылысқа зерттеу жүргізуге тырыстық.

Қашқари сөздігіндегі «Мұзоаф есімдер кітабында» (Бір әрпі қайталанатын сөздер кітабынан көп мағыналы сөздерді көптеп келтіруге болады. Мысалы:

ҚАҚ: дән, сүйек.

Егүк қакы –Өрік сүйегі.

ҚАҚ: қак.

Қак ет: Қак ет – Қакталған ет. Кептірілген нәрсенің барлығына осылай айтылады.

ҚАҚ: қураған, кепкен көл. Жырда былай жырланады:

Қактар түгел көлдеді,

Таулар басы көрінді.

Жаһан демі жылыды,

Түрлі шешек гүлдеді [1, 412].

Өленде көктемді суреттеп айтылған:

Құрғаған көл, шұңқырлар, қақтар көлдеп толды; көлдерге айналды; таулардың жота, шоқылары көрінді; дүниенің тынысы ысыды, қызынды; алуан түрлі гүл-бәйшешек құлпырып шешек атты.

Осы келтірілген мысалдардағы қақ сөзін көп мағыналы деп алдық. Алғашқы қақ сөзінің өрік дәні деген мағынасы мен қақталған ет деген мағынасымен мағыналық жақындық анық байқала қоймайды. Қақталған ет мағынасы мен құраған, кепкен көл деген мағыналарынан мағыналық жақындық анық байқалады. Қақталу – кебу құбылыстарын өте жақын, мәндес құбылыстар ретінде алуымызға болады. Олардың технологияларында айырым болғанымен (отқа қақтау, күнге қақтау, түтінге қақтау, желге кептіру, күннің көзіне қойып кептіру, ыстыққа кептіру және т.б. тіркестер оған дәлел), нәтижесінде кебу құбылысы шығады. Өрік дәні деген мағынасынан да кебу құбылысын бағамдауға болады. Күнделікті тұрмыста қолданып жүрген өріктің өзі кептіру процесі нәтижесінде алынады. Өріктің еті кептірілген соң, ішіндегі дәнінің де кебетіні түсінікті. Кейде жас өріктің (сабағынан енді үзілген) сүйегін қурып қолданады. Қуырудың нәтижесінде сүйек ішіндегі өріктің дәні кеуіп, шағуға жеңіл әрі дәмділігі арта түседі. Сондықтан жоғарыда Қашқари сөздігінен келтірілген мысалдардағы қақ сөзін көп мағыналы деп алуымызға әбден болады.

КЕК: кек; өш. Өшлүг keklig кіші; Өшлүг кекліг кіші – Өшті кекті кісі; Өш – кегі бар адам. КЕК: қиыншылық, мехнат.

Kek көрді ег: Көк көрді ер – Ер қиыншылық көрді [1, 413].

Келтірілген екі мысалдағы кек сөзі де көп мағыналы сөздерге жатады. Кекті, өшті адамның кегін алу жолында қиыншылық пен ауыр азап тартары көміл шындық.

СУВАЛДЫ: сыланды.

Ев субалды – Үй сыланды. Сувалур – сувалмақ – Сыланар-сыланбақ [1, 173].

Сыланды: үй сыланды - әктелді мағынасын береді
қыз таранып сыланды - сәнденді мағынасын береді.

Екеуінің мағынасы бір: әдеміленді, тазаланды, сәнденді және т.б. Келтірілген екі мысалда да сыланды сөзі етістік болып тұр. Өрі мағыналық жағынанан өте жақын. Сондықтан көп мағыналы сөз дегенге негіз бар.

М. Қашқари сөздігінде сәнденді деген мағына безенді деген лексикалық бірлік арқылы да беріледі.

БЕЗЕНДІ: жасанды, сәнденді.

Ұрағұт безенді – Әйел сәнденді; Әйел жасанды.

Ев безенді – Үй безенді [1, 199].

БОШАНДЫ: босанды, босады.

Қой бошанды – Қой босады; қой байлаудан босанды, шешілді.

Ұрағұт бошанды – Әйел босанды; Әйел ерінен босанды, ерден шықты [1, 201].

Босанды: Қой босады – байлаудан шешілді мағынасын береді;

Әйел босанды – қол-аяғын бауырына алды, яғни өмірге сәби әкелді мағынасында;

Әйел ерден қашты, ерден шықты – күйеуінен ажырасты мағынасында.

БОҒҰНДЫ: буылды, буынды.

Ат – Ат боғынды – Ат буынды; ат буынып өлді [1, 200].

Буынды: Ат буынды – ат мойнынан шылбырмен немесе басқа арқан не жіппен буынып қалды мағынасында;

Белін буынды – адамның белін байлады мағынасында;

Белін бекем буынды – адамның бір нәрсеге батыл кірісуі мағынасында. Ата – бабаларымыз жауға қарсы белін бекем буып, қолына найзасын ұстап, шыққан. Сондай – ақ ауыл – үй ішіндегі даулы мәселелерді шешуде де шапанының белін бекем буып дауға араласқан, билік айтқан, түрлі мәселелерді шешкен. Келтірілген мысалдардың барлығында да мағыналық байланыс бірден аңғарылады. Сондықтан көп мағыналы сөздерге жатады.

СҮШҮНДІ – шырынын татты, дәмін алды.

Ер сөзге сүшүнді – Ер сөздің шырынын татты. (Адам сөзге тұщынды, сөзге елігіп, өзінің ісіне қарамады). Мақалда былай деп келген:

Сөзге сүшүнсә бұлын барыр – Сөз дәмін алса, (сөзге) тұтқын болар. Сөзге тұщынса, сөзге тұтқын болар.

Бұл мақал естіген сөзге елтіп, сөздің шырынына беріліп, ісін ұмытып кеткен адам жайында айтылады [1, 214].

Шырынын татты, дәмін алды:

Шырынын татты, дәмін алды – тамақтың дәмін тату, шырын ішу тура мағынасында. Сөздің шырыны – ауыспалы мағынасында. Сөздің көп мағыналылығын тудыратын бірден – бір тәсіл сөздің метафора ретінде, яғни ауыс мағынасында қолданылуы. Ауыс мағынасы арқылы көп мағыналы сөз туындаған.

СЕСІНДІ: шешінді; Серт қылды; (бекінді; шешім қабылдады).

Ер құлын ұрғалы сесінді – Ер құлын ұруға шешінді; яғни ер құлын ұруға бекінді, серт қылды. Байлаулы ат босанып кетуге айналса да, осы сөз қолданылады [1, 215].

Шешінді, серт қылды: Ер жігіттің серт қылуы – өзіне не басқаға бір нәрсені орындауға сөз беруі мағынасында.

Шешінді, серт қылды – бір іске кірісу мағынасында. Қазақ халқының «Шешінген судан тайынбас» деген мақалы да белгілі бір дәрежеде осы мағынаға жақын. Сөздің тура, алғашқы мағынасы:

Ат шешілді – ат байлаудан шешілді.

Киімін шешті – адамның үстіндегі киімін шешуі.

Келтірінді мағынасы:

Сөздің түйіні шешілді;

Шешінген судан тайынбас (шешінген іске кірісуге бел буған мағынасында).

СЫТҒАНДЫ: сыбанды, сайланды. Ер сытғанды – Адам сыбанды, адам бел шешіп сайланды. Киімінің жеңін сыбанса да осылай дейді» [1, 355].

Сыбанды: Киімінің жеңін сыбанды – киімінің жеңін қайырды;

Жеңін сыбана кірісті – бір іске қызу кірісті мағынасында;

Ұрысқа сайланды, бес қаруын сайланды - дайындалды мағынасында;

СОҒҰНДЫ: суынды; тонды; үсінді.

Ер соғұнды – Адам суынды [1, 216].

Суынды: Адам суынды – тонды, денесі мұздады мағынасында;

Көңілі суынды - көңілі қалды, ренжіді мағынасында.

ТАМТҰРДЫ: тамдырды; тамызды.

Ол аның ағзына сув тамтұрды – Ол оның аузына су тамызды.

Тамтұтрұр – тамтұрмақ – Тамызар – тамызбақ [1, 245].

Су тамызды – әл үстінде жатқан адамның аузына су тамызу(су берді мағынасы).

Қазақ халқында «әңгіменің майын тамызды» деген тұрақты тіркес бар. Әңгіменің майын тамызу кез келген адамның қолынан келмейді, ол сөзге шешен, тілді адамдардың қолынан ғана келеді. Тұрмыста ағаштың майы тамады. Мәселен, тобылғыны күйдіріп, майын алады. Тобылғыны күйдірген сәтте кішкене тамшылап майы ағады. Ол өте аз мөлшерде болады. Оны майын тамызу дейміз. Егер көп мөлшерде болса ақты деген етістікті қолданған болар едік. Сол сияқты қазіргі уақытты су тамды, май тамды(машинаның майы тамады, т.б.) деген тіркестер қолданылады. Әңгіменің майын тамызу ауыпалы мәнде жұмсалып, көп мағыналықты тудырған.

ТАЛПЫРДЫ: қанат қақты.

Құш талпырды – Құс қанат қақты; Құс (қанат қағып) талпынды. Кекілік талпынды; кекілік сілкінді. Бұл барлық нәрсенің талпынғанына қолданылады [1, 241].

Қашқаридың келтірген мысалында қанат құстың қанаты ретінде жұмсалған. Қанат – құстың, шыбын-шіркейді және т.б. ұшатын жәндіктердің дене мүшесі.

Қанат сөзінің көп мағыналы сөз екендігіне төменде келтірілген мысалдар дәлел болады: Алты қанат ақ орда – киіз үйдің керегесі;

Балықтың қанаты – жүзу мүшесі;

Арбаның қанаты – арбаның үстің кеңейту үшін салынған ағаш;

Оң қанат, сол қанат – оң жақ, сол жақ.

Сонымен қатар қанат қағу мағынасын берген талпыну деген сөз қазір басқа мағынада жұмсалады. Мәселен: Талпыну – енді жүруге ұмтылған бала талпынады орнынан тұруға; Талпыну – алға ұмтылу мағынасын да береді. Бұл мағыналар Қашқари сөздігінде де берілген:

ТАЛПЫНДЫ: талпынды; ұмтылды. Құш талпынды – Құс талпынды. Бір нәрсе қомданып, талпынғанда қолданылатын сөз [1, 345].

ТҮПЛЕНДІ: түптенді; тамыр алды.

Иағаш түпленді – Ағаш тамыр алды; Тамыр байлап түптенді. Ер түпленді – Адам түптенді; Адам тамыр жайып орнықты. Тамыр жайға нәрсенің бөріне осылай дейді [27, 349]. Адам санасындағы белгілі бір зат туралы түсінік басқа бір затпен де ұқсастырылып, байланысып тұрады. Соның нәтижесінде екі заттың екі сапасында, яки атқаратын қызметінде жалпы ұқсастық пайда болады. Сол ұқсастықтың негізінде адамдар ұқсас келген екі, не бірнеше затты бір атаумен айтатын болған. Мысалы: «судың асты» мағынасындағы «түп» сөзінің қазіргі қазақ тілінде мынадай мағыналары бар:

1 Бір заттың төменгі, ішкі қабаты (ыдыстың түбі).

2 Өсімдіктің жер астындағы бөлігі (томардың түбін копардық).

3 Өсіп тұрған немесе қазып алынған өсімдік (бес түп отырғыздық).

4 Түкпірдегі, шеткі (түп бөлмеде отыр).

5 Адамның шыққан тегі, арғы заты («Мен сол керей ішіне сіңген аз атаның баласы едім, түбім қызай». М. Әуезов).

6 Бір нәрсенің жаны, қасы (Мәскеу түбінде фашистер талқан болды).

Адам тамыр жайып, орнықты дегенде тамырдың тереңге жайылатын белгілі. Сондықтан тамыр жайды деген ұрпақ дамытты, өркен жайды мағынасын береді

ШОМРҰШДЫ: шомылысты.

Ол меің бірле сувда шомрұшды – Ол менімен бірге суда шомылысты; яғни ол менімен бірге бәсекелесіп суға шомылысты, сүнгісті. Жәрдемдесе де осы сөз қолданылады [1, 295].

Шомылу: Суға шомылу – суға түсу(тура мағынада);

Ойға шомылу – терең ойға түсу(ауыспалы мағынада).

ТЕВШҮЛДІ: шатасты; шырмалды.

Иып тевшүлді – Жіп шырмалды; Жіп қолмен көп ұстағандықтан шатасты[1,338].Шатасты, шырмалды:

Жіп шырмалды, шатасты – тура мағына;

Адам шатасты – қателесті мағынасында;

Аяғына шырмалды – аяғына оратылды, тұсау болды мағынасында;

Қол-аяғы шырмалуы – қол –аяғы байлаулы мағынасында.

КӨКЛЕНДІ: көгерді.

Иүзі аның көкленді – Оның жүзі көгерді. (Оның жүзі реніш қайғыдан көгеріп, сұрланды деген мәнде) [1, 368].

Көгерді: Жер көгерді – шөп шықты;

Жүзі көгерді – ашуланды:

Денесі көгерді – сокқыдан немесе абайсызда денесін көгертуі(денедегі қанның ұйып қалуы). Бұл үшеуінің арасында мағыналық жақындық түске байланысты болып тұр. Шөпті қазақтар көк деп атағаны белгілі. Денеге тиген сокқыдан қан ұйыған кезде түсі көгілдір тартып тұрады. Адам ашуланған кезде де қан сөлсіз, жүзі қурап, көгілдір тартып тұратыны аян. Сонымен қатар олар бір сөз табына жатады. Барлығы етістіктің қызметінде жұмсалып тұр. Сондықтан бұларды көп мағыналы сөзге жатқызуға негіз бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қашқари М.Әдеби жәдігерлер. 3- том. Алматы, 2007

2 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, 1991 - 264 б

3 Кучкартаев И. Лексика «Дивану лугат-ит-тюрк» Махмуда Кашгари и современный узбекский литературный язык / И. Кучкартаев // Советская тюркология. - 1972. - № 1. - С. 83-90. (Материалы данного номера посвящены 900-летию «Дивану лугат-ит-тюрк» Махмуда Кашгари)

4 Махмуд ал-Кашгари. Диван лугат ат-турк (Свод тюркских слов): В 3-х томах / Пер. с араб. А. Р. Рустамова под ред. И. В.

Кормушина; предисл. и введ. И. В. Кормушина; примеч. И. В. Кормушина, Е. А. Поцелуевского, А. Р. Рустамова; Институт востоковедения РАН: Институт языкознания РАН. – М.: Восточная литература, 2010. – Т. 1. – 464 с. –

5 Кононов А. Н. Тюркское языкознание в Ленинграде. 1917–1967 // ТС. 1970.

«АЙ, ХАН, МЕН АЙТПАСАМ, БІЛМЕЙСІҢ...» (ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ХАНДАР БЕЙНЕСІ)

ТАСҚАЛИЕВ А. Н.

11-сынып оқушысы, Д. Төленов атындағы мектеп-гимназиясы,
Атырау обл., Махамбет ауд.

Жыраулар поэзиясы – қазақ мәдениетіне ғана тән бірегей тарихи-мәдени құбылыс. Бірегей құбылыс болатын себебі – зерттеушілер қай ел, қай халықты алмаңыз, арғы-бергі тарихында қазақ жыраулары мен олардың жыр-толғауларына дәлме-дәл сәйкес келетін әдеби шығармашылық иелері де, шығармалар да кезікпейтінін алға тартады [5, 1].

Жыраулардың негізгі қаһармандары – ел билеген хандар және қол бастаған батырлар. Хандар мен батырлардың жыраулар поэзиясында маңызды орын иеленуі де замана тынысымен тікелей байланысты. Ел ішіндегі береке мен жердің бүтіндігіне алаң болған жыраулар елге тұтқа тұлғалардың ұсақ кемшіліктерінің өзі ел тағдырында зор маңыз алатынын анық түсінетіндіктен, өз қаһармандарының жақсы әрекеттерін халыққа өнеге ете, асқақтата жырласа, көңілге кірбің түсіретін мінездерін аяусыз сынайды және мұндай шығармашылық мінез: «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің, Айтқаныма көнбейсің. Шабылып жатқан халқың бар, Аймағың көздеп көрмейсің. Қымыз ішіп қызарып, Мастанып, қызып терлейсің. Өзіңнен басқа хан жоқтай Елеуреп неге сөйлейсің?!» – деп айбындана сөйлейтін Асан қайғыдан бастап, бір сәт астамшылыққа бой алдырған ханды: «Ай, Абылай, Абылай, Сені мен алғаш көргенде Тұрымтайдай ұл едің, Түркістанда жүр едің, Әбілмәмбет патшаға Қызметкер болып тұр едің...», – деп сабасына түсіретін Бұқар жырауға дейінгі аралықта бұлжымас дәстүрге айналған тағылымды жол сияқты көрінеді.

Қазақ қоғамында хан да, олардың әрекетіне әділ бағасын бере білген жырау да баршылық. Әйтсе де бұл шағын мақалада Сыпыра

жырау, Асан қайғы, Марғасқа, Жиёмбет, Бұқар жырау және жыраулар поэзиясының соңғы өкілдерінің бірі Нысанбай жыраудың шығармаларындағы хандар бейнесінің көріну деңгейі сараланады.

Кесте 1

Жыраулар	Сыпыра жырау	Асан қайғы	Жиёмбет, Марқасқа жыраулар	Бұқар жырау	Нысанбай жырау
Хандар	Тоқтамыс хан	Жәнібек хан	Есім хан	Абылай хан	Хан Кене

Аңызбен астасып кеткен тұлғалар ішіндегі өмірде болғандығы күмән келтірмейтін жыраудың бірі- Сыпыра Сұрғалтайұлы. Сыпыра жыраудың туған, өлген жылдары белгісіз болса да, зерттеушілер оны Дешті Қыпшақтың әйгілі жыршыларының бірі деп санайды. Сыпыра жырау шығармашылығы көптеген түркі халықтары әдебиетінде көркем үлгі ретінде орын алды.

Сыпыра жырау шығармашылығына алғаш назар аударған ғалым – Ш. Уәлиханов. Оның қыпшақ Жұмағазыдан жазып алған шумақтарын Мелиоранский «Тоқтамыс жыры» жинағына енгізеді. Ал Қ. Сәтбаев оны алғысөз жазып Орынбордан бастырып шығарады [5, 2]. Осы басылым үлгісімен берілген жыр шумақтарына назар аударайық. Толғаудың мәтініне назар аударсақ, жыраудың талай ханның ел билегеніне куә болғанын көреміз.

«Мен қартыңмын, қартыңмын, Не көрмеген қартыңмын. Бастыққа бастық, Бастық хан Оны көрген кәріңмін. Одан соңғы Кедей хан, Оны көрген кәріңмін. Одан соңғы Ала хан, Оны көрген кәріңмін. Одан соңғы Қара хан, Оны көрген кәріңмін. Құлағы шұнақ Хазар хан Оны көрген кәріңмін. Он екі тұтам оқ атқан, Одан соңғы ер Шыңғыс Оны көрген кәріңмін. Мұнарасы қырық құлаш Өзден сұлтан Жәнібек Оны көрген кәріңмін. Ұлы бабам Домбауыл Соны көрген кәріңмін. Жүз сексенге келгенде, Сонша хандар өткенде Жас та болсаң, Тоқым хан, Сені көрген кәріңмін» [2, 18].

Бұлар Сыпыра жыраудың көзі көрген соңғы ханы Тоқтамыс ханның ел билеген аталары болатын. Ел билеушілердің ортақ бейнесі жыраудың:

«Мен дүниеге келгенде Әділетсіз хан көрдім. Сауға болған дұшпанға Есепсіз жүрген мал көрдім. Алла тағала әмбеге Бөліп берген ырысты. Соның үшін хан ием Көксемегей ұрысты», – деген сөздерінен көрінеді. Атақты «Едіге» жырында Тоқтамыс ханның сегіз атасын көріп білгенін айтып, олардың әрқайсысына тиісінше

мінездеме берген Сыпыра жырау ел билеген әміршілердің халыққа тізе батырған өктемдігін, ұрыс-жанжалға құмарлығын, соның салдарынан ел ішінде берекесіздік орын алғандығын ашып айтқан бұл толғауынан хандардың жиынтық бейнесі көрінеді. Атақты жырау ханның қарашамен келісе отырып билік жүргізуі керектігін кеңес етеді.

Хандардың серігі және кеңесшісі, әрі тайпаның жауынгер басшысы болған жыраулар өз пікірлерін ашып айтып, «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» қағидатын ұстанған.

Жыраулар поэзиясының абызы Асан қайғы қазақ халқының басын құрап, іргелі ел етпек болған Керей, Жәнібек сұлтандарды қолдап, олардың ақылшысы болған. Жаңа мемлекеттің ұраншысы Асан өлең-толғауларында хандық үкіметті нығайту, елдің бірлігін, қорғаныс қабілетін арттыру қажетін насихаттайды. Ол ханға жағынбай, жағымпазданып-жарамсақтанбай, қаймықпай тура сөйлеген. Асанның «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің» толғауында бұл анық байқалады.

«Ай, Хан ием, мен айтпасам, білмейсің, Айтқаныма көнбейсің. Шабылып жатқан халқың бар, Аймағын көздеп көрмейсің. Қымыз ішіп қызарып, Мастанып, қызып терлейсің, Өзіңнен басқа хан жоқтай Елеуреп неге сөйлейсің?! Қорған салдың бейнет қып, Қызметшің жатыр ішіп-жеп. ...Оны неге білмейсің?! Қатын алдың қарадан, Айрылдың хандық жорадан, Ел ұстайтын ұл таппас, Айрылар ата мұрадан! Мұны неге білмейсің!? Құладың құстың құлы еді, Тышқан жеп жүнін түледі. Акку – құстың төресі, Ен жайлап көлді жүр еді. Андып жүрген көп дұшпан Елге жау боп келеді: Құладың қуды өлтірсе – Өз басыңа келеді! Құлың көп сені өлтірер, Осыны Асан біледі, Мұны неге білмейсің?! Арасынан қытай, орыстың Қорған сап, тыныш жатырсың, Өзің – Жәнібек, елден асқан батырсың! ...Тіл алсаң, іздеп қоныс көр, Желмая мініп жер шалсам, Тапқан жерге ел көшір, Мұны неге білмейсің!? ...Ай, Жәнібек, ойласаң, Қилы, қилы заман болмай ма? Суда жүрген ақ шортан Қарағай басын шалмай ма? Мұны неге білмейсің!? Қош, аман бол, Жәнібек, Енді мені көрмейсің!» [1, 24].

Жәнібек ханның бейнесін ашу үшін мәтіні толық беріліп отырған осы толғауын шартты түрде жеті бөлікке жіктей отырып тұжырым жасап көрейік.

Біріншіден, жаңа көтерілген мемлекеттің шешілмеген істері, айнала аңдыған жауы тұрғанда «қымыз ішіп қызарып» бейқам жүруі үлкен кемшілік; екіншіден, ханның қала, қорған салуын да

жырау айып көреді; үшіншіден, Жәнібек «қарадан қатын алып» текті сақтау тәртібін бұзады. Асан қайғының пікірінше, бұл «хандық жорадан айырылу»; төртіншіден, құладың құсқа аққуды алдырады, бұл жаман ырым болатын; бесінші бөлімде, ханның бейғамдығына ескерту жасаса, алтыншы бөлімде хан Жәнібек жырау айтқан жаңа қонысқа көшуге талпынбайды; жетіншіден, жырау болашақ келер кесапаттарды атап, одан сақтану керектігін айтады.

Жыраудың бұл сындарын Жәнібек хан әрекетімен астастыра өзімізше тұжырымдап көрейік. Асан қайғы мен Жәнібек ханның түпкі мақсаттары бір- жас мемлекетті нығайту, жаудан сақтану, бірақ жолдары әр қилы.

Толғауда Жәнібек ханның қала салу, отырықшылыққа ойысу сияқты әрекеттерінен оның өз заманындағы жаңаша ойлауға бағыт алған реформатор билеуші екенін танымыз. Жыр жолдарындағы Асанға ермеуі оның табандылығын танытса керек. Ал оның қарадан шыққан қызға үйленуі, қарапайым халықпен бірге аңға шығып, тіпті «қымыз ішіп қызаруы» оның халыққа жақындығын, қарапайымдылығын байқатса керек.

Жәнібек – батыр, жырау ханды сынап отырып «өзің, Жәнібек, елден асқан батырсың» деп оны ерекше бағалайды. Бұл толғаудағы Жәнібек хан бейнесін жыраулар поэзиясындағы ханның алғашқы біршама толық тұлғалық кейпі суреттелетін бейне деп есептеуімізге болады.

Есім хан туралы халық жадында сақталған аңыз- әңгімелер, дастан-жырлар көп. Оның қасында жүріп, оған толғау, жыр арнаған жыраулар болды. Есім ханмен етене араласқандығы шығармаларынан анық танылатын жырау-Марғасқа. Есім ханның ел билеушілік, қолбасылық қасиеттері, ерлік қимылдары арқау болған жеті мың жолдық «Еңсегей бойлы Ер Есім» аталатын тарихи-қаһармандық жырдың авторы болуы ықтимал [1, 55], деп болжанатын Марғасқа жыраудан бүгінге дейін сақталып кеткен жалғыз шығарма бар. «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» деп келетін толғауда:

Еңсегей бойлы Ер Есім

Есігінде келіп тұр:

Алғалы тұр жаныңды,

Шашқалы тұр қаныңды! – деп Есім ханның айбарлы сипатын танытады.

Он алты жасынан хандар, билер, батырлар жанында жүріп, ел билігіне араласқан Жиёмбет Бортоғашұлы – Есім ханның әскербасы батырларының бірі әрі жорықшы жырауы, қабырғалы бий.

Жиёмбеттен қалған елеулі мұра - Есім ханға арналған толғаулары. Жиёмбеттің арнау-толғауында көрініс тапқан билеуші мен жырау арасында қайшылықтар және хан дәрменсіздігінің әшкереленуі, толғаудың сыншылдық сипатын айқындайды. Бетің бар, жүзің бар демей, турасын кесіп айтатын қайсар, өжет би Есім ханның кейбір озбыр жөн- жосықсыз іс- әрекеттеріне қарсы шықты. Оның бұл мінезі ханға жақпайды. Сондай бір кездесулерде қалың еліне арқа сүйеген батыр: «Әмірің қатты Есім хан, Бүлік салып бұйырдың. Басын бер деп батырдың Қанын ішіп қанбаққа, Жанын отқа салмаққа... Хан ие ісің жол емес, – деп ханға өктем сөйлейді. Сіздің естен кеткенмен, Біздің естен кеткен жоқ. Қалмақтың Бөрі ханы келгенде, Соқыр бурыл байталға, Сонда бір жайдақ мінгенсің, – деген жолдарда Есім ханның басына іс түскендегі жүдеу бейнесін айнытпай сомдайды. Жырау бейбіт күнде батырсынған ханның «қалмақтың Бөрі ханы келгенде, соқыр бурыл байталға жайдақ мінген», «тас қалаға жан сақтап» бас сауғалаған жүрексіз, қорқақ мінезін әшкерелейді.

Әйгілі жырау «Әмірің қатты Есім хан», «Еңсегей бойлы Ер Есім» атты толғауларында Есім ханның жосықсыз ісін бетіне басып, зорлық-зомбылық әрекеттерін ашық айтады. Жаңа буын оқулықтарында Есім хан мен Жиёмбет арасындағы келіспеушілікке кең көлемде түсінік беріліп, толғаудың сыншылдық сипатына талдау жасалынған [4, 55]. Толғауда Жиёмбет жырау қанша төмендете сөйлегенімен, Есім ханды бағалап, оның ерлік істері мен парасатты ел басшысы екенін мойындап тұрғандай. Қалай болғанда да Есім хан–Қазақ хандығына Түркістан шаһарын түпкілікті астана етіп, билік жүргізген, Қазақ хандығының аумақтық тұтастығын ұлғайтып, мемлекет билігін өрістеткен, сол кезеңде Орта Азия геосаясатына өзгеріс енгізген айтулы тұлға.

Қай жырау болмасын, мақсаты-ел билеген хандардың елді біріктіру, елдестіру жолындағы еңбектерін жоққа шығару емес, пенде болғасын кемшіліксіз болмайды, сол кемшілікті «дос жылатып айтады» дегендей, бетке тіке айту арқылы түзету бағытындағы ескерту деп қабылдағанымыз жөн.

Абылай хан бейнесін өз туындыларына өзек еткен көптеген ақын, жыршы, жыраулардың бастауында тұрған Бұқар жыраудың жыр- толғауларының орны ерекше екендігін баса айтқымыз келеді. Сол дәуірдің тарихи шындығы мен әлеуметтік мәселелерінің жыршысы, Абылайды бала жасынан білетін жырау «Ай, Абылай, сен он бір жасында» деп басталатын толғауында ханның қарсы алдында тұрып, оның кеше кім болғанын қаймықпай жырлайды. Тіпті, Сабалақ

деген атпен түйе баққанын да, әншейін-ақ екінің бірі болғанын да айтып салады. Осы орайда Бұқарға қандай риза болсаңыз, хан басымен осындай зілбатпан сөзді көтерген Абылайға да сүйсінесіз. Бұдан әрі қарай жыраудың Абылай ханның жеке басындағы айрықша қасиеттерді термелеп кетуі де оның кеменгерлігін, аса парасатты жан екенін байқатады. Ақын Абылайдың жиырма бес жасында Алланың жебеп-желеуімен басында бағының, астында тағының болғанын бір дәріптесе, отыз жасқа келгенде бүкіл әлемге ой көзімен қарап, еш нәрседен тарынбағанын, бар әлемге кең тыныспен қарағанын да байқаған. Ал ханның не бәрі отыз бес жасында «Қарасудың бетінде шайқалып аққан сен» екенін де ескертіп кетеді. Біз жыраудың қырық, қырық бес, елу жасындағы Абылайдың алған қамалы мен шыққан биігін соншама дәл айтқанына да дән риза боламыз. «Қырық беске келгенде, Жаман мен жақсы демедің. Елу жасқа келгенде Үш жүздің баласының Атының басын бір кезеңге тіредің,- деп Абылайды қолбасшы, көшбасшы ретінде орынды мақтайды, дұрысы Абылаймен мақтанады. Жырау ханға ащы да айтады, тұщы да айтады, соның бәрін халық мүддесі үшін, ел қамы үшін толғайды. Жырауға ел тағдыры, ел бірлігі қымбат еді. Сол үшін де Абылайдың кемшіл тұстарын жасырмай бетіне айтады. Хан Абылайдың ұнамды жағын да, саясатындағы кемшін тұсын да көрсете келіп, жырау оны образ ретінде сомдай білген.

Абылай бейнесінің халық қиялында ерекше іріленіп сомдалуының басты себебі де оның тар кезеңде, тайғақ кешулерде ел бірлігіне ұйытқы боларлық ақыл, айла, ынтымақ кілтін таба алғандығына байланысты.

Періштесін жұрт үстінен дулатқан. Жомарттығын Хатымтай-жомарттан өткерген. Имандының ісіне қарап бет берген. Табандасқан дұшпанға, Күнінде қылыш шауып өткерген. Абылай хан дүниеден көшкенде Бұқар осылай толғады. Бұл жай ғана жоқтау емес, Абылайдың қазақ тарихындағы орнын бағамдау еді.

Қазақ хандығының соңғы ханы, Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы (1802–1847) мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837–1847 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі болды. Оның өмірі мен азаттық жолындағы күресі көптеген ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болған. Кенесары мен көтеріліске қатысқан батырлар туралы жырлардың біразының авторлары ел жадында сақталған. Олардың қатарында Нысанбай, Досқожа, Күдері, Көкбай т.б. ақындар айрықша орын алады. Алайда Кенесары Қасымұлы тұлғасына жаңаша қарап, оның

шынайы бағасын беру ісі Қазақстан тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін ғана қолға алынды.

Кенесары-Наурызбай туралы әдебиет қазыналарының басында атақты Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай» дастаны тұр. Жыраудың түсінігінде, Кенесары сияқты мемлекетшіл тұлға – ел қорғаны, ал оның қызметі – ұлттық мемлекеттілікке ұмтылыстың көрінісі. Жырау өзінің бұл дастанын Кенесарыны таныстырудан бастайды. «Кешегі өткен Кенекен – Дүрри жауһар данасы. Үйсіздерге үй болған, Шаршағанда ат болып, Шөлдегенде су болған Дарияның аққан саласы, Ата-тегін сұрасаң, Хан Абылай – бабасы», - деп сипаттайды жырау ханның адами қасиеттерін. Кей ретте Кенесары бейнесі тіке, тура суреттелмей, қасындағы батырлар ерлігін, тапқырлығын көрсете отырып сомдалады. Жырда аты аталған батырлар-Кенесарымен бірге патша үкіметіне қарсы күрескен, ел амандығын күйттеген азаматтар. Бірақ жырдағы негізгі тұлға-Кенесары. Ал басқа батырлардың ерлігі жинақталып, тәуелсіздік үшін күрескен басты қаһарман Кенесарының типтік образына топтастырылған. Ал даралай келгенде жырау оны қазақ елінің басын біріктіріп, орыс патшасына бағынбай, ерікті ел болуды армандап күрес бастаған, көпті соңына ерткен ақылгөй, көсем етіп сомдайды.

Қазақ мемлекетінің қалыптасу, даму тарихында жыраулар поэзиясы үнемі ықпалды арна болды. Жыраулар өздерінің сынында мемлекет мүдделерін жеке бас мүдделерінен жоғары қоя отырып, яғни бастарын қатерге тіге отырып, ел билігіндегілерге батыл үн қатқан.

Хандардың елге сіңірген еңбегі, жасаған жақсы істері мен жіберген қателіктері жыраулар толғаулары арқылы көпшілікке танылды. Бұл жерде олар халық өмірінің айнасы іспетті болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ай, заман-ай. – Алматы: РБК, 1991
- 2 Бабалар сөзі.-Батырлар жыры 39-том-Астана:Фолиант,2006
- 3 Күмісбаев Ө. Жыраулар жырларындағы хандар келбеті.-«Ана тілі» газеті. 10 қыркүйек,2015 ж.
- 4 Қазақ әдебиеті. 9-сынып.-Алматы: Мектеп, 2013.
- Интернет материалдары:
- 5 Әлтай А. Жыраулар поэзиясы-хандық дәуір айнасы.
- 6 Мәмбетов Қ. Қазақ хандығы және жыраулар поэзиясындағы ел бірлігі

Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЕҢБЕК ТАҚЫРЫБЫ

ТОЙЛЫБАЙ А. Ә.

8-сынып оқушысы, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

ДЮСЕНБЕКОВА С. Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

Еңбек – адамның рухани және дене күшін жұмылдыру арқылы, өзіне дейін жасалған тәжірибені пайдаланып, тиісті құрал-саймандар мен жұмыс тәсілін қолдану арқылы жүзеге асырылатын іс-қимыл процесі. Философ Жан Мари Гюйо «Адам жұмыс істеген уақытта ғана толық адам болады», – дейді. Ұлы ақын Абай:

Тамағы тоқтық,

Жұмысы жоқтық,

Аздырар адам баласын, – деп, еңбектің адамның табиғи қажеті екенін тұжырымдап береді. В. Г. Белинский «Адамды көркейтетін-еңбек» деп толықтырады. Бүгінгі жастардың бір парасы жанын кинамай, қамсыз өмір сүріп, ырду-дырдумен уақыт өткізуді мақсат етеді. Еңбексіз келген ондай бақыт баянды болмайды. Неміс профессоры Х. Гуфелянд былай деп жазған: «Ой еңбегімен де, дене еңбегімен де шұғылданбай, бос өткен өмір-ең бір аянышты мағынасыз, бейшаралық өмір, өйткені сергек қимыл-әрекетсіз өмір-бір орында тоқтап тұрған өлі су, яғни шалшық су тәрізді...», – дейді. Еңбек түбі-береке, еңбек ширатады, өмір үйретеді. Еңбек-ырыстың бұлағы. Ұлы дәрігер Авиценна «Жұмысы жоқтық пен сауықпаздық надандықты тудырады, олар сонымен қатар аурудың да себебі болып табылады» деген. Еңбек адамның өзінің қалыптасуында, оның сана, сөйлеу тәрізді қатынасқа қабілетті ететін қасиеттерін қалыптастыратын шешуші күш. Адам еңбек арқылы табиғатқа әсер етеді. Жалпы адам баласы өмірге келген күннен бастап еңбекпен тығыз байланыста болады. Себебі, шыр етіп өмір есігін ашқан сәттен бастап ана сүтін емудің өзі еңбекке жатады емес пе? «Еңбек – адамның екінші анасы», «Еңбек мұратқа жеткізер», «Жалқаулық аздырады, еңбек оздырады»,- деген мақалдар да еңбектенудің адамдарға қажетті нағыз байлық екендігін көрсетеді. Адамдар еңбек ету арқылы көптеген жетістіктерге қол жеткізеді. Күнделікті ішіп-жейтін тамағының, киетін киімінің өзі еңбекпен келеді. Қысқасы қоғамдағы байлықтың бәрі еңбектен тұрады.

Ы. Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы. Бүкіл өмірін қазақ балаларын оқытуға арнаған. Қазақ хрестоматиясын Ы. Алтынсарин

өзінің педагогтық мақсатына лайықтай жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін аударған шығармаларды енгізген болатын. Еңбекті сүю, кадрлеу – Ыбырай әңгімелеріндегі негізгі тақырыптардың бірі. Жалқаулық, надандық, зұлымдық, төкаппарлық секілді жаман әдеттерден аулақ болуға үндейді. Мәнсіз еңбек, мағынасыз бейнеткорлық адамның жігерін мұқалтады, өз еңбегінің қызығын, рахат-ләззәтын көре білу-кісіліктің басты белгісі,» - деген. Ерінбей еңбек ету адамның мақсатына жетуіне көмектеседі. «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің оқу-білімге шақыруы, оқу, ілім-білімді тануда да еңбектену керектігін тілге тиек етуге тиіспіз.

Жазушының «*Бай баласы мен жарлы баласы*», «*Әке мен бала*», «*Дүние қалай етсең табылады?*», «*Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш*», «*Қыпшақ Сейітқұл*», «*Бақша ағаштары*», «*Атымтай Жомарт*», «*Киіз үй мен ағаш үй*», «*Мақта қыз бен мысық*», т.б. әңгімелерінен еңбек тақырыбына жазылған туындылар екенін көруге болады.

«*Әке мен бала*» әңгімесінде бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

– Анау тағаны, балам, ала жүр, – деп.

Бала әкесіне:

Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, – деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді. Тағаны темірші ұстаға сатып, шие алады. Әкесінің қолынан түскен шиені бала он шақты рет иіліп, жерден алып жеді.

Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең – көптен де құр боласың, – деуінде үлкен тәрбие жатыр.

«*Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш*» әңгімесінде жұмыссыз жүрген бір жан жоқ.

«– Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?

– Көремін, өрмек тоқып жүр».

Өрмекшінің түр-келбеті адамға үрей ұялататыны болмаса, оның адам баласына зәредей де зияны жоқ. Қайта өрмек-тұзағын құрып, шыбын, масаларды қорек қып, зиянкестерден тазартады.

«– Анау құмырсқаны көремісің?

– Көремін, аузында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады».

Құмырсқаның қасиеті көп. Оларға таңылған «адал еңбек иелері» деген атау әсте де артық айтқандық емес. Сірә, тәртіпті

тізбегінен жаңылмай, өз көлемінен әлденеше есе үлкен азықты арқалап не итеріп, тіпті болмаса сүйреп бара жатқан құмырсқаларды бәріміз де қызықтаған болармыз.

«– Жоғары қара, аспанда не көрінеді?

– Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесе тістеген шөбі бар».

Сені де құдай тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс істеуге әдеттену керек, -деуі арқылы еңбекке қарекетке тәрбиелейді.

«Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінде Асан деген – бай баласы, Үсен- жарлы баласы – екеуі құрдас. Бір күні ел көшкенде қыр астында ойнап жүріп, ескерілмей, екеуі жұртта қалыпты. Бір мезгілде үйге баралық деп келсе, ауыл жоқ, құр жұрты жатыр. Асан айқай салып, жылай бастады. Үсен үндемеді, Асанды ертіп, көшкен жұртқа келді.

Үсені – өмірге бейім, шаруашылыққа ыңғайы. Үсен жоқтан бар жасайды. Үсен қиыннан жол табады. Үсен үндемей жүріп-ақ көп шаруа тындырады. Асан тек жылауды ғана біледі. Ешнәрсе істей алмайды. Ол үшін біреудің жасағанын қалайды. Үсен ақылды, еңбекқор, еңбексүйгіш, бәрін ойлайды. Қолындағыны аямайды. Бәрін өзі жасай алады. Осыдан екі бейнені беру арқылы еңбектенудің жолын көрсетіп тұр. Ыбырай еңбекке деген қоғамдық, таптық көзқарасты бейнелейді. Көшкен елдің жұртында қалған екі баланың бір тәулік ішінде басынан кешкендерін суреттеу арқылы сол балалардың өмір тануы, тіршілікке икемділігі жайлы мәселеге әлеуметтік мән береді.

«Дүние қалай етсең табылады? Әңгіме француз жұртының бір білімді адамының жазғанынан деп басталып, Антон деген жол бойында қайыр сұрап отыратын тіленші жігіт туралы баяндалады. Бірде кездескен жолаушы кісінің Антонға ақыл беріп, мысалмен өз басынан өткен жайды өзгеге үлгі етуінің сыры бар. Онда ол еріншектіктен арылып, жалқаулыққа салынбай еткен еңбек, төккен терінің арқасында бақуатты жағдайға жеткенін, балаларын да жасынан бос жүруге қиналмай мал табуға үйретпегендігін, өз қайратымен тұрғызған екі өндіріс орнын балаларына бергендігін айтады. «Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң сен де бай боласың, Антон» –деген жолаушы кісінің айтқан тілін алған Антон ерінбей еңбек етіп, маңдай терімен жақсы тұрмысқа жетеді.

«Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі қазақтың белгілі тарихшысы Е. Бекмаханов 19 ғасырдағы 20-40 жылдардағы Қазақстан туралы жазған өз еңбегінде Торғай өңіріндегі Қыпшақ Сейітқұл бабамыздың отырықшылығы туралы баяндап, бидай мен тарыға қосымша жүгері,

қауын мен қарбыз, пияз, сәбіз, асқабақ, қияр, өрік, жүзім өсіргені де жазады. Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен судан арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егінді піскен соң орып, жиып алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейітқұл егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдап, астықтың артығын төңіректегі елге малға айырбас етумен, бұлардың малдары көбейіп, бай болды. Мұны көріп әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп, Сейітқұлға қосылып келіп, бес-алты жылда Сейітқұл елі деген төрт жүз үйге таянды дейді. Сейітқұлдың өзі де, жиылған халқы да адалдары көбейіп, бай болды, ел жыйылып Сейітқұл жұрт ағасы болды ол данышпан кісінің ақылымен егінді әдет еткен халық Қабырға суының бойында әлі көп. Жарлы болып, бөтен кәсібі жоқ кісілер Торғай жағында дереу егінге айналады, ерінбей азаптанса, бірнеше жылда түзеліп, халық қатарына қосылады. «Атымтай Жомарт» әңгімесінде Атымтай Жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын, таныстары сұрады дейді:

– Жомарт, құдай бергей дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп. Сонда Жомарт: Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: құдайтағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді. Бұл әңгіме жас өрендерді еңбекке баулып, маңдай термен табылған нанның тәтті болатындығын баяндайды.

«Киіз үй мен ағаш үй» әңгімесінде ерінбеуге, бірігіп еңбек етуге шақырады.

«Мақта қыз бен мысық» ертегісінде адам еңбегін әрқашанда бағалай білу керектігін, барлық жақсы нәтиже, жемісін еңбектің

арқасында келетіні туралы айтылған деп айтуға болады. Және де әрқашанда кешірімді болу керек, бір-біріне түсінушілікпен қарау керектігін үйренуге болады.

Қорытындылай айтсам, адам тек қана еңбек арқылы қалыптасып, кемелденеді. Даналар айтқандай еңбексіз еш нәрсе жасалмайды. Қазақтарда асар деген тамааша еңбек дәстүрі бар. Оның мәні жалғыз адам өндіре алмайтын істі ауыл-аймақ, көрші-қолаң болып, күш жиыстырып, көмектесіп жіберуді білдіреді. Сол арқылы азаматтық, адамгершілік мінез танытып, халқымыздың дәстүрін жалғастырамыз, жеткіншек ұрпаққа жақсы үлгі көрсетеміз.

Еңбектің бостан-босқа кетпейтініне және сабыр түбі – сары алтын екендігіне сенуіміз керек. Ал сенімсіздікпен жасалған іс ешқашан да алға баспайды.

Жұмсаған еңбегіміз жемісті болмай жатып, айналамыздан келетін әр түрлі ықпалдар мен керітартпаларға, еңбегімізді құнсыздай көрсететіндерге оңай беріліп, бұл ісімізден бас тарту сабырсыздық болып табылады.

Ы. Алтынсарин сол кезде қазақ жастарына, тұрмыс тіршілікке бейімделуге шақырған нақты мысалын көреміз. Автор өзінің әңгімелерінде ұлттық сана мен мәдениетін, қазақтың дәстүрлі ұлттық салтымен келбетін сақтап одан әрі дамуын біліммен байланыстырды. Қазақ халқының өзге ұлттан кем болмауын көздеді, соны дәріптеді, өз халқының прогрестік жолы оқу-білімде деп білді. Ұлы ағартушының әдеби шығармаларында көрініс тапқан ағартушылық идеяларының тәрбиелік рөлі күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Елін, халқын еңбекке, өнерге, мейірімділікке шақырды, жалқаулықтан жирендірді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ұ. Асыллов, Ж. Нұсқабайұлы Әдеп. инабаттылық дәрістері, 1998,
- 2 Ы. Алтынсарин шығармалары
- 3 Интернет желісі
- 4 «Қазақ әдебиеті мен мемлекеттік тіл» журналы, 2011

АДАМ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІНІҢ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

ТОКОШБЕКОВА Г. К.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 4 ЖОББМ, Екібастұз қ.

САНДАТ С.

5-сынып оқушысы, № 4 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Ғасырдан ;sk ғасырға ұласып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, көне заманнан келе жатса да байырғы бедерін жоғалтпай, терең мазмұнды тұрақты тіркестер ана тіліміздің асыл қазынасы.

Тілімізде ғасырлар бойы қалыптасып, көркем сөз қазынасының ең бір құнарлы, мәйекті қорына айналған, әрі бай, әрі сан алуан сөз тіркестерінің ішінде соматикалық тұрақты тіркестер ерекше орын алады.

Соматизм (гр. Soma – дене) – шығу тегі мен типологиясына тәуелсіз барлық тілдерге тән адамның дене мүшелерін анықтайтын сөздер тобы.

Адам – табиғаттың тұла бойы vту туындысы, төл перзенті бола тұрса да, ол сол табиғаттың тылсым күштерімен бірде алысып, бірде сырын ұғысып, өмір сүріп келеді. Бұлардың бәріне дене мүшелерінің тікелей vту қатысы бар. Көптеген зерттеушілер мен лексикографтардың пікірінше, кез келген тілдің фразеологиялық қорының 30 %-ын соматикалық тіркестер құрайды екен. Адамның дене мүшесі, 3hut ұйытқы болған фразеологизмдер тұрақты сөз тіркестерін тақырыптық топтастыруға байланысты туындаған атау.

Соматикалық фразеологизмдер кез келген тілдің лексика – фразеологиялық қорының құнарлы да байырғы, сан жағынан мол, табиғаты күрделі құрамды болғандықтан жан-жақты талдауды талап етеді. Осыған байланысты адамның дене мүшесі ұйытқы болған соматикалық фразеологизмдерді бөліп алып, оның тілдік табиғатын арнайы зерттеудің маңызы зор. А.Болғанбаевтың пікірінше, «анатомиялық атаулар негізгі сөздік қорға жататындықтан, көп мағыналы туынды сөз жасауға сонша бейімдігімен ғана сипатталмайды, сонымен бірге тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен де айрықша көзге түседі» [1, 87 б.]. Адамды физиология, анатомия, психология тұрғысынан біртұтас, сыры мол, күрделі биологиялық тұлға деп қарайтын болсақ, сол тұлғаның бөлінбес жүйесін құрайтын, бір-бірімен өзара тығыз байланысты, бір-біріне тәуелді бөлшектері мен бөліктерін дене мүше деп атаймыз. Сөзге арқау, ойға тірек болып, тілдің бай

фразеологиялық *vtu* қорын жасауда ерекше маңызға ие соматикалық фразеологизмдердің қызметі айрықша.

Фразеологизмдер - тілдің мағыналық жағынын *vtu* көпғасырлық дамуының нәтижесі. Тілдік бірліктің тіл біліміндегі орны, атқаратын қызметі ерекше, себебі, қоршаған орта туралы күрделі ұғымдар мен түсініктерді қысқа әрі ықшамды, бейнелі де эмоционалды түрде беруде оған тең келер бірлік жоқ.

Тіршіліктің бар саласын қамтитын әр ұлттың өзіне ғана тән көркем сөз орамдарын – фразеологизмдерді молынан табуға болады. Фразеологизм тілдің айшықты да, мәнерлі, бай саласының бірі. Бұлар өзінің бейнелік, әсерлік қасиетімен көзге түседі. Осындай көркем, пәрменді бояуы қанық алуан түрлі фразеологизмдерді халық орынды пайдаланып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Халықтың талай ғасыр сомдап шығарған тұрақты тіркестері – фразеологизмдер тіл қазынасының бір бөлігі.

Құрамында *vtu* дене мүшелерінің атаулары *vtu* бар тұрақты сөз тіркестерін соматикалық фразеологизмдер деп атайды (грек. *Soma* – дене, *опум* – атау). Лексикологтардың айтуына қарағанда қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің 30 % жуығы *vtu*соматикалық атаулардан тұрады. А. Болғанбаевтың пікірінше, «Анатомиялық атаулар негізгі *vtu* сөздік қорға жататындықтан, *vtu* көп мағыналы, *dfe* туынды сөз жасауға сонша *vtu* бейімділігімен ғана сипатталмайды, сонымен *vtu* бірге тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен де айрықша көзге түседі». Бір сөздің өзі бір ғана ұғымға телінбей, әлденеше ұғымға, ортақ атауға айналып кеткен.

Жекелеген сөздердің әр ұғымға жату – жатпауын есепке алмай, жалпы адам біткенге қатысты сөздер мен фразеологизмдерді барынша түгел қамтып көрсету мақсатында сөздікте адамның дене мүшелеріне қатысты екі жүзге жуық сөздер қамтылып, бұлардан туындаған 4200 фразеологизмдер бар екені анықталған. Бұл қазақ тілінің анатомиялық атауларға қатысты фразеологизмдерге соншалықты бай екенін көрсетеді. Тілдегі фразеологизмдердің мол қорын жасаудағы адамның дене мүшелерінің қызметін жай кездейсоқ нарсе деп қарауға болмайды.

Адамдар өзіне тән қимыл әрекетін, ішкі психологиялық жай күйін, бойындағы бар қасиетін айнала қоршаған ортаға, түрлі құбылыстарға ұқсастырып, салыстыра сөйлеуді әдет еткен. Мысалы, сөзге шебер, шешен *vtu* кісі туралы тілге жүйрік, тілі майда, тілі мен жағына сүйенген т.б деп айтады. *Keep a civil tongue in one's head* – «әдепті сөйлеу», тырнақ астынан кір іздеу – «жаманшылық

қуу», аузы аққа тию – «айран,сүт ішу», тізесін батыру – «күш көрсету», т.б толып жатқан *vtu* ұқсас құбылыстарды соматикалық атаулар арқылы жеткізген. Фразеологизмдерді мағына жағынан классификациялау ең қиын мәселелердің бірі. Қиындық *vtu* нақты бір тілдегі сөз, *th* тудырушы тәсілдердің бірі болып табылатын *sss* осы категорияның өзіндік ерекшелігінен келіп шығады.

Мысалы: 1.Тілі байланды деген фразеологизм «ауру-сырқаудың салдарынан тілі сөйлеуге келмей қалды» деген мағынаны білдірумен қатар, басқаша мән беріп айтатын болсақ, «үні шықпады», «аузына құм құйылды» дегендердің орнына жүретіні белгілі. *Lose one's tongue* – «тілін жұтып қою», «үндемей отыру» деген мағынаны білдіреді. Кейде тұлғасы мен құрамы жағынан бір-біріне ұқсамайтын фразеологиялық бірліктің өзі де кейде бір ғана ұғымды білдіре алады. Мысалы: «мылжын», «бос сөзді» деген ұғымды – аузымен орақ ору, тілмен жағына сүйену, тілі ұзын – деп айта аламыз, ағылшын тілінде – *wag one's tongue* – «дәмсіз сөйлеу»; *a long tongue* – «тілі ұзын» деген балама сөздермен айта аламыз.

Қазақжәнеағылшынтілдеріндегісоматикалықфразеологизмдерге компоненттік талдау жасау мақсатында тұрақты тіркес құрамына кіретін ең өнімді адам мүше атаулары таңдалынып алынды. Олардың саны – 17: ауыз – *mouth*, аяқ – *feet*, бас-*head*, бауыр – *liver*, бет – *face*, бүйрек-*kidney*, ерін – *lip*, жүрек – *heart*, иық – *shoulder*, көз – *eye*, кірпік – *eyelash*, қол – *hand*, құлақ – *ear*, мұрын – *nose*, тырнақ – *nail*, тіл – *tongue*, тіс – *tooth*.

Ауыз – *mouth*

Қазақ тілінде ауызға байланысты – 53 фразеологизм, Аузы-аузына жұкпады. Аузына берік, Аузы дуалы т.с.с.

Аяқ – *feet*

Ағылшын тілінде аяққа байланысты – 14, ал қазақ тілінде – 26 соматикалық фразеологизмдер бар. Мысалы, ағылшын тілінде: *Be at smb's feet; Be light on one's feet*. Аруағын аяққа басты. Аяғы алысқа түсті.

Бауыр – *liver*

Қазақ тілінде бауыр сөзімен – 33, ағылшын тілінде – 7 фразеологизм бар. Мысалы ағылшын тілінде: *Hot liver; White liver; Good liver*; Ал қазақ тілінде Бауыры суыды, Бауыр басты, Бауырға ел тарттырмады.

Бет – *face*

Ағылшын тілінде бетке бйланысты – 18 тіркес, ал қазақ тілінде – 45 фразеологизм бар. Мысалы, ағылшын тілінде: *On the face of*

the earth; Good Friday face; In the face of the day; Қазақ тілінде: Бет алды; Бетінен жарылқасын; Бетке оттай басылды; т.с.с.

Ерін – lip

Қазақ тілінде ерінге байланысты – 7, ағылшын тілінде – 3 тұрақты тіркес бар. Мысалы, ағылшын тілінде : Lick one’s lip; Escape smb’s lips; Қазақ тілінде: Ерні кезерді; Ернін шүйірді

Жүрек – heart

Ағылшын тілінде жүрекке байланысты – 31, ал қазақ тілінде – 40 фразеологизм бар. Мысалы ағылшын тілінде A big heart; Have one’s heart in one’s mouth; Қазақ тілінде Жүрегі дауаламады, Жүрегі елжіреді

Көз – eye

Қазақ тілінде көзге байланысты – 43, ал ағылшын тілінде – 34 фразеологизм бар. Мысалы ағылшын тілінде: All my eye; Black eye; Cas an evil eye; Қазақ тілінде: Көген көз, Көз алдында, Көз байлады.

Қол – hand

Қазақ тілінде қолға байланысты - 58, ал ағылшын тілінде – 68 фразеологизм бар. Мысалы ағылшын тілінде: At hand; At single hand; Қазақ тілінде: Арзан қол; Қол жалғады; Қол жаулық

Кірпік – eyelash

Ағылшын тілінде кірпікке байланысты – 2, ал қазақ тілінде – 8 фразеологизм бар. Мысалы, ағылшын тілінде: Hang on by the eyelashes, Without turning an eyelash; қазақ тілінде: Кірпік қаққанша; Кірпігіне мұз қатты.

Мұрын – nose

Қазақ тілінде мұрынға байланысты – 18, ал ағылшын тілінде – 32 фразеологизм бар. Мысалы: Acquiline nose; Cock one’s nose; Bite by the nose; Мұрнын жарды, Мұрнынан шаншылып жүр; Мұрны қанап жатқан жоқ, т.с.с.

тіс – tooth

Қазақ тілінде тіске байланысты - 25, ағылшын тілінде – 20. Мысалы ағылшын тілінде Long in the teeth; Be fed to the teeth; Азу тісі балғадай, Тіс қаққан.

Тырнақ – nail

Қазақ тілінде тырнаққа байланысты – 9, ал ағылшын тілінде – 5 фразеологизм бар. Мысалы ағылшын тілінде: By nails; Hit the nail on the head; Тырнақ алды; Тырнағын батырды.

Қос тілдегі соматикалық фразеологизмдерге статистикалық талдау жасағанымда қазақ тілінде дене мүшесі атауы бар тұрақты

тіркестер ішіндегі ең өнімдісі: 1. Қол – 71, 2. көз – 68; 3. бас – 60 ал ағылшын тілінде: 1. Eye-60, 2. hand-50, 3. head-40.

Қол астында жүру

Қол шокпар болу* (сойылын соғу)

Қолына /қолға /қар

Қол байлау болу

Қолды болу(ұрлану)

Қолынан бок та келмеу

Екі қолын танауына тығып қалу

Қол жұмсау /эвфемизм –сыпайылап айту/

Қолының қышуы қанғанша сабау

Қолы тимеу/босамау/

Екі қолды мұрынға тығу

Қол ұшын беру

Қолдан-қолға түсірмеу

Қолды аяққа тұрғызбау

Қолжаулық болу /мазақ/

Екі қолы алдына сыймау

Қолымен істегенді мойнымен көтеру

Қол жаулық қылу

Қол-аяғы дірілдеу (қалтырап кету)

Қол тигізбеу

Қол алып, төс соғыстыру

Қол соғысу

Қолмен қойғандай етіп айту

Қолы епті /жүйрік/

Қолынан мөрі таму

Қолы ашық

Қолы жүйрік

Қолы қолына жұқпау

Қолы қатты

Қолы тар

Қол қусырып қарап отыру

Қолының ебі бар

Қолының сұғанақтығы //жиендігі//, //жымысқысы// бар

Қолына қарау

Қолы қысқа

Қолы аяғы жерге тимеу

Қолды-аяққа тигізбеу

Қолма-қол

Қол созым

Аяқ-қолы балғадай /сүйсіну/

Қолдан беру /қызды ұзату/

Сонымен, қос тілде де көз, қол, бас, сөздері тұрақты тіркестердің ішінде ең белсенді түрі екені анықталды. Жалпы қазақ тіліндегі біз қарастырған соматикалық фразеологизмдердің саны – 562, ал ағылшын тілінде – 358.

Белгілі бір халық жөніндегі мәдени құндылықтарды жеткізуші тіл десек, оның ішінде тұрақты тіркестер адамдардың, халықтың тарихи қалыптасу даму кезеңдеріндегі күллі тіршілік –тынысын танытушы саналады. Халықтың орасан зор рухани қазыналарының бірі – тұрақты тіркестер – байлығы ғана емес, тарих шежіресі, ата-бабалар өмірінің көрінісі.

Тіліміздегі тұрақты мағыналық астарында халықтың ерте уақыттан бергі өмірінің бүкіл қыр-сыры жан-жақты сақталып суреттеледі. Халықтың күн-көріс, тұрмыс-тіршілігі негізінде өрбіген түсінік пайымдаулары, соған байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар қолданыстағы тұрақты тіркестерден көрініс табады. Сондықтан, фразеологизмдер халқымыздың ұлттық менталдық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі болып табылады. Әр ұлт тіліндегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы сол ұлт тіліне тән өзіндік сөз орамдары арқылы оның бүкіл заттық, рухани мәдени өмірінен хабардар етеді.

Күнделікті өмірде тұрақты тіркестерді өз орнымен пайдалансақ – біздің сөзіміз сұлу, тіліміз көркем, ойымыз ұшқыр шығатыны сөзсіз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде адамды тілі бай көркемдікке, шешендікке, даналыққа баулитын халқымыздың осындай асыл қазынасын өмірде жарату. Сонда жалаң сөйлеу, таяз ойланудан аулақ болып, сыры терең сиқырлы сөздерден жүрегіне қуат алып, тілін сүйетін жанына жақын ұрпақтар өсіп жетілмек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кеңесбаев І. «Қазақ тілі фразеологизмдерінің сөздігі», Алматы, 1977 ж.
- 2 Сайранбаев Т. «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі тіркестер», Алматы, 1981 ж.
- 3 Қожахметова Х.К. «Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы», Алматы 1972 ж.
- 4 Кунин А.В. «Большой англо-русский словарь», 1984 г.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

УСИНОВ Д.

оқушы, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.
ҚАЖЫҒҰМАР Ұ. А.
гуманитарлық ғылымдар магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

А. Байтұрсынұлы – қазаққа ұлттық жазуды жасап берген реформатор; қазақ балаларының ана тілдерінде оқуына күш салған ағартушы; қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы лингвист-ғалым; қазақ әдебиеттану теориясын тұңғыш рет ұсынушы филолог-ғалым; ана тілін оқыту әдістемесін жаңа сипатта ұсынушы жаңашыл-педагог; халқының мәдениеті мен тарихын зерттеуші тұңғыш мәдениеттанушы-ғалым; осы күнгі ұлттық академиямыздың іргетасын қалап, Қазақстан ғылымының дамуына ұйытқы болған профессорлардың бірі.

Әдебиеттану ғылымын зерттеуді нысан еткен Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» (1926) көркем өнердің бір саласы – әдебиеттің болмысы мен бітімін, әдеби дамудың мән-мағынасын анықтаған, қазақи ұлттық ойды бір жүйеге түсірген қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Ғалым әдебиет теориясы мен сынына, тарихына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін қалыптастырды. Халқымыздың бай сөздік қорынан терең мағыналы, ұғымдық аясы ауқымды сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын жіктеп берді. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін қолдана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, категория, терминдердің ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, үдету, түйдектеу, алмастыру, шендестіру, т.б. Бұл ретте, Ахмет Байтұрсынұлы – тіл терминдерін жасауда қандай ғұлама, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай ғұлама, данышпан.

«Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығармашылық психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Ғалым өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді. А. Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген. Профессор Тұрсынбек Кәкішұлы бұл турасында

«Мұндай еңбек бізде бұған дейін де, бұдан кейін де қайталанған жоқ. Ол – әдебиет теориясы мен әдебиеттану ғылымының міндет-парызын қатар атқарып, біздің алдыңғы ағаларымыздың эстетикалық сауатын ашуға мұрындық болған жүйелі оқулық. Көркемдік әлеміндегі сөз өнерінің сай-саласын ұғындыратын «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған өміршен қондырғы-фундамент» [1, 134 б.], – деген.

А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалады. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының інжу-маржанын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдік құндылығы айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп жарыққа шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған ұлт ұстазы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты.

Ғалымның әдебиеттегі жүйелеуге қосқан үлесі мен әдеби-эстетикалық тұжырымдары жайлы әдебиеттанушы Р. Нұрғалиев осы зерттеу еңбегі туралы айта келіп, «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» [2, 105 б.], – деп әділ көрсетеді.

«Әдебиет танытқыштың» үлкен бір тарауы жазба әдебиет мәселелеріне арналған. Ахмет Байтұрсынұлы негізінен «жазу әдебиеті» деген терминді қоланады, кейде «жазба әдебиет» деп те атайды. Абай дәуірінен бастау алатын, Еуропа үлгісімен келе жатқан жазба әдебиетінің сындар дәуірінің дарынды сөздерін автор үш топқа бөліп қарастырады. Олар: 1. Әуезе; 2. Толғау; 3. Айтыс-тартыс. Бұлар бүгінгі әдебиеттану тұрғысынан айтқанда – эпос, лирика, драма.

Әуезенің түрлерін тоғыз топқа бөледі: 1) Ертегі жыр; 2) Тарихи жыр; 3) Әуезе жыр; 4) Ұлы әңгіме (роман); 5) Ұзақ сөз; 6) Ұзақ әңгіме; 7) Көңілді сөз; 8) Мысал; 9) Ұсақ әңгімелер.

Бұлардың ішінен зерттеуші «Ұлы әңгіме, яғни роман деп тұрмыс сарынын түштеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды айтамыз» деген анықтама жасай келе жанрдың негізгі белгілерін толықтай жинақтап береді.

Ғалым лириканы – толғау деп алып, осы әдеби тектің қырсырын ерекше пайымды талдап, орасан терең пікірлер тұжырымдап, сұлулық, әсемдік, шеберлік табиғатына қатысты ойларын жүйелеп

көрсетеді. Ахмет Байтұрсынұлы лирикаға (толғауға) төмендегідей шарттар қояды:

Ішкі шарттар: а) толғау жалпы сырлы болуы керек. Ақын толғауы да өз көңілінің күйін шертеді. Бірақ ол күй өзгеге түсінікті болуы шарт. Күйі түсінікті болмаса, өзгеге әсер ете алмайды;

ә) толғау шын сырлы болуы тиіс. Өтірік жай сөзге де жараспайды. Толғау сияқты сырлы шығармаға өтірік жараспақ түгіл, бүлдіеді. Сондықтан күйлі толғау көңілде шын болған күйден шығу керек.

б) толғау таза болуы тиіс. Нас, былғаныш, нәжіс әдемі нәрседен шықса, көңілге қалай әсер етеді? Толғау сөзге былғаныш сөз, былғаныш пікір қатысса, о да сондай әсер етеді;

в) толғау көңілдің тереңдігі күйінен хабар беруі тиіс. Көңілдің бер жағынан шыққан сөздердің әсері оқушының көңілінде терең із қалдыра алмайды.

Тысқы шарттар: а) толғау сөзі көңіл күйінің бейне билеуі сияқты болуы тиіс. Күй де, би де біріне-бірі үйлесіп келгенде, сұлу болып шығады. Күй мен бидің үйлесуі;

ә) толғау қысқа болуы тиіс. Көңіл күйінен шығатын толғау көңіл табиғатына қарай ұзын болмасқа тиіс, ұзын болмайды да.

б) толғау әуезді сөзбен айтылуы тиіс. Адамның көңілінің күйін жақсы білдіретін – күй мен ән. Әннен соңғы көбірек әсер беретін – әуезді сөз.

Ахмет Байтұрсынов драманы қазақша «айтыс-тартыс» деп алып, оған «Айтыс-тартыста ақынның айтқан әңгімесін естиміз, уақғаның өзін, уақиғада болған адамдардың өздерін көреміз. Тіршілік майданында адамдардың ақылы жеткенше амалдап, қайратына қару қылып алысқаны, арбағаны, қуанғаны, жылағаны, дауласқаны, бітискені, жарасқаны өмір жүзіндегідей көрініп, көз алдыңнан өтеді» деген анықтама береді.

Ғалым саралауы бойынша драма былай бөлінеді: 1) *мерт, яки әлектегі тартыс (трагедия)*; 2) *сергелдең, яки азапты тартыс (драма)*; 3) *арамтер, яки әурешілік (комедия)*. Екінші жерде ықшамдап: 1) *әлектеніс*; 2) *азаптаныс*; 3) *әуреленіс* деп те бөледі. Осы түрлердің әрқайсысындағы тартыс табиғаты, кейіпкерлердің сипаты жеке-жеке, дәлді де нақты ажыратылады.

Қазақ ауыз әдебиетінің айрықша жанрының бірі – шешендік өнер. Алаш қайраткері, ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының шешендік өнерге қатысты айтқан ой-пікірлерінде қазақ шешендік сөздеріне алғаш рет берілген ғылыми сараптаулар бар.

Шешендік сөздердің қанды қайнатып, жүректі тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, лепті, әсерлі, көрнекті, мәнді сөздер екендігін айта келіп, А. Байтұрсынов шешен сөздің бес түрін атап көрсетеді:

– шешендердің жиынды аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығару мақсатымен сөйлегендері *саясат шешен* сөзі деп аталады;

– шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтау, иә қаралау мақсатымен сөйлегенде сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздері *билік шешен* сөздері деп аталады;

– біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі *қошемет шешен* сөзі деп аталады;

– білімділердің, ғалымдардың мазмұнды сөйлеген сөздері *білімдар шешен* сөз деп аталады;

– дін жайынан сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі *уағыз* деп аталады [3, 354 б.].

Сондай-ақ ғұлама ғалым шешендік сөздердің *бастама, ұсынба, мазмұндама, қыздырма, қорытпа* сияқты құрылымдық бөліктерден құралатындығын да алғаш айтқандардың бірі.

А. Байтұрсынұлы «Салт сарынымен айтылатын сөздер салт сөзінің табына жатады; мәселен: мысалар, *ділмар сөз* (афоризм), тақпақтар, мақалдар, мәтелдер. «Бұрынғы даналардан, билерден, шешендерден қалған сөздер *ділмар сөз* (европаша – афоризм) деп аталады» деген анықтамаға сай, ел аузында жүрген даңқты би-шешендердің сөздерінен мысалдар келтіреді.

Қорыта айтқанда, А. Байтұрсынұлы әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет тілді сөзді араластырмай бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді әрі әдебиет теориясының негізін қалады деуге толық негіз бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Көкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы (Оқу кұралы).- Алматы: «Санат», 1994. – 448 бет.

2 Нұрғалиев Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.

3 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-ай», 2013. – 637б.

4 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, - 2003.

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «АТАУ-КЕРЕ» РОМАНЫНДАҒЫ МИФОПОЭТИКА

ШАЙМЕРДЕНОВА А. Т.

жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚҰРМАНҒАЗЫ Н., ЗАМАНБЕКОВА А.

10-сынып оқушылары, «Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

О. Бөкей есімі бұл күнде өз елімізде ғана емес, жақын және алыс шетел оқырмандарына да белгілі. Оның шығармалары туралы баспасөзде, ғылыми зерттеулерде жақсы лебіз, пікірлер білдіріліп келеді. Мұның бәрі, әрине, тегіннен тегін емес, ең алдымен жазушының талантына деген халықтың құрметі болса керек, сонымен бірге қаламгердің де сол халық алдындағы азаматтық парызын терең сезінген, тынымсыз ізденісінің нәтижесі екені белгілі. О. Бөкей әдебиетімізге өзіндік өрнегін сала келген жазушы. Оның прозасынан өзінше сөз саптасы, асқақ мінезі, алғыр зерде-зейіні байқалады.

Оралхан Бөкей туралы әдебиеттанушы Айгүл Кемелбаева былай дейді: «Оралханның прозасы өзінің терең өміршендігімен құнды. Ол – өз оқырманын ешқашан жоғалтып алмайтын шын бақытты жазушы. Әдебиет үшін бұдан артық идеал болмаса керек» [3, 151].

Оралхан Бөкейдің «Атау кере» романындағы негізгі мәселе – бұдан ұрпақ және мәңгірттік идеясы, сондай-ақ адамның адамгершілік болмысы, қаймағы бұзылмаған табиғат аясында барлық бәле-сұмдықтан алыс, өз қиялымен, өз қолымен жасап алған «жұмбақ» әлемінде күн кешкен адамдардың іс-әрекеті суреттелген.

Шығармада ойынды адастырып алатындай қым-қиғаш өрбіп жатқан оқиғалар желісі жоқ. Шығармадағы әр кейіпкердің ішкі әлемінің қатпар -қатпар қалтарысын назарынан қалт жібермеген жазушы не суреттесе де, қандай оқиға болса сол кейіпкерінің тұлғасын таныта түсуді мақсат етеді.

Оралхан Бөкейдің «Атау кере» романына эпиграф ретінде берілген «Ара жасаған қоғамдық өмірдің деңгейіне жету үшін адам баласының алдында әлі талай ұзақ жол жатыр» (Матерлинк), «Көптен кеткен көмусіз қалар» (Халық нақылынан) деген екі афоризм шығарма сюжетінің өрісін танытады. Шығарманың өзегі бас кейіпкер Ерік деген омарташы айналасында өрбиді. Шығармада төрт негізгі кейіпкер бар.

Еріктің бар есіл-дерті – ақша табу, байлыққа мастану, аң аулау, қиялдағы қызға ғашық болу. Ерік пен Айна – повестің басты кейіпкерлері, екеуі де – еңбек адамдары, таңның батысы

жұмыс жасап, өз еңбектерінің жемісін жеумен күн көреді. Бірақ тереңіне үңілетін болсақ, Еріктің болмысында көп түсініксіз жайлар ашыла түседі. Кезінде Алматыда оқыған, спортпен шұғылданған жігіттің, бүгінгі жігіт ағасы Еріктің адамгершілік жағынан көп артта қалуының себебі не болды екен? Ойында байлық, жолына келгенді жою, ешкімге жақсылық жасамау, тек өзім деп өрепту – міне, осының барлығы оның өмірден оңбай опық жеуіне әкеледі.

Бұл туындының идеясы – мәнгүрттік, қолдан жасалған мәнгүрттік, Еріктің бұндай болуына, біздің ойымызша, тек ақша тапсам болды деген ой ықпал еткен, ақша мен дүниеден басқа рухани байлық, оқу, білімді жалғастыру, кітапты қарау деген қажетті тірліктерден мүлдем алыстап кеткен. Сол себептен де көп мәселелерге келгенде үнемі қиындыққа тап болып жатады. Ең басты кемшілігі - өзінің әрекеттерін қате деп санамау. Өмірде әр адам өзінің жасаған қателіктерінен сабақ алып, оны қайталамауға тырысады емес пе, ал бұл кейіпкерде ондай қасиет мүлдем байқалмайды, сол себептен де өмірде жалғыз қалып, тек жаман жолға қарай өзін итермелей береді.

Еріктің жары Айна – табиғаты момын, адамгершілігі, мейірім-шапағаты мол адам.

Таған – аспирант, ғылым жолына түскенімен, жолы болмай, өмірден баз кешкен маскүнем.

Нүрке (Нюра) кемпір осы үш адамға қосалқы әсер ететін төртінші кейіпкер ретінде сюжет желісін бір-бірімен байланыстырып, дамытып отырады.

Ендігі кезекте романның мифопоэтикалық жүйесіне тоқталайық. Алдымен мифологизммен тамырлас анимизмнің көріну сипатына назар аудардық.

Анимизм – барлық заттың жаны бар деп қараған алғашқы қоғамдағы қарапайым ойлау. Анықтамаға сүйенсек, «анимизм – қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының рухы, жаны бар деп пайымдалған түсінік. Анимизм алғашқы қауымдық дін негізінде және алғашқы адамдардың табиғат күштері алдындағы дәрменсіздігінен туындаған. Мифология анимизмді орманның, таудың, ағаштардың, бұлақтың, өзеннің, жел мен толқынның жаны бар деген сенімнен туындағанына куәлік етеді. Жыл мезгілдерінің ауысуы, тасқынның болуы, дауыл, т.б. құбылыстарды ежелгі адамдар табиғаттың жанды күштері түрінде түсініп, адамға тән іс-әрекетке ие адам бейнесінде қабылдаған».

Сонымен қазіргі әдебиетте мифтік желілер мен бейнелер маңызды орын алса, мифтік санаға тән сенімдер көркемдік тәсіл

ретінде мәнді қызметке ие болып, көркемдегіш құралдар түрінде қызмет атқарады. Анимизмнің кейіптеуге сабақтасуы – мифтің көркемдік қызметі болып табылады.

О. Бөкей шығармаларында табиғат пен адам қарым-қатынасы – өзекті идеялардың бірі. Сол табиғат пен адам ара қатынасын бейнелеп беруде жазушы мифтік желіні, мифтік бейнелеуді оқиғаға араластырса, енді бірде мифтік сенімге негізделген таным-түсініктерді көркемдеу құралы түрінде пайдаланады. «Айпара-ана», «Қамшыгер» әңгімелерінен бастап, «Атау кере» романына дейін желі болып тартылған табиғатты жанды кейіпкер түрінде бейнелеу – жазушы шығармашылығындағы мифологизмнің бір қыры.

О. Бөкей романында Айдың суреттелуі, оның мифтік мазмұны ерекше көзге түседі: «Терезенің жартылай жабылмай қалған саңылауынан сығылаған ай сәулесі бірте-бірте өрлеп, Айнаның бетіне жақындады. Жер бетіндегі миллиардтаған адамның ешқайсысын бөле-жара жатырқамай, нұрымен аймалайтын айналайын Айды Айна кішкентай кезінен өзіне серік жасап, жақсы көретін». «Әне, перденің екі арасынан жұқалаң сәулесін ұяла төгеді». Айнаның көңіл-күйіне сай айды «сығалаған», «ұялған» кейіпте беру оны жансыз аспан денесі емес, жанды сана-сезім иесі түрінде танытады. Бейнелеу мен суреттеуге мифтік мазмұн дарыту Айға қатысты тұстарда анық аңғарылады: «... бейуақтың жым-жырт момақан пердесі болмыстың мың-миллион кем-кетігін далдалап, ізгі кешірімділікке толы жеңеше мінезбен жер-анаға: айдың суға ғашық екенін өзгеше бір сыпайы мінезбен жеткізген. Жер-Ананың ықыласты ақ батасын алған ару – ай өркеш-өркеш тау түрмесінен босап шығып, жарқ етіп, жаман қылық көрсетпей, майда жымыды да, жан-жағына наздана қарады, бой жазып алған соң ғана сай-сайдағы ерке бұлаққа шафхатты нұрын төгіп, айнымастай болып аймаласты». Суреттеу мазмұны толығымен миф болып табылады. Айға қатысты алып қарағанда, оны ару қыз бейнесінде көрсету көне мифке негізделген. Ай бастапқыда сұлу қыз болған, кейіннен Айға айналған деп пайымдайтын мифтік сана жазушының көркемдік тәсілі, оның ой-танымының бастау алар негізі болып тұр. Миф бойынша қыз Айға айналады, ал, жазушы туындысында Ай ару қызға кейіптеледі. Қызға тән «майда жымию», «жан-жағына наздана қарау», «бой жазу», «айнымастай аймаласу» айдың емес, ару қыздың іс-әрекетіндей...

Жазушы кейіпкеріне тән жан-дүние құбылыстары, ой-арманы, тілегі бүкіл табиғатқа көшірілген. Адам мен табиғаттың бірлігін парасат тұрғысынан пайымдау қаламгердің авторлық бет-бейнесін

айқындайды. Табиғат пен адамды ажырамас егіз ұғым бағытында түсіну көне мифтік ұғымдарды көркемдік ойлау тәсілімен қабыстыруынан анықтала түседі.

«Мифтік дәуірде адам өзінің әр түрлі жанды-жансыз нәрсенің кейпіне кіріп, өзгеріп кететіндігіне кәміл сенген. Адам өзін бірде аспандағы аққу кейпіне, бірде жортып жүрген жолбарыс кейпіне ауыса алады деп сенген».

Біздің ендігі бағытқа алар негізгі нысанамыз – О.Бөкей прозасындағы мифтік құбылушылық. XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы әдебиеттен бірлі-екілі мысалдар келтіру, О. Бөкейдің өзімен әдебиет әлемінде қатарласа жүрген, сәл кейін келген ақындар шығармашылығындағы мифтік құбылушылықты өз шығармасына арқау еткенде нені мақсат етті деген сауалға жауап беру үшін салыстыру негізінде ой қорыту болды.

О. Бөкейдің «Атау кересіндегі» Еріктің араға айналуының алғы шарттары повесть оқиғасының барысынан көрініп отырады.

– «Ей, алла, сенің бетіңе көп қарасам бірте-бірте араға айнала бастайсың», - деп қайран қала қалады.

– Мен – еңбек арасымын, ал, сен «Пчелинный волксың». Омартаның қас жауы.

– Ал, сен – «Опасный гибрид» арасың ...әлгі өзің Америка құрлығынан алдырған.

– «А-а, олар – асыл текті аралар, тіл тигізбе. Вообще, болашақ солардікі, шынында да кейде араға айналғым келеді». Бұл – Таған мен Ерік арасындағы әңгіме. Жазушы адамдар әлемі мен аралар дүниесін қатарластыра бере отырып, кейіпкердің ішкі жан-дүниесін танытуға ұмтылады. Омарташы Еріктің қимыл-әрекеті араға ұқсастырыла бейнеленеді. «Екі қолын қанатша қомдап, ара секілді кейіпке кіріп, ызындаған күйі шыға жөнелді». «Басы сынып, ызың-ызың араның ұясына айналған Ерік тек таңға жуық қана қорылдап ұйықтап кетті». Еріктің көзіне оң мен түстің арасында көрінген қыз ауызынан да «сіздің жүрегіңіз жоқ, аға, сіздің жүрегіңізді ара шағып алған» деген сөз айтылады.

Ш. Айтматовта бала ақ кемедегі әкесіне жету үшін балыққа айналуы армандап жүрсе, озбыр топтың бұғыны атасы Момынға атқызуы оны мына өмірден біржола түңілдіреді. «- Жоқ, мен балық болам, бүйткенше балық болып кеткенім жақсы. Судың астымен жүзіп кетем. Балық болам, - деді жылап тұрып». Баланың қазасын жазушы ишаралап, астарлап баяндайды. «Сонымен сен жүзіп кеттің... Амал қанша, сен суға кеттің. Сен өмірі өзіңнің балыққа

айналмайтыныңды білдің бе екен... Сен барлық қасиетсіздікке, арсыздыққа, қаныпезер, қараулыққа қарсы болып, лағнат айтып кеттің» деген авторлық толғаныстан мифтік құбылуы бұл дүниеден о дүниеге өтуді айту мақсатында қолданғанын түйсінуге болады. Адам жаны мәңгілік деп ұғынатын мифтік сана екі дүние туралы түсінікті қалыптастырғанын жақсы білеміз. Адам өлгенде оның рухы табиғаттағы тіршілік иелерінің біріне ауысады немесе өсімдік болып көктеп шығады дейтін көне сенім жазушы шығармасында көркемдік тәсілге айналған.

О. Бөкей повесінде белгілі дәрежеде Ш. Айтматов повесінің идеялық мазмұнымен үндестік те, айырмашылық та бар. Кейіпкердің өз қалауымен құбылуы екі жазушыда бірдей. «Ақ кемедегі» бала әкесіне жеткісі келсе, «Атау кередегі» омарташы Ерік ақ боз ат мінген сұлуға жеткісі келеді. Ұқсастық осы. Бала өз ортасының, үлкендердің зәбірі мен озбырлығын көрсе, Ерік, керісінше, өзгеге қатігездік қылады. Баланың өмірден түңілуіне себеп – өзгелер, Еріктің түңілуіне себеп – өзі. Анасынан, досынан, әйелінен айырылып, жалғыз қалғанда да ол өзінің кінәсін сезінбейді. Екі шығармадағы құбылу себебінің айырмашылығын осы тұрғыдан саралауға болады. Сөз басында өзіміз айтып өткен грек мифтеріндегі құбылушылықтың бір себебі – қасіреттену десек, бала да, Ерік те – қасірет құрбандары. Бірақ, екі кейіпкердің қасіреті екі басқа. О. Бөкей кейіпкерінің қасіреті – дүниеге құмартып, адамшылық қасиетін, дәлірек айтсақ, адамдық болмысын жоғалтуы.

Ерікте ес қалмады. Суға түсердей болып, жағалауға мінбелей ынтыққан. «А, құдай, араға айналсам екен, ара болып, арғы бетке ұшсам екен» деп, тізерлей отырып, қолын аспанға соза, бар болмысымен тіледі-ай, тұңғыш рет зар еңіреп жылады-ай ... Құдайдың құдіретімен омарташы араға айналды... бірақ, бал арасына емес, малға тыныштық бермейтін көк бас сонаға айналды».

Мифті қазақ фольклоры тұрғысынан зерттеуші ғалым С. Қасқабасов адамның аңға, тасқа, т.б. затқа айналуы туралы мифтердің мақсатты түрлерін мифтік сананың дамыған дәуірімен байланыстырады. Адамның басқа түрге айналуы жаза не қарғыстың салдары немесе құдайдың құдіретіндегі іс деп түсіндірілген. Еріктің сонаға айналуы мақсатты құбылушылық болуымен бірге, бірнеше себепке байланысты. Біріншіден – өзінің қалауы. Араға айналуы ол жан-тәнімен тілейді. Екіншіден, жазалануы. Ол бал арасына айналуы қалағанмен, көк бас сонаға айналады [4, 32].

О. Бөкей кейіпкері сонау айналған қалпымен мерт болады: «Не болғанын білмей сасып қалған қыз қолындағы екі бүктелген қамшымен сесекене салып қалғанда, енді ғана арманына жеткен «Ерік сона» қанатын серпуге шамасы жетпей, тырапай асып домалап түскен... мәңгілікке».

Мифті зерттеушілер XX ғасыр әдебиетіндегі мифтік құбылушылықтың идеялық мәні туралы айтқанда, метамарфозалық ауысуда, адам аңға, жәндікке, тасқа айналғанда адамға тән сана-сезім мен ой қабілеті сақталып қалатынына ерекше назар аударады. Ш. Айтматовта Найман-ананың өзі емес, жаулығы құсқа айналып, ананың ақтық сөзін қайталап ұшады. О. Бөкейде Ерік көк бас сонау айналғанда, өзінің адам кезіндегі тілек-арманын жоғалтпай, қызға қарай ұшады.

Ж. Аймұхамбет «О. Бөкей кейіпкері тылсым күш ықпалымен құбылады. Мифтік сана бойынша, адамның өлімі бір түрден екінші түрге өту деп пайымдалса, Ш. Айтматов повесіндегі баланың балыққа айналуы дәл осы түрғыда түсіндіріледі. О. Бөкейде Еріктің көк бас сонау айналғаны оның адамдық рухының өлуін түспалдайды. Көк бас сонаның (Еріктің өзгеріске түскен түрі) қыз қолындағы қамшыдан мерт болуы – тіршілік иесінің жанымен қоштасуы деп ұғынамыз. Осы «Атау кере» повесінде мифтік құбылушылықпен бірге, құбылуға деген ынтазарлық желісі де кездеседі. Тағы бір кейіпкер – Таған өз ортасынан көңілі қалап, торыққан кезде: «Шіркін-ай, айғырға айналып кетсем-ші», – деп тілейді. Бұл тілек жүзеге аспайды. Өйткені, Тағанның адамдық рухы мықты. Сондықтан да ол адамдық бейнесін сақтайды», – деп жазады [5, 12].

Түс көру де миф генезисімен тығыз байланысты деген ғалымдар пікірін негізге алсақ, мифтің жазба әдебиеттегі көркемдік қызметінің бір түрі – түс көру және оны жору. О. Бөкей прозасындағы мифологиялық мәселесін сөз еткенде жазушы шығармашылығынан маңызды орын алатын түс көру поэтикасын назардан тыс қалдыруға болмайды.

О. Бөкей прозасында түс көру және оны жору оқиға мазмұнында көптеп ұшырасады.

О. Бөкейдің аталмыш романындағы түс көру оқиғалары символикалық, болжағыштық мәнге негізделіп, алдағы болар жақсылықты немесе жаманшылықты алдын ала сездіреді. Алда болатын жаманшылықты сезіну «Атау кере» романындағы Айнаның түс көруіне де тән болып келеді.

«Ерікті тоса-тоса таң алдында өзі ілініп кеткен Айна өз түсінен шошып ояны. Көрпеге оранған күйі, көрген түсін есіне түсірді.

Жап-жасыл дала, сол далада астарына сары ала сырмақ төсеп қымыз сапырып ішіп отырған анасы мен енесі жас ботадай тәй-тәй басқан Айнаны аймалап толғанып, қаз тұрғанын қызықтайды. Тұсауын кеседі... Енді бір мезетте екі бірдей ананың арасында мөз болып күлген сәбиді жалғыз қалдырып, қалықтап ұшып кеткен қос ана аспан төсіне сіңіп, көзден ғайып болады. Айна жылады...» Бұл түс – Айнаның енесі Нүрке кемпірдің қайтыс боларының ишарасы болады.

Халықтық түс жоруларда аспанға шығу, биікке көтерілу жақсылық нышаны болса, О. Бөкей кейіпкерлерінің түсінде мүлде басқаша сипат алады. «Аспан төсіне сіңіп, көзден ғайып болу» - өлім сапарының ишарасы түрінде көрінеді. Аспан – кеңістік, табиғаттың құдіретті де тылсым жаратылысы. Адамның өлімге бет бұруы сол қол жетпес тылсымға сіңіп кетуімен бейнеленеді.

Оралхан Бөкейдің «Атау кере» романы әдебиет тұрғысынан ғана емес, адами психологиялық қасиеттерді де жан-жақты талдап, мифопоэтика мәселесін де қарастырған. Мифтің алғашқы қауымдық қоғам адамдарының әлем, дүние жөніндегі танымының көрінісі екенін айта келе, миф тек қана көне жанр емес, сонымен қатар дәл анықтама беруде де қиындық туындыратын күрделі жанр екендігін танытқан.

«Мифопоэтика – әдебиеттануда мифопоэтика деп шығарманың мифологиялық құрылымын, ондағы белгілі бір мифтің дизайнын әмбебап сюжетін немесе образ ретінде зерттейтін поэтика бөлімі екені айтылып, тақырып бойынша талдау жүргізілді. Бұған мысал ретінде басты кейіпкердің өмірлік құндылықтары мен жасаған іс-әрекеттерін және ойларын алуға болады.

Еріктің өз ойынан шығуын оның іс-әрекеттерінен көруге болады. Себебі:

Біріншіден, Ерік тұрмыстағы адам болғанына қарамастан, өз ойынан шығарған мифтегі Қатынға ғашық болды. Осының салдарынан Айнаны адам деп санамай, көңіл аудармайды.

Екіншіден, Еріктің бар ақылы ақша жасауға жұмсалғандықтан, оның сезімі қатыгезденіп кеткен. Сол себептен Айна Еріктен бас тартып, Тағанға тұрмысқа шығады.

Үшіншіден, Ерік өз мифтағы өміріне жету үшін теңіздің арғы жағындағы тұрған Қатынға барып, Құдайдан өзін араға айналдыруды сұрап, өз махаббатымен қосылғысы келді. Алайда, құдай оның жасаған істері мен ойларын көріп, тағдырды оған қарсы қойды.

Осы шығарма арқылы автор мифопоэтиканы қолдана отырып, кейіпкердің өзінің ішкі дүниесіне сай жануарға айналуын көрсетті.

Яғни, егер ол жақсы адам болса, ол өзі қалағандай бал араға айналушы еді. Бірақ, тағдыр басқаша шешім қабылдады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдебиеті, оқулық. 11-сынып. А.С.Ақтаева, А.Қ.Жүндібаева, Ж.Н.Нұрлыбаева. Алматы «Жазушы» 2020.
- 2 О.Бөкей «Атау кере» роман, Алматы «Жазушы», 2005 (Аудиокітап).
- 3 Кемелбаева А. Сөз хикмет: Эсселер, мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: «Дәстүр», 2016.
- 4 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы: «Ғылым», 1984
- 5 Аймұхамбет Ж.Ә. Миф. Мифология. Мифопоэтика: Монография, - Астана: Foliant, 2016

ӘБИШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР

ШАХМАРДАНОВА Ш.

11 сынып оқушысы, № 20 лицей-мектебі, Павлодар .

ШАЖАНКАНОВА Б. М.

Ғылыми жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев ақынды білмейтін адам жоқ шығар. Ол кісі сегіз қырлы бір сырлы дарын иесі. Мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері. Әбіш Кекілбаев – әдебиет майданында кемел ой, көркем сөзімен белгілі жазушы. Қандай шығармасы болса да оқушысын баурап, халқымыздың тарихы қамтылған.

Әбіш жайында сөз қозғау, оның шығармашылығын зерттеу, оған үнілу көп еңбек пен ізденісті талап ететін дүние», – деп Қуаныш Сұлтанов «Кекілбаев кеңістігі» атты мақаласында айтып өткен.

Әбіш әлемі – өзіндік бір пәлсапалық, дүниетанымға толы әлем. Әбіш Кекілбаев өткен ғасырдың 70–80 жылдар аралығында мәдениет, әдебиет, кино салаларында ұйымдастыру мен қатар шығармашылық қызметтерін атқара отырып, өзінің жазушылық кәсібін алдыңғы қатарға қоя білді.

Бастауын өлеңнен, жыр жинақтарынан бастаған Кекілбаев өз өмірінде сын кітаптарын, әңгімелер мен хикаяттар жазды, тарихи

романдары жарық көрді. «Үркер» мен «Елең-алаң» оқырмандардан өз бағасын алды. Жас кезінде аударма ісімен айналысты. Ги де Мопассан, Шекспир, Ибсен, Карло Гоцци, Макс Фриштермен қатар Толстой, Бунин, Мұстай Кәрім, Шыңғыс Айтматовтар сияқты көптеген атақты адамдарды қазақша сөйлетті.

«Талантты қазақ прозаигі Әбіш Кекілбаев мифологиялық системалар мен структураларды игеру арқылы өткен мен бүгінгінің маңызды мәселелерін қозғай білген. Бұл кітап - ойшылдықтың жоғарғы сатысынан қарағанда да, аңыз-әңгімелер мен бүгінгі күннің, өткен мен бүгінгі күндер тәжірибесінің қорытпасы, осы компоненттердің барлығы (әрине, мұның ішінде прозаиктің таланты да бар) қосыла келе, біздің пікірімізше, бұл шығармалардың мазмұнын ғана байытып қоймай, оның көркемдік қасиетін де арттыра түскен». Шыңғыс Айтматов

«Өзге замандас жазушылары секілді, Әбіш Кекілбаев та өз халқының ежелгі әдет-ғұрып, дәстүр-тағлымдарын егжей-тегжейлі, кейде қызыға суреттеуге құмбыл, ол көшпенділер өмірінің қазір ұмытыла бастаған этнографиялық детальдарына ерекше мән береді, халық өмірін, адам жанының ішкі иірімдерін ашуға тырысады [1].

Әбіш Кекілбайұлының біз білетін көптеген шығармалары басқа ел халықтары мен шетел тілдеріне аударылған. Ол сол үшін ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының 1986, Қазақстан Республикасы Президентінің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының 1995, «Отан» орденімен 1999, Түркі елдері қауымдастығының шешімімен «Түркі дүниесіне сіңірген еңбегі үшін сыйлығын» алады. Сонымен қатар 2003 жылы «Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» орденімен марапатталды [2, 26 б.].

Біз Кекілбаевты Батыс Қазақстанның тарихы мен мәдени мұрасын зерттеушілердің ішіндегі ерекше ірі тұлға деп танимыз. Оның әдеби шығармалары мен тарихымызға арналған зерттеулері қазақ шеңберінен әлдеқайда асып кеткен, бүкіл түркі халықтарына ортақ екенін мақтанышпен айтамыз. Ата-бабаларымыздан қалған рухани мұра, басқа туыстас халықтармен салыстырғанда, орасан зор.

Ол кісі қазақ жерінің өзге аймақтарына ұқсай қоймайтын осы түбектегі өмір, тірлік, салт-сана туралы, ежелгі аңыз-әңгімелер, ата-бабалар тағдыры жайында, даланың қым-қуыт бояулары төңірегінде қызыға, қызына әңгімелейтін, сол сәтте бізге ол туған жерінің шежірешісі секілді көрінетін. Әбіш Кекілбаевтың алғашқы шығармаларының ішінде «Ханша дария хикаясы», «Шыңырау»

повестері тарихи, рухани мәселелерді жоғары деңгейге көтере алуымен, характер жасау, өмірді реалистік сипатта суреттеудегі шеберлігімен көзге түсіп, қазақ әдебиетінде таңдаулы прозаның қатарына қосылды. Әсіресе, «Шыңырау» повесінің тақырыптық ерекшелігі, өмірдің әлеуметтік көрінісі, бәсеке заңына тәуелді адам баласының қиын да күрделі тағдыры, кейіпкердің ішкі, сыртқы әлемін суреттеудегі дәлдік пен бейнелілік, шынайылық жазушы шеберлігі көрсетілген.

Тұтас бір халықтың тарихы мен тағдыры, заман келбеті, саяси әлеуметтік жағдай, алапат қырғын соғыстар, әдет-ғұрып, салт-сана, тақ таласы мен бақ таласы, қызғаныш пен күндестік, бірлік пен дұрдараздық, достық пен жауластық, сан түрлі, сан мінезді қаптаған кейіпкер – осының бәрін бір адамның ғана жан дүниесі арқылы беру мүмкін бе? Әбіш романдарының күрделілігі сонша - мұның сыртында, өзі өмір сүріп отырған заманның саяси ғұрпы мен халықтың сан қилы тағдырына келіп тіреледі. Ақыл жүрген жерде сабыр да жүреді. Ерлікке қанша қайрат қажет болса, сабырға да сонша қайрат керек екен.

Әбіш Кекілбаевтың тарихи тақырыпқа жазған шығармаларының бірі – Ақсақ Темір туралы. Одан соң – «Үркер» романы. Демек, Әбіш шығармаларындағы тарихи тұлғалар – Абыл, Бекет ата, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Әбілқайыр хан, Қарабура әулие, Шотан, Сүйінғара батырлар, Әйтеке би – біздің тарихымыздағы аса көкейкесті мәселелер болды.

Әбіш жазған Шыңғыс пен Ақсақ Темір – қанша ұлы жаулаушы, қанша асқақ билеуші болса да, өлімнен қашып құтылмайтын жұмыр басты пенде. Осы екі тарихи тұлға туралы талай ғұламалар жазды. Бірақ Әбіш Кекілбаев олар туралы халық аңыздарына сүйеніп жазған екен [<http://kazneb.kz/site/catalogue/view?br=1111027&locale=ru>]

Ұлы әміршілердің құдіреті мен дәрменсіздігін ірі суреткер Ә. Кекілбаев кең көлемде, жан-жақты көрсетеді. Дәрменсіздіктің басы жұмыр пенденің бәріне ортақ екенін жеткізеді. Дәрменсіздік әсіресе, ұлы әміршілерге тән қасиет немесе ауру екенін автор көркем тілмен баяндаған.

Әбіштің тарихи тақырыпқа жазылған баяндарының ең озықтарының бірі – «Ханшадария хикаясы». Мұнда алып-жұлып бара жатқан қым-қиғаш сюжет те, сол себепті «мені көр, мені көр» деп тұрған аса қызғылықты оқиғалар да жоқ. Повесть фабуласының ұзын-ырғасын бес-алты ауыз сөзбен тәмәмдауға болады. Жарты әлемді аузына қаратқан ұлы әмірші Шыңғыс хан қартайған шағында

таңғұттардың астанасының ойран-ботқасын шығарып, бүткіл еркек атаулыны қырып салады.

Абыл күйші мен Сүйінғара батыр (Дүйімқара) тарихы жазылған Кекілбаев повесі туралы Әбілқайыр Спан: «... Жазушы Ә. Кекілбаев – ұлы гуманист. Өз сөзімен айтқанда, оған бір халықты керемет, бір халықты керемет емес дейтін нәрсе жат, оны қай уақытта да жек көреді... Тек жек көріп тынбайды, осы жолда күрескер де бола алған. Осы қыры «Күйде» де көрінеді. Мұнда ол «түрікмендер жаман, қазақтар жақсы» демейді. Жамандық пен жақсылық екеуіне де ортақ – қазақтың Дүйімқарасының түрікмендегі сыңары – Көкбөрі, қазақтың күйшісінің түрікмен ішіндегі егізі – Дәулет...», – деп анықтама береді [10. 81–82 б.]. Орысша аудармасында кейбір тараулардың түсіп қалғаны туралы автордың өз жауабы арқылы түсіндіріп: «Есіл «Күйдін» жал-құйрығы солай күзелген де қалған... Мұндай жағдайға «Үркер» де түсіпті», – дейді.

Әбіш бейнесін сомдаған тарихи тұлғалар ішінде Әбілқайыр хан туралы жазбалардың ерекше құнды екенін айтқымыз келеді. «Үркер» романы Кеңес Одағының дәуірлеп тұрған кезінде жазылды. Алайда автор көптеген тарихи шындықты тұспалдап жеткізе білді.

Әбілқайырдың ақ патшаға өтініші тек башқұрт халқымен арадағы қарым-қатынасты қайта орнату турасында ғана еді, ал бодандық туралы сөз жоқ болып шықты. Нақ сол тұста бодандық туралы сөз болуы да мүмкін емес еді. Себебі осы кезге дейін айтылып келгендей, жоңғар халқы емес, Ресей тарапынан ұйымдастырылып отырған Ақтабан шұбырынды оқиғасынан соңғы соғыстан Әбілқайыр жеңімпаз болып шықты.

Әбіш Кекілбайұлы ең алдымен, тарихи деректердің, тарихтың эстетикасын суреткерлікпен терең сезіне білген, сондай-ақ, тарихи тұлға мен қоғамның бір-біріне деген өзара ықпалының тұтастығын, тарихи прогресс барысындағы зор әлеуметтік ролін, салмағын тап басқан. [https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/24334/]

Ә. Кекілбаевтың қазақ тарихына қатысты зерттеулерінде ерекше орын алатын тарихи тұлғаның бірі – Әйтеке би. Жалпы, қазақ еліндегі билер институтының тарихын соңғы екі ғасырда көптеген ғалымдар зерттеді. Солардың ішіндегі ең ірілерін айтсақ, XIX ғасырда Ш. Уәлиханов, XX ғасырда С. Зиманов болатын. Ал Әбіш ағамыз да Әйтеке биге қатысты барлық деректі жан-жақты зерттеген [8, 53 б.].

Бұл жерде Ә. Кекілбаевтың тарих зерттеушісі ғана емес, деректанушы екенін де мойындауға тура келеді. Әбіш Кекілбаевтың зерттеулері Төле би тарихын зерттеушілер үшін де үлкен сый

болғаны анық. Роман қазақ халқының басынан өткен аса ауыр кезендерді, XVII-XVIII ғасырларда орын алған ірі-ірі оқиғаларды негізге ала отырып, нақты тарихи деректерге сүйеніп жазылған.

«Үркердегі» аса құнды мәліметтердің бірі – Ақтабан шұбырынды кезінде жоңғарларға Ресей тарапынан көптеген зеңбірек пен оқ атар қару-жарақтың берілгендігі.

Жалпы, «Үркер» – аса қиын кезде жарыққа шықса да, қазақ тарихына қатысты көп құнды деректің көзі болып табылатын шығарма [7, 47 б.].

«Әбіш Кекілбаевтың бұл кітабы Қазақстанның Россияға қосылуының 250 жылдығына орай жазылған... Шығарма халық тағдырының алды үмітсіздеу, белгісіз бір кезеңінде Әбілқайыр ханның орыс патшасына бодан болуға рұқсат сұрап, елші жіберіп, соның жауабын сарыла күткен күпті күйін суреттеуден басталған. ... Романда Қазақстанның Россияға қосылуының табиғи заңдылығы шынайы көрініс тапқан».

Романдағы бүкіл оқиға дамуы, әрекет, өмір құбылыстары-бәрі де оның негізгі қаһарманы Әбілқайырдың көзқарасымен байланысты дамиды, соның ой-елегінен өте көрсетіледі. Осы тұрғыдан Әбілқайыр есімі романның екінші аты болуға да лайық. Әбілқайыр романда әр қырынан көрінеді. Ең алдымен, ол-хан тұқымы, сұлтан.

Осы тұқымға тән билікқұмарлық, эгоистік сезімдерден де ол құр емес. Әбіш оның сұлтандық психологиясына да үңіле біледі. Оның көз алдына көкпен таласқан күмбез бен алдында жыртылып-айырылып тұрған қалың қазақ елестеуі де осы сезімнің көріністері. Бұл – заңды да, хан тұқымының бәрінің басында болатын жай. Тұқым қуалаған хандыққа ертелі-кеш ие болатынын білетін олардың психологиясында соған тезірек жетуге құмарлық, өзіншілдік сезім басым болды. Олар қазіргі іс басындағы бауырларына қызғанышпен қарады, реті келсе, сол орынға тезірек жетуді қарастырды. Әкесін, туысын өлтіріп, хан болғандар бұл тұқымдарда аз емес.

Алайда, Әбілқайыр жаратылысы бұлардан өзгешелеу. Ол ішін тырнаған эгоистік сезімдерін баса біледі, бірден көзге түсіп, билікке де ұмтылмайды. Хан тұқымына, жалпы билік басындағы адамдарға тән данғойлықтан, кеудесөк мінезден де аулақ. Өзін қарапайым, сыпайы ұстап, халықпен ойлы, салмақты қарым-қатынас жасайды. Көп ортасында болады, сөз тындауға, адам тануға ұмтылады.

Әбілқайырдың бұл мінезінде хан тағына өзін іштей дайындау сезіледі. Оның осы жолдағы адамдық ізденістері, мінез-құлқын қалыптастыруы, толысуы ерекше қызықты. Романда сол кездегі

ел өмірінің кең тынысымен астасып, жарқын бейнеленеді. Әбілқайырдың кедей деп кем тұтпай, Тайланды тең ұстап дос болуы – оның азаматтығын көруге болады. Тентек інісі Мамай Тайланға зорлық жасап, шұбар атын тартып мінгенде де, ол інісін жазалап, әділдік жағында қалады. Осыны байқаған Әйтеке би: «Төренің бағы – қарашаның қайраты. Қарымдыдан құрдас жиғаның жөн екен» – депті. Әйтеке сөзі хан тағына отырғаннан кейін де Әбілқайырға сабақ боп қалғанын көруімізге болады.

Мұнда тарих – фон, кезең колориті ғана. Сыншы С.Әшімбаев романның тарихи негізін баса айта отырып: «шартты түрде болса да оқиға қай ғасырда, қай жерде болып еді, Әмірші деп отырғанымыз кім, қай елдің ханы деген сұрақтың бетін ашу керек сияқты – деген пікір білдіреді.

Ә. Кекілбаев үшін романда қай ғасырда, қай жерде болғаны маңызды емес, болған оқиғаның адагершілік – философиялық мәнінде. Сөжетке өткен дәуір оқиғасы арқау болғанымен, ішкі мазмұны махаббат пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, мейірім мен қатігездік, бақ пен тақ, бақыт сияқты жалпыадамзаттық мәні бар мәнгілік мәселелерді қозғайды. Адам жанының шындығын тебіреніспен толғап, өмір туралы философиялық толғам, ғибратты ой ұсынады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жұншиев Е, Төкенов Ө, Ізтілеуов Ә. «Философия» Алматы, «Арыс» 2007 жыл.

2 Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. Начало XX века и современность Алматы: Ғылым,-1998.-С-394.

3 Ж.Нәжімеденов. Терең сезімнің тұнбасы. /Автор туралы
4 Кекілбаев Ә. Таңдамалы. 1 том. Алматы, «Жазушы» 1989 жыл.
5 Кекілбаев Ә. Таңдамалы. 2 том. Алматы, «Жазушы» 1989 жыл.
6 Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. 6 том. Алматы, «Өлке» 1999 жыл.

7 Г.Бельгер. Дала балладалары/Автор туралы. (Ә.Кекілбаев өмірі мен шығармашылығы туралы) Интернет қоры. <http://kazneb.kz/site/catalogue/view?br=1111027&locale=ru>

8 Т.Қ.Жанұзақова Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі (XX ғасырдың екінші жартысы) 2002. филология ғ.к.дәрежесін алу үшін автореферат. 9 б.

9 З. Клайнмихль. «Аңыздың ақыры» өнер құдіреті хақында./ Автор туралы. (Ә.Кекілбаев өмірі мен шығармашылығы туралы) Интернет қоры. https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/24334/

10 «Заңғар». – А., 2008, 81-82-беттер

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ӘДЕБІ

ЯНГУЛОВА К. С.

8 сынып оқушысы, № 3 Ертіс ЖОББМ, Ертіс ауд., Павлодар обл.

СМАГУЛОВА Г. Ш.

жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
№ 3 Ертіс ЖОББМ, Ертіс ауд., Павлодар обл.

Ғылыми жоба тақырыбы оқушылардың сөйлеу әдеби тақырыбына арналған.

Оқушының жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, сөйлеу мәдениетін, әдеби қалыптастыру педагогиканың қазіргі кездегі көкейтесті мәселелерінің бірі болып табылады. Ғылыми жоба осы өзекті мәселені қарастырған.

Зерттеудің кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми болжам берілген.

Негізгі бөлім теориялық және эксперименттік бөлімдерден тұрады.

Бірінші бөлімде сөйлеу әдеби туралы зерттеулерге шолу жасалып, ғылыми тұжырымдар берілген. Екінші бөлімде жасалған эксперимент нәтижесі мен эксперимент барысында орындалған тапсырмалардың түрлері, нәтижесі берілген.

Жоба тақырыбының өзектілігі. Сөйлеу - қоғамдық сипаты мол қасиет. Тілдік қатынас арқылы мәдениеті көрінеді десек, артық айтқандық емес. Сөйлеу мәдениеті дегенге тек сыпайы сөйлеу деген ұғым қалыптаспауы керек. Адамның қалай сөйлегеніне қарап, оның рухани және парасат өрісін, ішкі мәдениетінің дәрежесін анықтауға болады. Қазіргі таңда ең басты мәселелердің бірегейі – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру, барлық қазақтардың өз ана тілінде сөйлеуіне қол жеткізу. Сол себепті оқушылардың сөйлеу әдебін зерттеген ғылыми жоба тақырыбының өзектілігі сөзсіз. Негізгі міндет – оқушылардың тілдік қоры бай қазақ тілінде еркін сөйлеу әдебіне үйренуі.

Тіл ерекшелігі, сөйлей білу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз – ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі мірдің оғындай екен» деп дәріптейді. Қашанда тіршілігіне салмақпен байсалды қарайтын адам сөйлеу мәдениетіне ерекше мән береді. Ж. Баласағұн «Ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» деген. Ендеше, түкке тұрғысыз сөздерді түбімен жоймасақ та, аз да болса дұрыс сөйлеп үйренуіміз бүгінгі таңдағы өзекті мәселе десек болады. Себебі еліміздің болашағы біздер, бүгінгі мектеп оқушылары.

Өз тіліміз – сарқылмас, таптырмас байлығымыз. Кез келген жағдайда көпсөзділік ойдың жинақы еместігін білдіреді. Егер тындаушыға қандай да бір ойды жеткізгіңіз келсе, сөйлесер алдында араларыңызда не туралы сөз болатыны жайлы нақты мақсат қойып, қашанда нақты, тура, қысқа сөйлеуге тырысқан абзал. Кез келген адаммен тіл табысу өзімізге байланысты. Бір ауыз сөз айту арқылы өз беделің мен дәрежеңнен айрылуың мүмкін. Нақтырақ айтқанда, сөйлескен адамыңызды мұқият тындауға үйреніңіз. Сонда ғана сөз саптауымыз арқылы барлық болмысымызды толығымен көрсете аламыз. Осындай маңызды мәселелерге орай зерттеу тақырыбын таңдап алдық.

Мақсаты: оқушылардың сөйлеу әдебін анықтау, тұжырым жасау.

Міндеттері:

- әдептілік, сөйлеу әдеби ұғымдарына ғылыми зерттеулерді қолдана отырып анықтама беру;
- сөйлеу әдебіне қойылатын талаптарды жүйелеп көрсету;
- оқушылардың сөйлеу әдебіне зиян келтіретін факторларды анықтау;
- оқушылардың сөйлеу әдебін анықтау мақсатында эксперимент жасау;
- эксперимент барысында қолданылатын тапсырмалар мен жаттығуларды дайындау, сауалнама құрастыру;
- эксперимент нәтижесі бойынша зерттеу қорытындысын жазу.

Зерттеудің нысаны ретінде қазақ халқына тән сөз этикеті бірліктері (сәлемдесу, қоштасу, құттықтау, ризалық білдіру т.б.), мақал-мәтелдер, сөйлеу әдебі, әдептілік туралы зерттеулер алынды.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Зерттеу барысында сұхбаттасу, сауалнама, жинақтау, салыстыру, баяндау сияқты лингвистикалық әдіс-тәсілдер қолданылды.

Эксперименттік база: №3 Ертіс жалпы білім беру орта мектебі.

Зерттеу болжамы. Егер оқушыларға мұғалімдер мен ата-аналар тарапынан үнемі бағыт-бағдар беріліп, сөйлеу әдебіне баса назар аударылып отырса және оқушылардың өз құлшынысы мен ізденімпаздығы болса, қазақ тілінің сөз жұмсау заңдылығын терен оқып меңгерсе, онда болашақта қазақ тілінің бар байлығы мен сөйлеу этикетін терен меңгерген саналы, білімді, өз елінің мәдениетін, тілін қастерлейтін тұлға болары анық.

1 Әдептілік және сөз әдебі

Адам баласының бойында жақсы да, жаман да қасиеттер болады екен. Бізге ақылдылықты, адалдықты, қарапайым - кішіпейілділікті, инабаттылықты, шыншылдықты үлкендер үйретеді. Оны біздің ата - бабамыз, ақсүтін берген анамыз ана тілімен үйретеді. Біз оны түсініп, ата-бабаның салт, әдеттерін үйренеміз. Адам болатын бала – барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез әдеттерден, ұнамсыз қылықтардан аулақ болуға тырысуы керек.

Әдеп – қалыптасқан ұлттық мәдениеттің белгісі. Жақсы әдеттен әдет-ғұрып қалыптасып, одан әдеп пайда болады. «Әдеппен сөйлеп әдеттен» деп, халық сөйлеу мәдениетін талап етеді. «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала» деп, халық әдепсіздікті қатты сынайды. «Көп сөйлеп созбайын, әдептен озбайын» деп, Абай атамыз көп сөйлеудің өзі әдепсіздік екенін ашық айтады. Мінез әдебі, жүріс-тұрыс әдебі, өнер әдебі, іс-әрекет әдебі және сөйлеу әдебі адамның мәдениетін көрсетеді. Жалпы ұлттық әдеп-ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени құндылық болып табылады. Әдепті болу, яғни мәдениетті болу әрбір тұлғаның ұлттық борышы.

Осы әдепті сөйлеу, сөйлеу мәдениеті орыс және қазақ тіл біліміндегі біраз ғылыми зерттеулерге арқау болған. Көрнекті ғалымдар О. Ошанова «Сөйлеу мәдениетінің негіздері», С. Жақанованың «Сөйлеу техникасы» еңбектерінде этикет формалардың ұлттық-мәдени ерекшелігі сөз болады.

Әдепті адам деп қандай адамды атайды? Жоғарыдағы зерттеулерге сүйене келіп, депті адам деп үлкендердің тілін алатын, сыйлайтын, құрметтейтін, кішілерге әрдайым көмектесетін, қамқор болатын, сабырлы, байыпты, қысқасы жақсы нәрсені ғана істеп, әр нәрсені орынымен дұрыс қолданатын адамды айтады. Демек сөз әдебі деп сөздердің орын-орнымен дұрыс қолданылуын айтсақ та болады.

Ал сөз әдебін білмесеніз сөйлеу, жазу барысында жаргон сөздерді қолдансаңыз мейлі есепші болыңыз, мейлі бизнесмен

болыңыз, мейлі дәрігер болыңыз, сіз кез келген ортада немесе өте маңызды келіссөзде болсаңыз тыңдап, оқып отырған адамдар сізді қате түсініп немесе мүлдем түсінбеуі мүмкін.

Ойдың тілі – сөз. Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойларымызды сыртқа білдіре аламыз. Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Адам баласының сана-сезімінің дамуында дыбысты тілдің пайда болуының маңызы зор болды.

Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен де байқалды. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», – деп ұлы Абай тегін айтпаған. Ана тілінің мол байлығын игерген, құдіретіне түсінген, күшіне тағзым етіп, бас иген адам өзіне де, өзгеге де талап қоя алады, сөзді қалай болса солай қолдануға жол бермейді. Сөз мәдениеті мен өз мәдениетін қатар ұстап, екеуін бірге әлпештеп, қамқор болса, ана тіліне деген сүйіспеншілігі арта түсері даусыз.

Сөйлеу мәдениеті жөніндегі теориялық және практикалық пікірлерді пайымдап, зерттей келе, тілді оқушының ойлау дағдысымен тікелей байланыстыра отырып, қысқа әңгімелер түріндегі жаттығу жұмыстарын жасаған дұрыс.

«Тіл мәдениеті – кісінің бойындағы мәдени қасиеттердің бірі, қоғамдық мәдениеттің бір компоненті. Тіл мәдениеті ауызекі тілдің орфоэпиялық нормасын, сөз қолдану, сөздерді тіркестіру заңдылықтарын, сөйлем құрау ерекшеліктерін дұрыс пайдалану және жазба тілде емлеге, тыныс белгілерін қолдануға байланысты ерекшеліктерді толық сақтап, сауатты жазу мәселелерін де қарастырады». Олай болса, бүгінгі таңдағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда да сөйлеу мәдениетін дамыту өзекті мәселе.

Оқушылардың сөйлеу мәдениеті дегеніміз сыпайы, ізетті, сауатты сөйлей білу мен жаза білу және сөзді дәл айта білу, оны орнымен, әсерлі етіп қолдана алу шеберлігі, – деген тұжырымға сүйене отырып, мына төмендегідей талаптарды әр оқушы-сөйлеу әдебін қыптастыруда басшылыққа алуы тиіс:

- сөйлегенде тілдегі дыбыстарды дұрыс, анық айту;
- сөйлеу әуені, қарқыны, дауыс күші мен кідірісті сақтау;
- екпіннің түсуін, үндестік заңын сақтау;
- сауатты, қатесізжазу;

Осы айтылғандардың барлығы сақталса, оқушының сөйлеу әдебі өте жоғары дәрежеде болады деп есептейміз.

Кей жағдайда үйде де, көшеде де, мектепте де кейбір оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасағанында, әңгімелескенінде қалай болса солай сөйлейтіні, қазақ тілінің қадір-қасиетін түсінбейтіні байқалады. Сөйлеу әдебі қарым-қатынаста, қоғамдық орындарда сирек сақталады. Оған дәлел ретінде бірнеше мысал келтірейін. Кейбір сыныптастарымның ауызекі сөйлеу тілінде қазір «Мен Торайғыровада тұрамын», «Лермонтонадан трамвайға мінемін» деген орысша-қазақшасын араластырып сөйлейтіні бар. Сонда, біз білетін Сұлтанмахмұт Торайғыров, Михаил Лермонтов әйел болғаны ма?! Неге олай ойланбастан сөйлейміз? Мемлекеттік тілді үйренуші өзге ұлт өкілдері осындай қолданыстарды естіп не дейді? Енді бірде сыныптастарымның тіліндегі *жаңағы, сонымен, сөйтін, ал, иә, қалай, нетін, не қылып, анау, не, әлгі* т.б. ешбір қажетсіз қолданылатын қыстырма сөздер жайлы не дейміз? Кейбір сыныптастар ойын жеткізе алмай қысылғанда *аузыма сөз түспей тұр, тілімнің ұшында тұр, көкірегімде бәрі сайрап тұр, айтуға тілім жетпей тұр* дегенді айтады. Бұлар сөйлеу әдебіне жата ма? Сондықтан да бірінші мәселе: сөйлеу әдебін қалыптастыратын сөйлеу сапаларын әрдайым ескеру қажет. Сөйлеудің сапаларына кіретіндер: мінсіздігі, тазалығы, байлығы, дәлдігі, қисындылығы, мәнерлілігі, бейнелілігі, әсерлілігі, орындылығы, түсініктілігі.

Оқушылардың тілінде кейде кездесіп қалатын қысқаша «базар жок», «лапша ілді», «құлақтан тепті», «картопты жарды» және тағы басқа сөз тіркестерін айтып жатқанын жиі естиміз. Солай сөйлеуді сәнге айналдырып, оны зор мақтаныш көретіні де рас. Оны жиі қолданудың басты себептерінің бірі – ғаламтор болуы да мүмкін. Теледидардағы түрлі бағдарламалар, әлеуметтік желілердегі жеңіл әңгімелер де болуы мүмкін. Алайда барлығын кінәламаймыз, бірақ «бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» демекші, сол бір жағымсыз сөз тіркестерін жою көп күресті қажет етеді.

Тіл ерекшелігі, сөйлей білу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз – ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі мірдің оғындай екен» деп дәріптейді. Қашанда тіршілігіне салмақпен байсалды қарайтын адам сөйлеу мәдениетіне ерекше мән береді.

Кез келген жағдайда көпсөзділік ойдың жинақы еместігін білдіреді. Егер тыңдаушыға қандай да бір ойды жеткізгіңіз келсе, сөйлесер алдында араларыңызда не туралы сөз болатыны жайлы

нақты мақсат қойып, қашанда нақты, тура, қысқа сөйлеуге тырысқан абзал. Кез келген адаммен тіл табысу өзімізге байланысты.

Кісімен сөйлескенде оның жүзіне сыпайылықпен назар сап, айтайын деген ойын сабырмен тыңдап, асықпай, сөзінің аяғын күткен дұрыс. Сөйлесіп тұрғанда мән бермеу, теріс айналу, сағатқа қарау, шыдамсыздану әдепсіздікке жатады. Өзгелердің сөзіне рұқсатсыз араласпау керек. Қажет болғанда, «ғапу етіңіз, сөзіңізді бөлемін» деп барып, айту керек. Келіспейтін жағдайда шыдамдылықпен тыңдап, пікіріңді орнықты, дәлелмен сабырлы жеткізе білу керек. Тыңдау екі түрлі болады:

1 Үндемей, сөйлеушінің сөзін бөлмей тыңдау.

2 Сөзге араласып, өзара ой алмасып отырып тыңдау. Сөйлеуші адамның мінез-құлқы, жасы, жынысы, әлеуметтік жағдайы ескерілуі тиіс.

Біз теория бойынша ғылыми еңбектерге сүйене отырып, сөйлеу әдебі туралы тұжырымдар жасадық. Келесі эксперименттік бөлімде осы айтылған тұжырымдардың іс жүзінде орындалу барысын, оқушылардың сөйлеу әдебі мен ол туралы білімдеріне тәжірибе жасалады.

2 Эксперимент барысы мен нәтижелері

Оқушылардың сөйлеу әдебін анықтау мақсатында эксперимент жасадық. Эксперимент жасамас бұрын мақсатымызды, орындалатын жұмыс түрлерін, өткізілу барысын белгіледік.

Эксперимент Ертіс жалпы орта білім беру мектебінің оқушылары арасында жүргізілді.

Мақсаты: оқушылардың сөйлеу әдебі туралы түсініктерін, білімін, сөйлеу әдебінің бұзылуына не әсер ететінін анықтау.

Анықтау экспериментінің сипаты: оқушылардың сөз әдебін білу, меңгеру, қолдану деңгейін зерттеу,

Анықтау экспериментінің болжамы: оқушыларға сөз әдебін меңгерту мектепте жан-жақты жүргізілсе, онда оқушылардың тілге, сөз этикеті бірліктерін сауатты қолдануға қызығушылығы оянып, ойын сөз бен іс арқылы әдепті жеткізе алатын болады.

Эксперимент барысында орындалған тапсырмалар мен жаттығулар.

Берілген сұрақтар:

Сөйлеу әдебі дегеніміз не?

Оқушылардың берген жауаптары:

Орынсыз сөйлеу; Сыпайылықпен жұмсақ сөйлеу; Ашық та жарқын дидармен сөйлеу, бетті тыжырайтпау; Тыңдаушыны жалықтырмай сөйлеу;

Тек пайдалы әңгіме айту; Ойлап, абайлап сөйлеу. «Ойламай сөйлеген ауырмай өледі»; Кісілер сөйлесіп тұрғанда арасына сөз қыстырмау, сөзді бөлмеу; Көп сөйлемеу және т.б.

Сөйлеу этикетіне жататын сөздер?

Оқушылардың берген жауаптары:

Амандасуға қатысты сөздер: сәлеметсіз бе, ассалаумағаликум, мал-жан аман ба, т.б.;

Қоштасуға байланысты сөздер: сау болыңыз, қош болып тұрыңыз, келесі кездескенше, хош болыңыз, сапар сәтті болсын, жайлы жатып, жақсы тұрыңыз, жолыңыз болсын т.б.;

Құттықтауға қатысты сөздер: құтты болсын, қадамыңа гүл бітсін, өмір жасың ұзақ болсын, нұр жаусын, бақытты бол және т.б.

Әдеп және мәдениет, қандай түрлері бар ?

Оқушылардың берген жауаптары:

Сөйлеу мәдениеті; амандасу мәдениеті; киім кию мәдениеті; қарым-қатынас мәдениеті; тамақтану мәдениеті.

Сөйлеу әдебі туралы қандай мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді білесіңдер?

Оқушылар көптеген мақал-мәтелдер мен, қанатты сөздерді айтты.

«Көз жетпеген жерге сөз жетеді», «Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір», «Көп сөздің азы жақсы, аз сөздің өзі жақсы», «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні», «Санаулы сөз салмақты», «Ақылы қысқаның – тілі ұзын», «Қисық отырсаң да түзу сөйле», «Санап сөйлеген сабырлы», «Көп сөйлеген тілінен табады», «Көп сөйлейді залым би, Аз сөйлейді әділ би, «Өз тілің өзіңе жау» және т.б.

Эксперимент қорытындысы

Оқушылардың әдептілік, сөйлеу әдебі туралы білімін, түсінігін, сөз қолдануын анықтау үшін түрлі-түсті суреттер және тапсырмалар берілді, сауалнама алынды. Суреттер мен тапсырмалар бойынша дұрыс әрі нақты жауаптар талап етіледі. Бұл жүргізілген зерттеуге сыныпоқушылары еш дайындақсыз қатысты. Тапсырма барлық оқушыларға бірдей жағдайда берілді. Бірақ тапсырмаларды орындау барысында кейбір оқушылардың нұсқауды дұрыс түсінбеуі, кейбіреулері толық, мұқият тыңдамай тапсырманы салғырт орындауы болды.

Берілген барлық тапсырмалар бойынша оқушылардың орындаған тапсырмаларын төмендегідей критерийлерге сүйене отырып талдадық.

Осы критерийлерге байланысты біз оқушылардың жауаптарын үш топқа бөлеміз.

1) Берілген суреттер мен түрлі тапсырмаларды қатесіз орындаған оқушылардың жауаптары енігізілді.

2) Берілген суреттер мен түрлі тапсырмаларды тапсырмаларды орындай алмауы.

3) Берілген суреттер мен түрлі тапсырмаларды орындауда қателіктер мен шатыстырулар жіберуі.

Оқушыларға берілген тапсырмалар мен сұрақтар ауызша, жазбаша және ойын түрінде болды.

Келесі кезекте сауалнама алынды. Сауалнамаға жалпы саны 30 оқушы қатыстырылды. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың басым бөлігінің (68 %) сөз әдебі дегенді тек сыпайы, мәдениетті және бөтен сөз араластырмай сөйлеу деп түсінетіні, сөз этикетін вербалды құралдармен шектейтіні (60 %) байқалды. Сөйлеумен қатар ым-ишараттың да, яғни бейвербалды амалдардың да қатысы барлығын естен шығарды.

Ғылыми жобаны жазу барысында оқушылардың тілінде болатын кемшіліктердің себептері анықталды. Оларға ортаның әсері мен сөйлеу дағдысының жоқтығы жатады. Ортаның әсері ретінде оқушының сөйлеуіне жергілікті тіл немесе басқа тілдің әсер етуі мен көшенің әсерін (дөрекі, былапыт тіл) айтуға болады.

Ал сөйлеу дағдыларының жоқтығына оқушының тіл дамуына немқұрайлы қарауы, кітап оқымауы, сөйлеу әдебі жайлы берілген білімді терең меңгермеуін жатқызамыз. Оқушының сөйлеу әдебіне қойылатын талаптар:

- сөз мазмұнды болуға тиіс (сөйлемдегі сөздердің мағынасын толық түсіну керек);
- сөз жүйелі болу қажет (негізгі айтылатын сөзге назар аудару);
- сөз нақты, анық болу керек (сөз, сөз тіркестеріне көңіл бөлу);
- сөз мәнерлі болу қажет (сезімге әсер ету);
- сөз түсінікті болу қажет (айтылатын ойды дәл жеткізу);
- сөз шұбарланбауы керек.

Осыларды сөйлеуде есте сақтаса жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Әркім өзінің басындағы ойларын басқаға айтып, түсіндіру үшін оған лайықты сөз таба білуге тиісті. Егерде ондай сөз таба алмаса, ол ой иесіне де шала, түсініксіз болып қалады. Яғни, ойдың дамуы сөйлеудің дамуымен өте тығыз байланысты. Адам көп мәдениетті болу үшін үнемі сөйлеу мәдениетін жетілдіріп отыруы керек.

Сөз әдебі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тетігі. Өйткені сауаттылық тілді дұрыс жұмсауға

тікелей қатысты болғандықтан, сол орынды қолданыстың басты талаптарының бірі сөз әдебін білудің маңызы ерекше. Ол үшін қазақ сөз этикетін бойларына сіңіруі қажет. Ол аталар айтқан мақал-мәтелдер мен даналық сөздерді жадында ұстау, кітап оқу, тілді шұбарламау, тіл тазалығын сақтау, яғни жаргон, диалект, варваризм сөздерді қолданбауымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ошанова О. «Сөйлеу мәдениетінің негіздері». – Астана: «Фолиант» баспасы, 2008. – 412б.
- 2 Жақанова С. «Сөйлеу техникасы». – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 47б.
- 3.Тумабаева.Ә. «Тіл ішіндегі тіл» немесе жастар жаргоны туралы// Ана тілі 08 Тамыз, 2013,145б
- 4.Қобланова.А.Сөз әдебі.-Алматы,2001-106б

7.3 Денешынықтыру мен спорттың өзекті мәселелері 7.3 Актуальные вопросы физической культуры и спорта

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ АРҚЫЛЫ СКОЛИОЗДЫ ЖОЮ

КАЙРОЛЛА Е.

10 «А» сынып оқушысы, № 20 лицей-мектебі, Павлодар қ.

КЕНЧЕНБАЕВ Е. Ж.

денешынықтыру пәнінің мұғалімі, № 20 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Кішкентай кезімізден бастап «бүкірейме», «түзу отыр», «тік жүр», «түзу жат», «түзу тұр», «ауыр көтерме, белің қисаяды» деген сөздерді ұстаздарымыз мен ата-анамыздан жиі естиміз. Бірақ бала көңіл ол сөздің түпкі астарына бойлай бермейміз. Кейіннен ойланып қарасак, мұның астарында бала денсаулығы, бүкіл елдің болашағы жатыр екен. Осы ретте халық «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсын» деп бекер айтпапты.

Омыртқа – тұлға тірек қаңқасын құратын сүйектердің бірі. Омыртқаның қалың да жалпақ біткен бөлігін денесі, жұлын орналасатын қуыс құратын артқы бөлігін доғасы деп атайды [2, б. 17].

Омыртқа қаңқаның негізі болып табылады және адам ағзасында екі маңызды қызмет атқарады. Бірінші функция – тірек қозғалтқышы. Екіншісі – қорғаныс. Омыртқа жұлын механикалық зақымданудан сақтайды. Оған көптеген жүйке ұштары қолайлы, олар адам ағзасының барлық мүшелерінің жұмысына жауап береді. Бейнелеп айтсақ, әр омыртқа сол немесе басқа органның жұмысына жауап береді. Егер омыртқаның функциялары бұзылса, дененің әртүрлі бөліктеріндегі ұлпалар мен жасушаларға жүйке импульсін жүргізу қиынға соғады. Уақыт өте келе дененің осы бөліктерінде әртүрлі аурулар дамиды. Көбінесе қисықтар кездеседі: 1) сколиоз (бүйірлік), рахит (3–4 жас аралығындағы балаларда); 2) кифоз (артқы жағында), рахит балаларында, анемиялық қыздарда оқу кезінде, қартайған кезде; 3) лордоз (алдыңғы), сирек кездеседі, жамбас дислокациясы.

Сколиоз.Омыртқаның қисаюы, негізінен бала күннен пайда болады. Сондықтан ауруға шалдыққандардың 70-80 пайызы оның нақты қашан және неден туындағанын білмейді, яғни себебі белгісіз, оны идиопатиялық деп атайды. Мұндай сколиоз ер балаларға қарағанда қыздарда 4–7 есе жиі кездеседі екен. Омыртқаның қисаюын дер кезінде анықтау қиын. Себебі ауырмайды, тек баланың тез өсетін шағында, яғни жауырыны немесе қабырғасы қисая бастағанда ғана білінеді екен. 20 % сколиоз туа бітті омыртқалардың өзгеруі салдарынан болады. Мектеп жасындағы балалардың омыртқа жотасының бір бүйіріне қарай қисаюының негізгі себептері:

– Орындықта түзу отырмау, бір бүйіріне қарай қисайып отыру немесе үй тапсырмасын орындағанда басын үстелдің үстіне қойып отыру;

- Жазу үстелі мен орындықтың биіктігінің сәйкес келмеуі;
- Көбіне бір қолмен ауыр жүк көтеру;
- Сүйектер мен бұлшық еттердің дұрыс дамымауы т.б.

Диагностика

Сколиозды ерте сатысында еңкею арқылы білуге болады. Баланың қолын төмен түсіріп, еркін қойып, еңкейтіп қарасаңыз, желкеден белге дейінгі омыртқа жоталары түзулігі немесе қисайғандығы айқын көрінеді. Омыртқалардың қисаюының көлемін рентген суреттері арқылы көреді. Омыртқалардың өзгеруі туа бітті болуы мүмкін. Жоғарыда айтылған зерттеулік әдістермен бірге қосымша мыналарды тексерген қажет:

- Бой ұзындығын отырғызып және тұрғызып өлшеу;
- Салмағын өлшеу; өкпе көлемін өлшеу, өкпенің тіршілік

сыйымдылығын анықтау,

– Өкпе қызметін анықтау (спирометрия)

Бұл шаралар қисаюдың ауырлығын анықтау, ем-домды соған сай жүргізу үшін қажет.

Сколиоздың түрлері мен салдары.

Сколиоздың 4 ауырлық дәрежесі бар.

I дәрежелі сколиозды келесі белгілермен анықтауға болады:

– Қиғаш (көлбеу) жамбас.

– Бүктелген иықтар.

– Бастың төмен орналасуы.

– Сылтаурату.

– Қисықтық жағында бір иық екіншісінен жоғары.

– Омыртқалардың тік ось айналасында айналуы жоспарланған.

– Бел асимметриясы.

Қисықтық доғасын анықтау үшін науқасты алға қарай еңкейтіп, доғаны спиналық процестер бойымен жарқын жасыл немесе киізден жасалған қаламмен белгілеу керек. Науқасты түзеткен кезде қисықтық жоғалады. Рентгенограммада 10 градус қисықтық бұрышы көрсетілуі керек.

II дәрежелі Сколиоз осындай белгілердің болуымен сипатталады:

– Торсия (омыртқалардың тік ось айналасында айналуы).

– Мойын мен бел үшбұрышының контурларының асимметриясы.

– Қиғаш (көлбеу) жамбас.

– Қисықтық жағында бел аймағында бұлшықет ролигі, ал кеуде қуысында доғал бар.

– Қисықтық дененің кез-келген позициясында байқалады.

Рентгенограмма 10–20 градус қисықтық бұрышын бекітеді.

III дәрежелі Сколиоз белгілері бойынша анықталады:

– II дәрежелі сколиоздың барлық белгілерінің болуы.

– Қабырғаның батуы.

– Қатты анықталған бұралу.

– Жақсы анықталған қабырға өркеші.

– Бұлшықет контрактуралары.

– Іштің бұлшық еттері әлсіреді.

– Алдыңғы қабырға доғаларын шығару.

– Қабырға доғасы мықын сүйегіне жақындайды.

– Рентгенограммада 20–30 градус қисықтық бұрышы көрсетілген.

IV дәрежелі Сколиоз. Омыртқаның күшті деформациясымен ерекшеленеді. Жоғарыда аталған сколиоз белгілері күшейеді.

Қисықтық аймағындағы бұлшықеттер айтарлықтай созылған. Кеуде

сколиозының вогнуты аймағында қабырғалардың батуы, қабырға өркешінің болуы байқалады. Рентгенограммада 30 немесе одан да көп градус қисықтық бұрышы көрсетілген.

Сколиоздың ең басты симптомдарының бірі-омыртқа жотасының қисаюы. Сколиоз ауруына назар аудару керек, себебі бұл ауруының ауыр түрлері, организмнің маңызды жүйелерінде елеулі бұзылуларға, өмірдің ұзақтығын қысқартылуына әкеледі.

Сколиозды емдеу. Сколиоздың асқынуы өте қауіпті, яғни кеуде қуысының қисаюына, жүрек қызметінің жетіспеушілігіне, өкпе қызметінің нашарлауына, полицетемия, өкпе гипертензиясына әкелуі мүмкін. Сколиоз асқынған жағдайда хирургиялық араласу жүреді. Жалпы омыртқаны түзету – ең күрделі операциялардың бірі. Қазақстанда бұл операция тек Астанадағы Травматология және ортопедия ғылыми зерттеу институтында жасалады екен. Бүгінде мұндай операция сколиотикалық қисаюы немесе пішіннің өзгеру бұрышы 40–45 градустан асқан жағдайда жасалады. Сондай-ақ ауру косметикалық кемшілік байқалған жағдайда ота жасауы мүмкін. Өйткені ол науқастың жүйке жүйесіне әсер етіп, еңбекке қабілеттілігін төмендетуі мүмкін. Сколиозды емдеу омыртқаның қисаюу деңгейіне байланысты. Неғұрлым омыртқа қисайған болса, соғұрлым оны емдеуге күш, уақыт керек. Ал омыртқаның аз мөлшерде қисаюын тез емдеуге болады. Этиология, ақаулар деңгейі, баланың жасы және анатомиялық ерекшеліктері, тек жаппай емдеу жақсы нәтижеге жеткізеді.

Консервативті емдеу омыртқаның құрылымдық өзгеруіне тікелей әсер ете алмайды. Сондықтан омыртқалар мен омыртқааралық дискілердің құрылымдық қайта құрылуынан туындаған омыртқаның қисықтығын механикалық түрде «түзетуге» тырысудың мағынасы жоқ. Консервативті емдеудің мәні-қисықтықтың функционалды компонентін азайту арқылы омыртқаның қисықтығын түзету және бұлшықет-байламды аппараттың функционалды жағдайын жақсарту арқылы қол жеткізілген түзетуді тұрақтандыру [3, б. 10].

1-деңгейлі сколиозды емдеу

1-деңгейлі сколиозды емдеу гимнастикасы. Қосымша емдеу арқаны укалап емдеу.

1-деңгейлі сколиозды гимнастикамен жақсы емдеуге болады, бұл жағдайда басқа емдеу түрі керек емес. 2–4 айда емдеуге болады.

Кез-келген жаттығу келе бермейді, омыртқа қисығын түзеуге және арқа бұлшықетін нығайтуға арналған жаттығулар қажет.

Б.қ.Тік тұрып,қолды екі жаққа созып. 1.Солға бұрылу.(аяқ бір қалыпта)

2.Б.қ.

3.Оңға бұрылу

4. Б.қ

Б.қ Еденге жатып, қолды алға созып. 1,2,3,4 қолмен кеудені жоғары көтеріп ұстау.

5. Б.қ

Арқамен жатып,қол екі жақта.

1.Сол алақанды оң алақанға тигізу.

2.Б.қ

3.Оң алақанды сол алақанға тигізу.

4.Б.қ

Б.қ Еденге жатып, қол мен аяқты алға созып. 1, 2, 3, 4 жоғары көтеріп ұстау.

5. Б.қ

Б.қ Еденге жатып, қолды жан – жаққа созып.1, 2, 3, 4 –қолдарды жоғары көтеріп ұстау

5. Б.қ

Б.қ Арқамен жатып, аяқты 45° горизонталды ұстап қайшылау .

Б.қ Арқамен жатып аяқты вертикалды ұстап қайшылау.

Сколиоз ауруы өте күрделі,бірақ бұл ауру емделеді.Сколиозбен сіз ұзақ уақыт отыра алмайсыз, кенет қозғалыстар жасай алмайсыз, 3 кг-нан астам көтере алмайсыз, тек білікті дәрігермен спортпен шұғылдануыңыз керек, ұсынылған спорт түрі: жүзу, омыртқалы дискілерден жүктемені жеңілдету үшін тірек ұстағышты , бекіту белдігін пайдалану керек, бірақ тек дәрігердің ұсынысы бойынша сүйек тінін нығайту үшін кальций бар мультивитаминді қабылдау керек [1, б. 21].

Сколиозды емдеудегі емдік әсердің маңызды сәті-бұл фассиялық-бұлшықет қаттылығы жағдайындағы бұлшықеттерді қалпына келтіру, дәлірек айтқанда, жергілікті спазм жағдайында. Бұған пост-изометриялық релаксация және арнайы жаттығулар арқылы қол жеткізіледі. Әр пациент үшін арнайы жаттығуларды орындау жеке және сколиотикалық көріністердің сипатына байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 С. Жұманова. Спорттық морфология негізіндегі тәнтану. – Алматы: 1994., 168 б

2 Г. Икманова. Саулық пен сымбат. – Алматы: Қайнар, 1991, 111 б

3 Төтенайдың Базарбегі. Спорт атауларының орысша қазақша сөздігі. – Алматы:1994.,93 б.

СТАТОДИНАМИКА, КАК ИННОВАЦИОННЫЙ ПОДХОД В ЗДОРОВЬЕСБЕРЕЖЕНИИ ДЕТЕЙ СРЕДНЕГО И СТАРШЕГО ЗВЕНА ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

РЕСНЯНСКАЯ В. В.

школьник, Школа-лицей № 16, г. Павлодар

СМАГУЛОВ Р. З.

учитель, Школа-лицей № 16, г. Павлодар

НУРЕКЕНОВА З. К.

учитель, Школа-лицей № 16, г. Павлодар

МУССИНА А. К.

учитель, Школа-лицей № 16, г. Павлодар

Важно помнить, что на первое место надо ставить как результат, так и здоровье человека, занимающегося спортивной деятельностью. Данная работа полезна как профессиональным спортсменам, так и физкультурникам, а также людям далеким от спорта и физкультуры, а также с целью профилактики и предупреждения различных заболеваний человека, укрепления иммунной системы организма человека. Как известно, поперечнополосатые мышцы организма человека составляют окислительные мышечные волокна (ОМВ) и гликолитические мышечные волокна (ГМВ), примерно в соотношении 40 % к 60 % соответственно, либо наоборот. Исходя из вышеизложенного, необходимо правильно составлять тренировочный процесс спортсмена и физкультурника, правильно подходить к восстановлению организма человека (в нашем случае это организм учащегося школьного возраста). Клетки мышц (миофибриллы) имеют свою свойственную структуру [1, с. 174].

Органеллы мышечных клеток – митохондрии, которые являются своего рода энергетическими станциями, центрами, на внутренних мембранах, которых осуществляется цикл Кребса, известный также как цикл лимонной кислоты, в результате которого происходит синтез энергии в виде аденозинтрифосфорной кислоты (далее АТФ), которая расходуется на жизненные процессы в организме в целом. Мышцы закиляются вследствие образования ионов

водорода, которые в свою очередь при неправильном дозировании нагрузки разрушают митохондрии. В митохондриях образуется вода, происходит гидролиз, вследствие поглощения ими большого количества ионов водорода, митохондрии не справляются с утилизацией ионов водорода и набухают, вода в свою очередь накапливаясь, разрывает митохондрии, и они погибают, происходит растекание компонентов в межмембранное пространство, митохондрии деструктурируются, а также в некоторых случаях создаются предпосылки для некроза мышечной ткани.

«Один из основных процессов превращения энергии – окисление глюкозы. Освободившаяся при этом энергия используется в разных физиологических процессах и в первую очередь при мышечном сокращении. Химические соединения могут окисляться также в реакции дегидрирования, при отщеплении водорода. В окислительно-восстановительных реакциях переносчики водорода обычно действуют вместе с катализаторами – ферментами и коферментами. Одна группа ферментов (флавопротеиды и система цитохромов) в качестве акцептора водорода может использовать непосредственно молекулярный кислород. Это аэробное окисление. Другие акцепторы водорода участвуют в анаэробном окислении.

«Главным источником энергии при мышечном сокращении являются поступающие в организм с пищей углеводы и жиры.

В самой мышечной клетке превращение энергии обеспечивается аденозинтрифосфорной кислотой (АТФ) и креатинфосфатом (КФ). Накопление и освобождение энергии происходит путем присоединения или отщепления фосфатных групп. После отщепления фосфорной кислоты от молекулы АТФ с помощью фермента аденозинтрифосфатазы образуется аденозиндифосфорная кислота (АДФ) и освобождается энергия: $АТФ \rightarrow АДФ + H_3PO_4 + 8 \text{ ккал}$ ».

Под влиянием триггерного нервного импульса АТФ расщепляется до АДФ. Часть освобожденной энергии используется при мышечном сокращении.

Запас АТФ в мышцах небольшой. Для поддержания активности тканей на определенном уровне необходим быстрый ресинтез АТФ. Последний происходит в процессе рефосфорирования при соединении АДФ и фосфатов. Наиболее доступным веществом, используемым для синтеза АТФ, является креатинфосфат, легко передающий свою фосфатную группу на АДФ: $КФ + АДФ \leftrightarrow Креатин + АТФ$.

Концентрация КФ в мышцах в 3–4 раза больше в сравнении с АТФ. Умеренное (на 20–40%) снижение содержания АТФ сразу компенсируется за счет КФ. Истощение запасов самого КФ зависит от величины нагрузки. При физической работе с максимальной интенсивностью запасы креатинфосфата расходуются в первую минуту (Е. Hultman et al., 1967). После этого освободившиеся фосфатные группы соединяются с глюкозой и подключается следующий источник энергообразования – окисление гликогена. Процесс гликолиза более инертен и достигает максимума не ранее чем на 1–2-й минуте работы.

Гликоген и глюкоза расщепляются до пировиноградной кислоты. Этот процесс может проходить в анаэробных условиях. В результате реакции образуются богатые энергией фосфаты. Подобное анаэробное окисление возможно благодаря одновременному восстановлению кофермента никотинамидадениндинуклеотида (НАД), действующего в качестве акцептора водорода или переносчика электронов. $НАД \cdot H_2$ снова окисляется в реакции дегидрогенирования, где пировиноградная кислота, присоединя атомы водорода, превращается в молочную. Таким образом возобновляются запасы НАД, и процесс гликолиза, поставляющий энергию для ресинтеза АТФ, может продолжаться. Однако в анаэробных условиях активность клеток не может быть длительной. Она лимитируется возрастанием концентрации молочной кислоты, а также уменьшением запасов гликогена или глюкозы.

В трикарбовом цикле Кребса пировиноградная кислота постепенно расщепляется до углекислого газа и водорода, водород соединяется с кислородом и образует воду. Большая часть освобожденной энергии используется для ресинтеза АТФ.

Образование АТФ можно рассматривать как главную цель тканевого дыхания. В аэробных условиях присоединение третьей молекулы фосфорной кислоты к АДФ происходит с участием кислорода. Поэтому процесс обозначается как окислительное фосфорилирование. И как ранее уже было сказано, процессы цикла Кребса осуществляются на внутренних мембранах особых клеточных образований – митохондрий.

При легкой или умеренной физической нагрузке к мышечным клеткам доставляется достаточное количество кислорода (O_2). Образовавшийся здесь $НАД \cdot H_2$ полностью окисляется акцептором водорода – молекулярным кислородом. Полностью окисляется также пировиноградная кислота. При возрастании нагрузки увеличивается

расщепление гликогена, а также скорость восстановления НАД. Наконец, наступает момент, когда система транспорта O_2 уже не справляется с доставкой необходимого количества O_2 . В роли акцептора водорода начинает фигурировать пировиноградная кислота, и в результате реакции окисления $НАД \cdot H_2$ образуется молочная кислота.

В цикл Кребса могут включаться также жирные кислоты и даже аминокислоты. Однако в нормальных условиях белки в качестве источника энергии не используются.

В общей форме превращение энергии в мышечных клетках может быть представлено следующим образом: в анаэробных условиях: $АТФ \leftrightarrow АДФ + \Phi + \Phi + \text{свободная энергия (}\Phi\text{-фосфатная группа)}$; $К\Phi + АДФ \leftrightarrow \text{Креатин} + АТФ$; Гликоген или глюкоза + $\Phi + АДФ \rightarrow \text{Молочная кислота} + АТФ$.

В аэробных условиях:

Гликоген и свободные жирные кислоты + $\Phi + АДФ + O_2 \rightarrow CO_2 + H_2O + АТФ$.

Следует отметить, что при полном аэробном окислении глюкозы и гликогена энергии для ресинтеза освобождается немного больше, чем в анаэробном процессе. По сравнению с последним глюкоза в аэробных условиях на одну грамм – молекулу может образовать в 19 раз больше АТФ (Р.О. Astrand, К.М. Rodahl, 1970).

Аэробные возможности проявляются при физических нагрузках большой и умеренной интенсивности (мощности), когда в процессе работы нужно полностью покрыть кислородные потребности. При нагрузках равномерной интенсивности потребления кислорода (steady state) обычно остается постоянным длительное время. При кратковременных упражнениях (нагрузках) высокой интенсивности, когда невозможно доставить необходимое количество O_2 к работающим мышцам, большое значение имеет так называемое анаэробное воспроизводство кислорода. Как уже говорилось, механизмы этих двух видов энергопродукции сложны и зависят от многих обстоятельств» [7], [8].

Основная задача образованного тренера, это создать условия для роста митохондрий в клетках, улучшить выносливость организма. Для этого необходимо знать основы физиологии организма человека. Часто бывает так, что человек после длительного режима, связанного с гиподинамией, чувствует быструю утомляемость и отсутствие выносливости и как правило считает, что у него слабое сердце, но это часто не верные выводы. На самом деле у него из – за длительная

гиподинамия большее количество митохондрий погибает, а новых образуется недостаточно для нормального функционирования организма. В данном случае необходимо обратить внимание на мышцы человека, их необходимо тренировать, и в первую очередь для того, чтобы увеличить капиллярную сеть. Наше сердце состоит также из мышц. Поэтому его тоже можно закислить ионами водорода, тем самым создать предпосылки для гипертрофии левого желудочка, увеличить его стенки, миокард. Кардиомиоциты, клетки сердца увеличиваются в размере, превращаясь с соединительную ткань. Сердце становится менее эластичным, а значит нездоровым. Сердце должно растягиваться. Существует два вида гипертрофии сердца L – гипертрофия и D – гипертрофия. В первом варианте, выполнения упражнения мы растягиваем сердце, данный вид гипертрофии полезен, не происходит длительное закисление миокарда. Во втором случае рабочий объем сердца не увеличивается и влечет за собой проблемы со здоровьем, так как происходит гипертрофия левого желудочка по принципу D – гипертрофии, сердечная мышца преобразуется в соединительную ткань. Вернемся к главному, к гиперплазии митохондрий в мышцах и далее свяжем всё это с тренировкой. Как же необходимо тренироваться, чтобы увеличить в разы число митохондрий в мышцах, не закисляя также и сердечную мышцу? Если сердце работает на пульсе 180 и более ударов в минуту, больше двух минут, то закисление мышц обеспечено организму человека.

Как же правильно тренировать организм человека (в нашем случае учащихся 10 лет и старше), чтобы не навредить ему? Как развивать выносливость и силу мышц?

И эту возможность нам представляют физические упражнения статодинамического характера. В чём же заключается механизм выполнения и польза упражнений в статодинамическом режиме?

В двух словах статодинамика подразумевает выполнение упражнения в неполной (укороченной) амплитуде. То есть нет фазы 0 градусов. То есть фазы, когда нагрузка исключается (выпрямленные руки, ноги), не подразумеваются. Но существуют и свои обязательные тонкости: продолжительное время под нагрузкой, как правило, 40 секунд без перерыва, небольшой вес, как правило 20–50 % от одноповторного максимума, обязательный отказ, наступает в результате интенсивного закисления и нестерпимого жжения в целевой мышечной группе, не допуская чрезмерного влияния лизосом клетки [5], выполняем упражнения сериями с лимитированным отдыхом между подходами. Три серии. Время

отдыха между подходами около 30–40 секунд. Отдых между сериями 10 минут. Активное дыхание (желательно только через носовую полость), для того чтобы быстрее утилизировать молочную кислоту, а также для усиленного движения диафрагмы, для активации лимфатической системы организма включая в работу Цистерну Хили. Это актуально сегодня в связи с распространением в мире коронавирусной инфекции.

Цистерна Хили является одним из двух резервуаров, которые содержат лимфу и другие жидкости организма, которые находятся в лимфатической системе. Наряду с цистерной Хили, существует также субарахноидальная цистерна. Цистерна Хили, однако, играет неотъемлемую роль, потому что она отвечает за сбор лимфы и выступает в качестве точки дренажа для «белого жира» из органов пищеварения.

Лимфатическая система имеет много функций и является важным компонентом организма. Прежде всего, его основной функцией является поддержание баланса жидкости и белка в организме. Эта сложная система возвращает избыток тканевой жидкости в кровь и поглощает жиры и витамины из пищеварительного тракта, чтобы доставить их в систему кровообращения. Она также наиболее известна как часть иммунной системы, потому что она действует как защитный механизм от вторжения микроорганизмов и болезней.

Необходима лимфатическая система, так как это сеть, которая перемещает жиры по всему телу. Лимфатические сосуды доставляют лимфу из капилляров в крупные вены на шее, откуда лимфа попадает в кровоток и доставляется в сердце. По всей этой закрытой системе в сосудах стратегически располагаются лимфатические железы, которые проходят через лимфу по мере ее прохождения через систему. Около 10 процентов жидкости в крови, которая фильтруется капиллярами, вместе с белками, попадает в ткани организма. Эта потеря жидкости в противном случае была бы опасна для жизни, но лимфатическая система возвращает ее в систему кровообращения, где цистерна Хили удерживает ее до того, как она возвращается в кровоток.

Лимфатическая система связана со здоровьем и функционированием многих областей организма, включая пищеварительную систему и различные органы, такие как селезенка и тимус, а также костный мозг. Если развивается лимфатическая недостаточность внутренних органов, это может привести к различным заболеваниям лимфатической системы. Они могут

включать раковые заболевания, такие как лимфома и аутоиммунные заболевания, такие как артрит или склеродермия, и многие другие [6].

Использование вставочных подходов или легкой кардионагрузки, чтобы молочная кислота и продукты распада успели полностью покинуть мышцу.

Окклюзия мышц, т.е. ограничение доступа кислорода к мышцам (за счет постоянного напряжения) влечет соответствующий стресс, накопление креатинфосфата, локальную гипоксию мышечного волокна, происходит увеличение силы мышц, уменьшается масса общего жира, так как стресс стимулирует выход в кровь гормонов гипофиза и активизирует симпатическую нервную систему. В результате начинается выделение гормонов мозгового вещества надпочечников (катехоламинов) – адреналина и норадреналина (норадреналин также выделяется из окончаний симпатической нервной системы). Эти гормоны, а также тестостерон и соматотропин, стимулирует выход жирных кислот из жировых депо в кровь. Повышенная концентрация гормонов и полирибосом удерживается в тканях тела в течение 1–2 суток, что повышает основной обмен и использование жирных кислот из жировых депо для функционирования сердца, дыхательных мышц и пластических процессов в скелетных мышцах. Необходимо добавить, что среди учёных существуют мнения и высказывания о том, что раковые клетки функционируют по принципу бескислородного режима обеспечения себя энергией, поэтому данная работа может быть интересна и для ученых – онкологов. Также происходит чистка сосудов, борьба с атеросклерозом сосудов. Работа в короткой амплитуде снижает нагрузку на суставы и предупреждает их травмирование, а в итоге износ и разрушение, укрепляется иммунная система организма человека. Можно работать с массой собственного тела и с различным оборудованием от резиновых эспандеров до отягощений и тренажёров. И что не маловажно, напомню, такой режим тренировки не вредит сердцу, оно не изменяется по принципу D – гипертрофии. Сколько часто можно тренироваться? Два раза в неделю с перерывами около двух дней, в среднем 30-50 минут до 1 часа. Далее учащиеся после освоения технологии выполнения упражнений в статодинамическом режиме, могут выполнять упражнения самостоятельно дома и на свежем воздухе, с родными и близкими и друзьями, а также разнообразить их, так как по своей сути упражнений статодинамики можно придумать не малое количество, в этом Вы убедитесь чуть позже. И также необходимо

знать, что митохондрии растут в среднем около двадцати дней. И при отсутствии должной физической нагрузки количество их уменьшатся. Всё вышеперечисленное является ключевыми факторами анаболизма, а не катаболизма мышц. А также всё вышесказанное сводится к тому, что упражнения, выполняемые в статодинамическом режиме, безопасны и полезны людям разных возрастов, а что касается нашей с Вами деятельности – разных возрастных групп учащихся.

Технология выполнения упражнений: ходьба в течение 2–3 минут (также для выделения синовиальной жидкости), далее бег в медленном темпе желательнее 5 минут не менее, после, выполнение специальных разминочных упражнений, далее, упражнения силового характера (основные упражнения), стретчинг (заминка). И не забываем пить воду – один глоток после каждого подхода упражнений!

Выводы говорят за себя, как известно из проводимых учеными исследований, тренировка и занятия в статодинамическом режиме является максимально безопасной и доступной для всех занимающихся. То есть ЧСС в пределах нормы (максимально около 140 уд/мин.), артериальное давление не превышает исходное чем на 40 мм. рт. ст., напряжение мышц не более 70 % от максимума. Отсутствует натуживание, скручивание, резкие движения, эксцентрическое сокращение, усталость и утомление, понижение уровня сахара в крови, нормализуется артериальное давление, легко восстанавливаются функции организма.

ЛИТЕРАТУРА

1 Смагулов Р. З. Гиперплазия гликолитических мышечных волокон. / Материалы международной научной конференции молодых ученых, магистрантов, студентов и школьников «XVII Сатпаевские чтения» / ПГУ им. С. Торайгырова. – Павлодар, 2017. – Т. 17 – С. 174 – 182.

2 Смагулов Р. З. Плайометрические упражнения на секционных занятиях в общеобразовательной школе. – Павлодар, 2013 – 22 с.

3 Смагулов Р. З. Стретчинг. Использование упражнений на растягивание на секционных занятиях в общеобразовательной школе. – Павлодар, 2013 – 11 с.

4 Дубровский В. И., Валеология. Здоровый образ жизни. Москва, «Флинта», 1999 г.; 560 с.

5 Вся правда о статодинамике. Янв 16, 2021 [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.fewskills.com/vsya-pravda-o-statodinamika/> (дата обращения: 11.03.2022)

6 Что такое цистерна Хили. [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.netinbag.com/ru/physiology/what-is-the-cisterna-chyli.html> (дата обращения: 11.03.2022)

7 Виды и классификация физической работы. 2017-2020 [Электронный ресурс]. – URL: <http://fiziolive.ru> (дата обращения: 21.03.2022)

8 Студопедия – Энергетика при мышечной деятельности. 2015-10-15 [Электронный ресурс]. – URL: <https://studopedia.info> (дата обращения: 21.03.2022)

7.4 БАҚ даму тенденциялары және журналистикадағы жаңа технологиялар 7.4 Тенденция развития СМИ и современные технологии в журналистике

ТАРИХ ТАҒЛЫМЫ: «ОТАНДЫ ҚОРҒАУДА» ЖӘНЕ «ОТАРҚА»

ӘБДІКӘРІМ А.
Дарынды қыз баларға «Білім Инновация» лицей-интернаты, Павлодар қ.
ЕСМАҚАЕВА Г. Б.
жетекші, Дарынды қыз баларға «Білім Инновация» лицей-интернаты,
Павлодар қ.

Павлодар қаласындағы Әскери даңқ музейінде соғыс жылдары Ленинградта шығып тұрған «Отанды қорғауда» газетінің бірнеше саны сақтаулы. Мен бұл газеттер тігіндісімен кішкентай кезімнен таныспын. Себебі менің анам – екібастұздық журналист Жанаргүл Қадырова Ақмұқан Сыздықбековтің майдан жолы мен шығармашылығын зерттеді. Ақмұқан Сыздықбеков – анамның ауылынан шыққан журналист, бізді оның қан майданда, оқ астында жүріп қазақ баспасөзінің беделін биіктеткені сүйсіндірді.

Мұражайға газет тігінділерін осы газет тілшілерінің бірі – Ақмұқан Сыздықбековтің отбасы табыстаған. Анама Ақмұқан атаның суреттерін жауынгердің қызы Бақыт Ақмұқанқызы әкеп берген. Олардың арасында «Отанды қорғауда» газеті тілшілерінің бұрын ешқайда жарық көрмей, тек Екібастұз қалалық «Отарқа» газетінде жариялаған суреттері бар.

1942 жылдың орта тұсында Ленинград майданындағы өзге ұлт өкілдері ішінде қазақтар басым болды. Осы жайтты ескерген Совет армиясының Бас саяси басқармасы Ленинград майданында қазақ тіліндегі газет ашу туралы шешімге келеді.

Газет қызметіне 55-армиядан арнайы шақырылған Ақмұқан Сыздықбеков, Бисен Жұмағалиев, Түймебай Әшімбаевпен бірге жұмысқа кіріседі. Алғашқы саны 1942 жылғы 7 қарашада жарық көрген қазақ тіліндегі газет жайлы хабар майдан даласына жылдам тарайды.

Жаңа жыл қарсаңында редакцияға бастық болып аға политрук – 40 жасар Абдолла Мадалиев келеді. Алматы обкомының жауапты қызметкері, Ленинградтағы жоғары партия мектебінде білім алған адам. Ал Түймебай Әшімбаев басылымда аудармашы, жауапты хатшы, редактордың орынбасары қызметтерін атқарады.

«Алғашында мақалаларымыз орысшадан аударылып, тек қана Ақмұқан жазған жауынгерлердің ерлік хроникалары сол күйінде жарияланып отырды. Бірақ оны редакторға көрсету үшін Түймебай орысшаға аударды.

Ақмұқан бұрын колхозда есепші болған. Соғыстың басынан майданда, ысылған жауынгер, мерген, қажырлы да ыждағатты. Алғы шепке баруды ұнататын. «Өзіне жеке берілген» оптикасы бар мергендік винтовкасын ала кететін. Алғы шеп алыс емес, ол көбінесе жаяу жүретін. Ленинград түбінде Ақмұқан аяқ баспаған әскери бөлім жоқ десек, қателеспейміз. Ақжарқын, қарапайым Ақмұқан майдандағы қазақ жауынгерлерінің ерлігіне қуанатын, біздің ағайындар туралы командирлерден, комиссарлардан, басқа ұлт өкілдерінен жылы сөзден басқа естімегеніне мәз-мейрам болатын», – дейді сол күндер жайлы естелігінде майдангер-журналист Бисен Жұмағалиев («Ленинград майданындағы қазақ газеті», «Егемен Қазақстан», 8.05.2014) [1].

1943 жылдың ортасынан бастап газет бетінде тек ресми материалдар ғана орысшадан аударылып, қалған материал қазақша шыға бастайды. Тілшілер аударма машақатынан құтылады. «Осының бәріне Түймебайдың еңбекқорлығы мен іскерлігі, жоғары лауазымды адамдар алдында өз пікірін тайсалмай айтатыны, білгірлігі себеп болғаны анық», – деп баға береді Бисен аға әріптесіне «Қазақтар Ленинград майданында» атты кітабында.

...Бұдан кейін газет «Туған Қазақстанда» деген айдар ашып, ел жаңалығының жаршысына айналады. Қазақ ақындарының өлеңдерін, «Ән үйренейік» айдарымен халық әндерін жариялайды.

1944 жылы Абдолла Мадалиев кері шақырылып алынады да, оның міндетін атқару Т. Әшімбаевқа жүктеледі. Кейіннен редакция тағы бір журналиспен – Қостанай облысының тумасы Асылхан Тұрғановпен толықты. 1944 жылдың қарашасында майор Кәрім Османов редакцияның жаңа басшысы болды. Ол бұған дейін «Отан үшін» (1942–1943) атты майдандық газеттің редакторы болған екен. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Жұбан Молдағалиев пен Сағынғали Сейітов осы газеттің майдандық тілшілері болғанын айта кету керек.

Жалпы, соғыс уақытында тоғыз майданда қазақ тілінде әскери газеттер шығып тұрды. Солардың бәрі 1943 жылдың көктемінде қазақ халқының майдандағы қазақ жауынгерлеріне хатын жариялайды. «Отанды қорғауда» газеті болса басылым бетінде майданнан жауап хат жариялап, оған алғы шептегі жауынгерлерге қол қойғызып, елге сәлем жолдайды. Сол жылдары «Социалистік Қазақстан» газеті «Отанды қорғауда» газетіне шолу беріп, «Қаламының желі, сөздерінің уыты, ыстық лебізі бар Т. Әшімбаев, Б. Жұмағалиев, А. Сыздықбеков сияқты қызметкерлері бар» деп жазды. Майданның әскери кеңесі де еңбегін жоғары бағалап, үш тілші бірдей «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады.

Соғыс бітуге таяу уақытта редакцияға тағы бір тілші жұмысқа қабылданады. Сол кезде газеттің бірінші бетіне Саяси Бюроның мүшесі А. Андреевтің 50 жасқа толуына байланысты БК(б)П Орталық Комитетінің құттықтауы беріліп, «Андреев» деген сөзде екі әріптің орны ауысып кетеді. Бұл саяси қате деп саналып, редактордың орынбасары Кәрім Османов, жауапты хатшы Түймебай Әшімбаев, тілші Асылхан Тұрғанов түрмеге жабылады. Кейін жаңа тілшінің газет ұжымына «редакцияда қазақ ұлтшылдарының ұйымы құрылған, оны басқарушы үштік бар» деген сезікпен жіберілгені белгілі болады.

Осылайша, 1945 жылдың аяғында Ленинградта үш жыл шығып тұрған қазақ газеті жабылып, арыстай үш жігіт әскери трибуналмен жеті жылға сотталып кете барды. Кеңес Одағының батыры Сұлтан Баймағамбетовтің ерлігін тұңғыш газет бетіне түсірген майдангер-журналист Түймебай Әшімбаев 1957 жылы ақталып шықты. Ал лагерь азабына шыдай алмаған Кәрім мен Асылхан айдауда жүріп қаза болыпты.

Әскер қатарына 1938 жылы алынған кеңес офицері Ақмұқан Сыздықбеков өңіріне «Қызыл жұлдыз» орденін, «Ленинградты қорғағаны үшін», «Әскери қызметі үшін» медальдарын тағып, туған жері – Баянауылға қайтты. Бикеш апамен отбасын құрып,

«Южный» кеңшарында ғұмыр кешкен Ақмұқан аға 1982 жылы көз жұмды. Бүгінгі таңда Екібастұз қаласында Ақмұқан атаның қызы Бакыт апай тұрады.

Ақмұқан атаның інісі Ерғали Сыздықбековтің айтуынша, Ақмұқан ата майданда орыс қызына үйленіп, екі қыз бала дүниеге келеді. Үлкені жеңіс жылғы мамыр айында дүниеге келіп, есімін Мая қояды. Кейін еліне оралғанда әкесі орыс отбасын әкелуге рұқсат бермейді. Осылайша, Ақмұқан ата Бикеш апамен отасады.

Оның «Отанды қорғауда» басылымы беттерінде қалған жазбаларын ерліктің мәңгі өшпес шежіресі деп білеміз. Осы басылым арқылы туған тілімізге деген махаббатын паш еткен сарбаздар талай теперіш көрді.

Жалпы, «Отанды қорғау» газеті, ондағы журналистер тағдыры жайлы сөз ете отырып, біз баспасөздің соғыс қайнап тұрған уақытта да адамдарға аса қажет болғанын көреміз. Адамдар соғыс болып жатыр екен деп газетке көз салмай кеткен жоқ. Ол бір жағынан хабар таратушы болса екінші жағынан, жауынгерлерді жігерлендіруші құрал болды.

Ендігі кезекте біз майдан даласында қазақ тілінде шығып тұрған газет жайлы әңгімемізді бүгінгі қазақ баспасөзіне қарай бұрмақпыз. Ақмұқан атамен бір ауылда туып, оның отбасымен жақын араласқан, ағамыздың ерлігін насихаттап жүрген журналист Жанаргүл Қадырова еңбек ететін «Отарқа» басылымының тыныс-тіршілігі арқылы қазақ баспасөзінің бағыт-бағдарын айқындап, болашағына ой жүгірткіміз келеді.

Бір Күркеліде туып, бір топырақты басқан, бірақ екі түрлі уақытта ғұмыр кешкен екі журналистің қолтаңбасы бар «Отанды қорғауда» мен «Отарқаны» не байланыстырады? Не айырмашылығы бар? Бұл сұраққа жауап беру үшін журналист Жанаргүл Қадырова басшылық ететін Екібастұз қалалық «Отарқа» газетінің ғұмыр дерегіне шолу жасайық. «Отарқа» газетінің алғашқы саны 1992 жылдың 1 қаңтарында жарық көрген. Қазіргі таралымы – 3600, инстаграм әлеуметтік желісіндегі оқырмандарының саны 15,500-ден асады.

Салыстырмалы түрде алсақ, 2010-шы жылдарға дейін газетте журналистер аудармамен айналысқан. Яғни, орысша ақпаратты аударып беру осы уақытқа дейін белең алған.

Бертінгі жылдары еліміздегі барлық баспасөз құралдарын тендерге тәуелділік биледі. Бұл үрдіс «Отарқаны» да айналып өткен жоқ. Қазіргі уақытта басылым мемлекеттік тапсырыс арқылы қаржыландырылады.

Қазіргі уақытта қоғамды «газетті ешкім оқымайды, барлық мәлімет инстаграмда бар» деген пікір жайлады. Дегенмен газеттің желіден тағы бір артықшылығы: желіде жарияланған материалдарды бірнеше жыл өткен соң іздеп табу қиын. Немесе аккаунттар бұғатталып жоғалып кетіп те жатады. Ал газеттегі материал жоғалмай, архивте сақталады. Кітапханаларда «Отарқа» газетінің электронды беттері бар.

Атап өтерлігі, қазір қазақ газеттерінде мүкіндік көбейді. Яғни, оларда да әлеуметтік желіде парақшалар, топтар аккаунттар ашылған. Олар өз материалдарын тарату жолдарын көбейтті. Жарнамаға да мүміндік мол. Мәселен, бүгінгі таңда «Отарқа» газетінде видеоанонс беру үрдісі бар. Бұл – газет жұмысын жарнамалап, аңдатпа берудің бір құралы. «Отарқа» газетінде бүгінгі таңда журналист Жанаргүл Қадырованың авторлығымен «Мәшһүртану белестері» атты тұрақты айдарымен, видеоаңдатпа сүйемелдеуімен бұрын-соңды еш жерде жарық көрмеген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туралы материалдар жарық көрді [3].

Ал газет пандемия кезінде де жұмысын тоқтатқан жоқ. Адамдар үйлерінде қашықтан жұмыс істеуге көшкенде, «Отарқа» газеті журналистері редакцияда отырып еңбек етті. Яғни, қандай қиын кез туса да, қазақ баспасөзінің туы жығылған жоқ. Мен мұны заман өзгерсе де, рухы, қазақ журналистикасына адалдығы өзгермеген буындар сабақтастығы деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ленинград майданындағы қазақ газеті / Бисен Жұмағалиев // «Егемен Қазақстан». – 2014, 8 мамыр.

2 https://www.instagram.com/ekibastuz_otarka/

3 Әбдіразақтың балалары / Ж.Қадырова // Отарқа. – 2022. - №10.

ЕСІМІ ҰМЫТЫЛМАУЫ КЕРЕК

ЕСКЕНДИРОВ Б. К.
ғылыми жетекші, жоғары санатты дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
КАИЫРГЕЛЬДИНОВА Н.

9 сынып оқушысы,
А. Иманов атындағы жалпы орта білім беретін лицей- мектебі,



Сурет 1

*«Қызғыштай болған қайран ер,
Сөйткенде елден не көрді»*

Махамбет


*Көзінің тірісінде бағаламай,
Өттіңдер арпалысып ағалар-ай,
Бір ауыз сөздеріңіз қатық болған,
Шеңді мен қара топты алааламай.*

Жанбырбай Адамжанов

**Кеңес дәуіріндегі солақай саясаттың құрбаны,
қуғын-сүргін мен ашаршылық нәубетіне қарсы шығып, әділдік
іздегені үшін өзі де жалаға іліккен, «Халқым» деп жүріп
«Халық жауы» атанған ақын**

**Қорабай Жапанов
(1873-1931)**

Ақын, Кеңес үкіметінің кесепатынан жазықсыз жапа шеккен ұлтжанды азамат. Қазақтың алғашқы журналист-публицистерінің бірі. Алғашқы мақалалары «Дала уалаяты» газетіне басылды. «Киргизская степная газета» 1900 жылы осы газеткеде мақалалары басылып шығып отырған және жеке тілшісі болған. (Өлкетанушы-мұрағатшы Д. Аяшиновтың мұрағатынан алынған).



Сурет 2 – Бейбіт Бөженің мұрағатынан)

XX ғасырдың басында аумалы-төкпелі заманда ол өзі ұлтының келешегі үшін күрескен сыншыл журналистердің бірі болған. 1873 жылы Ақсу болысы Құркөл ауылында дүниеге келген. Руы Бәсентиін-Рысбек, оның ішінде –Қарабатыр тармағынан, артынан ұрпақ қалмаған. Қорабайдың 7-9 жасында әкесі дүниеден қайтып, содан былай әкесінің ағасы Әубәкір бидің қарауына көшеді. Ауыл молдасынан 2 жылдық мектепте оқып, Құран танып, өз бетімен діни кітаптарды оқитындай суатын ашады. Ағасы Әубәкір Қорабайды ескіше (қадимше) білім алсын деп, Павлодар уезі Басқұдық болысындағы Нұрғали хазіреттің медресесіне оқуға береді. Медресені ойдағыдай тәмамдап, Қорабай Семейдегі 5 жылдық татар мектебіне барғысы келіп, ақыры дегеніне жетеді. Бұл мектепті бітіргенде араб, парсы тіліндегі кітаптарды еркін оқитындай білім алып, елге оралады. Бірақ алған біліміне көңілі көншімейді, енді Семейден орысша оқуға бел буады. Немере ағасы Жұмабай қаражат жағынан көмек беріп, үлкен баласы Жарқынбайды Қорабайдың қасына қосып беріп, оны оқуға орналастыруды тапсырады. Семейде Жарқынбай татар мектебіне, өзі айына 3 сом төлеп оқитын орыс мектебіне орналасады. Бұл мектепте 2 жыл оқыған соң, 3-і жылға қаражат болмағандықтан, оқуды тоқтатады, отбасын құрады. Ауылда жүргеннің өзінде, ел адамына оғаш, таңсық Батыс мәдениетін ұстанатын болғандықтан, оны сыртынан «Орыс Қорабай» немесе «Шоқынды» деп әзілдеп атайды екен. Қорабай ақын елдегі оқу-ағарту ісіне, саяси әлеуметтік мәселелерге көп араласып, бұқара халықтың мүддесін қорғауға

елеулі еңбек сіңірген адам. Батыстағы Ғұмар Қарашев сияқты, Кереку өңіріне ақындығымен де, ағартушылығымен де кезінде кең танылған адам. Қорабай ақынның көптеген өлеңдері бар: «Қарлығаш» (1913 жылы Уфа қаласында жарық көрген), «Қазақ халқына», «Қазақ баласы» және басқалар жарық көрген. «Қарлығаш» атты кітабын Алматы Ғылым Академиясының мұрағатынан алып Жеңіс Марданов араб қарпінен үш өлең жолдарын аударуға үлгерген, сол кітапты тауып алып жарыққа шығарса.

Кей деректер ұлтжаңашыры Тілеке Жеңіс, қызы Марданова Зулейханың 2014 жылы жарыққа шыққан «Шежіре. Ертіс-Баянауыл өңірі кітабынан алынды.

Ақсу қаласынан бір көше немесе өзі туып өскен Құркөл ауылының мәдениет үйіне аты берілсе.

Қорабай мен Жарқынбай бай-кулак атанып, ең әуелі кәмпескеге ілінді, Ақтөбеге жер аударылды. 1931 жылы Қорабай ұсталып, түрмеге жабылды.

Елін өркениетке насихаттап, білім, парасатын халқының тәуелсіз, еркін, дамыған елдің қатарына қоссам деген қайран тұлға, қуғын-сүргінге ұшырығаннан кейін, ізім-ғайым жоқ болуы қынжылтады. Репрессияға іліккен ақиық арыстарымыз ертелі – кеш ақталып, еңбектері еленіп жатқанда, Қорабай бабамызды жаңғырту кейінгі буынның парызы екенін естен шығармаған абзал.

Қорабайдың өлеңінен үзінді:

Қазақ халқына

Кәсіп жоқ, әрекет жоқ, сорлы қазақ,
Болдық қой қадірсізден жұртқа мазақ.
Мыңнан бір, жүзден түк жоқ, біз наданбыз,
Білетін шамасы бар тіпті аз-ақ.
Қайғырып мен айтамын мұның бәрін,
Бар болса ұғатығын мыңнан жарым.
Ұлтыма басшы болар ұл табылса,
Жолына пида ететін бойда барын.
Ұлтымның, күнде көрем аурулығын.
Ілімге ұмтылта гөр білсен бәрін.
Әлбетте, меніреу қазақ ұғар еді.
Үйретсе білімділер ойда барын.
Біздерде оқығандар жоқтың қасы,
Айтамын әл келгенше, қарыздармын.

Қарлығаш

Ұшады, міне қарлығаш канат қағып,
Бейшара неге ұшады азаптанып?..
Мың тоғыз жүз жылдың он екінші ай,
Байқұс-ай, ұянда жат, масаттанып...

Қазақ баласына

...Мал бақпақ әдет болған кәсібінде,
Азайып кетті мал да осы күнде.
Жер-суға қиыншылық келгеннен соң,
Береке қайтіп болсын осы елде?!
Жаз – жайлау, күзгі-күзек, қысқы-тебін,
Хахолдар алып жатыр жерді тегін.
Бір-екі шаруа малын бағу қиын,
Кәсіп қып, жер жыртайық салып егін.
Жақсы жер егін салар тағы болмай,
Оңбай тұр бұл іске де көңіл толмай.
Қайткенде шаруа жайын түзейміз деп,
Уайым-қайғы жұттық біз ойлай – ойлай.
Жаз болса қой қоздап, бие құлындап,
Жері тар, жылқы қайтсін, жүр шиырлап?!
Мамыражай көк жайлауы болып тұрса,
Кемшілік көрмес еді халық былай.
Бұл күнде берекенің бәрі қашты,
Ие боп жақсы жерге хахол асты.
Дариға, жазғы жайлау, күзгі күзеу,
Қалдық қой, кедей болып аяқ асты.
Қайткенде түзеледі кәсібіміз,
Қой, жылқы, ешкі, түйе, төрт түлік мал,
Қайткенде жетілдіріп өсіреміз?

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жеңіс Марданов, «Дауа» газеті, 1990.- Б. 2.
- 2 Социал Айтенов, «Сарыарқа самалы» газеті, 2019. - Б. 4.
- 3 Даурен Аяшинов, Бейбіт Бөжен, Ғабит Сапаров мұрағаттарынан алынған құжаттар.

20-ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ: М. ӘУЕЗОВ МАҚАЛАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

КАБДЫМАЖИТОВ Е. К.

5 «Б» сынып оқушысы, № 9 жалпы орта білім беру гимназия-мектебі,
Павлодар қ.

ДАРАБАЕВА А. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

№ 9 жалпы орта білім беру гимназия- мектебі, Павлодар қ

Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов шығармашылығының көлемді мұрасы – публицистикасы. Жазушы мақалалары XX ғасырдың бас кезінен бастап жариялана бастаған. М. Әуезовтің алғашқы мақалаларының тақырыптары сол кезеңнің талаптарынан туды. «20- ғасырдың басындағы әдеби-тарихи процестің негізгі бағыты сол кезеңнің шындығы мен сұранымынан туындады. Бұл шақта отарланған елді серпілтуге жұмылған ұлттық қоғамдық-саяси қозғалыс пен әдеби-рухани әлеуетті күштің біртұтасқаны байқалды» [1, б. 24].

Қоғамның түрлі жат мінездерінің шығу себептері мен олардың тамырына бойлай назар салған жас семинаристің тақырыптарында Абаймен үндестік, Алаш қайраткерлері ойларымен тамырластық бар болатын. Сондықтан да негізгі тақырыптары қоғамның әлеуметтік, саяси және рухани мәселелерін қамтуымен ерекшеленді.

- 1 Әлеуметтік тақырыптар.
- 2 Оқу-ағарту мәселелелері.
- 3 Өнер мен театр туралы.
- 4 Ұлттық дербестікке қол жеткізу.
- 5 Дүниежүзілік өркениет көшіне ілесу.
- 6 Белгілі тұлғалар туралы.
- 7 Абай өмірі мен шығармашылығы туралы.

8 Ұлттық өзіндік ерекшелікті сақтай отырып, оқу-білім, ғылым жетістіктеріне, өркениетті мәдениетке қол жеткізу, дін мен тілді сақтап, ынтымақты да берекелі ел болуды тақырып етті. Бұл тақырыптар қазіргі күні де өзекті болып қала береді.

Қаламгердің журналистік еңбегінің ең үлкен белесі – «Абай» журналы. Қоғамдық-саяси және әдеби «Абай» журналын шығару жөніндегі алғашқы ұсыныс қазақ зиялы қауымы арасында 1914 жылы қабыл алынған болатын. Сол жылы ақын қазасының он жылдығына байланысты Семейде өткізілген үлкен жиылыс үстінде журнал жариялау туралы шешім бекітілген. Бірақ, бірінші

дүниежүзілік соғыстың басталуы және Ресей тарапынан отарлау саясатының күшеюі сияқты себептерден журналдың алғашқы нөмірінің баспадан шығуы біраз уақытқа дейін кідіріп қалды.

Идеядан алғашқы жарияланған санға дейінгі төрт жыл уақыт ішінде қоғамда орын алған көптеген саяси, әлеуметтік өзгерістер журналдың мазмұны мен ұстанатын бағытына да сәл әсерін тигізді. Егер алғашқы жасалған ұсыныс кезінде журнал Абайды құрметтеп, атын тарих жүзінде нығайтуға, қазақ қоғамындағы жан-жақты тұлғаның шығармашылығын насихаттауға бағытталған болса, бірінші нөмірінен басылымның әлеумет, саясат, экономика сияқты да қоғамдық маңызы зор тақырыптарға назар аударатыны байқалады. Сонымен, «Абай» журналы 1918 жылдың 4 ақпанынан Алаш (қазіргі Жаңасемей) қаласынан шығып тұрады.

«Журналдың негізін салушылар әрі шығарушы редакторлар болып Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов қызмет етті. Аймауытов 1914 жылы Семейдегі оқытушылар семинариясына қабылданып, оны 1918 жылы аяқтап шығады. Сол кезден Жүсіпбектің алашордашылармен қарым-қатынасы басталады. Мұхтар Әуезов болса, Ресейдегі саяси төңкерістер әсерінен Семейде «Алаш жастары» одағын құрып, түрлі үйірмелердің ашылуына себепші болады. Дәл сол уақытта Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов танысып, «Абай» журналына дейін, 1917 жылы «Алаш» газетіне бірігіп «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақала дайындайды. М. Әуезовтің 20-ғасыр басындағы мол қалам тартқан тақырыбы – әлеуметтік тақырып. Жазушы ретінде де қазақ қоғамының әлеуметтік, теңсіздік жайымен бірге өз ішіндегі түрлі кері мінездерді сынайды. Осы көркем әдебиеттегі ойын публицистикада да толықтыра түседі. Әсіресе «Адамдық негізі – әйел» деп аталатын мақаласында жас Мұхтар қоғамның біліміне назар аудартады. Болашақ ұрпақтың білімді де саналы болуы аналарының санасы мен біліміне қатысты екендігін айтады. Сондықтан да қазақ әйелі азат, бақытты, білімді болуы керектігін алға шығарады. М. Әуезовтің алғашқы мақаласы Ж.Аймауытовпен бірге жазған мақаласы болып саналады. Семей қаласында шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің 12 нөмірінде 5 қыркүйекте 1917 жылы басылады.

Мақала сол кезең үшін қазақ арасындағы маңызды қоғамдық-әлеуметтік мәселелердің бірінен саналатын әйел теңдігі туралы жазылған еді. Мұнда әйел затының қоғам өмірінде алатын орны туралы және қазақ арасындағы кейбір әдет-ғұрыптар мен әйелге деген кертартпа көзқарастың халықтың тұрмыс халінің оналуына

тигізер зиянды әсері мен кедергілері ғылыми-философиялық тұрғыдан талданып қарастырылған.

«Адамдық негізі - әйел. Адамның ғұмыр кешірімек кәсібінің терең түбіне қарасақ, хайуанша күндік қоректі таспен атып, ағашпен ұрып аң аулап жеп, немесе жеміс теріп жеп, қарны тойса аңша бір жерге жата кетіп жүрген. Ер жағы қара басынан басқаға қарамай жүргенде, балаларын баулып, асырап, үйлік ұйымның басын құраған – әйел. Адам баласы қызықты ғұмыр кешірімек боп қуанып, үмітпен өсіп, жылдан жылға қызуы басылып, суынып, ақыры кейін өледі. Неліктен? Адамда екі түрлі қылықтың жолы бар: бірі – тіршілік қамы, бірі – адамшылық қамы. Барша дүниедегі пайда-мақтан әуелі басыма болса, немесе туысқаныма, ең болмаса аталасыма болса деп неғұрлым өзіне қарай тартып, талап қылу, бұл бір ғана тіршілік қамын көздеген хайуани салахият деп айтылады. Екінші, менен жақсылық тарап, адам баласына әлім келгенше пайдамды тигізсем екен деген жол. Бұл – инсаният, яғни адамдық жолы. Бұлар бұрынғы Толстой сықылды хақимдердің айтуында, екінші, марқұм әкеміз Абайдың: «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» - деген мақалы да, һәм пайғамбар ғалаис саламның: «Адамның жақсысы адамға пайдасын тигізген» деген хадисі де көрсетеді. Бүгінгі дүниеде бұрынғы тіршілік кәсібіне тас пен ағаштан басқа амалы жоқ боп жүрген адамның баласының өнері қандай өскені һәммеге мағлұм. Яғни аспанға күс боп ұшады, суда балық боп жүзеді, жансызға жан бергендей от арба, кеме жүргізген сықылды санап та болмайды» [2, б. 21].

Қоғамдық дамудың негізгі тегіктерінің бірі - адам баласының сана-сезімі, адамгершілік құлқы, білім деңгейіне тікелей байланысты деп түсінетін автор осы бағытта, тәлім-тәрбие ісінде әйел затының атқарар қызметіне ерекше мән беріп, жоғары атап көрсетеді. Адам баласының пайда болуының әуелгі кезеңінде, әлі де тағылық дәрежеден қол үзіп, ұзап кете алмай жүрген дәуірде әйелден бала туып, олар анасының айналасына үйіріліп тамақ асырап, жан сақтап келген. Осыдан үй ішілік, туыстық ұйымы пайда болған.

«Бұл туралы және сол білгіштердің шешуі мынау: адам баласы бір үлгі аларда, ең әуелі шын жүрегімен сүйген кісісінен күштеп алады. Сол сүйген кісісінен сүйіп алған үлгі жүрегіне нық орнайды дейді. Бұған қарағанда біздің ой буынымыз қатпай тұрған бала күнімізде ең әуелі елжіреп сүйетін кісі кім? Ол анамыз... Бұлай болғанда біз адамшылығымызға ірге болатын құлықты әкеміз қандай ғалым болсын, қой сауып, тезек теріп жүрген анамыздан аламыз.

Бұлай болғанда өмірінде әділет, мархамет, махаббат деген нәрсенің атын естімеген ананың hareketі үй іші мен от басынан, ғайбат өсектен аспаған анадан ақ жүрек, адал ниетті қамқор жан тууы мүмкін бе? Бұл себеп әр адам өзінің балалық күніне көз салса, бір қазақтың баласының анасынан болатын мына түрде болады: Әуелі, ана-балаға байлық, барлықтың өзінде болғандағы бағасы, дәмі қандай, өзгеде болғандағы көзге күйіктің пайдасыздығы қандайын үйретеді. Онан соң өзің ретті құрбының өзіңе қатарласа алмай қалып жүргенін жақсы деп үйретеді. Және неше түрлі өзінің ауданы аз, түрсіз, қараңғы ойына кіретін жаман мінезінің бәрін баласының сіңіргіш жүрегіне жұққызады, бұдан кейін әр бала қызғаншақ, өзімшіл, мақтаншақ, пайдакүнем сұмырай мінездерді ойына артып алады.

...Бұдан кейін бұл бала қандай оқысын, қандай үлгісі мол ортада жүрсін әуелгі анадан алған өрнек ішкі сырының арқауы болады» [2, б. 21]. Демек адамзат қоғамының өркендеуіне әйел мол үлес қосқан, жас ұрпақтың тәрбиелі болып өсуі үшін ең алдымен қоғамдағы әйелдің хал-жағдайын түзеп, оңалту қажет. Өйтпейінше қоғам, мемлекет, ел гүлденіп, көркеймек емес. Бұл ойды жазған кезде семинарист М. Әуезов 20 жаста екен. Бұл мақаланы Т. Абайұлымен пікірлес жазған күннің өзінде де М. Әуезов ойының, тіпті М. Әуезов санасатындай Тұрағұл пікірлес болғанының өзі де көп түсінікті ашатындай.

М. Әуезовтің келесі бір мақаласы Ж. Аймауытовпен бірлес жазған «Қазақтың өзгеше мінездері» аталатын алғашқы мақаласы 1917 жылы 10 наурызда «Алаш» газетінде басылды.

20-ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде, жалпы руханиятында Абай дәстүрінен үлгі алған сыншылдық бағыт та, 19-ғасырдың ақындарынан кең етек алған «зар заман» жырлары да заманды да, қоғамды да, қазақтың мінезін де көп сынады. Заманның өзгергенін, адамның, ұлттың өзгеріп бара жатқаны дабыл қаға айтылды.

Бұл 20-ғасыр басындағы қазақ қайраткерлерін бей-жай қалдырмағаны анық. Әдебиет пен руханияттың негізі саналған алғашқы қазақ баспасөзінде де қазақ ұлтының мінезіндегі өзгерістер көп сынға алынды. Сондықтан да болар, қазақтың оқығандары, алғашқы публицистері де бұл тақырыпты айналып кете алмағаны анық.

«Газета жүзінде қазақтың һәр түрлі кемшіліктері түртіліп жазылып жатыр. Мысалы: ұйымсыздық, күндестік, паракорлық, партия, әділетсіз билік, әйелдің халі деген сияқтылар. Рас, мұның бәрі аянышты халдер, бірақ бұлар әр міннің бұтақтары. Роман, өлең, мақала жазушылар да осындай ұсақ кемшіліктерді көрсетпек. Қазақтағы нешетүрлі болып тұрған ауыр халдердің түпкі негізгі

тамыры қайдан тарап, бұл күйге ұшырағанын ешкім қолға алып, мөтбұғат жүзінде қозғап көрген жоқ. Соның үшін бұл терең сауалды жұрттың есіне салып, жүректерді қыздыруға сөз бастап отырмыз.

Бұрынғы уақытта қазақ елі ұйымшыл, ері жауынгер, биі әділ, намысқор, адамы әрі бітімді, қайратты, сауықшыл болған екен. Досымен достасып, жауымен жауласуға табанды, қайғыра да, қуана да білетін халық екен. Рас, ол уақыттағы ұйымшылдық күні үшін болса да, жүре-бара бет түзеп, қалып алатын сүрені бар сияқты еді, естуімше (Әрине, халық болған соң түгел самдай, мұнтаздай еді деуге келмейді, надандық уысында талай оқшау мінездер болған, оған орын беруді артық деп білеміз)» [3, б. 18].

Қаламгердің 20-ғасыр басындағы мақалаларының көбінде ұлттың өткенін түгендеу мен оны кейінгі ұрпаққа насихаттау және жұртшылық назарын аудару, кейінгі ізденгіш жастарға жол сілтеу мақсаттарын көздеген. Соның ішінде «Бұқар жырау сөзі деген мақаласында әдебиет тарихы мен өткен халық тарихы бірге қабыса баяндалады. М. Әуезов халық тарихын әдебиет тарихымен бірге алады.

1925 жылы «Таң» журналында басылған «Бұқар жырау сөзі» деп аталатын мақаласында: «Абылайдың жанындағы уәзірі, заман күйін сынға алып, қорытынды айтып, бет нұсқайтын кемел ақылшысы. Абылайдай ханмен бірге қалың елге де өсиет айтады. Айтағын сөзінің барлығы сол күнде қазақ елінің басына келіп тұрған саяси хәл, тарихи дәуірге арналады» [3, б. 213], – деп жазады. Осымен жалғас «Бұқар жыраудың керейге айтқан сөзі» деген «Таңға» басылып шығады. Бұл әйгілі «Керей, қайда барасың?» толғауы болатын.

Абайдың қара сөздерінің лебі есетін, ұлттың мінезіндегі бар қылықты, жаңа заманмен, біреуге бағынышты болғаннан туған жат қылықты мінеген Ж. Аймауытов пен М. Әуезовтің мақаласында өткенді сағыну емес, өткеннен үлгі алуға шақыру бар.

Бұрынғының мінезі надандық, қараңғылық болғанымен, бүгінгі қайтара алмайтын намыс пен турашылдық бар екендігін Абай 45-қарасөзінде айтады. Бұл мақалада заманның өзгеруімен келген жат қылықтардың қалай шығып, қандай жаймен келгеніне бойлайды. Оның түп-төркіні халықтың тұрмыстық-әлеуметтік сипаттарына барып тіреледі.

Сол заманның таным мен түсінікті ұстап тұрғандары кімдер еді? Бұл сұрақтың жауабы халықтың өз тамырынан алыстап, бұрынғы би-шешндер кезіндегі әділдікті сопы-молда, өзге тілекті жандардың қолға алғанымен түсіндіріледі.

«Ол қылықты түсініп, түзу жолға салушылар болса да, дүниауи ғылымдарда кіріп, тамырлап, бұтақтап кетуге ықтимал еді, бірақ, қожа, молда, ишандардың схоластик (алық) ғылымын таратып, елдің ойын, рухын, қол-аяғын кісендеп, бір кесімді тар жолға тығып, адамшылықты тағдырдың қазығына қылқылдатып байлады да қойды. Түсінгенше қазаққа дін де оп-оңай сініп кеткен жоқ, түсінген соң табандап іске асырғыш еді. Сол кезде халықты менгеріп ұстап тұратын азулы, айдынды хан сықылды бір күш керек еді, халықтың бақытсыздығына қарай жақсының сиреген кезінде күші кетіп, мынадай сокқы жолықты. Қазақтың ұлттық қалпы өзгерілді. Тірлігі, мақсұты басқа, ниеті шалғай, суық бауыр жаттың қолына тиді. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деген халге ұшырады. Кемеңгер билердің заманы құрып, адамды мал мен пұлға сатып алатын заманға килікті.

Қазақтың тұрмысы өзгерді. Киіз үйде қыстап, суыққа шынығып, қуатты, қайратты денелі өсетін қазақ, тазалығы жоқ аласа жер үйге кіріп, аурулы, нашар болып, мыжғырланып, еңсесі көтерілмей өсетін қалыпқа түсті. Осы себепті, адамның өсімі де кеміді. Әрине, тән қуатты болса, жан қуатты, ажарлы болады. Нашар жаннан осал мінездер туады. Мысалы: ойнас, өтірік, өсек сияқтылар. Бұл – бір. Екінші, сол уақта, өзі сурет ала алмаған бірлікке, қырсықтың қара басы боп партия деген қағынды тиді. Жауыздық, залымдық қара бұлттай қоршап, халықты астан-кестен қылып, өзді-өзімен атыстырып, көзді шел қаптады. Күннен-күнге өршіген қалың сасық тұманнан шыға алмай адасып келіп-келіп түсіп отырған халіміз, міне – осы күнгі» [3, б. 18].

М. Әуезов шығармашылығындағы көсемсөздерінің орны ерекше. Қазақ танымына қажет тұстарды публицистика тіліне, стиліне сала отырып, қоғамға қажет тұстарды барынша дәл ашып, нақты көркемдеп, дәлдеп, суреттеп, мәлімет, дерекпен береді.

М. Әуезов көсемсөздерінің бірнеше ерекшеліктерін атап өтуге болады.

1 Қоғамға қажет тұсты дәл уақытында қозғауы.

2 Көсемсөздеріндегі көркемдік ойдың мазмұнмен сабақтастығы.

3 Қазақтың бояулы тілінің бар көркем қалпын публицистикада ресми тілде қолдануы.

М. Әуезовтің айтуымен қазақ тілінде нақыл сөзге айналған «Ел болам десең, бесігінді түзе» деген метонимияны алсақ, немесе А.Байтұрсынов туралы «Ақаң – қазақ халқының рухани көсемі»

деген метафораға айналған тұстар жалпыхалықтық сипат алып кетуі де нақты публицистикалық сипатын ашса керек.

М. Әуезов көсемсөздерінің тақырыптары да әр түрлі. Соның ішінде негізгілерін төмендегідей топтауға болады.

- 1 Қазақ ұлтының әр кезендердегі рухани мәселелері.
- 2 Қазақ әдебиеті.
- 3 Жеке тұлғалар шығармашылығы.

Көсемсөздерінің тақырыптарына қарай олардың жанрын да бірнеше топтарға жіктедік.

- 1 Мақала.
- 2 Ғылыми-көпшілік ой тастау.
- 3 Очерк.
- 4 Портреттер мен суреттемелер.
- 5 Жолсапарлар.

Мұхтар Әуезов публицистикалық мұрасының ішінде очерктері – қаламгер шығармашылығының жеткілікті дәрежеде зерттелмей, назардан тыс қалып келе жатқан қыры. Жазушы очерктерінің күрделі эволюциясы, публицистік шеберлігінің шындалу кезеңдері арнайы зерттеуді қажет ететін мәселе. Публицист ойынан туған әрбір очеркі өз заманының толғағын толғап, қазақ елінің көкейкесті проблемаларын алға тартуға арналып отырған.

М. Әуезовтің «Индия очерктері» 1955 жылғы Үндістанға сапарының жемісі. Очерктің алғашқы жолдарында саяхаттың басталуы туралы айтылса, одан әрі бейтаныс елдің белгісіз келбетімен таныстыру процесі оқырманды қызықтыра отырып, жаңа деректер, тың оқиғаларды жүйелі баяндайды. «Индия очерктеріндегі» жаңалық, сонылық атаулының барлығы жазушының дүниетанымынан, шығармашылық даралығынан, қалыптасқан шеберлігінен туындағанын дәлелдейді.

Мысалы «Тәжмахал» сарайын оқырманға таныстырғанда автордың дүниетаным шеңберінің кеңдігі бірден байқалады: «Сикыр сарай – мазар «Тәжмахал» 18 жыл бойына 20 мың жұмысшының қолымен Шахжиһан патшаның бұйрығы бойынша 1632 жылдан басталып, 1650 жылға дейін салынған. Бұл ғажайып жайды салушы ұста Иса деп аталады. «Тәжмахал» тек аппақ мрамордан ғана салынған. Іші ою нақыштарымен көп безелген, тас кестелі кейбір әсем бөлімдерін безендіруге ақ мрамордан басқа 18 түрлі тастар қолданылған...»

Очерктің енді бір тұсында түркі тектес халықтардың ортақ рухани қазынасы «Бабырнама» туралы қызықты деректер келтіреді.

Очеркист қай оқиғаны баян етсе де оқырманға Үндістанның тұрмысы мен тіршілігі, мәдениеті мен салт-санасы жайынан тосын жаңалық жеткізуге тырысады. Жолсапар очеркінің ерекшелігі де осында. Жазушы бәрін бұрыннан білетін жеткізуші болып көрінбей, қайта өзі білуге ынтазар ретінде танылады. «Урду» тіліндегі ақындардың «мүшәйрасы» туралы қызықты әңгімелей отырып, автор үнді еліндегі ақындар мүшәйрасын біздің ақындардың мүшәйрасымен салыстыра отырып сөз қозғайды. Бұл М. Әуезовтің 1950-ші жылдардағы қазақ публицистикасындағы алғашқы сапарнама очеркі болатын. Сапарнама очеркі күнделікті үлгіде жазылады, ал бүкіл суреттеудің, баяндаудың дәл ортасында саяхатшының өзі болады. Бұл үшін жазушының жеке басы оқырманды қызықтыратындай танымал адам болса очерк тартымды оқылады.

Қорыта келгенде, М. Әуезовтің қазақ руханиятына қатысты, оның дамуы мен болашақ өркендеуіне қатысты іргелі ойлары қашанда қоғам үшін қажет. Алаш қайраткерлері идеялары негізінде басталған қаламгер ойлары қазақ қоғамы үшін ұлттық мәні зор, рухы биік, мазмұны терең ойлар болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет – Астана: «Фолиант», 2002, - 474 б.
- 2 Әуезов М. Шығармалары Т.2. – Алматы: «Жазушы», 1987. - 408 б.
- 3 Әуезов М. Шығармалары Т.7. – Алматы: «Атамұра», 2007. - 425 б.

А. БАЙТҰРСЫНОВ МЫСАЛДАРЫ – АДАМНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ФОРМУЛАСЫ

ТЛЕБАЛДЫ І. Д.
8-сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.
КАЗИЕВА Б. А.
ғылыми жетекші

А. Байтұрсынұлы мысалдарындағы адамның өзін-өзі тәрбиелеуінің ерекшеліктерін зерделеу және адам танымына әсер ететін тетіктерін анықтауды мақсат ете отырып, төмендегідей міндеттерді жүзеге асыруды көздейміз:

– мысал өлеңдердегі ой-танымға талдау жасау;

– акынның аудармадағы өзіндік ұстанымын дәлелдеу және адамдық қасиеттердің тәрбиелік ұстанымын пайымдау.

Мысалдың артықшылығы олардың поэзиялық қуат-күшінде, түспал бейнелермен сан түрлі адамдардың мінезін, іс-әрекетін айқын көзге елестететіндігінде, сол арқылы қоғамдық өмірдің шындығын, қайшылықтарын терең ашып бере алатын мол мүмкіндігінде. Ахмет Байтұрсынов мысалдары дәл осындай – өмірлік шындық пен көркемдік шарттылықты шебер сабақтастырып, ұштастырып келтіретін, ойды тіке, тура, ашық айтпай, түспалдап, алыстан орағытып баяндайды да, ойды аяқтап болған соң, одан шығатын ғибрат-тағылымды жұмбақтың шешімі тәрізді ұсынады. Бұл оқып отырған адамның сөздің астарына үңіле білуіне, түспалмен аңғартылған жағдайды айқын елестете білуге қабілеттілікті талап етеді, ойына түрткі болып, сезіміне әсер береді және қорытынды шығаруына септігін тигізеді. «... А. Байтұрсынов ойды оятуға, миды сергітуге, мұңлы, мұқтаж, терең мақсат түртіп шығарады. Біресе ызамен зекіп айтып, біресе зарланып шермен айтып, біресе ақыл қылып, сипап айтып, не қылса, халықтың көзін ашпақ. Өлеңінде толғанған ой, толқыған шердің көп ізі бар, бірақ бұған қарап, қиялы шалқып, шарықтап кетпейді. Білгі халықтың нәзіктенбеген сезімімен, жетілмеген ұғымымен есептесіп отырады. Ахметтің көзге түсерлік бір өнері – переводқа шеберлігі»- деп баға берген академик М. Әуезов [1, 94 б.] акын-аудармашының мысал өнерінің хас шеберлігімен қоса, адамға әсер ету құпиясының әсері қоса айтып кеткен. Сондықтан акынның адамтанудағы негізгі өзегі халық бейнесін табиғатпен өзектестіре отырып, қарапайым көрініс арқылы үлкен ойға жетелеу болып табылады.

Адам санасына тән өзекті мәселелерді сөз еткенде, мысал атауы жан-жануар, жәндік болса да, оқиға не қарым-қатынастың шарықтау шегіне адами құндылықты майлы бояулы үлкен нүктемен қояды. Мәселен: «Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас, әуелі, бірлік керек, болсаң жолдас», «Қайырдың ең абзалы бұл дүниеде, Біреуге қысылғанда жәрдем қылмақ», «Бұл сөзге дегенім жоқ жылар, күлер, Адам аз алдын болжап анық білер» [2, 54-59 б.] т.б. Табиғатынан тағылым мен тәлімді биік қоятын ағартушының мысал өлеңдер арқылы адами қасиетті басты нысана еткенін академик Р.Нұрғалиевтің ойымен айтар болсақ, «А.Байтұрсынұлы аудармаларында сюжет сақталғанмен, жаңа ойлар айтылады... Крыловтың он жолдық «Шымшық пен Көгершін» мысалы

А. Байтұрсынұлы аудармасында отыз екі жолдан тұратын жаңа шығарма, «Өгіз бен Бақа» орысшада 17, қазақшада 36 жол, «Қасқыр мен Тырна» орысшада 19 жол, қазақшада 76 жол, «Арыстан, Киік һәм Түлкі» орысшада 35 жол, қазақшада 56 жол, «Қасқыр мен Қозы» орысшада 37 жол, қазақшада 68 жол, «Ағаш» орысшада 31 жол, қазақшада 56 жол. Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді. Бұрын емеуірін, ишара, мензеу, астар, мысалмен берілген ойлар «Маса» (Орынбор, 1911) кітабында ашық, анық, нақты айтылады» [3, 7 б.].

Ахмет Байтұрсынов өз мысалдарында – адамдықтың дәнін себуші. Мысалдың негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған акын сөзі қазіргі жаһандану заманында да тіпті ерекше [4]. Себебі адами қасиеттер ескірмейтін, керісінше, заман өзгерген сайын құнды бола түсетін ерекше үдеріс. Бұл ретте акын не айтса да құр сөзге ауыз былғамай, өмірлік ұстанымдармен нақтылап, дәлел келтіріп, ойын өмірлік ұстанымдармен түйіндеп отырған. Ол адамды жақсылыққа жетелеп, жақсы қасиеттерді қалыптастыруға ұмтылды. Адам бойындағы ақыл мен мен ақымақтықтың арасын ашып берді, адами қасиеттерге баса назар аударды: «Құр бөшке салдыры зор, бағасы кем, фақамсыз құр даурыққан адаммен тен» деп көп сөйлеп, бос сөйлеп тек мақтанға берілудің бөсудің кемдігін айтса, «Екінші толық Бөшке мысалы сол – Адамдар көп даурықпас ақылы мол» деп, ақылын бойына жиятын, көп ойланып, аз сөйлейтін, не салмақпен сөйлейтін, қажетіне қарай ой топшылайтын адам бейнесінің үлгісін көрсетсе, «Болмаса қайратыңа ебін серік, Опа жоқ құр айласыз мықтылықтан» деп, бойға сеніп құр қалудың немесе өзгенің күшін, сырын білмей тұрып, «мен мықтымын» дейтіндерді сынау арқылы, адамның сырт көрінісіне қарап бағамдаудың, не болмаса одан да мықты болатынын болжамай тұрып тон пішіп тастаудың асығыстық екенін өмір заңымен дәлелдеп береді де, «Шыны аздың құны аз» деген аксиома арқылы өтіріктің ешқандай биікке шығармайтынын есте ұстау керектігіне шартты ұғым ретінде нүктесін қояды. Адамдық мен амандық ұғымын қатар қою арқылы адамның өмірі өзінің қолында екенін, соның ішінде достық деген ұғымның маңызды екендігіне бой бұра отырып, өмірде оны дұрыс тандай білу, адамдардың қарым-қатынасының барлығы ұлы достыққа апармайтынын, сөз берісудің маңыздылығын «Досың көп тірілік пен амандықта, түлкідей сөз

беретін жарға жықпа» мысқылды ескерту жасауынан ақынның тіл күдіретіндегі адамның өз-өзін бағалауын, адами қарым-қатынастағы әсер етудің ерекше үнін көруге болады. Мысалдар арқылы кестелі сөз өрнегі, Ахаңа ғана тән айшықты қолданыстар мен ұлт ұғымына сай жасалған ұтымды баламалар бар. Тіл ғұламасының сөз жасау шеберінің қаламынан жаралған ондай қолданыстарды, ол түрлеген әр сөзді елеусіз қалдыруға болмайды. Ахмет Байтұрсынов қана қолданған жеке тіркестер мен сөздерге назар аударайық: қазақ оқырманына одан да әсерлі, мысқылға, иронияға толы етіп жеткізген «тауықтың айғыры»; «білімсіздік», «надандық» демей, оған балама ретінде «жарымдық» сөзі; «Қасқыр мен мысық» («Волк и кот») мысалындағы кісі есімдерін сол қалпында алмай, олардың орнын Қоянкөз, Құрамыс, Көпберген, Қисықбас есімдерімен алмастырады. Мысалды қазақ топырағына бейімдеп, қазақ ұғымына сәйкестендіреді; «зиян келтірдің» демей, «зарар» сөзін қолданумен қатар, «зараргер» деген жаңа сөз жасайды; шаруа адам, кедей деген сөзді «қарашекпен»; сондай-ақ тілімізде сот саласында, құқық қорғау ісінде қолданылып жүрген талапкер, жауапкер, хукім сөздерін тәржімалағанын көруге болады, ал «Көзі тар, көңілі соқыр жамандардың» не «Көзі тар, көңілі соқыр надандарға!» деген жаһандану кезеңіндегі не жақсы, не жаман ұғымдарының ара-жігін ажырата алмай жүрген адамдардың бейнесі іспеттес.

«Қанағат азға деген, жоққа сабыр» деп «Замандастарына» үн қата отырып жазған «Қырық мысалды» тақырыптары жағынан:

- бірлік, ынтымақ, достық;
- адамның мінез-кұлқы;
- адамдық қасиеттер (үйрену мен жирену);
- өнер мен талап;
- еңбек пен қайырымдылық деп қарастыруға болатын көз жеткіздік.

Қай тақырыпты алсақ та, автордың мақсаты – адамды жөндеу, сол арқылы қоғамды түзету, адамды нағыз адам қылуға назар аудару. Бұл мәселені барлық мысалына арқау етеді. Адамның басты міндеті – адам болып қалу: «Сары жезден саф алтынды айырмайтын, дүниеде бар емес пе не надандар», бос отырмай амал жасау: «Қалпы емес төкаппарлық данышпанның, тұтынба бұл мінезді, балам,- деді»; адамдығына сын түсірмеу, оны ақын «Тентектің бір мезгілде кірді есі: «Әуре боп қуып, маған қажет несі?»» деп тұжырым жасайды. Ең бастысы, Ахмет Байтұрсынов ұстанған бағыт ақиқаттан ауытқызбайтын, надандықтың құрсауында қалдырмайтын

адамдықтың ақ жолы. Шын көңіл, көркем мінез адамзат баласын алысқа жетелейді. «Кейбіреу көтере алмай жүрсе күнін, Кейіген сағатында тілейді өлім. Болады надандықпен зор күнәһар, Ісінің Қүдіретінің білмей жөнін» деп надандықтың зор күнәсынан алыс болуға, Қүдіреттің «күдіретін» түсіне білуге шақырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әуезов М.О. Абайдан соңғы ақындар // Шығармаларының 50 томдық жинағы. I-т.– Алматы: Ғылым, 1997. 93-94 бб.

2 Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. 7 б.

3 Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.І. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. 56-57,94-96 б.б.).

4 <http://adebiportal.kz>

А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ: ТАРИХИ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ МАЗМҰНЫ

ТУЛЕБАЕВА Н. Е.

9 «Б» сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған
№ 8 мектеп-лицейі, Павлодар қ.

БАБЫКОВА Г. К.
тарих пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған
№ 8 мектеп-лицейі, Павлодар қ.

Қазақ қоғамы мен руханиятындағы, білімі мен ғылымы саласындағы ұлт қайраткерлерінің еңбектері – тек атқарған істері ғана емес, осы жолдағы ерліктері де. 20-ғасыр басындағы қазақ елінің ұлтшыл, жұртшыл, халық болашағы үшін күрескерлерінің ішінде ұлы Ахмет Байтұрсыновтың орны ерекше. А. Байтұрсынов – қазақ тілі мен әдебиетінің теориялық негіздерін жасаушы, ақын, күрескер, публицист.

«Айқап» журналында басылған мақалдары: «Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы низамдар», «Қазақ һәм төртінші Дума, «Тағы да народный сот хақында», «Аз уақытта көп білу жолының басы», «жазу тәртібі», «Шәйізмән мырзаға», «Қазақ өкпесі» т.б. көптеген мақала, хабарлары «А.Б.». «А.А.Б.» деген бүркеншік атымен жарық көрген.

А.Байтұрсыновтың қазақ басылымдарындағы мақалаларынан қоғам қайраткерінің өз кезіндегі заңдарды жетік біліп, оны қоғаммен

байланыстара алғандығын, әрі қоғам мүшелерінің де, әсіресе қазақтардың оны біліп, күнделікті қолдана алуының қажеттігін түсіндіріп отырғандығы көрінеді. А.Байтұрсыновтың осындай тақырыптағы мақалалары көп. Солардың негізгі тоғысар ойы – қазақ халқының өз заңын біліп, өз құқығын қорғай алуға үйрету. Осындай мақсатпен қоғам қайраткері ұлтты ойлануға, өмір сүруге, заңмен, жаңа қоғамға бейімделе өмір сүруге үйрену керектігіне шақырады. 1912 жылғы «Айқапта» басылған мақаласы «Қазақ хәм төртінші Дума» деп аталады. Осы мақалада да журналист ұлттың өз заңын қорғай алмай отырғандығына қынжылыс береді. Ұлттың бейғамдығын сынаиды, тағы да қазақты өмір сүруге үйретіп, қайрай бастайды.

«Айқап» оқушыларына мәлім төртінші думаға қазақ депутаттық сұрау керек деп жазылғаны. Бірақ бұл сөзді ескеріп, депутаттық сұраған ешкім жоқ. Бұл қазақтың еш мұң хәм думада еш жұмысы жоқтығы емес, алаңсыз ұйықтап жатқандығы» [1, 118].

1 Журналист ретінде мақалада төртінші дума жайы баяндалады.

2 Төртінші думаға қазақ депутаты қажеттігі айтылады.

3 Ноғай оқығандарымен келісім және Инееев туралы.

5 Троицк жағынан депутаттыққа түсетін Ж. Сейдәлиннің ісі баяндалады.

6 Халық ісінен өз пенсиясын артық көрген Сейдәлиннің жолын Инееевке бергенін жазады.

7 Қазақ төрелерінің халықтың жайымен санаспайтындығы, қара басының пайдасына жүретіндігі сыналған.

Төртінші думаға депутат жібере алмаған қазақтың бейқамдығы, өз тағдырана аландамайтындығы, бір күндік үшін өмір сүтретіндігі, би-төрелерінің таяздығына қынжылады. Халықты жер туралы төртінші дума қарайтын заңдарда қазақ мұңын жоқтайтын жан керек еді, сол орынмыздан айырылдық дегенмен түйеді. Ресейдің заң шығарушы органында қазақтың отырып, оның сол іске арарласып, халықтың пікірін айтып, ел тілегені жеткізсе, халық мұраты да орындар еді деген ойды жеткізеді.

Ахмет Байтұрсыновтың журналистік ісі «Қазақ» газетімен тікелей байланысты. Ұлы қайраткердің қызмет еткен «Қазақ» газеті қазақ халқының саяси бостандығын, қоғамдық теңдігін, рухани байлығын көтеруді мақсат етті.

«Қазақ» – қазақ елінің ұлттық баспасөзіндегі тұңғыш қоғамдық-саяси және әдеби газет. Бұл газетті ұйымдастырушылар – А. Байтұрсынов пен М. Дулатов. 1913 жылдан 1918 жылдарға дейін араб әліпбиімен қазақ тілінде Орынбор қаласында аптасына бір

рет шығып тұрады. 1915 жылдан аптасына екі рет халыққа тарап тұрған. Газеттің жалпы жарыққа шыққан саны – 264. Таралымы үш мыңнан басталады. 1915 жылдарға қарай сегіз мыңға жетеді. А. Байтұрсыновтың қазақ баспасөзіндегі еңбегін ғалым Р. Нұрғали былай деп бағалайды: «Өмірдің сан алуан көкейкесті мәселелерін арқау етіп жазған Ахмет Байтұрсынов мақалалары алдымен «Айқап» журналында, 1913–1918 жылдар арасында жылдар арасында өзі редакторлық еткен «Қазақ» газетінде, кейін кеңес баспасөзінде жарияланған.

Мақалалар саны көп, олар мерзімді басылым бетінде шашылып жатыр, бұларды жинап, сұрыптап, ой елегінен өткізіп, жүйелеп бастырып шығару арқылы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-тарихи зердеміздің қазір ойсырап, үңірейіп тұрған беттерін толтыратын боламыз. Қазіргі қолда бар материалдардың негізіне сүйенгенде қаламгер – оқу-ағарту, оқулықтар жасау, әліппе, емле, грамматика, жер иегері, кәсіп істеу, халықаралық қатынастар, тарих, құқықтану, заң, философия, қоғамдық күрестер, мәдениет, әдебиет, эстетика проблемаларын тереңнен қозғап, өз кезіндегі қоғамдық-әлеуметтік ойға мұрындық, ұйытқы болған пікірлер айтып, тұжырымдар жасаған. 1917-19 жылдар арасында әр қиянды шыырлаған кездерін автордың өзі де мойындаған» [2, 9]. «Алаш хәм Алашорда» атты еңбегінің авторы академик К. Нұрпейісов : «Алаштану саласында зиялы қауым бірлесіп зерттейтін ғылыми шешімін күтіп отырған мәселелер жетерлік. Олардың ішіндегі кейбір маңыздылары, меніңше, мыналар, – дей отырып, – Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің көзқарас эволюциясы мен Алаш қозғалысына қатынасушылардың 1920 жылдан кейінгі қасіретінің» де аталмыш мәселеге жататындығына үлкен мән береді» [3], – деген пікір айтады.

«Әсіресе, жиырмамыншы ғасырдың басында қаулап өсіп жетілген ұлттық интеллигенция шоғыры өз халқының болашақ даму бағдарламасын айқындауға бел шеше кірісті. Жан-жақты білімдарлық пен парасаттылықты, саяси күрестің тәсілдері мен қалыптасқан жағдайды шынайы бағалай білуді жетік меңгерген қазақ зиялыларының бұл тобы бұрынғы ұлт-азаттық көтерілістердің жалаң қылышпен зеңбіректің аузына қарсы шабатын ақкөз басшыларынан мүлде өзгеше-тұғын» [4, 6].

Ғалым Р. Тұрысбек «А. Байтұрсынұлы көсемсөздері» зерттеуінде ұлт қайраткерінің көсемсөздерінің рухани және болашақ қажеттіліктері үшін мәнін ашады. Соның ішінде

қоғамдық-әлеуметтік, саяси, оқу-ағарту тақырыптарына жазылған публицистикасының мәнінің жоғары болғандығын айтады [5].

А. Байтұрсынов мақалаларының қоғамда қаншалықты маңызды болғандығын ғалым Қ. Сақ жазады [6, 254]. Қазақ баспасөзінің алғашқы басылымдары «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің беттеріндегі мақалалардың ұлттың саяси, рухани, мәдени өмірінде маңызы зор болғандығына талдау жасайды. Әсіресе бұл еңбек М. Сералин, Ә. Бөкейханов, М. Дулатовпен бірге А. Байтұрсыновтың қажырлы еңбектерімен, терең білім, көрегендіктерімен жасалған құнды ой-тұжырымдар болғандығын қамтыған ауқымымен, тақырыптарының кеңдігімен дәлелдейді.

Ұлт қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың ел үшін еңбек етіп, басын бар тәуекелге тіккен шағы 20-ғасырдың бас кезі қазақ қоғам үшін өзгерістері мол, әлемдік саясат пен мәдениетте, материалдық, рухани байлықтарды екшеп, елеп бөліп бағасын беруде дүние жүзі халықтарының шынымен де арпалысқа түскен шағы болатын. Алаш қайраткерлері қазақты алмағайып заманнан алып шығып, жеке ел етіп, тәуелсіз етуді, тұтас етуді мұрат қылды.

Дүниежүзіндегі тарихи, саяси өзгерістер әлемді қайта бөлісу, әлемді біртұтас ғалам жасау, империялық басқыншылық, қару-жарак түрлерінің алғашқы жаңа түрлерінің пайда болуы 20-ғасырдың бағыт-бағдарларын өзге қырларға әкетті. Бірінші дүниежүзілік соғыс, түрлі қақтығыстар қазақ бодан болып отырған Ресейдің де саяси, әлеуметтік сипаттарын өзгертті.

«Земство» мақаласында: «Июльдің аяғында Орынбор губерниясының земствосы ашылып, 1-ші губернский чрезвычайный собраниясі (жиылысы) болды. Бұл земствода жұмыс қылатын адамдар сайланып, земство жұмысын қолға алғанның басы. Земство деген - әр губерния, әр облшыста жұртқа керек жұмысты жұрттың өзіне билету, жұрттың өзіне істету. Жұрт ортасынан қалаған адамдарын сайлап шығарады. Олар жұртқа керек жұмысты өз білігімен басқарып, өз билігімен атқарады. Басқару мекемесі земский управа деп аталады. Управа да уездный һәм губернский болады. Собраниелерде жұрттың сайлаған депутаттары галсный деп аталады. Управа бір пердседатель һәм члендері үш жылда қайта сайлаумен. Жаңаланып тұрады. Уездный земский собраниянің гласныйлары сайланған соң, олар губернский, земский собраниянің галсныйларын сайлайды» [2, 226]. Журналист ретінде земствоның халыққа қандай пайдасы бар, нендей артықшылықтары бар деген мәселені анықтап береді.

1 Қаржысының болатындығы: өз ақшасына билігі бар.

2 Халықтың оқу жұмысына земство болады. Бұл оқуды халыққа тегіс таратады.

3 Елдің денсаулығы үшін земствоның қажеті бар: земствосы бар жерде дәрігер де болады. Бұл аурухана салуға, аурудың алдын-алуға, ауырғандарды емдеуге қажет іс.

4. Халықтың шаруашылығын реттеп отырады. Әр кезенге қарай шаруадан тарықпауын қадағалайды.

«Бұл земство жайынан жазғандағы мақсат, әуелі, Орынбор земствосының хабарын жазғанда қазаққа түсініксіз болмас үшін, екінші, земство пайдалы нәрсе болғандықтан һәм бұрынға бермеген губерния һәм облыстарға да сбор берейін деп жатқандықтан, қазаққа да ескерерлік жұмыс екендігін халықтың құлағына салмақ. Мұнан былай да земство жайынан жазып, қазақтарға толық мағлұмат бермек ниеттеміз» [2, 228].

А. Байтұрсынов қоғамға, қоғам мүшелеріне керек жаңалықтарды жариялап қана отырмайды. Сол жаңалықтарды жаңартып отырады. Бұл жаңалықтардың өз кезегіндегі мәні мен келешек пайдасын назар аударады.

Қазақ жері 20-ғасыр басында қыспаққа қатты түсті. Бұл 1868-1869 жылдардағы реформадан кейінгі екі лек ішкі Ресейден қоныс аударған переселендермен байланысты болды. Қоныс аударған переселендерге үкімет тарапынан көп көмектер берілді. Қазақ жерін тұтастай мемлекте жері деп заңмен бекітті. Бұл арқылы көшіп келген перселендер өздеріне ұнаған, таңдаған шұрайлы жерлерді алал бастады. Қазақ халқы шөлейт, құм, тастақ, еолсіз далаларға қарай көшіп кете берді. Көпшілігі заң білмеуден, көпшілігі төрелер мен ақшаға саталған жергілікті билеушілер зардабын тартты. Қазақ жерден айырылған соң көпшілігінің тұрмысы төмендей бастады. Малдан, малждың жайлымынан айырылған қазақтың жайын көп алдандаған журналистің көптеген мақалалары осы тақырыпқа арналды. Бірінде қазаққа жер туралы заңдар мен бұйрықтарды түсіндірсе, енді бірінде Земство болуды насихаттады. Ендігі бірінде мал шаруашылығынан алыстап, отырықшылыққа көшуге шақырды. Қала мәдениетіне үйренудің қажеттігін айтты.

«Жер жалдау жайынан» деп аталатын мақалада да осы тақырыпқа арналған. Журналист қазақ жерінің жайына алдандаудан гөрі қазақтың өзін қатысты мәселеден бастайды. Өз жеріне ие бола алмаған халықтың өзін-өзі қорғай алмағанына налиды. «Қазақ жерінің тұтқасының екі үші екі қолда: бір ұшы қазақта, екінші ұшы

орыста. Әдіс қылған жағы ауыстырып алып жатыр, бос ұстаған жағы айырылып қалып жатыр. Жерді қолында қатыт ұстау, бос ұстау қазақтардың өздерінен. Оған біз не істерміз?» [2, 228].

Жерді қорғаудың бірнеше шарттарын ұсынады.

1 Әркім өз жерін қоғамдай, тұтас қазақ жерін қорғайтын мүддеде болуы керек.

2 Қазақтың бас адамдары халықтың қамын емес, өз бас пайдаларын ойлады.

3 Мұжықтарға қала салуға болмайтын заң бар. Бірақ ол заңды білетін қазақ жоқ.

4 Мұжықтар бірігіп, қала болып алды. Олар жиылып, бірігіп, бірінің жайын бірін ортақ іс деп қорғайды.

5 Қазақтың көбі жерді сатып, кәсіп етіп, содан жақсы жерлерін мұжыққа өздері де берген.

6 Щербина экспедициясы бойынша Қостанайдың Кеңарала волостнада артық жер жоқ. Жалдауға берілетін жер жоқ. Бірақ сол жерлерде қазір орыс поселкелері. Бұл жерлерді сатқан қазақтардың өздері.

7 Орыстар алатын жер жоқ, артық жер жоқ деп жазған жерлерден қазақ байлары өздері жер бар деп, сатып отыр.

8 Жаңа заңмен қазақ көшпелі нормамен де, отырықшы нормамен де бұрынғыдай кеңшілікпен жер ала алмайды.

«Қазақ жері өзінде қалуға жол тауып бермейсіндер деп өкпелейтіндер жұртты айтқанымызға көндіріп, отырып өкпелесе екен. Біз көрген-білгенімізді аяп қалмай, халыққа айтамыз., оған құлақ салмай жұрт өз білімінше істесе, оған біз не істерміз? Қазақ пен мұжық бірігіп іс қылғанда, Колпаковский бұйрығы да далада қалған. Осы күнгі қазақ жеріне келіп орналасып жатқан мұжықтарды хукімет келтірмеске бұйрық шығарса, бәрін болмаса да, көбін қазақтың өзі шақырып қоныс берер еді. Өйткені мұжықтарға жер керек. Қазақтарға еңбексіз тегін табылған мал керек. Екі жақтың керегі бір жерден табылған соң, қазаққа мұжық қоныс қонбай тұрар ма?» [2, 230]. Қорыта келгенде Ахмет Байтұрсынов қазақ қоғамына керек тұстарды дәл анықтап көрсете білді. Біз журналистің қазақ жеріне қатысты мақалаларын талдадық. Осы мақалалар арқылы қазақ елінің тұтастығы мен саяси тәуелсіздігі де, ой еркіндігі де, рухани жан байлығы, материалдық жай-күйі де анық талданған. А.Байтұрсыновтың журналистік шеберлігі де сонда – терен талдауды нақты дерекке, нақты дәлелге құра білуінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Айқап» журналы // Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995 - 368 б.

2 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

3 Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: Ататек, 1995.- 256 б. (5 б.).

4 «Қазақ» газеті // Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998 -560 б.

5 Тұрысбек Р. Ахмет Байтұрсынұлының көсемсөздері // Ұлағат. - 2011. - №2. б.3-15

6 Сақ Қ. Қазақ баспасөзінің тарихынан // Кітапта: Қазақ журналистикасы – Алматы: Таймас, 2008, – 352 б.

7.5 Философия ғылымының өзекті мәселелері 7.5 Актуальные вопросы философии

ЭТИКО-ФИЛОСОФСКОЕ НАСЛЕДИЕ АБАЯ КУНАНБАЕВА

БОКК Н. В.
ученик, СОШ № 6
ПИГОВАЕВА О.Ю.
учитель музыки, СОШ № 6

Всегда, когда возникает общественная потребность осмыслить время, в особенности время переломное, оно выдвигает людей, для которых это становится внутренней потребностью. К числу таких людей можно отнести выдающегося казахского поэта и демократа, философа XIX века Абая Кунанбаева, мировоззрение которого формировалось в период распада патриархально - феодальных отношений и зарождения отношений капиталистических.

Чем дальше вглубь истории уходила эпоха Абая Кунанбаева, тем острее осознавалась необходимость изучения его многогранного наследия. Первыми за эту работу взяли литературоведы, значительно позднее педагоги.

В Казахстане написано немало исследований об Абае Кунанбаеве как великом поэте, философе, композиторе, демократе дореволюционного периода, это работы М. Ауэзова, К. Бейсембиева,

Е. Бекмаханова, О. Сегизбаева, Б. Габдуллина, С. Зимнова, А. Маргулана, С. Муқанова. Менее изучено его просветительско-педагогическое наследие.

Он призывал молодежь к учению, к овладению русской наукой, различными новыми ремеслами.

Особое значение в воспитании молодежи Абай Кунанбаев придавал семейному воспитанию. Первые и самые главные воспитатели, учителя, по мысли Абая Кунанбаева, – это родители.

Анализ творческого наследия Абая позволяет высказать некоторые общие соображения относительно его педагогических взглядов. Педагогические взгляды Абая тесно связаны с его философскими, социально-психологическими взглядами, с его мировоззрением и служат как бы сферой практической реализации последних. Педагогические взгляды Абая носят ярко выраженный концептуальный характер: они целенаправленны, имеют определенное методологическое основание, методическое оснащение, объект и предмет, на которые направлена просветительско-педагогическая деятельность Абая. Во всем многообразии содержания и средств реализации педагогических взглядов Абай видит и всесторонне раскрывает основные направления и пути их реализации. Речь идет об умственном, профессионально-трудовом, нравственном воспитании, роли и возможностях семьи в воспитании детей. Абай глубоко осознавал единство, взаимосвязь, взаимозависимость и взаимодействие всех компонентов педагогического процесса, предвосхитив тем самым идею системно-комплексного подхода к воспитанию в современной педагогике. Педагогические взгляды Абая при совершенно очевидном влиянии на их формирование прогрессивных традиций общей и педагогической культуры древнего Востока, западной и русской педагогической мысли XIX столетия не были подражательными. Можно смело утверждать, что педагогические взгляды великого казахского философа были самостоятельными, самобытными. Этим он обязан не только своим выдающимся способностям, но прежде всего глубоким связям с родным народом, народной педагогикой, народной мудростью, которые с такой полнотой и выразительностью воплощены во многих его стихах, ставших афоризмами. Абай Кунанбаев впервые в истории казахской общественной мысли сказал свое новое слово, наполненное гуманистическими идеями, высказал свое отношение к семье, к родительскому долгу в воспитании детей, воспел женщину-мать как опору семьи, показал ее мудрость и стойкость в дружбе и любви [1].

Постижение педагогических взглядов Абая Кунанбаева невозможно без изучения истоков его творчества, без понимания того, что философ, композитор впитал в себя все прогрессивное, что было в жизни самого казахского народа, в его народной педагогике, народной мудрости. Именно этим объясняется то обстоятельство, что в философских и педагогических воззрениях Абая Кунанбаева национальное и интернациональное не противопоставляются, а выступают в единстве как взаимосвязанные и взаимодополняющие идеи. То же самое можно сказать об освещении им вопросов взаимоотношения между культурами казахского и других народов [2].

Чем уникальнее личность, тем многообразнее и наследие в общечеловеческом измерении. Данное историческое утверждение, безусловно, относится и к наследству великого поэта и философа Абая Кунанбаева. Гениальный казахский поэт, философ Абай Кунанбаев понимал и отдавал себе отчет, что музыка это есть философия звуков. Он довольно высоко ценил творчество с трепетом слушал песни и игру на домбре. Известнейшего казахского акына и артиста Биржана Кожажулова, философ считал своим другом. По некоторым сведениям, в ауле Абая Кунанбаева ученики и сыновья философа организовывали самостоятельный музыкальный кружок, в составе которого были такие инструменты: домбра, скрипка, гармонь, мандолина и гитара. Руководили данным кружком сын философа, петербургский студент Абиш и приятель Абая Кунанбаева, Кокпай. Современники философа сообщают еще о одаренном скрипаче Муке, в совершенстве владевшем инструментом. Мука в репертуаре имел, не считая казахских этнических песен, еще и произведения западно-европейских и русских композиторов, украинские, башкирские этнические композиции. В собственных стихах поэт беседует о мощи и смысле песни и музыки. Недаром почти все стихи его так музыкальны. Абай Кунанбаев, как композитор сочинял мелодии к стихам. В данный момент нам известно множество мелодий философа, композитора Абая Кунанбаева. Почти все из них имеют огромное философское значение. Это позволяет нам право признать, что Абай Кунанбаев был не только выдающимся поэтом, философом, но и талантливым композитором-мелодистом. Мелодии Абая Кунанбаева имеют оригинальный подлинный музыкальный язык, свидетельствующий о том, что философ свое творчество обогащал свежими красками. Ему свойственно еще и то, что его мелодии всецело отвечают содержанию слов, на которые они сочинены. Не обращая внимания на основательное оглавление

стихов, мелодии поэта несложны и довольно просто запоминаются. В Казахстане нет ни одного уголка, где не знали бы его мелодий. В первый раз эти мелодии были записаны и изданы композитором А.Затаевичем. По заданию Казахского филиала Академии наук СССР при ближайшем участии писателя Мухтара Ауэзова мелодии Абая Кунанбаева были записаны в 1935 году в Семипалатинске у племянника поэта Архама Исхакова. Композитор Борис Ерзакович записал большое количество мелодий Абая, сообщенных артистами и певцами Казахстана. Все эти записи вошли во второй том собрания сочинений Абая Кунанбаева. Кроме того на темы мелодий Абая Кунанбаева композиторы Казахстана написали ряд музыкальных произведений. Так, к примеру, в симфонической поэме «Жалғыз қайың» композитора КазССР Евгения Брусиловского положены известные мелодии философа, поэта: «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Көзімнің қарасы» и «Айттым сәлем қаламқас». Поэма «Абай» доктора искусствоведческих наук Ахмета Жубанова для симфонического и государственного оркестра построена на абаевских мелодиях. Опера «Абай», написанная Ахметом Жубановым в соавторстве Мухтара Ауэзова, полностью базируется на музыкальном наследии Абая Кунанбаева. На абаевские темы написаны фортепианный квинтет композитора Михаила Скорульского, ряд хоровых произведений Бориса Ерзаковича. На слова Абая Кунанбаева, композитором Василием Великановым написано несколько романсов. Все эти произведения вошли в репертуар казахских музыкальных концертных учреждений и используются с большим успехом у слушателей [3].

Жизнь философа, поэта, его вдохновляющие строчки неотделимы от степей, культуры родного народа. Вот уже третье наследие великого поэта, композитора воодушевляет и объединяет культурные, нравственные и духовные значения казахского народа и стало одной из почв его идентичности.

Изучая стихи и песни, философские воззрения, слова и мысли Абая, мы видим, что они находят отклик в сердцах людей своею человечностью, любовью, глубиной. Великий Абай Кунанбаев не застал зарю независимости, но его потомки строят сегодня свое суверенное государство. Произведения Абая вдохновляют молодое поколение казахского народа на служение своему народу, поддерживают в нем стремление к просвещению, знаниям, к развитию через культуру. Они всегда актуальны. Жизнь Абая, «...который боролся с тысячами один», - пример непреклонного поиска правды

и справедливости для потомков. Абай Кунанбаев, утверждая, что «поэзия – властитель языка...», сам был повелителем поэзии, «сыном не только отца, своего народа, но и всего человечества» [4, с. 334].

Труды Абая Кунанбаева переведены на многие языки мира, среди которых русский, китайский французский и др. В память об Абае учреждена Государственная премия Казахстана в области литературы. В честь Абая названы город, административные центры, улицы, театры, библиотеки и другие объекты на территории республики. Именем Абая названы Казахский государственный академический театр оперы и балета, Казахский национальный педагогический университет в городе Алматы, центральные проспекты городов Казахстана, пик в отроге хребта Иле Алатау. На площади Абая в городе Алматы установлен памятник великому поэту. В 2010 г. в Нурсултане памятник Абаю разместился напротив Старой площади по проспекту, названному в его же честь. В день рождения поэта ежегодно на этой площади проводятся поэтические слушания, посвященные великому Абаю. В Павлодаре на площади улицы Академика Сатпаева также расположен памятник посвященный Абаю Кунанбаеву, установленный в 2020 г. Наследие Абая будет передаваться на все поколения [5, с. 116].

Несмотря на свое философско-художественное содержание, музыкальное наследие Абая Кунанбаева полностью не исследовано. Не все мелодии философа, поэта, композитора собраны и записаны. Композиторам и музыковедам Казахстана светит гигантская и серьезная работа – со всех сторон передать новому поколению богатое музыкальное наследие известного казахского поэта.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Аль-Халел Карпык. Абай. Наследники. На перепутье. Алматы: Агентство «Аль-Халел», 1995.
- 2 Абай и его литературные наследники во Франции. Алматы. «Санат», 1995.
- 3 Хамиди Л. (Құрастырған А.Қ. Омарова). – Алматы: «Өнер» баспасы, 2006.
- 4 Орынбеков М.С. Философские воззрения Абая. – Алматы: Гылым, – 334 с.
- 5 Мамырбекова А.С. Нравственный оптимизм Абая // Мысль. – 2007. – № 8. – 116 с.

7.6 Тәуелсіз Қазақстан жылдарындағы мәдени бірегейлік:
дәстүр мен инновация сабақтастығы

7.6 Культурная идентификация в годы Независимости
Казахстана: преемственность традиций и инноваций

ВЗГЛЯДЫ ЧОКАНА ВАЛИХАНОВА И АБАЯ КУНАНБАЕВА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АСПЕКТ КАЗАХСТАНСКОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ

АЛЬСЕИТОВА З. К., КАИРКЕН К. Р.

ученики, Специализированная школа «Жас Дарын», г. Павлодар

Исходя из определения модернизации как процесса обновления, с обретением государственной независимости Республика Казахстан всемерно приступила к модернизационным процессам, трансформируя как механизмы управления государством, политические институты, экономику, так и сферу культуры. Избранный республикой курс развития в соответствии с передовыми мировыми трендами может объясняться принципом «быть равным среди первых». Изучение и детальное исследование уникального варианта казахстанской модернизации имеет несомненную актуальность, обусловленную 4 промышленной революцией и необходимостью постоянного периодического «обновления» как производственных систем, так и стандартов, касающихся повседневности.

Глава государства К.-Ж. К. Токаев в статье «Независимость превыше всего» писал: «XXI век – это эпоха новых знаний и технологий. Каждый человек может повысить свою конкурентоспособность, только непрерывно совершенствуя себя, осваивая новые профессии и постоянно адаптируясь к велениям времени. Знания и технологии являются главными двигателями прогресса страны» [1].

В данной статье предпринимается попытка выявления особенностей казахстанской модернизации, ее специфики с учетом исторической преемственности казахских мыслителей Чокана Валиханова, Абая Кунанбаева с курсом развития современного Казахстана, что и составляет научную новизну исследования.

Ввиду невозможности в рамках одной статьи исчерпывающего рассмотрения проблемы, авторы не освещают степени изученности темы, только отмечают, что в данной статье обозначается ранее не исследованный аспект исторического становления казахстанской модели модернизации.

Источниками для исследования послужили труды Первого Президента РК Н. А. Назарбаева и статьи, послания Главы государства К.-Ж. К. Токаева, также использовались различные нормативно-правовые акты.

Для соотношения воззрений Абая Кунанбаева на будущее казахского народа и модели «справедливого общества» Чокана Валиханова с казахстанской моделью модернизации применялся компаративистский подход. В связи с этим среди специально-исторических методов использовались историко-системный и историко-сравнительный методы для сравнения, выявления связей и преемственности.

К середине XIX века казахская степь как некогда центр сильного кочевого государства в Центральной Азии превратилась в колониальную периферию России.

Среди казахов стали частыми раздоры вследствие сокращения пастбищ, привычными стали межродовые распри, увеличивалось число джатаков и нищих байгусов, искавших работу и пропитание на казахских линиях. Былое мужество и отвага, благородство и честь уходили в прошлое. Вместо батыров в казахском обществе центральное положение уже занимали волостные, писари, помощники при волостных, готовые разжиться за счет простого народа, сдавленного дефицитом пастбищ, постоянными поборами, произволом русских чиновников, казаков.

Поэты литературного течения «Зар-Заман» («Эпоха скорби») Дулат Бабатайулы, Шортанбай Канайулы, Мурат Монкеулы, Абубакир Кердери в стихах предавались скорби о былом. Названные выше отрицательные черты менталитета казахов, сформированного колонизацией, находили отражение в их поэзии. Поэты утверждали о потере истинных ценностей казахов, об утере мусульманской веры и так далее.

В отличие от поэтов течения «Зар-Заман» выдающийся ученый, этнограф, путешественник Чокан Валиханов искал выход из удручающего положения, предлагал пути в будущее. Как пишет Сабит Муканов в романе «Промелькнувший метеор», Айғаным, бабушка выдающегося деятеля, супруга хана Уали, заставила своего сына Чингиза Валиханова закончить Азиатскую школу в Омске, готовившую писарей и переводчиков для колониальной администрации. Чингиз Валиханов направил учиться в Омский кадетский корпус своего сына Чокана, успешно окончившего учебное заведение. Феномен Чокана объясняется словами русского

поэта А. Н. Майкова, в 1863 г. писавшего, что Чокан совмещает «в себе цвет европейской образованности и науки с ученостью Востока» [2, с. 206].

В «Записке о судебной реформе» Чокан Валиханов писал: «... усвоение европейского общечеловеческого просвещения и энергическая борьба с препятствиями, мешающими достижению этой цели, должна составлять конечную цель для всякого народа...» [3, с. 80].

Как видим, Чокан Валиханов призывал бороться с препятствиями прогрессу. Необходимо просто избавиться от привычек и нравов, которые мешают построению здорового общества, и приобщиться к «европейскому общечеловеческому просвещению». Тем самым, ученый призывал к обновлению казахского общества, что на современном языке называется модернизацией. Получив европейское образование, научившись ремеслам, продуктивному земледелию, передовой технике и технологии, сохранив конструктивные духовные традиции, казахи могли бы занять достойное место среди народов мира. Для этого, прежде всего, следовало начать с мировоззренческих установок и формирования правильного менталитета, предрасполагающего к светскому образованию и построению самоуправляющегося общества, на равных входящего в индустриальную фазу развития. Об этом и грезил Чокан Валиханов.

Схожих взглядов на будущее придерживался и казахский мыслитель Абай Кунанбаев. В третьем документальном фильме из серии «Тайны Великой степи» приводятся предположения исследователей о возможной встрече Чокана Валиханова и Абая Кунанбаева. Во-первых, есть сведения о том, что отцы обоих выдающихся личностей истории Кунанбай Оскенбаев и Чингиз Валиханов были друзьями. Первый был старшим султаном Каркаралинского округа, второй – Кокчетавского. Во-вторых, младший сын Чингиза Валиханова Махмуд и младший сын Кананбая Халиолла Оскенбаев тоже были друзьями и учились в Омском кадетском корпусе. Халиолла учился в данном учебном заведении в 1862-1867 годах. В тот период открытия Чокана Валиханова придали ему баснословную популярность и славу, и наверняка, Халиолла знал его и мог познакомить со своим братом. В-третьих, Чокан был в Каркаралинске в 1856 и 1859 годах [4].

Призыв Абая «Адам бол!» подразумевает понятие человека в широком смысле. Во-первых, чтобы называться человеком надо

избавиться от невежества, которое порождает зло, раздоры, распри. Во-вторых, человеческая сущность определяется только совестью. Без совести человек превращается в невежду. В-третьих, для того, чтобы быть «толык адам» («полный», «полноценный человек») нужно всегда и везде руководствоваться совестью и при этом учиться всему необходимому и полезному с целью принести благо родному народу и всему человечеству. Полноценный человек в какой угодно ситуации сохраняет совесть и всегда учится новому.

Абай писал:

«Чтоб человеком ты был

И вровень с веком ты был...» (перевод М. Петровых) [5, с. 157].

Абай призывал учиться новому, брать пример только с самых лучших, и таким образом, обновляться для вступления в новую цивилизацию. Поскольку кочевой цивилизации на рубеже XIX-XX веков действительно следовало воспринять новые формы и стандарты жизнедеятельности при сочетании с собственно этническим субстратом культуры.

Первый Президент РК Нурсултан Назарбаев в статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» выделяет 6 ключевых направлений модернизации общественного сознания: 1) конкурентоспособность, 2) прагматизм, 3) сохранение национальной идентичности, 4) культ знания, 5) эволюционное, а не революционное развитие Казахстана, 6) открытость сознания [6].

Конкурентоспособность – это позиционирование себя как субъект, у которого есть что предложить мировому сообществу, быть равным среди достойных. Именно это отстаивали Чокан Валиханов и Абай Кунанбаев, призывая учиться и познавать мир, с целью состояться как нация с собственным подходом к конструктивному созиданию в такт мировому развитию.

Прагматизм заключается в верном расставлении приоритетов с целью получения необходимых результатов. Прагматизм мыслителей проявляется в правильном выборе модели развития, а именно, светскости и сочетания европейского образования с собственно казахским культурным субстратом.

Сохранение национальной идентичности объясняется стремлением приобщения ко всему полезному и новому с целью сохранения себя как народ, нация. При заимствования нового нельзя терять собственно национальное.

Культ знания как концептуальный приоритет характеризуется строками Абая:

«Лишь знаньем жив человек,
Лишь знаньем движется век!
Лишь знание – светоч сердец!».

«Эволюционное, а не революционное развитие Казахстана» говорит о постепенном, безболезненном, гармоничном развитии. Развитие и внедрение чего-то нового не должно создавать жизненно сложных ситуаций для народа как это было при большевистской революции и «Малого Октября» Ф.И. Голощекина.

Открытость сознания таится в самой многовековой истории кочевого народа. Через территорию Казахстана проходил Великий Шелковый путь, среди тюрков были разные конфессии (тенгрианство, буддизм, зороастризм, манихейство, несторианство, ислам), на протяжении веков не прекращался межкультурный диалог, что сформировало черту толерантности. Не стоит замыкаться в собственном социуме, если можно позаимствовать что-то полезно новое, следует вступать в открытый искренний диалог.

В статье «Духовное завещание Абая» Елбасы писал: «Когда распался казавшийся нерушимым Советский Союз и на меня выпала трудная миссия строительства нового независимого государства, в те переменчивые и непредсказуемые времена с его «соктыкпалы, сокпаксыз» – «лихой годиной, тяжелым бездорожьем» я вновь обращался к заповедям мудрого Абая и сквозь призму их нового прочтения формировал в сознании образ будущего моей страны» [7]. В этой же статье Елбасы писал, что празднование 175-летия Абая представляет «логическое продолжение процесс выполнения задач, сформулированных в моих статьях «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» и «Семь граней Великой степи» [7].

Глава государства К.-Ж. К. Токаев в статье «Абай и Казахстан в XXI веке» писал: «Модернизация не означает отказа от своего прошлого ради новых ценностей. В действительности это сохранение и обогащение национального наследия лучшими современными достижениями человечества. И тут нам не обойтись без идей Абая. Ведь еще более века назад великий мыслитель призывал нацию к модернизации, обновлению, говорил нам о необходимости адаптироваться к требованиям времени» [8]. Глава государства указывает, что слова-назидания мыслителя должны стать для нас основным путеводителем в гражданском, культурном развитии. Абай призывал получать качественное образование и осваивать науки. Глава государства затронул в статье вопрос о статусе педагога, так как именно от учителя во многом зависит

формирование интеллектуальной нации. Совесть и честность в служении государству, бизнесе, воспитании детей, отношениях между гражданами. Ввиду этого К.Ж. К. Токаев в статье озвучил концепцию «слышащего государства», согласно которой власть и народ осуществляют беспрепятственный диалог.

Таким образом, Чокан Валиханов и Абай Кунанбаев являются первыми авторами казахстанской модели модернизации. Духовное наследие Абая учитывается Главой государства и в наши дни.

ЛИТЕРАТУРА

1 Полный текст статьи К. Токаева «Независимость превыше всего» // <https://24.kz/ru/news/top-news/item/446936-polnyj-tekst-statii-kaeva-nezavisimost-prevyshe-vsego>

2 Письмо А.Н. Майкова // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 5. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – С. 204-207.

3 Валиханов Ч. Записка о судебной реформе // Валиханов Ч. Собрание сочинений в пяти томах, т. 4. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – С. 77-104.

4 «Тайны Великой степи» (003) - 12.11.15 // https://www.youtube.com/watch?v=-ke_hQ-LPE0&list=PLfjprUXuSJPPsyW0U_95dFaRcoR6hryJP&index=2

5 Абай. Пока не знаешь – молчи (Перевод М. Петровых) // Я – человек-загадка... – Астана: Аударма, 2009. – С. 157-159.

6 Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» // https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya

7 Назарбаев Н.А. Духовное завещание Абая // https://forbes.kz/life/duhovnoe_zaveschanie_abaya/

8 Касым-Жомарт Токаев: «Абай и Казахстан в XXI веке» // https://forbes.kz/process/kasyim-jomart_tokaev_abay_i_kazahstan_v_xxi_veke/

КЛАССИКАЛЫҚ ҮЛГІДЕГІ ӘНДЕР

ТАСТЕНОВА А. К.

педагог-сарапшы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Көп салалы № 24 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

АСКАРОВА К. А.

Педагог-зерттеуші, музыка пәнінің мұғалімі,
Көп салалы № 24 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

ИВАНЬКОВА Е. А., КОСОВА П. С.

5 «А» сынып оқушылары,
Көп салалы № 24 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

Классикалық әндер халқымыздың мәдени өмірінде, сахналарында, ел арасында өз орнын толықтай алды деп айтуға болады. «Классикалық ән» ұғымы Тәуелсіз мемлекет мәртебесімен тұстас өркен жайып келеді. Классикалық ән қатарында Абай Құнанбайұлының әндерінің шоқтығы биігі десек артық айтқандық емес. Ұлттық мәдени мұраның көрсеткіші классикалық әндер екені белгілі. Бүгінгі таңдағы ғылым мен білім беру жүйесіндегі озықтық ұстанымдарды жүзеге асырудың бір жолы – өнер тұрғысындағы үдерістерді іске қосу.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы халқы әлемдік деңгейде өміршен ділде көрінуі үшін өзінің түп-тамырындағы классикалық ән тұрғысында этномәдени білім беру және тәрбиелеуді дамыту тұрғысындағы кемелдікке ықпал берерлік озықтық тұстарын бүгінгі жас ұрпақтың бойына дарыту қажеттігі туып отыр.

Демек, қазіргі заман талабына сай классикалық әндер арқылы білім беру және тәрбиелеуді дамыту тұрғысында іске асырудың жолы – педагогика ғылымдарында теориялық – дидактикалық мәнде жеткіліксіз зерттеліп, нақты шешімін таппай отыр.

Классикалық ән арқылы этномәдени тәрбие беру үдерісінде тәрбиелеу деп қазақ халқында қалыптасқан өзіне тән классикалық шығармашыл орта болған. Ол орталар әртүрлі жанрлардан тұрған. Өнер арқылы тәрбие беру дегеніміз тек бір-екі ғасыр кеңістігін қамтитын ұғым емес екені ескеріледі. Ол қазақ жұрты болғаннан бері жанрлық мәнде дамып отырғаны зерделенді. Нәтижесінде этникалық өнерден этникалық тарихы құрылатыны байқалады. Өнер мектебі зерттелімінің негізгі нысаны – халықтық әлем, дүние, ғалам туралы көз алдына елестейтін суретінің көрінісі.

Өкінішке орай, жоғарыдағы талдаулардан шығарар қорытынды классикалық әндер жайлы зерттеу еңбектердің - жоқтың қасы екенін көрсетеді.

Қазақ халқының мақтаныш етер асыл мұра, рухани жәдігерлерінің ішінде ғасырлар сүзгісінен өтіп, бүгінгі күнге жеткен көл-көсір – ән қазынасы ерекше орын алады. «Құлақтан кіріп, бойды алар, Әсем ән мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсең, менше сүй», – деп ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлы жазбақшы, адамның жүрегіне ерекше әсер етіп, қуаныш, мұң, тәтті арман, сағыныш пен іңкәрлік сезімдерді ұялатып, қалың ой құшағына бөлейтін - ән, күй мен жырларға қазақ баласы қашан да ішкі жандүниесінен ерекше орын беріп, оны биікке қойған.

Ән мұрасы – қазақ жанының ғасырлар көшінде шаң баспаған сырлы айнасы, халық рухының ықылымнан тіл қатқан тірі куәгері. Қазақтың жаны мен бітім болмысынан жаралған әндерінің әлемдік мәдениетке қосар үлесі шексіз екені сөзсіз. «Абай бастаған ұлтымыздың аса бай ән өнерін дамытуға Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Әсет, Естай, Нартай, Кенен сияқты халық композиторлары өлшеусіз үлес қосып, оны сапалық жаңа биікке көтерді. Олардың мол шығармашылық мұрасы қазақ операсы мен балетінде және классикалық музыкалық туындыларда кеңінен пайдаланылып, әлемнің ең әйгілі музыкатанушылары тарапынан жоғары бағаға ие болды.

Қазақтың кәсіби ән өнері, әсіресе XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өз дамуының шырқау биігіне жетті. Қазақ өнерінде сал-серілердің пайда болуы кәсіби ән өнерінің шарықтап дамуымен тығыз байланысты құбылыс. Қазақ даласының әр қиырынан Біржан, Ақан, Мұхит, Кенен сынды сал-сері тұлғалардың шығуы әншілік дәстүрлер мен өңірлік мектептердің қалыптасуына зор ықпал етті. Александр Затаевич бүкіл қазақтың даласын шарлап, әніміздің інжу-маржандарын жинап «Қазақтың 1000 әні» атты кітап шығарғанын және кітапта «1000 ән» деп аталғаны болмаса, қазақтың әндері де күйлері де болғанын атап өтті. Соның ішінде 46 әннің мәтіні берілді.

Абай Құнанбайұлы қазақ музыкасынан ерекше орын алады. Оның бізге әр қилы болып жеткен әндерінің сан жағын алғанын өзінде белгілі қорытынды шығаруға жететін маңызы бар. Оны айтып отырғаным – ауыз дәстүрлікке байланысты (нота жазуы жоқ кез деген мәнде) басқа қазақ әншілерінің шығармалары сияқты Абай әндері де көптеген түрлерімен, өзгертулермен бізге жетті. Өз заманындағы ән, күй шығарған композиторлары сияқты. Абай да нота сауатын аша алмады. Сондықтан музыка шығару жөніндегі қолында болған құрлы Біржан, Ақан, Жаяу Мұсадан артық болған жоқ. Бірақ да тек өзінің музыкалық қабілетіне, бар дауысына, домбыраға сүйенеді.

Бірақ Абайдың музыка шығаруға келу жолы ерекше болды. Ұлы орыс халқының мәдениетімен таныс, оның демократ ақын-жазушыларының шығармаларын оқығандағы арқасында .

Абай Құнанбайұлы тағы бір музыкалық ерекшелігі оның музыкалық тамашасы болды. Абайдың асқан музыкалық қабілеті, қазақтың халық музыкасын терең білетіні, орындаушылықтың не бір түрінен хабары барлығының үстіне оның айналасында Мұқа сияқты скрипкашы, өзінің баласы Әбдірахман, Ақылбай, әнші Әлмағамбет, әйелі Әйгерім болды. Бұлардың алдыңғылары орыс, еуропа музыка үлгілерін орындаушы болса, кейінгілері қазақтың халықтық ән дәстүрінің белгілі адамдары болды. Бұлардың қолдарында тек домбыра емес, скрипка, мандалина, гармонь болды. Олар Абай шығарған әндердің тек тыңдаушысы емес, ол әндердің бабына келтіріп орындаушы және Абай тәрбиесі арқылы әдебиетте, музыкада әрбір жаңалықтың басы қылт ете қалса, соған өңмендерін созып, түсінуге, баурауға, айналаға үгіттеуге, соны өткізу жолында қолдарындағы бар рухани қаруларын жұмсауға даяр кісілер еді. Абай «ұйымдастырған» поэзияда музыкада жаңа, өткір тіл, ұнамды үн, қолайлы ырғақ іздеу, тәжірибе жүргізу «лабораториясының» тілектес, мақсаттас, белсенді «мүшелері» еді. Бұлардың «бағдарламаларында» Абайдың күшті жақтарын алып, дамытып, әлсіз соққан жерлері болса оған шылбырдың ұшын беріп, көтермелеп, көтеріп кету бар еді. Міне, сол мақсатта бұлар Абайдың жаратылыс берген қасиеттерінің кейбір шек қойылған кезеңдерін кеңейтіп алып кетіп те жүрді. Ол айтып отырғаным – Абайдың дауыстың шегі. Сөз жоқ, Абай Біржандай, Мұхиттай, Жарылғаптай алты қардан асатын дауысқа қожа болған жоқ. Аспап үстінде отырып осы кездегі композиторлар сияқты дауыс жетпеген жерін жалғыстыратын форматпианода ойнаған жоқ.

Сондықтан, шағын да болса Абай да өзінің бар дауысымен ән шығарады. Әдетте, ол заманда ақын, композитор, орындаушы – үшеуі бір кісі болатын. Әнді шығаратын да, бірінші рет орындайтын да сол үш маманның міндетін атқаратын бір кісі болатын. Абай да сол міндеттен құтыла алған жоқ. Солай да болса, бұл арада да Абайдың басқа халық композиторынан айырмасы болды. Жоғарыда аттары аталған Ақылбай, Әлмағамбет, Әйгерім Абайдың «жәй дауысы» мен айтып шығарып берген әндерін аузынан қағып алып, шырқата, үдете, құйқылжыта орындап кетті. Абайдың міндеті – бірінші рет «автор дауысы» мен орындап беру болды. Әрине, одан әрі Абай өз әндерін орындамады деген сөзден аулақпын. Міне,

осылай, Абай әндері ауылынан шықпай жатып жоғарыда ескертілген «лабораториядан» өтіп, шындалып, біздің тілімізбен айтқанда Абай айналасының «литосынан» өтіп барып, халық алдында тарады. Оның үстіне жанағы Абайдың музыкалық, әдебиеттік, әлеуметтік «антураждары» бір жағынан асқан сыншыларда болды. Олар табанда өздерінің пікірлерін айтып, әннің қасиеттерін санап, ұнамай тұрған жері болса көрсетіп, біздіңше айтқанда музыкалық өзара сынды дамытып, Абайдың әндерінің анатомиялық, физиологиялық жақтарының бәрін тексеріп, жетілдіріп отырды. Мұндай жағдай қазақтың халық композиторларының көпшілігінде болған жоқ.

Құлақтан кіріп бойды алар,

Жақсы ән менен тәтті күй,

– дегеніндей музыка сол есту арқылы біздің бойымызда алады дейді. Әннің құрылыс материалы – дыбыс, ол физикалық құбылыс, адамның есіту мүшесі арқылы сезімге, санаға жетеді. «Бойды алады» деуі осы.

Музыканың теориясын оқымаған Абай, өзінің өткір ойы арқылы бұл өнердің тағы бір жақтарын өңгіме етеді.

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,

Оның тәтті оралған мәні оятар.

Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап,

Жас балаша көңілді жақсы уатар,

– дейді. Әндей кейде зауық, кейде мұң суреті келетін мажор, минор құрылыстарын айтқысы келеді. Ата-анасының қайғысын, ренішін былдырлаған тәтті тілімен, балдырған денесімен, кіршіксіз таза күлкісімен әп-сәтте кетіретін жас баланың жұбанышындай музыканың өткір әсерін, ұйықтап жатқан жүректі оятатын күшін айтқанда сол күштердің музыканың түрлі кескінмен, түрлі жағымен келетінін айтады.

Абай әнмен қазақтың күйлері жөнінде де бағалы пікірлер айтты. Күйдің «сөзі жоқ ән» екенін білген Абай, оның адамға деген әсерінің әнмен барабар екенін келтіреді.

Ақылдың сөзіндей ойлы күйді,

Тыңдағанда көңілдің өсері бар,

– дейді. Қазақтың бай аспапты музыка мұрасында көптеген бағдарламалы күйлер бар, тарихи, аңыздық күйлер. Осының бәрін де жақсы білген Абай, ішінде тіс жарып айтып тұрған тілі жоқ болғанымен күйді «ақылдың сөзіндей ойлы» деп, оның ішінде белгілі идеялық мазмұн бар екенін, Динаша айтқанда «әңгімесі бар» екенін айтады.

Мұңмен шыққан оралға тәтті күйге

Жылы жүрек қайда бар қозғаларлық,

– деп, өз тұсында кездескен «сөзсіз әнге» түсіне қоймаған адамдарға ренжиді. Ал күйдің музлық, көркемдік мәнін түсінбеу кездесіп тұрған жағдай. Біздіңше Абай тек ән емес, күй де тартқан, өз қолынан бұл бір музыкалық үлгілерді де өткізген, күйдің егжей-тегжейін жете айыра білген адам.

Абай Құнанбайұлы ән – күйдің өзіне ғана баға беріп қоймай, оның орындалуы жайлы да өткір пікір айтқан. Ол әннің басқа жағын қоя тұрып, басталу кезінің өзін суреттейді, неге олпай екенін түсіндіреді.

Абай Құнанбайұлы қазақ музыкасынан ерекше орын алады. Оның бізге әр қилы болып жеткен әндерінің сан жағын алғанын өзінде белгілі қорытынды шығаруға жететін маңызы бар. Оны айтып отырғаным – ауыз дәстүрлікке байланысты (нота жазуы жоқ кез деген мәнде) басқа қазақ әншілерінің шығармалары сияқты Абай әндері де көптеген түрлерімен, өзгертулермен бізге жетті. Өз заманындағы ән, күй шығарған композиторлары сияқты. Абай да нота сауатын аша алмады. Сондықтан музыка шығару жөніндегі қолында болған құрлы Біржан, Ақан, Жаяу Мұсадан артық болған жоқ. Бірақ да тек өзінің музыкалық қабілетіне, бар дауысына, домбыраға сүйенеді. Бірақ Абайдың музыка шығаруға келу жолы ерекше болды. Ұлы орыс халқының мәдениетімен таныс, оның демократ ақын-жазушыларының шығармаларын оқығандағы арқасында .

Абай Құнанбайұлы әндерінің нота үлгілері төңкерістен бұрынғы баспаларда біртіндеп қана, некен-саяқ кездеседі. Қомақты түрде тек біздің заманымызда ғана жиналып, қағазға түсіп отыр. Осы уақытта Абай әндерінің жарияланғаны бар, жарияланбағаны бар түрлерін қосқанда алпыс-жетпіске барады. Жиырмасыншы жылдардың басындағы А. Затаевич, А.Бимбоэстің жазған әндерінен кейін Қазақстан композиторлары Б. Ерзакович, Л. Хамиди Абайдың көптеген әндерін нотаға түсірді. 1939 жылы ол кездегі Қазақстанды Зерттеу Қоғамы Абай әндерін сақтап қалу, дамыту мақсатында бұл мәселеге қайта оралды. Абайдың ұрпағының бірі, Абай әндерін орындаудағы беделді әншілердің бірі Мұхамеджанова Мәкенді Алматыға шақырып, одан Абадың 16 әнін нотаға жаздырды. Музыка білімпаздарының бағалауына қарағанда Мәкеннің орындауындағы Абай әндерінің түрлері түп нұсқасына ең жақыны дейді. «Сен мені не етесін», «Қор болды жаным», «Біреуден біреу артылса», «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем Қаламқас», «Ата-анаға көз қуаныш»,

«Сүйсіне алмадым, сүйіндім», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Сұрғылт тұман», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Татьянанын әні», «Өнегінің өлердегісі», «Көңіл құсы күйкылжыр», «Ішім өлген, сыртым сау», «Қарашада өмір тұр», «Желсіз түнде жарық ай», «Өлеңді қайтып қоярсын», «Онегиннің хаты» тағы басқа әндері бар. Бұл аталғандардың әрқайсысының бірнешедең түрлері бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ананьев Б.Г. Задачи психологии искусства // Художественное творчество. – Л., 1982. – 120 с.
- 2 Асмолов А.Г. Как построить свое Я. – М., 1992. – 145 с.
- 3 Григорьев В.Ю. Исполнитель и эстрада. – М. : Магнитогорск, 1998. – 150 с.
- 4 Дүкенбай Н. Бастауыш сынып музыка сабағының бағдарламасы. – Павлодар, 2006. – 46 б.
- 5 Каган М.С. Музыка в мире искусства. – СПб., 1996. – 140 с.
- 6 Климов Е.А. Психология: Воспитание и обучение. – М., 2000. 110 с.
- 7 Киященко Н.И. Эстетика жизни. – М., 2000. – 133 с.
- 8 Коган Г.М. У ворот мастерства. – М., 1977. – 142 с.

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КӨРІНІСІ

БЕЛЬДЕУБАЕВА Г. А.

7- сынып оқушысы, Абай Құнанбаев атындағы № 2 ЖОББМ, Екібастұз қ.
ШЫНЫКУЛОВА К. А.

жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Абай Құнанбаев атындағы № 2 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Әдебиет – ұлттың айнасы. Ұлттық салт-санамыз бен ата-бабаларымыздың асыл мұраттарынан біртіндеп алыстап келе жатқан бүгінгі жаһандану заманында осы бір «ұлттық құндылық» ұғымының санамызда болмашы бір сәулесі ғана қалып бара жатқандығы жасырын емес. Алайда, өзіміздің қандай ұлт екендігімізді еске салып, асыл арнадан ажыратпай тұрған бір киелі күш бар. Ол – халықтың барша болмыс-бітімі мен тамыры терең тарихын қаймағын бұзбай сақтап келе жатқан көркем әдебиет, яғни қасиетті сөз өнері. Ол ұрпақтан-ұрпаққа бейсаналық түрде жеткізіліп, ұлт өкілдерінің мінез-құлқы мен дүниеге көзқарасында,

өмір салты мен әдетінде, дәстүр мен салтында, философиясы мен ғылымында, мәдениетінде, өнері мен музыкасында, жалпы рухани болмысында көрініс табады. Міне, сондықтан да кез келген халықтың ұлттық рухының қаншалықты дәрежеде екенін оның әдебиетіне қарап-ақ аңғаруға болады.

Әбіш Кекілбаев – қазақ әдебиетіне ХХ ғасырдың алпысыншы жылдары келіп қосылған жазушы. Бұл кезді қазақ әдебиетіндегі дамудың жаңа белесі деп атауға болады. Осы тұста қаламгермен қатар әдебиет әлеміне қадам қойған жазушылардың қазақ елінің тарихын, салт-санасын, тұрмыс-тіршілігін сипаттауда жаңашыл ой-өремен, биік парасатпен, соны талғаммен келгенін атап өтуге болады. Әсіресе, ұлттық құндылықтарды шығармаларына басты арқау еткен ақын-жазушыларымыздың саны арта түсті. Бұл жөнінде жазушы Т. Әбдіков: «60-жылдардан бастап біздің қазақ әдебиетінде жаңа белес басталды. Ол белес әркімнің жүрегінде оянған ұлттық идея болды. 60-жылдардағы жаңа бір толқын бүркемелеп болса да, ішкі наразылық арқылы ұлттық идеяны күн тәртібіне қоя бастады» – деген пікір білдірген. Бұл пікірдің растығына сол кезеңдегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері О. Бөкей, Д. Исабеков, С. Мұратбеков, Қ. Жұмаділов, Ә. Кекілбаев, Т. Әбдіков, Т. Нұрмағамбетов сынды бір топ қаламгерлердің туындылары арқылы көз жеткіземіз.

Қаламгер «Құс қанаты» повесінде өз анасы Айсәуленің бейнесін сомдайды. Бала кезінен аштық – тоқтық, жесірліктің тауқыметін тартқан қайсар ана жалғыз ұлын аман – есен адам қатарына қосуды өз аналық мұраты деп біледі. «Әбіштің анасы», «Айсәуле әже», «Ай – ана», «Ай – енем», «Ел анасы», «Кекілбайдың Айсәулесі» болып дәріптелген Айсәуле ана – қарапайым ғана көргені мен түйгені мол қазақ әйелі. Тәрбиенің түп-тамыры, қайнар көзі ұлттық салт-дәстүрлеріміз, әдет - ғұрыптарымызда десек, Ә. Кекілбаев әңгімелері – сол асылымыздың бір сынығы. Тал бесіктен жербесікке дейінгі өмірдің нәрі – адам баласының таным-түсінігі, мәдениеті қазақтың салты мен әдет-ғұрпымен әрлендірген, шығармасының шамшырағына айналдырған аңыз, азаматтыңадами қағидасы – туындының терең тенденциясы. Ұлттың ұлылығын танытуда қоғамдағы қызметімен ғана емес, қаламымен де қамшылаған қаламгердің байлығы қазақ әдебиетіне қосылған қомақты дүние, сөз асылын саралаған мол үлес. «Құс қанатындағы» Айсәуленің әр ісі, әр сөзі - осы пікіріміздің дәлелі.

Ананың туған елі Оңдыдан көшер сәті повесте төмендегіше баяндалады:

«... Бұларды аттандырып салуға келген қатын – қалашқа ожауы мен тарақтарына дейін таратып берді. Төрт қанат шатпаның сүйегі мен кара қазанына ғана тимеді. Қызына тапсырып: «Қарағым, өзің өскен күркені жазда үйіннің қасына қалқитып тігіп қой. Кім біледі, шахарға үйренісе алмай жатсақ, өз үйім – өлең төсегім дайын тұрады ғой, – деді. Байқап отырсақ, сылдыраған кесе-аяқ пен тарақ-ожау атадан қалған мұра емес, киесі де, қасиеті де жоқ. Бірақ шатпа сүйегі (киіз үйдің сүйегі) мен кара қазанын ешкімге бермей, қалаға көшіп бара жатса да сенімді қолға тапсырып кетуі ата-баба мұрасына, ұлттық қадір-қасиетке деген құрмет. Қызына тапсырып, жазда тігіп қой деуі, шаңырақтың киесі ұрмасын, шаңырағым биік болсын деген әрбір қазақтың мақсаты емес пе? Кара қазан-береке-бірліктің, таусылмас несібесінің белгісі. Бүкіл отбасын бір дастархан басына жинаған – күдірет. Әр қазақ отбасының шаңырақ, бесікпен қатар тұрар құндылығы.

Қаршадайынан жолдас болған мүліктен алғаны қорғасын күйған ұршығы ғана.. Бұл – Айсәуле ананың баласы оқу бітірген соң Алматыға көшер сәтінен үзінді. Ұршығы жай ермек емес. Ол-еңбектің, баршылықтың дәлелі. Әке-шешесінен қалған мұра, өзгеге алтынға да айырбастамас ескерткіш.

Суреткер Әбіш Кекілбаев – көркемдіктің құрығын көздеген нысанасына қапысыз салуға машықтанған эпик жазушы. Оның талантына біткен аста-төк дарыны да, әлемдік туындылар тұнығынан жүзіп жүріп нәр алған тәжірибесі де қыруар. Ол айтқан ой барша құндылығымен бүгінгі таңда тек қана Әбіштік ой, тек қана Әбіштік өнер болып отырған жоқ, қазіргі бүкіл қазақ өнерінің және рухани ұмтылыстардың бедерлі бір айғағына айналып отыр. Себебі шығармадағы мына бір сәт нағыз қазақилық, үлкенге құрмет көрсетер ұлттық тәрбиенің дәлелін Әбіштей суреттер және қазақ тәрбиені қарапайым жеткізер кім бар? «Содан бұл жататын кең бөлменің еденіне жеткенінше шүберек пен клеенка, жетпеген жеріне газет төселіп көлдей дастарқан жайылды. Қақ төрге қақырайып бұл отырды. Жігіттерге еріп елген екі-үш келіншек бұны бүгін өз қазанының маңына жуытар емес. Ал, әлгі кетік кара білекті сыбанып тастап, аузы жалпылдап көк кастрюльге ас салып жүр. Біреуі ыдыс-аяқ жуып жатыр, біреуі шұжық турап жатыр, біреуі рюмка сүртіп жатыр. Әйтеуір, шүрменнің баласындай жабылған да кеткен..» қандай тамаша көрініс?! Қазақтың «үй тар болса да көңіл тарылмасын» дейтін даладай кендігі, қонақжайлылығы, келіндердің қазан-ошаққа өзі ие болып, үлкендерді төрге жайлар құрметі - нағыз ұлттық тәрбиені көргендіктің, руханилықтың белгісі.

«...Төбе-төбенің басында шаң шықпас па екен деп қарап жүрген балалар әуелі: «шүйіншілеп» ауылға, артынан «алақайлап» шаң шыққан жаққа қарай сандарын шапалақтап жүгірмейтін бе еді? Әуелі шапқылап күйеулер келер-ді. Алдынан ақ бауырсақ шашып әжелер шығар-ды. Сосын қызылды-жасылды қыз келіншек кейіндеп қалған келін тобына барып қосылар-ды. Олар келгенде күллі ауыл тайлы-таяғы қалмай шашу тереміз деп алдарынан жүгірерді. Сосын пәлен күн той дуылдап, той біткен күні жас келін отауына кірерді. Табалдырықтың алдына жаңа сойылған жас тері төселерді. Оң аяғымен аттаған келін сүрінбесе, таймаса – қадамының құтты болғаны. Сосын ащы даусы аспанды шатынатып заржақ ақын бет ашарды. Беташардан соң жұрт таласып-тармасып келіннің қолынан шай ішерді. Шай ішуге келген жұрт екі босағаға қаздай тізіліп жалаңдап отырған ауызды қатындардың алдына топытып көрімдік лақтырарды». Осы бір үзінді ұлттық құндылығымыздың көрінісі рухани байлығымыз салт-дәстүрге толы. Сүйіншіден басталып, шашуы, жас отауы, оң аяқпен аттаған қалыңдық, беташар мен келіншайы, көрімдігі, айта берсе, қаншама тәлім-тәрбиені осы сюжет арқылы беру де қаламгердің басты мақсаты болғанға ұқсайды.

«Сол күні бұл қатып ұйықтады. Тек бір уақытта барып, омырау тұсы қыбырлағандай болғасын көзін ашып еді, сыпырылып кеткен көрпесін қымтап жауып жатқан келіні екен. Оның елден бұрын тұрып үй тазалап қоятынын сонда барып байқады». Бұл үзіндіде үлкенге құрмет, ене мен келін арасындағы сыйластық, отбасы берекесі қандай керемет көрініс табады. Жазушы жер бетінде жақсылық, қайырымдылық ұрығын егіп, мәнді өмір сүру керектігін өз оқырмандарына ұғындырады.

«...Үйде күнгір-күнгір дауыс бар. Соның арасынша сықырлауық сылдырап, үйден біреу шықты. Қолында шелегі. Аруананың бауырына бара беріп, жолаушыдан барыс сұрады. Жолаушы құдайы қонақ екенін айтты.

Әйел: – Онда түсіңіз, қоныңыз, – деді» .

Халқымыздың қаншалықты қонақжай болғанын білу үшін «Аш бөрі» әңгімесінен алынған осы бір қысқа ғана үзіндінің өзі де жеткілікті болар. «Құдайы қонақпын» деп шақырылмастан келе салған бөтен жанды жатсынбай, құшақ жайып төрінен орын беру дәстүрін қазақтан өзге ешбір халықтан кездестіре алмайсыз.

Көңілі даласындай дархан халқының жанашырлық, бауырластық сезімдерін де сұлу сөзбен сомдай білген:

«Жолаушының есіне жаңағы жол үстінде туған жайма қоныр әуез түсті. Ұзын-ұзын салалы саусақтары перне бойын қармалап жүріп, ақыр тапты. Баппен басталған бала майсаң әуез баппен өрлеп келеді. Ұйықтай қоймаған тентек немереге көрі әже айтатын гөйгөйдей жаныңды жайбарақаттыққа шақыратын қоныр әуез. Құлағыңды құнықтырып, көкірегіңді күмбірлетіп барады. Қунақ жортып, жайсаң жаратылысқа, әдемі әуенге, астыңдағы аршыңды атыңа қуана қарайсың. Иә, «нағыз қазақ–қазақ емес, нағыз қазақ–домбыра». Осы бір үзіндіні оқып отырып, ұлтымыздың аса қасиетті құндылықтарының бірі қоныр домбырадан күмбірлеген күйді өз құлағыңызбен естігендей боласыз. Көз алдыңызға талай тарихқа куә болған кең байтақ қазақ даласы елестейді. Бұл да қаламгердің ұлттық құндылықтарды шығармада шебер түрде суреттей білгенінің айқын дәлелі.

Дәл осы әңгімедегі:

– Жеңеше, сүйінші, сүйінші!

– Мына бала не дейді. Қызыл танау боп жүгіріп келеді ғой өзі. Дәулет келіп жүрмесін... – деген үзіндіден ұлт өмірінде маңызды орын алған «сүйінші беру» концептісін кездестіреміз. Байқағанымыздай, баланың «сүйінші» деген бір ауыз сөзінен-ақ жеңгесі бір қуанышты жайттың болғанын сезіп қойды. Автор бұл тұста қазақ халқының салт-санасын өте ұтымды көрсете білген.

«...Бұл кіргенде үйдің іші ығы-жығы. Төрде, атасының төңірегінде осы ауылдың шалдары. Екі-үш кемпір ошақ жақтағы кебезенің алдында әлі есін жия алмай отырған енесін ортаға алыпты. Екі-үш әйел дастарқан жайып, пішенші ауылдың кебезелерінде қалған ірімшік-құртты табаққа сап әкеліп, ортаға төгіп жатыр» . Ал мына бір баяндау арқылы «автор көрші ақысы – Тәңірі ақысы» деген қазақ даналығын дәлелдей түскендей. Автор қолданған бұл деталь көршілік қарым-қатынасқа селқос қарайтын бүгінгі қоғам үшін үлгі боларлық.

Осы «Ажар» әңгімесінде ұлтымызға тән тағы бір тамаша қасиет былайша баяндалған:

«...Мына отырған Ажар бұл үйге ұшырармын деп ойлап па еді. Бір күні кешке оралса момын әкесі шолжандай енген ерке қызынан қысылып, қызарып кетті. Жатарда әкесі түзге шығып кеткенде, шешесі бүгін біреу сөз салып келгенін құлаққағыс қылды».

Қызға қонақ ретінде қараған халқымыз бой түзей бастаған қыз баласын кешіктірмей құтты қонысына қондыруға аса зор мән берген. Сол арқылы ұрпақ болашағына қаншалықты жауапкершілікпен

қараған халқымыздың даналығын байқаймыз. Ата-ананың баласын құтты орнына қондыруда, жар таңдауда тегіне, тектілігіне қарауы да жайдан-жай емес. Философ ғалым А.Тайжанов: «Ұлтқа рух беретіндер тектілер. Тектілік-қасиет. Этномәдени тәрбие тектіні, дарынды, дананы, талантты құрметтеуге үйретеді» деген екен. Осылайша жүрегі елім деп дүрсілдейтін жазушы өрнекті сөз, жатық тілімен исі қазақтың қанына сіңген қасиетті ұғымдарды, салт-сананы, ұлттық тәрбиені, жан-дүниесіндегі құндылықтарды жеткізуге ұмтылады. Қаламгер ұлт байлығын аша түсуде этнографиялық өрнектерді қолданады.

«Күй» повесінде адамзат атаулы ойлап тапқан жаза түрлерінің ішіндегі ең қатыгезі, адамдық қасиетке жат жаза «тұтқын басына кепеш кидіру» көшпелі тайпалар арасындағы ежелден келе жатқан шара ретінде суреттеледі. Басына кепеш киген тұтқын жадынан айрылып мәңгіртке айналады. Мәңгірттік ұғымын қазақ әдебиетінде осы шығарма арқылы көріп, сипатын танысақ, жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» («Ғасырдан да ұзақ түн») романында «Найман ана» аңызынан анасын өлтіруге дейін баратын қасіретін көріп жанымыз түршігеді. Екі жазушының да пікірі бір – санамды, санамдағы тілім мен дінімді алғанша жанымды ал. Ә. Кекілбаев осы пікірін киелі домбыра үнімен, кейіпкердің ішкі толғанысымен жеткізеді.

Күй – қазақ халқының өмірінде ерекше орыналатын өнер туындысы. Адамның жан-дүниесін рухани байытып, көңілін көтеріп қуантатында, еңсесін басып күнірентетін де, жабыққан сәтте жұбантатын да қасиетке ие өнердің бірі осы күйшілік болғаны анық. Қазақ халқында күй аңызы өз алдына бір сала. «Күй» повесін негізгі идеясы – бейбітшілік пен адамгершілік үшін күрес. Қаламгер шығарма идеясын ашу үшін де ұлттық тәрбие көздеріне сүйенеді. Шығармада түркімендер мен қазақтардың әдет-ғұрпын салыстыра келіп, ата-бабаларына асберу салтын мына бір жолдарда былай көрсетеді: «Алты тұтқын бір сәт уайымды ұмытып, түркімендердің асы қандай болады екен деп, айналасына қызыға қарасты. Қазақтардағыдай ашылып-шашылып жатқан бұлар жоқ. Қазақтың асындағыдай қарқ-қарқ күлкі де, өжендескен дау-жанжал да, шырқырап көкке сермеген ән де, тартылған күй де жоқ. Беліне шарқыт буып, қыз-келіншек жиылған жерлерді төңіректен, жер бетіне сыймай желпініп жүрген жігіт-желең де көрінбейді. Қатар-қатар үй де тігілмеді, шолпылары сылдырлаған қыз-келіншектер де әкелінбеді. Шапса шашасына шаң жұқтырмас арабықан ағызба арғымақтар да ертеден қара кешке дейін

қаңтарулы тұрды». Бұдан көретініміз, ешбір жұртпен салыстыруға келмейтін қазақ халқының кеңпейілдігін, даладай дархан көңілін, қонақ жайлылығын салыстыра көрсеткен.

Әбіш Кекілбаев тілі – бай, образды, ойлы. Оның суреттері де жарқын, нақты. Сонымен қатар көркемдік құдіреті де өзгеше. Ол ежелгі аңыз-әңгімелерді заманауи суреттеп отырып-ақ, бүгінгі күннің сарасынан өткізіп, тарихи-пәлсапалық қорытынды шығаруға машық. Шығармаларынан ұлттық құндылық ұлттық рухпен қана мықты деген тағылым ұсынады. Әбіштің тағы бір ерекшелігі – өзін өзі қайталауға, әдеби вариацияға, бұрын пайдаланған жайттарды шиырлауға жоқ. Әбіш тілге де, тілден шыққан сөзге де тамыршыдай талғаммен, үлкен ойлылықпен сөйлем құрайды және оны ақ қағазға түсіргенде қасиетті де дуалы сөйлемдер пайда болады. Адам баласына қалай өмір сүруді емес, не үшін өмір сүруді жеріне жеткізе түсіндірген Әбіштің үні әлем әдебиеті шыңының ұшар басында тұр. «Шыңырау», «Бәйгеторы» туындыларында үлкен ағысты кең тыныспен классикалық натурализм мектебі көрініс табады. Осыған дәлел – қазақтың қияли аңыз-әңгімелерін керемет суреттей отырып, бүгінгі күннің ой сүзгісінен шебер өткізіп, қиюластырып, тарихи түйін түйіп тастайды. Аңыз-әңгімелерді жаза отырып, оның мәніне талдау жасап, адамдардың мұратына жетуі де, уайым-қайғылары жетегінде кетуі де бойындағы күш-жігерінің, рухының әлсіз-мықтылығына байланысты деп дәл шынайы түрде алдыңызға ұсынады. «Шыңырау» повесі – төзімділіктің, еңбекқорлықтың, кәсібіне адалдықтың ескерткіші. Құдық жазушы Еңсептің бастаған ісін бітірмей тоқтамайтыны, ол жолда көзіне ешнәрсе көрінбейтіні шығармада өз бояуымен баяндалған. Қазақ халқының бастаған істі аяқтайтын, уәдеге беріктік мәрт қасиеті бір ғана Еңсеп бейнесімен бере білген. Құдық шын мәнінде сыртқы фон, автордың негізгі айтпағы жұртымыздың тектілігіне, сөзге тоқтайтын мәрт мінезіне шөк келтіретін жағымсыз даңғойлық, көрсекызарлық, іштарлық, дүни еқоңыздық, бөсекелестік секілді дерттерден аулақ болуға шақырады.

Автордың «Бәйгеторы» повесі – қазақтың атбегілік өнеріне арналған ескерткіш. Қазақ жазушылары ішінде тұлпарлар тарихын жазбаған жазушы немесе ақын жоқ десе де болғандай. Әсіресе, осы алпысыншы жылы әдебиетке келген қаламгерлер арасында. «Бәйгеторы» сол циклді толықтырған туынды. «Қазақ халқының ұлттық құндылық ерекшеліктерін айқындау барысында екі өнер түрін жан-жақты білу аса қажетті. Бірі – күйшілік, екіншісі – атбегілік. Осы екі өнердің қазақ қоғамының ажырамас бөлігі

болғаны ақиқат. Эстетикалық құндылығы жағынан жоғары сатыда тұрғаны да осы екі өнер»

Бәйгеге қосатын атты баптау, оны құлын кезінен тани білу өз ісінің маманы, нағыз атбегінің қолынан ғана келетін дүние. Атбегінің қолынан келген барша қазақтың қолынан келмесі анық. Атқа ықыласы ауған халықтың ішінде бұл өте қастерлі іс.

Егер күтімі болмаса кез-келген жануардың азып-тозары анық. Ал тұлпарды дұрыс бағалай білмеген, бабын таба білмеген адамның тұлпар бағын қайтарары тағы анық. Мұндай тарихты бастан кешірген тұлпарлар жайлы баяндар қазақ әдебиетінде молшылық. Дегенмен, Әбіш Кекілбаевтың «Бәйгеторы» повесінің орны ерекше, себебі автор ұлттық өнеріміз атбегілікті дәріптеп қана қоймай, құндылықтарымызды бағалайық деген ой тастайды.

Иә, ер есімі – ел есінде. Ұлтын сүйген ұлағатты жазушының артында мәңгілік өлмес «Дала балладалары» қалды. Ә. Кекілбаев әңгімелері ең алдымен, адамның рухани байлығын, адамгершілікті, қазақ халқының құндылықтарын ту етіп көтереді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. h Әбдіков Т. Өзгенің уайым-қайғысын өз жүрегіңмен сезіне бастағанда ғана қол жүреді // Жас Алаш. – 1997. – №134.
- 2 Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Өлке, 1999. – 400 б.
- 3 Дәстүр: ұғым мен тәсіл. – Алматы: Жазушы, 2005. – 215 б.
4. Исаәділ А. Қазіргі әдебиеттегі қазақ бейнесі. Ол қандай? // Қазақ әдебиеті №8, 2003.
- 5 Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. - 301 б.
- 6 Тілеужанов М.М. Қазақ тағылымы. – Орал, 1994.-192б.
- 7 Назарбаев Н.Ә. Өзекжарды ойлар.- Алматы: Мектеп баспасы, 2003. 41-6
- 8 https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder21027/A_%D0%9A%D0%B5%D0%BA%D0%B8%D0%BB%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2.pdf
- 9 <https://infourok.ru/user/zhapparova-gauhar-abdirahimovna/blog/bish-kekilbaev-shiarmalarindai-ana-beynesi-ilimi-zhmis-152168.html/>
- 10 https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/58956/
- 11 http://emirsaba.org/pars_docs/refs/9/8051/8051.pdf
- 12 https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/58956/
- 13 <https://anatili.kazgazeta.kz/news/54479>.

АТА САЛТЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

ХАВАЗМАТОВА Ү. Р.

11 «А» сынып, № 109 ЖОББМ, Шымкент қ.

ТАШАЛИЕВА Ү. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 109 ЖОББМ, Шымкент қ.

Қазақ – байырғы заманнан бастау алған күрделі де бай тарихы, сан қырлы мәдениеті, қайталанбас салт-дәстүрі мен салт-дәстүрі, этнографиялық климаты сан алуан, бауырмал жүрегі бар кең байтақ, қонақжай халық. Халқымыздың болмысын зерттеген этнограф ғалымдардың айтуынша, қазақтар бейбіт күнде табанды, соғыста төуекелшіл, ақылды да ойлы, сабырлы да төзімді, сабырлы да жомарт, мейірімді де қарапайым, ақкөңіл де ілтипатты, мейірімді де әділ. Қазақ «Ат тұяғын тай басар» демекші, кейінгі ұрпақтан ата дәстүрін бұзбауды, ұмытпауды талап етеді.

Ұақыт өте келе әдет-ғұрыптар өзгерді, өзгерді, қоғамға бейімделді. Жаңа қоғамдық қатынастарға сәйкес келмейтін дәстүрлер өмірге қажетті жаңаларымен ауыстырылады. Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістер. Бұл қоғамдық ұйымдар мен адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің рухани негізі. Салт-дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел дәстүрге бай. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, инабаттылық, мейірімділік – ең жақсы дәстүрлердің бірі. Қасиетті қазақ халқының салт-дәстүрлері өте көп.

Соның ішінде ұмытылып бара жатқан салт-дәстүріміздің бірі «Ерулік» іздеп, сіздерге ұсынамын. Ата-бабамыздың салт-дәстүрінде үйге атпен келген жолаушы құдайы қонаққа мал сойып, кең дастархан жайып, тұздан дәм татқан. Жаңа ауылға келе жатқанда ауылдың жанынан өткен көшпелілерге ақ қымыз, қымыз, шұбат, айран берілді. Түскі немесе кешкі астан кейін қонаққа тәтті түскі ас берілді. «Жолыңыз әдемі болсын», – деді ол. Ауыл іргесіндегі отбасына дәмді түскі ас берілді. Жас жұбайлар көршісін де шақырып, алғашқы қонағы «Тана тағар» ұсыныпты.

Қазыбек бидің айтуы бойынша:

«Біз қазақтар мал өсіретін елміз,

Бірақ, біз ешкімді жеңбейтін елміз.

Елімізден байлық қашпасын,

Жау жерімізге басып кірмесін деп.

Біздің ел найзаның ұшымен.

Жау басып көрмеген ел,
Сөз жоқ елміз.
Досымызды аман алып қалған ел
Біз талғамды ақтай алатын елміз» деген.

Ата-баба дәстүрін қастерлеу – қазақтың халық педагогикасының ұлттық санасы.

«Атадан бала туады, әкеден ел болады» демекші, халық атадан қалған жақсы қасиеттерді кейінгі ұрпаққа жеткізіп, жақсылыққа тәрбиелейді. Рулық дәстүр бойынша ең алдымен кейінгі ұрпақтың міндеті – әкені, одан кейін атаны, арғы атаны ардақтап, олардың алдындағы борышын өтеу. Ұрпақ парызы – ана сүтін теріп, енбек ету, ата дәстүрін қастерлеу, осы дәстүрді жалғастыру, адамгершілік қағидаларды қатаң сақтау. Ата-баба мұрасы саналатын тәуелсіз мемлекетімізде салт-дәстүрді ұмыту мүмкін емес.

Ендеше бұл елдің ертегісі – салт-дәстүрімізді жастардың бойына сіңіріп, ғасырлар бойы жалғасатын тәрбиенің қайнар бұлағы болуы. Өскелен ұрпақ халқымыздың тамаша дәстүрлерінің бірі – «Ерулік» туралы білуі, әрбір туындыны ұлттық негізде жасауы керек деп ойлаймын.

Қазақстан әлемдегі ең үлкен тоғыз елдің қатарына кіреді. Жоңғар шапқыншылығына дейін қазақтар ең көп түркі халықтары болды.

Мұны түрікмендердің «Қазақ көп немесе Масақ көп» деген мақалы көрсетеді. Халықтың өз жерінде азшылыққа айналуы қазақ сияқты тарихында талай рет қасірет шегіп, талай зардап шеккен елде ғана мүмкін. Ата-бабамыз сан ғасырлар бойы ұрпақ бойына отаншылдық рухты сіңіріп, қан төгіп, білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен сыртқы жаудан қорғануды өсиет етіп келеді. Десек те, жастарды ұлттық үрдіске тәрбиелеуде маңызы зор, өмірден өтіп келе жатқан көптеген салт-дәстүрлерден айырылып қалғанымыз белгілі.

Өмірдегі барлық түңілулер, адамға көлеңке түсіретін жамандықтардың бәрі елдің салт-дәстүрінің тұрақсыздығынан болатыны белгілі. Ұлттық тәлім-тәрбиеден артта қалған жастардың да отаншылдық сезімі азап шегетінін өмір көрсетіп отыр. «Рулық дәстүрің – ұлттық ұстанымың» дегендей, бұл – халқымыздың қадір-қасиетінің айғағы, оны барынша құрметтеп, құрметтеу – халқымызға, елдігімізге сын. Құлаққа, көзге, сезімге, ортақ мұраға, өзге елде кездеспейтін әдемі салт-дәстүрлер мақтаныш сезімін тудырып, ұлтжандылыққа, елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Қазақ халқының рухани өмірінде үлкенге құрмет, үлкенге ізет, балаға жанашырлық, жастарға қамқорлық, ата-анаға құрмет, әйелге

жанашырлық таныту игі дәстүрге айналған. «Мықты бол, досқа адал бол» қазақ халқының негізгі мінез-құлқы. Қазақ халқы ежелден қонақжай халық. Олай болса, қонақжайлылыққа тоқталайық.

Әрине, жаңадан бастағандар алдымен үйренгісі келмейді.

Сөйтіп, біздің данышпандарымыз бір қулыққа бармақшы болды: бұрынғы қоныстанушылар қоныстанғандардың үйін салып, көрші болып, өз кезегінде қоныстанушылар мен олардың балаларын үйлеріне шақырып, бір-бірімен танысып, танысады. Ересектер де, балалар да бір-бірін ақылсыз кезде таниды. Егер иммигранттар жас болса, оларға ыдыс-аяқ, сондай-ақ бірінші қажетті заттар берілді. Осындай жақын араласудың нәтижесінде бейтаныс адамдар туысқандай болып кетеді. Бұдан былай олар бір-біріне қарайтын болады. «Досының жауы көп болмайды» деген сөз бар. Достарымыз көп болған сайын, біз күшейеміз.

Әр елді мекеннің жазылмаған заңдары бар, көптен бері жүргендер жаңа көршілерін осы заңдармен таныстырады, сондай-ақ мекемелердің (мектеп, аурухана, басқарма, т.б.) мекенжайларымен таныстырады. Бүгінде, әсіресе ірі қалаларда бұл дәстүр, өкінішке орай, ұмыт қалды. Әдетте «Көршің кім?» Көптеген адамдар сұраққа жауап береді: «Мен қанша жыл өмір сүретінімді білмеймін». Демалыста немесе іссапарда көршілеріңізден пәтеріңізге қарауды сұрасаңыз, көңіліңіз қалмайды. Қонақ аяғына жығылып қалса, келіп көмектеседі. Кейде ешкімге айтпаған сырынды көршіңе айтасын. Олардың кейбірі тарихи отанына оралса да, қазақ халқының жақсы қасиеттерін ұмытпайтынын БАҚ-тан естіп жүрміз. Сондықтан асыл дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу керек.

Қазақтың салт-дәстүрі – ежелден келе жатқан дәстүр Қазақтар күрделі де бай тарихы, алуан түрлі мәдениеті, ерекше салт-дәстүрі, этнографиялық климаты, ежелгі тамыры бар шексіз даласы бар кең байтақ әрі қонақжай халық.

Халқымыздың мінез-құлқын зерттеген этнограф ғалымдардың айтуынша, қазақтар дүниеде табанды, соғыста тәуекелге бейім емес, ақылды да ойлы, сабырлы да төзімді, сабырлы да кең пейілді, мейірімді де қарапайым, мейірімді де әдепті, қайырымды да әділ. Қазыбек би: «Біз қазақ малын өсіргенмен, ешкімге өкпелемейтін елміз. Жау басып көрмеген ел, тіл қатпаған ел.

Ата дәстүрін ардақтау – қазақтың халық педагогикасының ұлттық ұжданы. «Атадан бала тусайшы, ата жолын құсайшы» деп, халық атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келесі ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелейді. Ата дәстүрі

бойынша ең әуелі әкені, содан соң атаны, ата-бабаны құрметтеп, солардың алдында ұрпақтық қарыздарды өтеу – кейінгі ұрпақтың міндеті. Ол ұрпақтық борыштар: ананың ақ сүтін, еңбегін өтеу, ата дәстүрлерін құрметтеп, одан әрі ол дәстүрлерді жалғастыру, адамгершілік қағидаларды қалтқысыз орындау болып табылады. Тәуелсіз мемлекетімізде ата-бабамыздан қалған қазынаның бірі салт-дәстүрлерді ұмыту мүмкін емес. Ендеше осы елдің ертені жасөспірімдерге салт-дәстүрімізді насихаттай отырып, ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан тәрбие көзін мақсат ету. Әр жұмысты ұлттық негізде құра отырып, халқымыздың тамаша салт-дәстүрінің бірі – «Ерулік» жөнінде кейінгі ұрпақ жан-жақты білуі тиіс деп ойлаймын. [1.40] Қазақстан – ұлан-байтақ территориясы бар әлемдегі ең үлкен тоғыз мемлекеттің бірі. Жоңғар шапқыншылығынан бұрын қазақтар ең көп санды түркі халқы болған секілді. «Қазақ көп пе, масақ көп пе» деген түрікмен мәтелі осыны меңзейді. Халықтың өз ата қонысында азшылыққа айналуы – қазақтар секілді өз тарихында әлденеше рет жойқын қасіретке ұшырап, тағдырдан көп теперіш көрген елде ғана болатын жәйт. Кең-байтақ атамекеннің әрбір қарыс сүйемін сан ғасыр бойы ата-бабамыз сыртқы жаудан сом білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қан төгісіп, жан берісіп қорғап, ұлтжандылық, отансүйгіштік рухын бойға сіңіруді келер ұрпаққа аманаттаған. Алайда тіршілік тезінен өткен, жастарды ұлттық үрдіске тәрбиелеуде маңызы бар көптеген дәстүрімізден де жазып қалғанымыз белгілі. Өмірдегі бар сүренсіздік, адам бойына көлеңке түсіретін бүкіл жаманшылық атаулы ата салтына, елдік дәстүріне солқылдақтықтан екені белгілі болып отыр. [1.56] Ұлттық тәрбиеден қағажу қалып бара жатқан жастардың отаншылдық сезіміне де кесірі тиетінін өмір дәлелдеп береді. «Ата салтың – халықтық қалпың» дегендей, өз жұртының қадір-қасиетінен мәлімет беретін ғұрып қасиетпен, оған мейлінше құрметпен қарау – ұлтымызға, елдігімізге сын. Тындар құлаққа, көрер көзге, сезінер жүрекке танымал, басқа елдерде жоқ дәстүр өрнектері, ортақ мұралары, тұрмыс-тіршілігіндегі керемет салт-ғұрпы мақтаныш сезімін тудырып, жұртшылықты жалпы отаншылық пен елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды міндет атқармақ. Қазақ халқының рухани тіршілігінде, қарттарды құрметтеу, үлкендерді сыйлау, балаларға жанашырлық, жастарға қамқорлық ету, ата-ананы ардақтау, әйелдерді аялау ізгі дәстүрге айналған. «Қасқа қатал, досқа адал болу» – қазақ халқының негізгі мінез-құлқы. Қазақ халқы тарихтан бері өте меймандос халық болған. Сондықтан меймандостықтан әдет-ғұрпын айта келсек.

Ерулік – көшпелі қазақ халқының салты

Қазақ этнопедагогикасының үлкен бір саласы – қазақ халқының салт-дәстүрлері. Халық жақсы әдеттерге үйренген сайын халықтың тұрмыс-тіршілігінде қалыптасқан әдет-ғұрып, әдет-ғұрыптар әдетке айналды. Өмірде салт-дәстүр, ырым мен әдет-ғұрып, ырымдар мен тыйымдар, әртүрлі наным-сенімдер қолданылады. Ол үнемі дамып, жетіліп, жаңарып отырады. Қазақ халқының салт-дәстүрі осы ұлттың мінез-құлқын, қасиетін көрсетеді. Кейбір салт-дәстүрлер халықтың тұрмыс-тіршілігіне, тәрбиесі мен мінезіне, наным-сеніміне, ырымдарына байланысты қалыптасады. Қазақтың «ат тұяғын тай басар» деген сөзі кейінгі ұрпаққа ата дәстүрін бұзбауды талап етеді.

Салт-дәстүр – көсібіне, сеніміне, тұрмысына байланысты салт-дәстүрлер. Ол ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Уақыт өте келе әдет-ғұрып өзгерді, өзгерді, қоғамға бейімделді. Жаңа қоғамдық қатынастарға сәйкес келмейтін дәстүрлер өмірге қажетті жаңаларымен ауыстырылады.

Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістер. Бұл қоғамдық ұйымдар мен адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің рухани негізі. Салт-дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел дәстүрге бай. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, мейірімділік, мейірімділік – ең жақсы дәстүрлердің бірі.

Қасиетті қазақ халқының салт-дәстүрлері өте көп. Соның ішінде ұмытылып бара жатқан салт-дәстүріміздің бірі «Юраизмді» іздеп, назарларыңызға ұсынамын. Ел аузындағы аңыз бойынша ата-бабаларымыз қонаққа мал сойып, кең дастархан жайып, дәм татқан. Жаңа ауылға барар жолда жолаушыларға ақ қымыз, шұбат, ақ қалпаққа толы айран ұсынылды. Түскі немесе кешкі астан кейін қонаққа тәтті түскі ас берілді. «Жүргеннен ләззат алыңыз», - деді ол. Отбасы ауыл маңында дәмді түскі асты ішті.

Ерлі-зайыптылар сонымен қатар алғашқы қонағы көршілері Тану Тағарды шақырды.

Көшпелі қазақ халқы көші-қонды ең басты нәрсе деп санаған. Көш қазақ үшін мерекеге айналды. Қазақтың санасында қозғала алмаудан асқан қорлық жоқ. Қоныс аударған күні қазақтар шеруде киінбейтін жақсы киімдерін киіп, көшеде тойлайды, түйенің оң жағына кілем тігеді. Балқытатын елді мекендерге келіп, қонған елді мекенді жауып, қоштасып, жүк түсіріп, үй салып, «допты» өткізді.

Бұл ақымақтық дастархан сүйрету, шай тасып, қымыз қамшы, тіпті қой сойу. Бұл шаршаған туыстарға құрмет пен қамқорлық

болды. Бұл істер ағайындылардың арасында «жүріп жүруге арналған қару» ретінде ауысып отырады. Қазақ мұны «ағайын батасы» дейді.

Көш жүретін ауылдардан өткенде жұрт тоқтамайды. Олар үстінен ішеді. Қазір бұрыннан келген тұрғын үйге жаңадан келген адамды шақырады.

Бұл жаңа адамдарды тартудың және оларды құрметтеудің тамаша белгісі. Оның әлеуметтік мәні бар. Мысалы, жаңа үйде отын да, су да жоқ. Оны әкелу үшін біраз уақыт керек. Қазақтың осынау ойлы дәстүрі оны ұмытқан емес.

Бүгін осы қасиетке жұрнақ бар ма деп ойлаймын. «Қонақ күтеміз, үйде қонақ қабылдамаймыз» деген сөзден аулақпын. Дегенмен, үйде байқамайынша, ешкім кіре алмайтын асыл қасиеттен алыстап бара жатқан сияқтымыз. Қазақтың үйін сағынбайтын ежелден келе жатқан салтының бірі – дәм тату. Қонақжайлылық ережелерінің құрамдас бөлігі.

Ал бүгін ше? Ас әзірлеуді білмейтіндер ғана емес, көршісің танымайтындар да бар. Үйді биік бекініспен қоршап, темір қақпалармен бекітіп қойдық, онда адамдар тұра алатын, тышқандар өте алмайтын. Бұл әрекет ауылға жат болса керек. Бірақ ол да қарқын алып жатқан сияқты. Өйткені «ақымақ тамақ бердім», «ақымақ тамаққа бардық» деген сөздерді сирек естиміз.

Ұлттық құндылықтарымыздың қайнар көзі қарт адамдар екенін білсек, олар қашанда қанша жаста болады? Өйткені, ол басқа біреудің кемесімен «барлық жерде» жүреді.

Ал бүгінгі сақалдар оны алмастыруға тырысып, ежелгі әдет-ғұрып ережелерін елемейтін сияқты. Мен бұл туралы көп ойланбаймын, бірақ бұл рас па?

Енді тағы да салт-дәстүрге тоқталайық. Қалжындау дәстүрі барша қазаққа ортақ дәстүр. Ағайынды араластырып шақыру дәстүрі. Бірін-бірі танытын, бірін-бірі танытын, бірін-бірі танытын, бірін-бірі танытын адамдар. «Құдай көрші қосады» деген сөздің астарына үніліп қарасаңыз, бұл жақындық сияқты. Қазақ та: «Ауылдың сиыры ағайынның атының алдында жүрсін» деген.

Қазанға байланысты ырымдарды бұрын жезөкшелер жасағаны белгілі. Елестетіп көріңізші, апалар нағашылары мен нағашылары қандай тағам беру керектігін және қандай сыйлық беру керектігін айтады. Олардың салт-дәстүрді күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналдыруға талпынуының мәні неде?! «Алданбасын, алданбасын» деген ниет елді біріктіреді. Бұл ырым. Ақымақ ферманы жеген жаңа көршісінің әйеліне тағы бір еркелік жасалды.

Бұл тілек. Аты айтып тұрғандай, ол қонақүйде өзіне ұнағанның бәрін алғысы келетінін айта алады және иесі оны беруі керек..

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. С. Кенжеахметұлы. Алматы. «Ана тілі»1994 ж.

2 Жеті қазына. С.Кенжеахметұлы. 1-кітап. Алматы. «Ана тілі»2003ж.

3 Қазақ мақал- мәтелдері. Алматы. «Қазақстан» 1990ж

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНДЕГІ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

ХАМИТОВА Н.

9 сынып оқушысы, № 25 қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.
ТАШИЕВА Ж. С.

тарих пәнінің мұғалімі, № 25 қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.

Тәуелсіздік дәуіріндегі тарихи өзгерістердің ауқымы маңызды, бұл өнертанушыларды ХХІ ғасырдағы Қазақстанның көркем мәдениетінің басты бағыттарын теориялық тұрғыдан зерделеу қажеттігін алға қояды. Қазіргі ғасырлар тоғысында бір-біріне қарама-қайшы екі үрдіс өрбіп келеді. Бір жағынан – ұлттық мәдениеттерді дамыту, екінші жағынан – интеграция мен жаһандану, әлемдік желі және гаджеттер негізінде әлемдік мәдениетті біріктіру. Өмірдің жаңа мұраттары қалыптасып, адамның өмір сүру салты өзгереді. Дәл осындай өтпелі кезеңдерде дәстүр мәселелері өзектілікке ие болуда.

Дәстүр бастапқы түсінікте дәстүрлі этникалық мәдениетке немесе оны жекелеген бөліктеріне негізделеді, мысалға: фольклор, халық өнері және басқалар. Бұл ретте дәстүрге қатысты барлық нәрсе жақсы, шынайы, байырғы деп бағаланады. Философияда дәстүр (лат. traditio – жалғастыру) «әлеуметтік және мәдени мұра элементтерінің» жиынтығы ретінде ғана емес, ол ұрпақ тәжірибесінің, уақыт пен дәуірлердің тұрақтылығы мен сабақтастығын тиянақтайтын, «әлеуметтік және мәдени мұра элементтерінің болмысы мен ұдайы өсімінің тәсілі» ретінде анықталады [1, 87 б.].

Сәндік-қолданбалы өнер халықтық өнерге тән. Ол әр халықта көркем пластикасымен ерекшеленгенімен, рухани көркем

тәжірибесінің бірлігін айқындап тұрады. Әр заманның көркем санасының өзгеруінен сәндік- қолданбалы өнері де жаңаша көркем ізденістерден жаңа көркем пластиканың тілімен толықтырылып отырады. Жаңашылдықтың бастапқы көркемдік ойын сақтай отырып, жаңаша инновациялы ізденістерге жол ашады.

«Қолданбалы өнер негізінен тұрмысты безендіру үшін қолданылса да, оларға эстетикалық мән беріп, бұл пайдалы заттарды өнер туындыларына айналдырады.

Ол арқылы (халық шығармашылығының басқа да түрлерімен қатар) қалың бұқараның эстетикалық сезімдері, көркем талғамдары қалыптасады» [2, 327 б.]. Демек, қолөнер бұйымдары сәндік мақсатты да алға тартып, көркемдік құрылымын да қалыптастырды.

Қолданбалы-сәндік (халықтық) өнер туындылары көркемдік-эстетикалық мәдениетпен «тікелей» жанасуға, заттық әлемнің нәзік сұлулығын сезінуге, мәдени бейнелеу кешендерінің халықтың тұрмысымен байланысын көрсетуге мүмкіндік береді. Халық шеберлігінің мектебі – оның сабақтастығының арқасында сақталып келеді. Атадан балаға мұра етіп қалдырылған қолданбалы-сәндік өнер түрлері халықтың рухани байлығының қайнар көзі. «Сабақтастық – бұл өз кезегінде атадан қалған мұраны ұрпақтарға жеткізу ғана емес, сонымен қатар осы тәжірибені өз шығармашылық жетістіктерімен байыту.

Сәндік-қолданбалы өнердің эстетикалық-көркемдік құндылығының мәселелері әлем туралы адам түсінігінің күрделі және маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Заттық-кеңістіктік орта адамның өмір сүру үдерістерін қалыптастыру мен ұйымдастыруда жауапты рөл атқарады. Бұқара халық әрдайым ұрпақтан-ұрпаққа өмірлік мысалдар мен тәжірибелер арқылы, сондай-ақ көркем бейнелеу кешендері (бейнелеу, ою, кесте тігу, тоқу, зерделеу) арқылы берілетін ежелгі рулық дәстүрлердің сақтаушысы болып табылады. Халық шығармашылығының көркемдік-эстетикалық анализі ұлттық өнерге үлкен қызығушылықтың туындауынан жүргізілуде. Жаңа Тәуелсіз дәуірді бастаған халық «Ұлттық кодын» анықтап, өзін-өзі тануға талпынуда.

Адамдардың рухани өмірін жаңғырту дәстүрлі көркем-эстетикалық тәжірибені зерттеу негізінде жүзеге асырылуы тиіс, оның этикалық-гуманистік мағынасы «бірхалықтық тұтастық» білдіретін «Адам және әлем» аспектісінде шынайылықты терең ұғынуына сәйкес келеді [3, 5–6 б.]. Бұл ретте сәндік- қолданбалы өнер туындыларының көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін

зерттеу маңыздылығы артады. Себебі, қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандыру және оның дамуы көп жағдайда бұқара халықтың энергиясына, бастамашылдығына, шығармашылығына байланысты.

Түстік шешімдердің ең айқын эстетикасы қазақтардың материалдық және көркем мәдениеті заттарында көрініс тапқан. Осыған байланысты қазақ халық өнері бұйымдарына тән түс үйлесімділігі мен түс символикасын, декор мәселелерін қарастыру, түстің рөлі мен дәстүрлі түс реңктеріне байланысты тақырыптың маңызды аспектісі болып табылады.

Сәндік-қолданбалы өнер заттарында қазақ халқының түстік шешімдерінің ерекшелігі байқалады. Сәндік-қолданбалы өнер заттарында байқалған жоғары көркемдік деңгей жергілікті табиғаттың сұлулығын көрсетті. Халық шеберінің сиқырлы қылқаламының негізгі палитрасы тірі табиғат көзінің байлығын өсімдік тектес, зооморфты және космогониялық өрнектерде суреттеді. Өз есімдерін қалдырмаған халық шеберлері көркем шеберліктің шынайы жауһарларын жасады. «Ежелден қазақ шеберлері қолымен түсі және ою-өрнегі жағынан керемет үй тұрмысына қажетті заттар жасалған: маталы алаша, бау, басқұр, ши тоқу, түрлі-түсті киізден тігілген және жүнмен, жібекпен және қағаз жіптермен тігілген сырмақ, текемет кілемдері және т.б. Бұйымдар түстерді таңдауда мінсіз талғаммен және ою-өрнекті сарындарды жасауда өнертапқыштығымен ерекшеленді. Шеберлер түстік гамманы таңдауда екі-төрт бояумен жиі шектелді, бірақ осының өзімен тамаша үйлесімге қол жеткізе алды. Бейнелілік, жарқындық олардың туындыларына жыйнақылық пен оптимизм белгілерін сыйлады. Қолданбалы өнер бұйымдарындағы бірде-бір түс басқасына зиян келтірмеген, бірде-бір ою-өрнек сарыны шынайы шедевр болып табылатын тұтас үйлесімді әсерді бұзған емес» [4, 9 б.].

Қазақ халқы өзіне дейінгі әртүрлі тайпалардың көпғасырлық дәстүрлерін бойына сіңірген. Олардың бейнелеу өнерінің жетекші нысанына айналған ою-өрнекті шығармашылығы нақты объектілерді қайта жаңғырту жолымен емес, оның мазмұнын шартты түрде абстракциялық түрде беру жолымен дамыды. Әдетте, бейнелер тұтас емес, қандай да бір бөлшекті, соның ішінде оның ең маңызды бөлігін ауыстыру қағидаты бойынша бейнеленген. Ою-өрнектің пайда болу алғышарттарының бірі отбасы, ру, тайпаның заттарын ерекше белгілермен белгілеу қажеттілігі болды. Бірте-бірте бұл белгілер-символдар эстетикалық, этнобелгілік, сиқырлы, діни көзқараспен қарала бастаған оюдың өрнектелген мәнерлілігін бойына сіңірді.

Сәндік-қолданбалы өнердің шығу тарихы тым тереңде екені мәлім. Оның қай саласын алып қарамасақ та өзіндік орны бар. Көркем қыш, металл, ағаш, тері өңдеу өнері, ою-өрнек өнері сонымен қатар киіз басу, тоқыма өнері болмасын қазақ халқының бабалардан қалған дәстүрлі өнерінің айнасы. Сонымен сәндік-қолданбалы өнер – материал мен сәнділік көркем синтезінің негізі ретіндегі заттың біртұтастылығы. Ол пішіндерді стилизациялау заңдылығымен тығыз байланысты.

Сәндік-қолданбалы өнер сәнді пішінде іске асырылған фигуралы, сюжетті – жанрлы пластиканы, өрнектерді құрастыру, бейнелеу өнерін еске түсіреді. Заманауи сәндік-қолданбалы өнер сәнді әдіс-тәсілдермен берілген бейнелеу мүмкіндіктерінің артқанын байқатады. Қазіргі уақытта халық өнерінің негізінде жасалған сәндік-қолданбалы өнер туындылары, оның көркем-эстетикалық мәдениетін бірегей феномен ретінде одан әрі ұғынуға алғы шарттар жасады.

Өнердегі шығармашылық бастаманың қалыптасуы мен дамуы, тұлғаның шығармашылық әлеуетінің жүзеге асуы көркемдік-эстетикалық мәдениеттің туындыда көрініс табуымен ерекшеленеді. Сәндік-қолданбалы өнер туындылары шығармашылық қиялдың қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді. Ал ол өз кезегінде дамудың жоғары сатысына жеткен шағында адам қызметінің және танымының кез-келген саласында – тұрмыста да, саясатта да, ғылымда да және тікелей еңбекте жүзеге асырылатын жалпыға бірдей адами қабілеттің туындауына әкеледі.

Сәндік-қолданбалы өнердің өз алдына жеке өнер болып қалыптаспағандығы бізге өнер тарихынан белгілі. Сәндік-қолданбалы өнердің екі қызметінің қажеттілігі мен сәнділігі біртұтас, яғни қолдан шыққан бұйымның сәнділігі, қолдану қажеттілігімен, бейнелігімен орындалған. Табылған көне қол өнері бұйымдары – түрлі жоралғыларда қолданылатын сакралды заттар қызметін атқарған. Оның пішіні, сәнділігі сиқырмен байланыстырылады.

«Авангард стилінің ерекшеліктері: оларды жасайтындар ешқандай нормалар мен дәстүрлерді мойындамайды, олар ашықтан-ашық жеке, эксцентрілік, адамдарды таң қалдыратын бұйымдар жасайды. Ашықтық, декордың көзге түсуі, материалдардың күтпеген үйлестірілуі, ойда жоқ өңдеу тәсілдерін қолдану, конструкцияның икемділігі және қозғалмалы болуы, графизм тенденциясының болуы – осының бәрі авангард стиліне жататындар.

Жоғарыда келтірілген стильдер ішінде әртүрлі бағыттар мен бірнеше микростильдер бар, олардың арасында геометриялық,

конструктивтік, бейнелеу бағыттары және бірнеше микростильдер бар, олар біріктіріліп, «төрт құбылыс» (жер, от, ауа, су) атауымен аталады» [5, 86 б.].

«Жер» тақырыбындағы зергерлік бұйымдар көлемді, әрі жеңіл, детальдары өте мұқият жасалады. Айнадай жарқыраған бетіне фактуралы және күнгірт түстер қолданылады. Ою-өрнекпен формаларының негізгі әуендеріне флора мен фауна мотивтері, сондай-ақ, Жер бетінің рельефі жатады. Мұндай бұйымдарға шынжырлар мен білезіктер, алқалар, сырғалар, түйреуіштер, көзсіз сақиналар және родонит, малахит нефрит, агат, яшма, сердолик, бирюза, інжу көздері орнатылған сақиналар жатады.

«От» тақырыбындағы зергерлік бұйымдар көбінесе тек алтыннан жасалады және көздері болмайды. Барлық декоративтік эффектілер алтынды әртүрлі тәсілдермен өңдеу арқылы және бір бұйымда қызыл түсі басымдау көп түстерді пайдалану арқылы жасалады.

«Ауа» тақырыбындағы зергерлік бұйымдар жұқа, жеңіл, мөлдір болады. Оларда екі декоративтік элемент – тор мен өрнек қолданылады. Тор тюльдің фактурасына ұқсайды, ал өрнек испан мантиниялары мен таракқа ұқсайды. Қосымша жеңілдік пен мөлдірлік эффектісіне сары алтынға бағалы емес мөлдір материалдар мен түрлі-түсті тастарды пайдалану арқылы қол жеткізеді.

«Су» тақырыбындағы зергерлік бұйымдар (алқалар, сырғалар, түйреуіштер, білезіктер) өз формаларымен сорғалаған суды еске түсіреді, оларға опал, аквамарин, хрусталь және өрнек элементтерімен көздер жасалады.

«Шығыс мотивтері – сәнге жаңа енген бағыттардың бірі. Индияның экзотикалық колориті өзінің магиялық сиқырымен тартымды. Ескі дәстүрлер мен жаңа технологиялар қосылып, стильдер мен материалдар араласады, нәтижесінде өте нәзік талғамды ханзадалар мен ханымдарға лайық зергерлік бұйымдар пайда болады. Бриллиант орнатылған алтын алқа, сырға, сақиналарда тропикалық гүлдердің, жемістердің, жәндіктердің және құстардың табиғи түрлері бейнеленген. Зергерлік бұйымдар қолтырауын, хамелеон, пантера бейнесіндегі асыл тастармен әшекейленеді. Зергерлік бұйымдар қатарын қырланбаған алмаздар, кораллдар және өңделмеген бирюза толықтырады» [6, 87 б.].

«XXI ғасырдағы халық мәдениеті мәселелерін талқылау шеңберінде ұлттық, сәндік-қолданбалы өнердің теориялық және әдіснамалық мәселелерін қарау бүгінгі таңда маңызды болып отыр. Мұндай қажеттілік соңғы жылдары халық көркем кәсіпшілігінің

ұйымдары тарапынан, сонымен қатар дәстүрлі көркем туындыларға халық арасында қызығушылықтың артуынан» [5 12 б.], – деп жазып өткендей, қолөнерге сұраныстың артуы оның жаңа қырынан дамуына серпін береді.

Тәуелсіз Қазақстанның заманауи мәдени кеңістігінде дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнер үлкен орынға ие болды. Суретші шеберлер ұлттық қолөнер арқылы әлемге Қазақстанның мәдениетінің, өнерінің ерекшелігін танытып, сол арқылы ұлттық кодымызды қалыптастырды. Заманауи сәндік-қолданбалы өнері ХХІ ғасырда дизайн саласын да қамтиды. Сәндік көркемдік құндылығы арта түсіп, ішкі интерьерде өзіндік мәнге ие болды. Қазіргі таңда этнодизайн үлгісінің қалыптасуы сәндік-қолданбалы өнердің заманауи мәдени кеңістікте жаңаша көрініс табуынан бастау алады деп есептейміз.

Сәндік-қолданбалы өнер қазақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі өнерінің бағытын ұстанып, заманауи үлгіде жаңашылдық әкелген шеберлер шығармашылығының ізденістерінің негізінде қайта қалыптасты. Осының нәтижесінде бүгінгі таңда қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің әлемдік аренаға ұсынар ұлттық үлгісі қалыптасты деп айта аламыз. Оған мысал ретінде, автордың 2001 жылы орындалған «Тамғалы тас» (1-сурет) атты туындысынан Тамғалы тас кешенінің бейнесін көретініміз анық. Бірақ, автор өзінің туындысы арқылы Жетісудың ең көне ескерткіштерінің бірі, Тамғалы шатқалының тастағы суреттер галереясын, еліміздің тағы бір мәдени мұрасын алдымызға әкелді. Туындыда бейнеленген петроглифтер Тамғалы шатқалының аса маңызды және көптүрлі ескерткіштерінің бірі болып табылады. «Тастағы суреттер галереясын арғы ата-бабаларымыз орта қола, кеш қола, өтпелі дәуір (ертедегі сак), ертедегі темір дәуір (сак және үйсін), ортағасыр (ертедегі түрік) және жаңа заман (жоңғар және қазақ) сияқты әртүрлі тарихи дәуірде құрған. Тамғалы тастағы суреттердің көне және ең әсерлі сериясын құрайтын, орта қола дәуірдің петроглифтары эстетикалық және мәдени құндылықтарға ие. Сол кездегі тастағы бейнелеу өнерінің шеберлерін солярый күдіреті («күнбастылар»), «маскарадшылар», шоқпар ұстаушылар, қасқыр маскасындағы садақшы, қару ұстаған жауынгерлер, малдар мен адамдарды құрбандыққа шалу көріністері, жас босанған әйелдер, арбалар, түрлі белгілер, символдар, сондай-ақ бұқаларды, құландарды, аттарды, түйелерді, қабандарды, қасқырлар мен бұғыларды бірнеше рет бейнелеу сияқты ойларының кендігі ерекшелендіріп тұрған».

Міне, осындай терең мазмұнды, бір бейне ғана емес, терең тарихи оқиғалар бейнеленген «Тамғалы тас» туындысы да тарихтың бір бөлшегі, құрамдас бөлігі.



Сурет 1 – А. Мұқажанов «Тамғалы тас» (тері, мыс, томпақ, 2012)

Автор картинаның дәл ортасына мысты орнатып, терідегі бейне жалпы қазақ даласы, ал оның бір бөлшегі Тамғалы тас деп мысты орналастырған іспетті. Тік төртбұрышты мыс бөлшекте жүргізілген шатпақ сызықтар кең байтақ даланы және әртүрлі бейнені елестетеді. Терінің түсі мен фактурасы табиғатты, даланы бейнелеуге өте қолайлы, сол себепті кең дала еркін көрініс тапқан. Ежелгі дәуірде петроглифтер мәдениетте хабар берудің бір тәсілі ретінде қалыптасқан болатын. Ол адамдардың өзін өзін дамытудағы жеткен жетістіктері десек те болады. Оларда әрдайым архаикалық, мифологиялық көріністер, ежелгі дәуір адамдарының ерекше қимыл-қозғалысы, салт жоралары көрініс тауып отырған. Олардың бәрі семантикалық белгі, дәстүрдің алғашқы формалары, өнердің қалыптасуы ретінде тарихта қалған [7, 60 б.].

Қорытындылай келе, Тәуелсіздік кезеңіндегі сәндік-қолданбалы өнер мысалында дәстүрлер мен жаңашылдықтың мәселелерін терең зерделеу, ұлттық сәндік-қолданбалы өнердің даму ерекшеліктері туралы түсініктерді байытуға ғана емес, сонымен қатар Ұлы дала мұрасын шығармашылықта қайта пайымдаумен байланысты

қазіргі заманғы тәжірибелердің негізгі сұрақтарына жауап беруге мүмкіндік беретінін атап өту қажет.

«Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр» [8], – деп президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың 2 қыркүйегіндегі жолдауында айтып өткен болатын. Тәуелсіздіктің жетістіктерінің еселенуінің бір көрінісі дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнердің қайта жандануы деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Васильев А.Г. Традиция: от классической философии к memory studies. Философские науки. 2012;(12):54-636
- 2 Қазақ этикасы мен эстетикасы. Жиырма томдық. 12-том. Астана: Аударма, 2007. – 496
- 3 Изобразительное искусство Казахстана / сост. Б.Г. Ерзакович. – Алма-Ата: Изд-во Академии наук Казахской ССР, 1963. – 374б
- 4 Соловьев С.А. Декоративное оформление / С.А. Соловьев. – М.: Просвещение, 1987.
- 5 Байжігітов Б.К. Қазақтың қолөнері тарихы: Сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік. – Алматы, 2012. – 265б
- 6 Ақселеу Сейдімбек. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Алматы «Санат» 1997.
- 7 Грани искусства: будущее традиций. //Монография, - Нур-Султан: ТОО «Мастер По», 2019. – 129 б
- 8 http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy

МАЗМҰНЫ

7 секция. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдары 7 секция. Гуманитарные и социальные науки

7.1 Орыс филологиясы 7.1 Русская филология

Азимханова Д. Ж., Курлутова Г. К. Сленг – искусство сетевого общения.....	3
Амренова С., Жакупова Г. К. Функционирование прецедентных текстов в заголовках СМИ (на примере газеты «Звезда Прииртышья»)	10
Бахтиярова Р., Ергашева С. М. Символика чисел в русских народных сказках.....	14
Бекмуратова А., Ергазина Д., Жакупова Г. К. Прагматические особенности речи как причины популярности казахстанских блогеров (на примере Нуртаза Нурбека и Нуртаза Амины)	21
Бессарабова Д., Адильжанова Д. И. Особенности освоения латинской графики дошкольного возраста	26
Борумбаев А., Елубаева Ж. О. Ассоциативный контекст русских пословичных трансформаций	32
Вакулина Д. Е., Никитина А. М. Особенности прозы Р. Брэдбери на примере романа «Марсианские хроники».....	38
Гущина М., Николаева Е. В. Роль англицизмов в современном русском языке на примере речи старшеклассников	44
Жанғазы Г. С., Ахмедиева А. Проблема детской жестокости в художественной литературе	49
Канкина Т.Б., Хлынина Т. А. Анализ языкового контента популярных детских блогеров (на примере русского и английского языков)	53
Катунина Ю., Лобанова А. С., Абигузина Р. Н. Учусь писать красиво	59
Ксентаева Г. Б., Камзенова Г. Б., Лаврова Е. С. Язык казахстанской рекламы.....	65
Пересыпкина Д., Сахипова З., Токтамысова А. А. Принципы номинации календарного года в разносистемных лингвокультурах	73
Потанина К. В., Шевченко И. И. Поэтика имени в поэме Павла Васильева «Соляной бунт».....	79

Сембаева А., Топанова Г. Т. Применение учащимися мультимедийных технологий на уроках русского языка и литературы и внеклассной работе по предмету как средства повышения мотивации и познавательной деятельности.....	87
Мавлютова Э., Суханкулов А. Особенности языка автолюбителей	92
Холодько А. К., Айтмагамбетова М. Б. Мемы в музыкальной индустрии	97
Шароня А., Алимсуренова А. А. Вывески магазинов, салонов красоты города Павлодар и села Иртышск как объект лингвистического исследования	103
Ыклас А. Е., Айгазинова К. З. SMS как современный эпистолярный жанр	110

7.2 Қазақ филологиясы 7.2 Казахская филология

Аханбаева С. Е., Бек А. Ж. «Ер көкше», «Ер Қосай» батырлар жырындағы қару-жарак түрлерінің этнолингвистикалық табиғаты	117
Аханбаева С. Е., Ромазанова А. К. Илияс Жансүгіров поэмаларындағы ұлы даланың рухани құндылықтарының құлдырау көріністері.....	123
Әбдікәрім Ә. Е., Смагулова Д. Б. Мәшһүр Жүсіптің ат қою дәстүрі	130
Балта О. К., Алтынбекова Г. А. Қазақ аңыздарындағы мемлекетшілдік идея.....	135
Есимханова А., Рахимбаева А. К. Мағжанның троп түрлері арқылы көңіл-күй жеткізудегі шеберлігі.....	142
Жексенғалиева Ж. У., Қасим Е. А. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы рух пен дін	147
Жетпіс Б., Суюндиқова М. М. Далалық даналықтың ұстанымы	153
Жукушева Т., Кабышева А. Д. Абай мен Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы ой үндестігі	161
Жұмабек Н., Қакабай Ә., Мукушев Б. С., Серикова А. Е. Қазақ тілі ауыл-мектебі.....	166
Идрисова К. Ш., Урсаева А. Қазақ-ағылшын ертегілері – адамзат тарихының ортақтығының дәлелі.....	171
Калиева А. С., Нурғалиева Ж. Б., Оразова Ж. Б. Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы Бұқар жырау шығармаларының мәтіндемесі	178

Кунанбаев Е., Умрахимов С. Б. Ы. Алтынсариннің рухани-адамгершілік тақырыбындағы шығармалары.....	182
Әлібекқызы А., Максұтқан М., Курманбаева Ж. К., Жумабаева Б. Н. Жасөспірімдер арасындағы коммуникацияның гендерлік сипаты.....	186
Молдабеков Е., Суюндиқова М. М. Сырбаз суреткердің шығармашылық нысаны	192
Мустафина Ф. К., Абылова М. Ж. Тәуелсіздік есімі – Жұмабек Қамзин	197
Нарходжаева Г., Абдиганиева Х. О. Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық және шығармашылық үндестігі	204
Серикбаева М. Ш., Курманова А. А., Нурболова Д. Ш. Құдайбердиевтің «Қалқаман-Мамыр» дастанындағы Көкенай кім?.....	212
Пак И. В., Нуркешова А. К. Қазақ балалар лирикасындағы табиғат бейнесі	219
Рустемова С. Б., Рамазанова Д. Т. Қазақ мифологиясы таным және ерекшеліктері.....	225
Рустемова А. Р., Суюндиқова М. М. Сан есімді мақал-мәтелдердің танымдық мәні.....	229
Секенова С. Б., Рустемова С. Б. М. Қашқаридің «түрік сөздігіндегі» көп мағыналы сөздер.....	237
Тасқалиев А. Н. «Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің...» (Жыраулар поэзиясы және хандар бейнесі)	245
Тойлыбай А. Ә., Дюсенбекова С. Т. Ы. Алтынсариннің әңгімелеріндегі еңбек тақырыбы	252
Токошбекова Г. К., Сандат С. Адам дене мүшелерінің тұрақты тіркесте қолданылуы	257
Усинов Д., Қажығұмар Ұ. А. Ахмет Байтұрсынұлы – әдебиет теориясының негізін қалаушы	263
Шаймерденова А. Т., Құрманғазы Н., Заманбекова А. Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романындағы мифопоэтика	267
Шахмарданова Ш., Шажанканова Б. М. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарихи тұлғалар	274
Янгулова К. С., Смагулова Г. Ш. Оқушылардың сөйлеу әдебі.....	280

7.3 Денешынықтыру мен спорттың өзекті мәселелері 7.3 Актуальные вопросы физической культуры и спорта

Кайролла Е., Кенченбаев Е. Ж. Дене шынықтыру жаттығулары арқылы сколиозды жою	288
---	-----

Реснянская В. В., Смагулов Р. З., Нурекенова З. К., Мусина А. К.
Статодинамика, как инновационный подход в здоровьесбережении
детей среднего и старшего звена школьного возраста.....293

**7.4 БАҚ даму тенденциялары және
журналистикадағы жаңа технологиялар
7.4 Тенденция развития СМИ и современные
технологии в журналистике**

Әбдікәрім А., Есмакаева Г. Б.
Тарих тағлымы: «Отанды қорғауда» және «Отарқа»301
Ескендилов Б. К., Каиыргельдинова Н.
Есімі ұмытылмауы керек306
Кабдымажитов Е. К., Дарабаева А. С.
20-ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті:
М. Әуезов мақалаларының тақырыптары310
Глебалды І. Д., Казиева Б. А.
А. Байтұрсынов мысалдары – адамның өзін-өзі тану формуласы317
Түлебаева Н. Е., Бабыкова Г. К.
А. БАйтұрсыновтың публицистикасы:
тарихи, әлеуметтік және саяси мазмұны.....321

**7.5 Философия ғылымының өзекті мәселелері
7.5 Актуальные вопросы философии**

Бокк Н. В., Пиговаева О.Ю.
Этико-философское наследие Абая Кунанбаева327

**7.6 Тәуелсіз Қазақстан жылдарындағы мәдени бірегейлік:
дәстүр мен инновация сабақтастығы**

**7.6 Культурная идентификация в годы Независимости
Казахстана: преемственность традиций и инноваций**

Альсеитова З. К., Каиркен К. Р.
Взгляды Чокана Валиханова и Абая Кунанбаева:
исторический аспект казахстанской модернизации332
Тастенова А. К., Аскарова К. А., Иванькова Е. А., Косова П. С.
Классикалық үлгідегі өндер.....338
Бельдубаева Г. А., Шынықұлова К. А.
Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы ұлттық құндылықтар көрінісі.....349
Хавазматова Ү. Р., Ташалиева Ү. А.
Ата салтым – асыл қазынам351
Хамитова Н., Ташиева Ж. С.
Тәуелсіз қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі
дәстүр мен жанашылдықтың өзара байланысы357

**«XXII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

ТОМ 3

Техникалық редактор: А. Р. Омарова
Корректор: А. Р. Омарова
Компьютерде беттеген: З. С. Исақова
Басуға 18.04.2022 ж.

Әріп түрі Times.

Пішім 29,7 × 42 1/4. Оффсеттік қағаз.

Шартты баспа табағы 21,12. Таралымы 500 дана.

Тапсырыс № 3910

«Toraighyrov University» баспасы
«Торайғыров университеті» КЕ АҚ
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.